Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81’374 (043)

Қолжазба құқығында

ҚОРДАБАЙ БАҚЫТ ҚҰРАҚБАЙҚЫЗЫ

Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары

«8D02303 – Лингвистика»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ф.ғ.к., аға оқытушы
П.Т. Медетбекова
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD Зеки Каймаз
(Измир, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР	3
	КІРІСПЕ	7
1	**АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**	15
1.1	Ассоциация ұғымының ғылыми сипаттамасы және оның гуманитарлық зерттеулердегі интерпретациясы	15
1.2	Ассоциативті экспериментті ұйымдастырудың қағидалары мен әдістемелік негіздері	18
1.3	Құндылықтар жүйесін пәнаралық (философия–лингвистика–мәдениеттану) талдаудың алғышарттары	25
2	**АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ РӨЛІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ**	33
2.1	Ассоциативті сөздіктерді әзірлеудегі әлемдік және отандық тәжірибе	33
2.2	Лингвистикалық зерттеулердегі ассоциативті сөздіктердің теориялық және қолданбалы маңызы	84
3	**АССОЦИАТИВТІ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТІ МОДЕЛЬДЕУ**	93
3.1	Ассоциативті деректерді өңдеу және талдау әдістері	93
3.2	Ассоциативті өрістердің құрылымы және олардың аксиологиялық доминанттары	104
3.3	Ассоциацияның ұлттық ерекшеліктері: лексика-семантикалық, морфологиялық талдау	118
3.4	Ассоциативті реакциялардың әлеуметтік, полилингвалды және транслингвалды сипаты	136
3.5	Ұлттық ассоциативті сөздікті құрастырудың жаңа моделі мен қағидалары	145
	ҚОРЫТЫНДЫ	152
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	156
	ҚОСЫМША А	165
	ҚОСЫМША Ә	168
	ҚОСЫМША Б	169
	ҚОСЫМША В	171
	ҚОСЫМША Г	172
	ҚОСЫМША Ғ	174
	ҚОСЫМША Д	180
	ҚОСЫМША Е	181

АНЫҚТАМАЛАР

Ассоциация (лат. associatio – қосылу, өзара байланыс) – белгілі бір жағдайларда екі немесе одан да көп психикалық құрылымдар (түйсік, қимыл-қозғалыс актілері, қабылдау, елес, ұғым, идея және т.б.) арасында қалыптасатын байланыс. Ассоциацияның психофизиологиялық негізі ретінде шартты рефлекс қарастырылады.

Вербалды ассоциация – жеке индивидтің немесе тіл иелерінің көпшілігінің санасында қалыптасқан сөздер арасындағы тұрақты байланыстар.

Ассоциативті өріс – сөз-стимулға берілген ассоциаттардың, яғни реакциялардың жиынтығы. Ассоциативті өріс ядро (ең жиі кездесетін реакциялар) және перифериядан тұрады.

Ассоциативті сөздік – сөйлеушілердің белгілі бір стимул сөздермен реакция сөздерді қалай байланыстыратыны жөніндегі ақпаратты көрсететін лексикографиялық басылым. Мұндай сөздікте семантикалық парадигматикалық және синтагматикалық (сызықтық) байланыстар көрініс табады. Ассоциативті сөздікте сөздік құрастырудың идеографиялық және тіркесімділік қағидалары жүзеге асырылады.

Стимул (лат. stimulus – жануарларды айдауға арналған үшкір таяқ, түрткі) – индивидтің реакция ретінде көрінетін вербалды-психикалық күйінің динамикасын айқындайтын және онымен себеп-салдар қатынасында болатын тілдік бірлік.

Реакция (лат. re… – «қарсы» + actio – «әрекет») – респондент тарапынан стимул сөзге жауап ретінде пайда болатын тілдік бірлік.

Ассоциативті норма – белгілі бір әлеуметтік немесе мәдени топ шеңберінде нақты бір стимулға берілетін ең жиі кездесетін реакциялар жиынтығы. Ассоциативті норма кәсіби сананың қалыптасу деңгейінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Ассоциативті эксперимент (лат. associare – қосу, біріктіру) – проективті эксперименттік-психологиялық әдістеме. Менталдық лексиконның құрылымын, ассоциативті байланыстарды және тілдік сананың ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдісті К. Юнг зерттелушіге тән комплекстерді анықтау мақсатында қолданған.

Менталдық лексикон (ағылш. mental lexicon) – лингвистика мен психолингвистикада жекелеген тіл иелерінің санасында сақталған лексикалық бірліктер мен сөз тіркестерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

Лексикография (көне грек. lexikon – «сөздік» + grapho – «жазамын») – сөздіктерді құрастырудың теориясы мен практикасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Қостілділік (билингвизм) (лат. bi – «екі» + lingua – «тіл») – екі тілде сөйлеу немесе әдеби тіл мен диалектіні білу құбылысы.

Квантитативтік әдіс (лат. quantitas – сан, мөлшер) – тіл мен сөйлеуді зерттеуде сандық деректерді жүйелі түрде жинауға және талдауға бағытталған әдіс.

Квалитативтік (сапалық) әдіс (лат. qualitas – сапа) – тілдік құбылыстарды терең мазмұндық тұрғыдан зерттеуге бағытталған әдіс.

Психолингвистика (грек. psychē – жан, сана + лингвистика) – тілді ең алдымен психика феномені ретінде, адамның сөйлеу әрекетін зерттейтін лингвистика саласы.

Аксиология (көне грек. axios – құндылық + logos – ілім, сөз) – адам болмысының мағыналық негіздерін айқындайтын, адамның өмірлік бағдарын белгілейтін құндылықтар категориясын зерттейтін философиялық ғылым саласы.

Этномәдени лексика (этнолексемалар) – белгілі бір халықтың тарихи-этникалық қауымдастық ретіндегі өзіндік мәдениеті туралы білімдер жүйесін сипаттайтын тілдік бірліктер.

Ұлттық құндылық – белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің тарихи ерекшелігін бейнелейтін рухани идеалдардың жиынтығы.

Ұлттық-мәдени құндылықтар – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесі мен мәдени дәстүрлері негізінде қалыптасқан, тілдік санада бекіген және ассоциативті реакциялар арқылы көрініс табатын мәнді ұғымдар мен бағдарлар жүйесі.

Паремиология (грек. paroimia – мақал-мәтел + logos – ілім) – мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, т.б. зерттейтін филология саласы.

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениетті адам дүниетанымын бейнелейтін сана формалары ретінде қарастырып, оларды өзара байланыста, тұтас құбылыс ретінде зерттейтін ғылыми бағыт.

Тілдік сана – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын, адамның дүниені тануы мен қабылдауын қамтамасыз ететін когнитивтік құрылымдар жүйесі.

Ұлттық тілдік сана – белгілі бір ұлтқа тән болып келетін дүниетаным мен мәдени тәжірибені бейнелейтін тілдік сана түрі.

Ұжымдық тілдік сана – қандай да бір әлеуметтік топқа немесе ұлтқа тән ортақ тілдік және когнитивтік құрылымдар жиынтығы.

Полилингвизм (мультилингвизм, көптілділік) – белгілі бір әлеуметтік қауымдастық шеңберінде (ең алдымен мемлекет деңгейінде) бірнеше тілдің қатар қолданылуы; сондай-ақ жеке адамның (немесе адамдар тобының) нақты коммуникативтік жағдайға байланысты бірнеше тілді қолдануы.

Транслингвизм (translanguaging) – бірнеше тіл элементтерінің бір коммуникативтік акт ішінде өзара ықпалдасуы. Сонымен қатар бұл ұғым екі немесе одан да көп тілде еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлғалардың (билингвтердің) тілдік тәжірибесін сипаттау үшін де қолданылады.

Лексикография (грек. lexikos – сөзге қатысты, grapho – жазамын) – сөздіктерді құрастырудың теориясы мен тәжірибесін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Семантикалық байланыс – тілдік бірліктер арасындағы мағыналық қатынас.

Ассоциативті байланыс – тілдік санада лексемалар арасында қалыптасатын мағыналық және когнитивтік қатынас.

Ассоциативті қатар – белгілі бір стимул сөзге қатысты бірізді берілген реакциялар тізбегі.

Ядро (ассоциативті өрістің) – ең жиі және типтік реакциялардан тұратын басты бөлік.

Периферия (ассоциативті өрістің) – сирек кездесетін, жеке немесе өзгермелі, вариативті реакциялар аймағы.

Концепт (лат. concipere – «елестету, ойлау, тұжырымдау») – адамның санасында қалыптасқан, мәдени және когнитивтік мазмұнды біріктіретін күрделі когнитивтік құрылым.

Концептуалдық өріс – өзара байланысты концепттер жүйесі.

Репрезентация (лат. repraesentativus – «қайта көрсету, бейнелеу») – тіл арқылы шынайылықтың, білімнің немесе тәжірибенің көрініс табуы; адамның көрген, естіген, сезінген тәжірибесін санасында қайта жаңғыртуы және оны белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшыратып бейнелеуі.

Когнитивтік құрылым – білімді ұйымдастыру мен өңдеуді қамтамасыз ететін санадағы жүйе.

Дискурс (лат. discursus – «пайымдау, талқылау») – белгілі бір әлеуметтік-мәдени контексте жүзеге асатын тілдік әрекет; тілдік тәжірибе мен оны жүзеге асыруға ықпал ететін прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы.

Интерпретация (лат. interpretatio – «түсіндіру, пайымдау») – тілдік деректердің мағынасын түсіндіру және талдау үдерісі; формалды белгілер мен ұғымдарды мазмұндық білім тіліне аударудың жалпы ғылыми әдісі; гуманитарлық ғылымдарда мәтінді түсіндіру және оның мағынасын ашу үдерісі; түсіну негізінде жүзеге асатын таным тәсілі.

Лексема (грек. lexis – «сөз, сөйлеу орамы») – тілдегі сөздің барлық өзара байланысты формалары мен мағыналарының жиынтығы ретінде қарастырылатын сөздік бірлік; тілдің құрылымдық элементі.

Вербалды реакция – ассоциативті экспериментте сөз арқылы берілген жауап.

Бейвербалды реакция – тілдік формада емес, эмоция немесе символ арқылы көрінетін жауап түрі.

Когнитивтік база – белгілі бір тілдік ортаға ортақ білімдер мен түсініктер жүйесі.

Мәдени код – мәдени ақпараттың тіл арқылы таңбалануы және берілу тәсілі.

Символ (грек. symbolon – «белгі, нышан») – белгілі бір затты, құбылысты немесе қасиетті білдіретін белгі не бейне, кең мағынада мағыналық мазмұн жүктелген таңба.

Әлемнің тілдік бейнесі – тіл арқылы қалыптасатын әлем туралы түсініктер жүйесі.

Коннотация (лат. connotatio – «қосымша белгілеу») – сөздің негізгі мағынасындағы қосымша эмоционалдық, бағалауыштық, ассоциативті немесе стилистикалық реңк; ол сөздің тура мағынасына кірмегенімен, онымен тығыз байланысты болып, сөйлеуге тереңдік пен қосымша мағыналық жүк береді.

Денотация (лат. denotatio – «белгілеу») – тілдік бірліктің негізгі, тура мағынасын білдіретін мазмұны; ол коннотациядан және қосымша семантикалық-стилистикалық реңктерден ажыратылады.

Прагматика (грек. pragma – «іс, әрекет») – тілдік бірліктердің қолданылу жағдайы мен коммуникативтік мақсатын зерттейтін сала; таңбалардың оларды қолданатын және түсіндіретін субъектілермен қатынасын зерттейтін семиотиканың бір саласы.

Семантика (грек. semantikos – «мағына білдіретін») – таңбалар мен таңбалық жүйелерді мағына мен мазмұнды білдіру құралы ретінде зерттейтін семиотика мен тіл білімінің саласы.

Коммуникативтік акт – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасу үдерісі.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі психолингвистикалық зерттеулердің қарқынды дамуы және ассоциативті лексикографияның жаңа деңгейге көтерілуімен байланысты. Соңғы жылдары тілдік сананы эксперименттік әдістер арқылы зерттеу кеңінен таралып, лингвистикалық талдаудың формалды сипаттамадан семантикалық және когнитивтік бағытқа бет бұруына ықпал етті.

Ұлттық ассоциативті сөздікті құрастырудың өзектілігі тілдік сананың құрылымын, сөздер арасындағы ассоциативті байланыстарды және ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтаумен айқындалады. Мұндай сөздік менталдық лексиконды, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сондай-ақ қостілділік пен көптілділік жағдайындағы тілдік үдерістерді зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Сонымен қатар, оның нәтижелері лингвистика, психолингвистика, білім беру және тіл саясаты салаларында қолданбалы мәнге ие.

Ассоциативті сөздіктер тілдің семантикалық құрылымын, синтагматикалық және парадигматикалық байланыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін лексикографиялық құрал ретінде қарастырылады. Олар белгілі бір этностың нақты тарихи кезеңдегі әлем бейнесін, тілдік сананың өзегін және ұлттық когнитивтік құрылымдарын сипаттауға жағдай жасайды.

Қазіргі кезеңде ассоциативті лексикография онлайн платформалар арқылы кеңейіп, респонденттер санының артуы және жаңа стимул сөздердің енгізілуі нәтижесінде ауқымды деректер базасы қалыптасуда. Бұл деректер негізінде ассоциация механизмдері, реакция типологиясы және сөздердің семантикалық ерекшеліктері жан-жақты зерттелуде.

Қазақ тіл білімінде ұлттық ассоциативті сөздіктерді жүйелі түрде әзірлеу және олардың ғылыми қағидаларын анықтау мәселесі әлі де толық шешімін таппаған. Осыған байланысты ұлттық құндылықтарды білдіретін этнолексемалар негізінде ассоциативті сөздік құрастыру, оның құрылымдық және әдіснамалық принциптерін айқындау қазіргі лингвистика үшін маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, тілдік сананы зерттеу мәселесі жаһандану және цифрландыру жағдайында ерекше өзектілікке ие. Жасанды интеллект пен тілдік модельдерді дамытуда ұлттық тілдік деректердің, оның ішінде ассоциативті материалдардың маңызы артып отыр. Себебі тілдік модельдердің шынайы когнитивтік механизмдерге жақындауы үшін тек формалды тілдік деректер жеткіліксіз, ал ассоциативті сөздіктер тілдік сананың терең қабаттарын бейнелейді.

Зерттеу жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатының басым бағыттарымен үйлеседі. Қазақ тілінің ғылыми және технологиялық әлеуетін арттыру, ұлттық құндылықтарды тіл арқылы сақтау және сипаттау міндеттері ұлттық ассоциативті сөздік құрастырумен тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысының мазмұны мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қазақ этносына қатысты тұтас ұлтты бір арнаға тоғыстырушы тетігі әрі ұлттық құндылықтар

жүйесін сақтап, бейнелейтін бірден-бір маңызды құрал, сонымен қатар полилингвалды тілдік ортадағы мемлекеттік және этносаралық коммуникация тілі ретінде заңнамалық құжаттарда (Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы») айқындалатын мемлекеттік тіл саясатына толыққанды сәйкес келеді. Себебі зерттеуде қазақ тілінің ғылым, жаңа технологиялар тілі ретіндегі әлеуеті оның күрделі ғылыми еңбек – ұлттық ассоциативті сөздікті құрастыруға негіз болуынан, сол арқылы ұлттың құндылықтары, лингвомәдени ерекшеліктерінің тілдік фактілер арқылы анықталуынан байқалады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі мемлекеттік идеологиялық және тілдік саясат басымдықтарымен де тікелей сабақтас болып келеді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген көлемді сұхбатында ұлттық құндылықтар, ана тіл, салт-дәстүр мен қоғамдық келісімді сақтау ел болашағы үшін шешуші мәнге ие екені ерекше атап көрсетілді. Президент мемлекеттік тілдің ұлттың тұғыры, тарихи сабақтастықтың өзегі және ұлттық қауіпсіздіктің рухани негізі екенін айқындады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырыстарында ата-бабадан жеткен мәдени мұраны, халықтық тәрбие жүйесін, дәстүрлі дүниетанымды және ұлттық құндылықтарды заман талабына сай жаңғыртып, ғылыми әрі қоғамдық айналымда кеңінен насихаттау қажеттігін бірнеше рет атап өтеді. Ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени жадты сақтауда тілдің рөлі ерекше екені осы баяндамаларда жүйелі түрде көрініс тапты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі негізінде ұлттық ассоциативті сөздікті құрастыру қағидаларын анықтау – ұлттық құндылықтардың тілдік санадағы репрезентациясын жүйелеуге, мәдени мұраны цифрлық форматта сақтауға және мемлекеттік тілдің танымдық әлеуетін күшейтуге бағытталған өзекті ғылыми міндет.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тілдік сана, ұлттық дүниетаным және ассоциативті байланыстарды кешенді түрде қарастыру арқылы қазіргі лингвистиканың, әсіресе психолингвистика, когнитивтік лингвистика және қолданбалы лингвистика салаларының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Сондықтан диссертациялық жұмыс тіл біліміндегі тың сипаттағы, жаңа мазмұндағы еңбек деп ұсынылады.

Зерттеу нысаны – қазақ тілдік санасындағы ұлттық құндылықтарды репрезентациялайтын ассоциативті бірліктер жүйесі.

Зерттеу пәні: ұлттық құндылық мәнді стимул сөздердің лексика-семантикалық, морфологиялық репрезентациясы және этномәдени ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаты – қазақ этносына тән ұлттық құндылықтар жүйесі туралы ақпарат беретін ұлттық ассоциативті сөздікті құрастырудың қағидаларын талдау. Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

– ассоциативті лексикографиялық өнімдерге арналған теориялық лингвистикалық қағидаларды жүйелеу;

– қазақ тіліндегі ассоциативті сөздіктердің сандық және сапалық жағынан даму қажеттігін ескере отырып, заманауи талаптарға сай ассоциативті сөздік түзудің жаңа моделін әзірлеу;

– қазақ халқының ұлттық мінезін, болмыс-бітімін, аңғал тілдік дүниетаным белгілерін бейнелейтін реакция – тілдік деректер, лексикалық бірліктердің саны мен жиілігін анықтап, семантикалық, морфологиялық, аксиологиялық сипатта талдау;

– қазақ тіл иелері тілдік санасының ядросы мен перифериясын анықтау;

– ұлттық санадағы ассоциативті байланыстарды құрудағы экстралингвистикалық факторлардың әсерін анықтау;

– қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінен тұратын ассоциативті сөздік әзірлеу.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеу жұмысында төмендегі әдістер кешені қолданылды:

– жас және аға буын өкілдерінің ұлттық стимулдарға қатысты тілдік түсініктерін, мәдени жадын және табиғи атаулық нормаларын анықтау үшін *сұқбат (интервью) тәсілі* қолданылды;

– ұлттық құндылықтарға қатысты 64 стимул сөз бойынша респонденттердің реакцияларын жинақтау үшін 18-80 жас аралығындағы республикамыздың жоғары оқу орындарының студенттері мен әртүрлі сала өкілдерімен *еркін ассоциативті эксперимент әдісі* негізінде сауалнама жүргізілді;

– ассоциативті деректерді құрылымдау, топтастыру және сөздік модельге түсіруде *сипаттау және жүйелеу әдісі* қолданылды;

– ассоциативті эксперименттен басқа зерттеудің негізгі әдістеріне *квантитивті және квалитативті талдау әдістері* жатады. Квантитативті/квалитативті әдістердің қолданылуы стимул, ассоциациялардың интра-, экстралингвистикалық ерекшеліктерін анықтайды және осындай талдаулардың нәтижесі арқылы қазақ тілінде сөйлейтін тілдік тұлғаның мәдени құндылықтарын сипаттау және жүйелейді.

– стимул сөздер, реакциялардың мағыналық құрылымын, ядролық және перифериялық семаларын анықтау үшін *лексика-семантикалық талдау әдісі* қолданылды;

– реакциялардың сөз таптары бойынша үлесін, агглютинативтік және формантық ерекшеліктерін айқындау үшін *морфологиялық талдау әдісі* қолданылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен материалдары. Зерттеу материалдары ретінде 18-80 жас аралығындағы қазақ тілі ана тілі болатын 1000 респонденттің сандық форматтағы «Google Forms» платформасында жүргізілген ассоциативті эксперимент – анонимді сауалнамаға жауап берген ассоциациялары (22 307 тілдік бірлік) алынды. Сауалнаманың негізін құрайтын стимул сөздер (жалпы саны – 64 тілдік бірлік) 50-80 жас аралығындағы қазақ тіл иелері арасында жүргізілген сұқбат нәтижесінде жиналды. Зерттеудің дереккөздері

отандық және шетелдік ассоциативті сөздіктер, психолингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика және лингвомәдениеттану бойынша ғылыми еңбектер, диссертациялар, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар, ырым-тыйымдарының мән-мағынасы кеңінен сипатталатын жазушы З. Ахметованың «Күретамыр», «Бабалар аманаты» және Э. Масагутова, У. Ахметжанованың «Қазақ халқының өнегелік салт-дәстүрлері» еңбектері болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдістемелік негіздемесі ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері алынды. Атап айтқанда, тіл біліміндегі *ассоциациялардың* жалпы теориясы, өрісіне қатысты швейцариялық лингвист Ф. де Соссюр, Ш. Балли, Г. Кларк, П. Павлов, А.П. Клименко, т.б., *ассоциативті эксперименттің* теориялық-әдістемелік негіздері М.М. Копыленко, Н.В. Дмитрюк, В.Д. Нарожная, Д.М. Кистаубаева, Р.А. Османова, С.В. Дмитрюк, А.К. Калжанова, Г.И. Абрамова, Г. Гиздатов, Б.С. Жұмағұлова, Р.Е. Уәлиханова, Р.А. Шаяхметова, ресейлік А. Залевская, Н.В. Уфимцева, Г. Овчинникова, Е.И. Горошко, Г.А. Черкасова, Ю.И. Алферова және шетелдік К.Г. Юнг, Д. Нельсон, К. Макевой, С. Деннис, т.б. еңбектеріне сүйенеді. *Ассоциативті лексикография* бойынша отандық Н.В. Дмитрюк, Д. Молдалиева, В. Нарожная, Е. Мезенцева, Ж. Молданова, Н. Сандыбаева, Г. Абрамова, У.М. Бахтикереева, сонымен қатар ресейлік А.А. Леонтьев, Ю.Н. Караулов, Н.В. Уфимцева, В.Е. Гольдин, Г.А. Черкасова, Е.Ф. Тарасов, және шетелдік ғалымдар Г. Кент пен А. Розанов, Д. Палермо, Д. Дженкинс, Д. Кисс, Л. Постман, Ху Цзюнь-Фан, Чжэён Чон, К. Инохара, А. Уцуми, т.б., *лексикографиялық қағидаларға* қатысты Б.А. Ларин, В.М. Мокиенко, тілдік бірліктердің лексика-семантикасын анықтауда Д.Б. Гудков, С.И. Левикова, М. Джонсон, т.б., стимул-реакциялардың квантитативтік сипатын талдауда А. Ахабаев, Қ. Бектаев, А. Белботаев, А. Зекенова, С. Мырзабеков, А. Жұбанов сияқты мамандардың еңбектері және ҚР статистика бюросының мәліметі басшылыққа алынды. Аксиологиялық пайымдаулар С.И. Хрупин, Н.М. Сустина, танымдық үдерістердің табиғаты Б. Нұрдәулетова, А.К. Аубакирова, Г.К. Кожбаева, Н. Болдырев, ұлттық мәдениеттің жекелеген нысандары А. Алымбаева, әлеуметтік дифференциацияның тілге әсері Б. Карипбаев, М.Л. Ньюман, К.Дж. Грум, Л.Д. Ханделман, Дж.У. Пеннебейкер, Ш.К. Жарқынбекова, В.Е. Чернявская, М. Газенфар еңбектеріне негізделеді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы. Ауқымды экспериментке негізделген қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігі этностың ішкі әлемін ашуға мүмкіндік беретін тілдік және психолингвистикалық білім жүйесін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, ассоциативті сөздік зерттеліп отырған тілде сөйлейтін халықтың психолингвистикалық портретін қалыптастырады. Ассоциативті сөздік құрастыру арқылы қазақ этносының тілдік санасын, яғни қазақ лингвомәдени қауымының ойлау жүйесін, ұлттық дүниенің әмбебап және этникалық ерекшеліктерін, танымдық белсенділігін, дүниетанымдық сипаттарын, негізгі және мәдени құндылықтарын терең зерттеуге болады. Ұлттық құндылықтарға арналған біздің ассоциативті сөздігіміз қазақ қоғамының түрлі шындықтарын және қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін

бейнелейтін айрықша реакцияларды көрсетеді. Бұл реакциялар өзге тілдердегі ассоциациялардан едәуір айырмашылық танытып, ұлттық дүниенің бейнесін айқын көрсетеді. Олар елдің мәдениетін, менталитетін және тілін түсінуге мүмкіндік беретін құнды ақпарат көзі болып табылады. «Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігі» лексикалық қоры бай қазақ тілінің ұлттық-мәдени лексемалары туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды, олардың лексикалық, семантикалық, ассоциативті мағыналарын түсіндіреді, семантикалық, логикалық және ассоциативті байланыстарды білдіреді, әлеуметтік, мәдени, прагматикалық, танымдық ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл сөздік – қазақ халқының тілдік санасы, олардың қоршаған әлемді қабылдауы, дүниетанымы, қызығушылықтары мен көзқарастары, психикалық жағдайы, өмірлік тәжірибесі мен проблемалары туралы мәліметтер базасы. Сөздіктің қазақ тілінің қазіргі деңгейінде кеңінен қолданылатын этнолексемалар, олардың басқа лексемалармен ассоциативті байланыстары, тілдік ерекшеліктері туралы білім көзі ретінде көптеген ғылым салалары үшін маңызы зор.

Ассоциативті сөздік лингводидактикада қазақ тілін зерттеушілер мен қазақ тілін үйренушілердің тілдік құзыретін арттыруға арналған тиімді құрал ретінде ұсынылады. Ол лексикалық қабаттағы сөздік қорды байытуға, грамматикалық мағына мен формаларды, сөздер арасындағы синтаксистік байланыстарды түсінуге, стимул-лексеманың эмоциялық-экспрессивтік реңктерін айқындауға, зерттеліп отырған тілдің лингвистикалық негіздерін тереңірек ұғынуға ықпал етіп, тіл меңгеру үдерісін жеңілдетеді. Сондай-ақ бұл деректерді түсіндірме және терминологиялық сөздіктер жасауға қоса, кешенді психологиялық-лингвистикалық сараптама жүргізуде қолдануға болады. Атап айтқанда, дерекқор тілдік тұлғаның психолингвистикалық және лингвистикалық ерекшеліктерін, мысалы, сот үдерісінде әдейі жаңылыстыру, қатысушыларға қысым көрсету белгілері немесе автордың коммуникативтік ниетін айқындауға көмектесетін жаттанды тілдік бірліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ассоциативті сөздіктің материалдарын квантитативті және квалитативті әдістер көмегімен талдау арқылы лексикология, семантика, грамматика, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, мәдени лингвистика, прагмалингвистика, әлеуметтанулық лингвистика, этнолингвистика сияқты тіл білімінің салалары үшін маңызды ғылыми-практикалық ақпарат беріледі.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– зерттеуде алғаш рет ұлттық ассоциативті деректер ұрпақаралық сұхбат материалдарымен толықтырылып, мәдени жадтың трансляциялық сипаты айқындалды;

– әлемдік ассоциативті лексикография тәжірибесін пайымдай келе, ассоциациялардың когнитивті-аксиологиялық табиғаты ескеріле отырып, қазақ халқына тән құндылықтар жүйесінің ұлттық ассоциативті сөздігін құрастырудың жаңа лингвистикалық қағидалары ұсынылды;

– ұлттық құндылықтар жүйесіне арналған жаңаша ассоциативті сөздік құрастырылды. Сөздіктің жаңашылдығы оның құрылымында қосымша әлеуметтік параметрлердің берілуі мен мазмұнында монолингвалды ассоциативті сөздік пен қосымша тілдік материалдардың талдануынан көрініс

табады. Сөздік соңында ассоциативті өріс, лексика-грамматикалық категорияларының сандық, пайыздық көрсеткіштері келтірілді;

– ассоциативті сөздікте берілген тілдік бірліктерге квантитативтік\квалитативтік әдістерді қолдану арқылы интегративті талдау жүргізілді. Семантикалық тұрғыдан басымдық танытатын этномәдени маркерленген тілдік бірліктердің (лексема, тілдік комбинациялар, фразеологизмдер, паремиологиялық бірліктер, прецедентті мәтіндер) жиілігі (сандық, пайыздық, орташа арифметикалық) шығарылып, олардың семантикалық, коннотациялық (оң/теріс), аксиологиялық (рухани/материалды), когнитивтік (жеке/ұжымдық/ұлттық тілдік санасы; қарапайым немесе ғылыми әлем бейнесі), прагматикалық, этнолингвистикалық т.б. ерекшеліктері анықталып, қазақ тіл иелерінің тілді қолданудағы жаһандану заманы, тарихи-әлеуметтік факторлар ықпалынан туындайтын тілдік интерференция, код ауыстыру (code-switching), код араластыру (code-mixing) құбылыстарының орын алатындығы, тілдік индивидтердің транслингвизмге икемділігі де нақты мысалдармен көрсетіліп, талданды;

– қазақ тіліндегі ұлттық құндылықтарды танытатын 64 стимул сөзден және 22 307 ассоциативті реакциядан тұратын авторлық ұлттық ассоциативті сөздік алғаш рет жүйелі түрде жинақталып, ғылыми айналымға енгізілді;

– аксиологиялық ассоциациялардағы қазақ тіл иесінің жасына, жынысына және кәсіби қызмет саласы, аумақтық тиістілігіне байланысты айырмашылықтар алғаш рет анықталды және жүйеленді. Осылайша, ұлттық ассоциативті сөздікке эмпирикалық деректердің жаңа массиві енгізілді. Әлеуметтік топтардың тілдік мінез-құлқындағы нақты айырмашылықтар тіркелді;

– ұлттық ассоциативті сөздігінің ұлттық құндылықтар жүйесін жан-жақты қарастыру мақсатында сөздік құрастырудың арнайы қағидалары жасалып, теориялық тұрғыдан негізделді. Әсіресе, респонденттердің әлеуметтік параметрлері міндетті түрде ескерілді. Зерттеудегі осындай бағыт әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы тілдің менталдылығының әлеуеті мен этномәдени доминанталарының құрылымын дифференциалды түрде сипаттауға түрткі болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігі – қазақ тіл иелерінің тілдік санасында бар ұлттық сәйкестендіруі (идентификация) мен аксиологиялық доминанталарын анықтаудың эмпирикалық зерттеулер нәтижелеріне негізделетін және репрезентативті сипаты бар лексикографиялық құрал. Ұлттық құндылық мәнді стимулдардың ассоциативті өрісі ядро-периферия принципімен ұйымдасады. Мұнда ядроны жоғары жиілікті және мәдени тұрақты реакциялар, ал перифериняны этнографиялық, сценарийлік, транслингвалды және сирек реакциялар құрайды. Эксперимент нәтижелері арнайы мақсаттағы (лингвомәдени) ассоциативті сөздіктердің ұлттық тілдік сананың тұрақты құрамдас бөліктерін бекітетінін, сонымен бірге кез келген халықтың құндылықтарға қатысты әлем бейнесін жасауға мүмкіндік беретінін нақтылайды.

2. Қазақ тіл иелері қоғамда орын алатын психологиялық, физикалық зорлық-зомбылық, девиантты (әумесерлік) мінез-құлық пен басқа да деструктивтік

әлеуметтік құбылыстарға қарағанда, позитивті ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесі мен дәстүрлі нормаларды қолдайтын тілдік бірліктерге басымдық береді. Бұл қазақ тіл иелері тілдік санасын сиаттайтын аксиологиялық құрамдастардыңдәстүрлі және позитивті мәнге ие екендігін көрсетеді.

3. Қазақ тілі ана тілі болатын респонденттердің реакциялары дискурсивті сипаттағы толық әрі жан-жақты тіл бірліктерімен беріліп, басқа тілдер бойынша жүргізілген ассоциативті эксперименттегі бір лексемалы жауаптардан айтарлықтай ерекшеленеді. Ассоциациялар ретінде эпитет, метафоралар, паремиялар, фразеологиялық бірліктер қолданыс табады. Бұл дегеніміз ассоциативті байланыстар вербалдануының ұлттық-мәдени сипатын білдіріп, тілдік сананың құндылықтарға сүйенетін бейнелі-дискурсивті табиғатын танытады.

4. Қазақ тіл иелерінің тілдік санасындағы ассоциациялану үдерісі барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі реакциялардың жарыспалы түрде берілуі, сондай-ақ жас және аға буын респонденттерінің жауаптарындағы айырмашылықтар ұлттық тілдік сананың полилингвалды, транслингвалды және ұрпақаралық динамикаға ие екенін дәлелдейді.

5. Қазақ тілдік санасындағы ұлттық құндылықтар жүйесі 64 стимул сөз және 22 307 ассоциативті реакция негізінде репрезентацияланатын тұтас лингвомәдени құрылым болып табылады. Ұлттық ассоциативті өрістің морфологиялық құрылымында зат есімдердің басым болуы құндылықтардың тілдік санада ең алдымен заттық-ұғымдық және символдық бейне арқылы белсенетінін көрсетеді.

Жарияланымдар туралы мәлімет. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері келесі ғылыми басылымдар мен халықаралық конференция жинақтарында жарияланды:

1 Quantitative and Qualitative Analysis in the Process of Compiling an Associative Dictionary // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 7. – P. 487-502. – https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10427. (Scopus).

2 Ассоциативті сөздіктің психолингвистикалық аспектісі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 3. – Б. 51-63. – https://doi.org/10.31489/2025Ph3/51-63.

3 The psycholinguistic aspect of the experiment in the compilation of Associative dictionaries // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 200(4). – Б. 125-136. – https://doi.org/10.26577/EJPh2025200410.

4 Ұлттық ассоциативті сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары: сандық және сапалық зерттеу // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2026. – № 1 (80). – Б. 251-272. – https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.015.

5 Ассоциативті сөздіктердің лингвистикалық сипаттамалары // «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Стамбул (Түркия), 24 сәуір; Ескішехир (Түркия), 25-26 сәуір; Стамбул (Түркия), 27 сәуір, 2023.

6 Аңыз желісінен құрылған елді мекен атауларына ассоциативті талдау // «Бөбек» Халықаралық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми мақалалар жинағы. – Астана. – 2024. – Б. 45-52.

7 Ассоциативті сөздіктердің лексикографиядағы орны мен маңызына қысқаша шолу // Совершенствование методики обучения языкам: площадка обмена прогрессивной практикой: VIII Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн-семинар материалдары. – Қазан. – 2024 жылғы 20 ақпан. – Б. 112-117.

8 Тілдік сананың көрінісі ретіндегі ассоциативті сөздіктерді құрастырудың тәжірибесі // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2024. – № 3. – Б. 56–63.

9 The place and importance of associative dictionaries in lexicography // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдар жинағы. – Алматы. – 2024 жылғы 4 сәуір. – Б. 98-103.

10 Проблемы составления национального ассоциативного словаря в эпоху глобализации (на примере казахского языка) // «Лингвистика XXI века: проблемы, перспективы, инновационные направления» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. – Душанбе. – 2024 жылғы 29 қараша. – Б. 134-140.

11 Küreselleşme çağında ulusal ilişkisel kelime dağarcığının derlenmesindeki sorunlar (Kazak dili örneğinde) // «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» атты халықаралық конгресс материалдар жинағы. – 2024 жылғы 10–11 желтоқсан. – Б. 212-218.

12 Compilation and application of associative dictionaries in world linguistics // «Бірлігіміз – әралуандықта: тарих, мәдениет, инженерлік технологиялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: METU. – 2025. – Б. 450-455.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс анықтамалар мен кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ассоциация ұғымының ғылыми сипаттамасы және оның гуманитарлық зерттеулердегі интерпретациясы

«Ассоциация» ұғымы ежелгі заманнан бері белгілі. Оның пайда болуы ежелгі философтар Аристотель мен Платонның есімдерімен байланысты. Көне грек ойшылы Платон ұқсастығы мен шектестігі бойынша еске сақталу жағдайлары туралы айтады. Аристотель ассоциаттарды зерттеудің бастауында тұрды және ассоциациятардың алғашқы жіктелуін ұсынды. Аристотель ассоциативті байланыстардың 3 негізгі түрін ажыратады: 1) *ұқсастық* бойынша – белгілі бір қабылдау немесе елестетудің санада оларға ұқсас есте сақтау элементтерін тудырған кезде; 2) *контраст (қарама-қайшылық)* бойынша – белгілі бір қабылдау немесе елестетудің санада оларға қарама-қарсы естің элементтерін тудырған кезде; 3) *континуум* бойынша – уақыт бойынша бір мезгілде немесе бірізділікте – белгілі бір қабылдау немесе елестетудің санада бұрын олармен бір мезгілде немесе одан кейін тікелей бастан өткерген есте сақтау элементтерін тудырған кезде [1, 462].

XVII ғасырда ассоциацияларды еуропалық ғалымдар Т. Гоббс, Р. Декарт және Б. Спиноза зерттеді. Т. Гоббс механикалық материализм жүйесін құрды, онда сана элементтері (олардың іздері ретінде сезімдер мен көріністер) механикалық байланыстар негізінде өзара әрекеттеседі (кеңістіктегі және уақыттағы сезімдердің шектестігінде). Алайда, аталған зерттеушілер зерттелетін құбылыс үшін қолайлы термин таппағанын атап өткен жөн [2].

Ассоциацияның қазіргі түсінігі алғаш рет XVIII ғасырда Англияда пайда болды, онда сол кезде басым психологиялық мектеп «сенсуалистік материализм мектебі» деп аталды. «Ассоциация» терминін 1898 жылы Дж. Локк өзінің «Адамның ақыл-ойы туралы тәжірибе» еңбегінің 4-ші басылымындағы «Идеялар ассоциациясы туралы» атты тарауында ғылымға енгізді.

Локк ассоциациясының механизмін декарттық тұрғыдан түсіндіреді, ол дегеніміз ассоциациялар жағдайға қатысты және ақылға қонымды негізі болмайды деп есептеді [3, 267].

XVIII-XIX ғасырларда «Ассоциация» ұғымы психологияда өте танымал болды. Дж. Беркли ассоциация арқылы «үшінші өлшемді», яғни тереңдікті қабылдауды түсіндіруге тырысты. Ассоциативті психологияда ассоциация сана жұмысының басым немесе тіпті жалғыз механизмі болып саналды. Ассоциация түрлері олардың қалыптасу жолдарымен ерекшеленді. Ал XVIII ғасырда Т. Гоббстың идеяларын жалғастырушы Д. Гартли оның идеялары негізінде ассоциативті психологияның негізін салады да, осылайша ғылымда оның «атасы» ретінде танылады. Гартли ассоциация механизмін былай түсінді: адамның жүйке жүйесі мен миындағы сыртқы заттардың әсерінен белгілі бір тербелістер пайда болды, олардың әрқайсысы белгілі бір сезімге, идеяға, түсінікке сәйкес келеді. Тиісті тербеліс қайталанған кезде, ол адамның миына дәл осылай әсер етеді, бұл олардың мидағы жүйке байланыстарының пассивті көрінісі болып табылатын ассоциацияны тудырады. Гартли ассоциациялардан

барлық психикалық құбылыстар шығарылады деп сенді: есте сақтау, пайымдау, қиял, ерікті қозғалыстар. Тербеліс теориясын кейіннен Д. Пристли жалғастырды.

Ассоциативті психологияның дамуы XX ғасырға дейін жалғасады да, бұл Д. Беркли, Д. Юм, Т. Браун, Г. Спенсер, З. Фрейд, Г. Эббингауз, В. Вундт, Т. Циген, Г. Мюллер сияқты психолог ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады [4, 35]. Ассоциативті психологияда олардың жасалу жолдарымен ерекшеленетін ассоциация түрлері анықталды: кейбір авторлар (Д. Юм, Дж. Милл) ассоциацияларды ұқсастық (көгілдір – көк), контраст (қара – ақ), кеңістіктегі және уақыттағы іргелестік (қараңғы бөлмедегі баланың кездейсоқ қорқынышы кейін баланың қараңғыдан қорқуына себепші болады), себеп-салдарлық (жарықтың жарқылы – ауырсыну сезімі) деп ажыратады. Тағы бір ғалымдар тобы (Д. Гартли, Дж. Милл) барлық ассоциацияларды кеңістіктегі және уақыттағы іргелес ассоциациялар деп бөлді, өйткені олар ассоциативті байланыстарды қалыптастыру үдерісінде субъектінің кез келген белсенділігін жоққа шығарды. Ассоциациялардың пайда болуының бастапқы заңдарынан басқа, Т. Браун қайталама заңдарды, яғни қазіргі уақытта мүмкін болатын көптеген ассоциациялардың пайда болуына ықпал ететін факторларды анықтады: ассоциацияға біріктірілген әсерлердің күші, олардың жаңалығы, жеке тұлғаның қабілеттері немесе/және патологиялық ерекшеліктері және т. б.

Орыс ғалымдарының арасында ассоцианизмді И.М. Сеченов және И.П. Павлов дамытады. И.П. Павлов ассоциацияның негізінде шартты рефлекс жатыр деген идеяны ұсынды. Павловтың зерттеулері вульгарлық ассоцианизмнің жеңілдетілген түсініктерін жеңе отырып, ми қыртысы қызметіндегі қозу мен тежелудің, зейін қоюдың, жайылудың және индукцияның Павлов ашқан заңдылықтарымен шартты уақытша ассоциативті байланыстардың пайда болуының физиологиялық негізін құрайтын үдерістерді барша әлемге жария етті [5, 329-330]. Бұл құбылыстың идеясының негізін И.П. Павловтың ассоциация теориясының ережелері құрайды. Павловтың ассоциативті теориясының негізінде елестету ұғымы жатыр. Елестету – бұл біздің өткен тәжірибемізге негізделген және сол арқылы бір сәттік қабылдаудан ерекшеленетін нысанның қайталанатын бейнесі. Елестету жеке тәжірибеден алынған бір зат туралы бір реттік естелікке, берілген тақырып туралы жалпыланған естелікке және толықтай бір классты жалпылауға негізделуі мүмкін.

Ассоциацияларды зерттеуде психолог ғалымдар өз бағыттары бойынша тың идеяларын енгізуге тырысты, бірақ жалпы, олар психикалық үдерістерді қатаң детерминистік тұрғыдан түсіндіруге тырысып, сана мен психика жұмысының негізгі механизмі ретінде ассоциацияны қарастырды. Алайда, ассоцианизм шығармашылықты, өзін-өзі тануды, адамдағы психикалық үдерістердің мақсаттылығын және т. б. толық түсіндіре алмады.

Жалпы, XIX ғасырдың аяғына дейін ассоциациялар принципі психологияда қарастырылған негізгі принциптердің бірі болғанын атап өткен жөн. Бірақ сол ғылыми көзқарастар шексіз ұзақ уақыт бойы үстемдік ете алмайтындықтан, функционалды психология ассоцианизмді алмастырды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ассоциативті психология құлдырайды, ал XX ғасырдың басында жоғалады. Оның идеялары психологияның басқа салаларына еніп,

өзгеріске ұшырайды. «Ассоциация – бұл «механизм» емес, өзінің механизмдерін түсіндіруді және ашуды қажет ететін іргелі құбылыс» деген идея қалыптасады [2].

Терминнің бірнеше сөздіктегі дефинициясының ішінде «Ассоциация ғылым мен білімнің әртүрлі салаларына (әлеуметтану, экономика, химия, астрономия және психология) қатысты. Олар үшін ортақ кілт сөз – айтарлықтай дәрежеде ерекшеленетін әртүрлі түзілімдерді бір топқа біріктіру. Психологияда бұл бірнеше идеялардың бірігуі, олардың біреуінің санасында пайда болуы еріксіз, автоматты түрде және бірден дерлік екіншісінің, үшіншісінің пайда болуына әкеледі. Ассоциацияның қазіргі таңдағы сипаттамасы басқаша тұжырымдамалармен беріледі.

Р.С. Немцов «ассоциация – екі немесе одан да көп психикалық элементтер арасындағы кез келген жолмен алынған, функционалды байланыс» [6, 32] деп санайды. Бұл элементтер идеялар, әрекеттер, стимулдар, бейнелер, реакциялар және т.б. болуы мүмкін. М.И. Дьяченко және Л.А. Кандыбовичтің «Анықтамалық сөздігінде»: ассоциация – бұл екі немесе бірнеше психикалық құбылыстардың байланысы, олардың біреуінің өзектелуі екіншісінің пайда болуына әкеледі. Ассоциация сезімдердің, еслестетулердің, идеялардың және т. б. байланысы болуы мүмкін – делінеді [7, 25].

Б.Г. Мещерякова мен В.П. Зинченконың «Қазіргі психологиялық сөздігінде» ассоциация «байланыс» сөзінің синонимі ретінде түсіндіріледі [8, 32]. Көріп отырғанымыздай, «ассоциация» ұғымы психологиялық ғылымның парадигмасында тұрақты түрде орныққан және қазіргі таңда ғалымдар арасында бұл ұғымның мағынасы туралы ешқандай пікірталас жоқ.

Лингвистикада ассоциаттарға деген қызығушылық кейінірек пайда болады. Олар туралы алғаш рет В. Гумбольдт айтты, кейінірек Ф. де Соссюр, А.А. Потебня бұл мәселені жіті қарастыра бастады. Орыс лингвистикасында вербалды ассоциацияларды зерттеуге Қазан лингвистикалық мектебі ерекше назар аударды. Атап айтқанда, Н.В. Крушевский өзінің «Тіл туралы ғылымның очерктері» атты еңбегінде бұл сөзді психикалық заңдарға, соның ішінде ассоциация заңдарына бағынатын «психикалық бірлік» ретінде қарастырды. Ол ұқсас пен шектес ассоциацияларды парадигматикалық және синтагматикалық деп санады, осылайша ассоциация теориясына лингвистикалық сипат беруге күш салды. Ол сонымен қатар лингвистикалық және экстралингвистикалық ассоциацияларды бөліп көрсетті. Бұл жағдайда біз тікелей вербалды ассоциациялар туралы, яғни екі сөз немесе сөз тіркесі арасында ассоциативті байланыс бар болатын жағдайды жазамыз. Вербалды ассоциацияларды зерттеу әдістерінің бірі – ассоциативті эксперимент [9, 141-143].

Осылайша, «Ассоциация» ұғымы алдымен философияда пайда болды, содан кейін психологияда дамыды. Ассоциацияны зерттеу бірқатар кезеңдерден өтті, зерттеушілер ассоциация түрлерін анықтады. Сонымен бірге, XX ғасырдың басында ассоциацияны зерттеген ассоциативті психология жоғалып кетеді де, оның идеялары психологияның басқа салаларында көрініс табады.

1.2 Ассоциативті эксперименттің ұйымдастырудың қағидалары мен әдістемелік негіздері

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемнің түкпір-түкпірінде зерттеліп келе жатқан психолингвистика ғылымының ең танымал әрі жиі қолданыс тапқан әдісі – ассоциативті эксперимент негізінде жарыққа шығатын ассоциативті сөздіктерді құрастырудың тарихы терең деп айтуға толық негіз бар.

Аталған сөздіктер антропоөзектік парадигма аясында әртүрлі мәдениет өкілдерінің тіліндегі категориялау және сәйкестендіру үдерістерінің ерекшелігі, сонымен қатар, тілдік тұлғаның жынысы, жасы, білім деңгейі мен кәсібі, өмір сүру жағдайлары параметрлеріне қарай тілдік санасы, әлем бейнесін, т.б. айқындауға, психолингвистика, когнитивтік тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, лингвомәдениеттану, т.б. ғылымдардың көптеген өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін лингвистикалық еңбектердің қатарына жатады.

Лексикографиялық еңбектердің ішіндегі адамзаттың менталдық ерекшеліктерін бейнелейтін кез келген ассоциативті сөздік әр алуан халықтар мен этностардың тілдік санасының этномәдени ерекшеліктерін еркін ассоциативті эксперименттер нәтижесінде көрсетіп, сөздік мақалалар түрінде ұсынылатын құнды лингвистикалық жұмыс болып табылады.

Психология, философия ғылымдарында кең қолданыста жүрген *«ассоциация»* терминінің түп бастауы латын тіліндегі «associatio» сөзінің «байланыс, өзара қарым-қатынас» мағынасында беріледі. Демек, «ассоциация» термині жеке адамның санасында көрінетін және оның жадында бекітілген жеке оқиғалар, фактілер, заттар немесе құбылыстар арасындағы табиғи түрде пайда болатын байланыс. Философиялық энциклопедиялық сөздікте ассоциация құбылысын толықтай түсіндіріп кетеді: «ассоциация – екі немесе одан да көп психикалық түзілімдер (сезімдер, қозғалыстар, қабылдаулар, идеялар және т.б.) арасындағы белгілі бір жағдайларда пайда болатын байланыс; бұл байланыстың әрекеті –ассоциацияның өзектіленуі – ассоциацияның біреуінің пайда болуы үнемі екіншісінің (басқалардың) пайда болуына әкеледі. Психофизиологиялық тұрғыдан ассоциацияның негізін шартты рефлекс құрайды» [10, 156]. Ары қарай «ассоциация» терминінің онтогенезі мен таксономиясына тоқталсақ, түсініктерді байланыстыру идеясы ежелгі философияда (Платон, Аристотель) дамыды. «Ассоциация» терминін алғаш рет Локк (1698) енгізді, алайда ол аталған құбылысты «...идеялардың дұрыс емес және табиғи емес үйлесімі...» деп көрсетіп [11, 199], ассоциацияны ақылға негізделген байланыстарға қарсы қояды. Ассоциация ассоциациялылықтың негізгі ұғымына айналады. Ассоциацияның кең таралған жіктелімдерінің бірі олардың пайда болуының уақыт тұрғысынан негізделуі: егер психикалық түзілімдер арасындағы байланыс олардың санада бір мезгілде туындауынан пайда болса, кеңістіктік іргелес ассоциация туралы айтылады; егер байланыс олардың бірінен соң бірі пайда болуы нәтижесінде пайда болса, онда уақыт бойынша іргелес ассоциация туралы айтылады. Тағы бір жіктелім психикалық түзілімдер мазмұнының айырмашылығына негізделген, олардың арасында байланыс орнатылады және осы ассоциация мүшелерінің мазмұны өзектенеді. Осылайша, ассоциация іргелестігі, ұқсастығы және контрасты бойынша ажыратылады [12, 161].

Алғашында психология, психопатология, психотерапия, психиатрияда, атап айтқанда, К.Г. Юнг, В.А. Рассел, Д. Палермо және т.б. зерттеулерінде науқастардың жоғарғы жүйке жүйесіндегі ақаулар, еске түсіру, қабылдау, т.б. үдерістерді анықтау мақсатында қолданылған ассоциативті эксперименттер кейіннен тіл білімінде де тілдік құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде таныла бастайды. К.Г. Юнг бойынша ассоциативті экспериментте «экспериментатор респондентке кез келген сөзді ұсынады, оған жауап ретінде ол өзінің ойына келген алғашқы сөзбен мүмкіндігінше тез жауап беруі керек» [13, 99]. Осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар Д. Нельсон, К. Макевой, С. Деннис бұл үдерісті келесідей сипаттайды: «Біз еркін ассоциацияны былайша түсіндіреміз: ол – қатысушылардан берілген айтылыммен белгілі бір байланыста болатын бірінші ойға келген сөзді айтуды талап ететін тапсырма (мысалы, мағынасы, ұйқасы, сөз жасалымы). Бұл тапсырма күнделікті өмірде «ойларды жинау» құралы ретінде қолданылады. Интернеттен ақпарат табуға тырысқанда немесе жазбаша, ауызша дұрыс сөзді іздегенде айқын көрінеді» [14, 887].

XX ғасырдың басынан бастап Дж. Киш, К. Армстронг, Р. Милрой, Дж. Пайпер, Дж. Дизель, Ч. Осгуд, М. Р. Розенвейг, Л. Постман, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцева, Р.М. Фрумкина, Н.О. Золотова, А.Н. Василевич бастаған психолог ғалымдар ассоциативті нормалардың алғашқы сөздік, тезаурустарын жасай бастайды. Осы кезеңде психологтар науқастың психикалық денсаулығының «қалыптылық-ауытқушылық» деңгейін белгілеген. Уақыт өте келе бұл әдіспен дені сау адамдардың ассоциативті реакцияларын әртүрлі мақсаттарда зерттеуді бастайды.

Қазақстандық лингвистикада ассоциативті эксперименттер А.А. Залевская, М.М. Копыленконың жетекшілігімен 1960-1970 жылдардан бастап жүргізіледі. Олардың қатарына 80-90-жылдары лингвистер Н.В. Дмитрюк, Г. Гиздатов, т.б. қосылады. Эксперименттер нәтижесінде лингвистер 1910 жылы жарыққа шыққан Кент-Розаноффтың 100 стимул сөздері [15, 374-390] негізіндегі 2 ассоциативті сөздікті (1978, 2014) шығарып үлгереді.

Ассоциативті эксперимент – әртүрлі лингвистикалық, әлеуметтік, мәдени ақпараттың көзі ретінде қолданылатын психолингвистикалық әдіс.

Ассоциативті эксперименттердің үш түрі бар:

- еркін;
- бағытталған;
- тізбекті.

Еркін ассоциативті экспериментте субъектіге ұсынылатын стимул сөзге грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері шектелмеген, ойға келген бірінші сөзбен жауап беру ұсынылады.

Бағытталған ассоциативті экспериментте субъектілер ассоциациялардағы белгілі бір шектеулерді ескере отырып, стимул сөзге жауап беруі керек. Мысалы, олардан тек зат есімдермен, тек сын есімдермен, тек синонимдермен немесе антонимдермен және т. б. жауап беру сұралады. Бұл әдіс субъектілерді экспериментатордың талаптарына дәл сәйкес келетін тиісті ассоциацияны таңдауға мәжбүр етеді.

Тізбекті ассоциативті эксперимент бірден бірнеше ассоциациялардың стимул сөзге жауап беруін білдіреді, нәтижесінде стимул сөзбен ғана емес, сонымен бірге өзара байланысты ассоциациялар тізбегі пайда болады [2].

Эксперименттер нәтижесінде ассоциациялардан тұратын эксперименттің ассоциативті өрісі – стимул сөзге берілген реакциялар пайда болады. Ассоциативті өрістің өзегі мен перифериясы болады. Ассоциативті өрістің ядросы ең жиілікті реакцияларды құрайды. Ассоциативті өрістің перифериясы, әдетте, жалғыз реакциялардан тұрады. Ғылымда жеке ассоциативті өріс пен ұжымдық өріс бөлек ажыратылады. Жеке ассоциативті өрісті зерттеудің практикалық пайдасы – белгілі бір адамның психикасы мен ойлауының даму ерекшеліктерін анықтау. Ұжымдық ассоциативті өріс ассоциативті норма деп аталады. Ұжымдық ассоциативті өрісті зерттеудің практикалық пайдасы адамдардың кез келген тобының ойлау ерекшелігін анықтаудан тұрады және бізге олардың тәжірибесіне негізделген осы ұжым әлемінің тілдік бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

Психолингвистикадағы ассоциативті эксперимент XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап зерттеулерде қолданыла бастады. «Ұлттық ассоциативті сөздікте», ең алдымен, еркін ассоциативті эксперимент әдісі көмегімен зерттеу жүргізгендіктен, ғылыми әдістің осы түріне басымдық беріледі. Еркін ассоциативті эксперимент эксперименттік психология мен психодиагностиканың ең көне әдістерінің бірі болып табылады. Іс жүзінде оны алғаш рет XIX ғасырдың 70-ші жылдарының соңында ағылшын психологы Фрэнсис Гальтон жүргізді. Алдымен ассоциативті эксперимент жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін анықтауға бағытталған әдіс, яғни психодиагностикалық әдіс болды. Ф. Гальтон ассоциациялар саласындағы екі мәселені зерттеді, атап айтқанда, ассоциациялардың әртүрлілігін зерттеді және стимул сөзге жауап беру уақытын белгіледі. Екінші мәселеге ғалым көбірек тоқталып, оны зерттеуге өзінің келесі эксперименттерін арнады. Эксперименттің мынадай ретте жүргізілді: Гальтон 75 сөз дайындап, олардың әрқайсысын жеке картаға жазады. Бірнеше күннен кейін зерттеуші оларды бір-бірлеп алып, картаны қарау уақыты мен екі ассоциацияның пайда болуы арасындағы уақытты өлшеді. Гальтон бұл сөздерді жазып отырса да, ол өзінің экспериментінің нәтижелерін жарияламады, өзінің осы әрекетін былай негіздеді: «олар адам ойының мәнін осындай таңғажайып айқындық пен сенімділікпен ашады, егер ол жарияланып, барша әлемге паш етілсе, оны сақтау екіталай болады» [16, 203]. Алайда, Гальтон ассоциациялардың шамамен 40%-ы субъектінің балалық шағынан бастау алатынын анықтады. Бұл факт балалардың тәжірибесінің ересек адамның жеке басына әсерін алғашқылардың бірі болып растады.

Ассоциацияларды зерттеу нысаны етіп Ф. Гальтоннан кейін В. Вундт алады. Ол алғашқы эксперименттік психология зертханасын құрды және онда вербалды ассоциациялардың жылдамдығын анықтау үшін еркін ассоциативті эксперименттер жүргізе бастады. Оның субъектілері Вундттың өзі және оның үш шәкірті болды. Вундт бойынша ассоциацияларды жіктеу Аристотельдің идеясына негізделген.

Еркін ассоциация әдісі арқылы Х. Мюнстерберг жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерттеді. Эксперимент нәтижесінде алынған ассоциацияларды ғалым сөз таптары мен байланыс түрі бойынша бөлді, нәтижесінде экспериментке қатысушылар берген жауаптарағы ассоциация байланысының белгілі бір түрінің басымдылығына байланысты психиканың үш түрін анықтады.

1885-1888 жылдары Джеймс Маккин Кеттелл бірқатар ассоциативті эксперименттер жүргізді. Олар жеке және ұжымдық түрде өткізілді. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, Кэттел адам интеллектісінің даму деңгейін анықтау үшін жиырма стимулдан тұратын кестелерді жасады.

Неміс психологы Э. Краепелин психикасы бұзылған адамдарда ассоциативті үдерістердің жүру уақытын анықтау үшін еркін ассоциативті эксперимент әдісін қолданды. Нәтижесінде, ол психикалық ауруға шалдыққан адамдардың ассоциациялары әлдеқайда аз, мағынасыз және стереотипті екенін анықтады. Краепелиннің шәкірті Г. Ашаффенбург шаршау жағдайының адамдардың жағдайына әсерін зерттеді. Ол түнде төрт рет экспериментке қатысушылармен ассоциативті эксперимент жүргізеді де, шаршаудың пайда болуымен мағынасыз және айқын мотивацияланған ассоциациялардың саны артып, стимул сөзге жауап беру уақыты артатынын анықтады.

XX ғасырдың басында. еркін ассоциативті эксперимент психоанализде қолданыла бастады, себебі ол тұлға психикасының бейсаналық саласына енуге мүмкіндік берді. Бұл әдісті өз тәжірибесінде К. Юнг қолданған. Эксперимент жүргізген кезде қатысушының реакция беруінің уақытын, терісінің электр өткізгіштігін, тыныс алу жиілігінің өзгеруін және оның эмоционалды күйі туралы айтуға болатын басқа параметрлер тіркелді. Егер қандай да бір сөзге реакция тым ұзақ болмаса, онда бұл өлшенетін параметрлердің өзгеруіне әкелді, одан Юнг қатысушының стимул сөзімен немесе ықтимал реакциямен байланысты бейсаналы эмоционалдық проблемалары бар деген қорытындыға келді.

Т. Циген XIX ғасырдың аяғында 8-14 жас аралығындағы балалар арасында ассоциативті эксперимент жүргізіп, балалардағы ассоциативті ойлаудың ерекшеліктерін анықтады. Оның нәтижелері, сонымен қатар стереотиптік деңгейдің экспериментке қатысушының жасына қарай артатынын көрсетті.

Айта кету керек, қалыптасқан ассоциациялардың жұмысына келетін болсақ, мұнда эксперименталды ғалымдардың негізгі күш-жігері эмпирикалық деректердің алуан түрлілігін жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік беретін классификацияларды құруға бағытталған. Осы уақытқа дейін бар жіктеулердің ешқайсысы (барлығы жұптасқан ассоциация материалына негізделген) толық және дәйекті емес [17, 45]. Зерттеуші Е.И. Горошко ассоциациялардың көптеген жіктемелерін егжей-тегжейлі талдай отырып, «еркін ассоциативті эксперименттің нәтижелерін сапалы талдау мәселесі әлі де толық шешілмеген және белгілі бір дәйекті принципке негізделген ассоциациялардың қандай да бір идеалды жіктемесін құру мүмкін емес және қажет емес деген қорытындыға келді...», өйткені ассоциацияларды жіктеу мәселесі белгілі бір дәйекті негізде ассоциативті байланыстың мәнін анықтау мәселесімен тікелей байланысты. Еркін ассоциативті эксперимент кезінде алынатын ассоциацияларды өзектендіру

үдерістерін лингвистикалық, логикалық, психолингвистикалық немесе философиялық категориялармен біржақты сипаттауға болмайтыны белгілі болады. Бұл жағдайда «ассоциация» ұғымына не вербалды реакцияның өзі, не стимул мен реакция арасында пайда болатын байланыс жатқызылатынын ескеру қажет, содан кейін ғана бүкіл ассоциативті үштікке талдау жасалады» [2].

Қазіргі лингвистика зерттеудің тиімді әдістерін іздеуге мүмкіндік беретін жаңа зерттеу парадигмаларының пайда болуымен сипатталады. Қазіргі тіл біліміндегі басты орынды тілдік сана мен әлем бейнесін зерттеу мәселелері алады. Лингвистикада вербалды ассоциацияларға көптен бері қызығушылық тілдік мағынаның табиғатына байланысты: сөз нысанның белгісі ретінде, ең алдымен, ассоциация арқылы белгіленгенімен байланысты. Қазіргі лингвистиканың ең танымал және дамыған бағыттарының бірі – адамның тілдік санасының жұмыс істеу ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік беретін ассоциативті эксперимент жүргізу арқылы сөздің ассоциативті мағынасын зерттеу. З.Д. Попова мен И.А. Стернин атап өткендей, лингвистикалық сананы зерттеу тіл мен лингвистикалық құрылымдардың бірліктерін қарастыру барысында олардың психологиялық тұрғыдан нақты мазмұны анықталатынын көрсетеді. Ол дегеніміз семантикалық компоненттердің нақты, «психологиялық тұрғыдан сенімді» жиынтығында халықтың санасында қандай да бір мағына бар, ол халықтың лингвистикалық жадында сақталады, сөз семантикасын құрайтын компоненттердің ерекшелігі мен өзектілігі қандай қатынастарда болатындығы, адамның тілдік жадындағы сөздер мен құрылымдардың нақты семантикалық байланыстары қандай екендігі байқалады [18, 43]. Алайда, ассоциативті үдерістерді зерттеудің көп жылдық тәжірибесіне қарамастан, ассоциативті эксперимент әлі күнге дейін сынға ұшырап жүретіндігін байқамау мүмкін емес. Мысалы, В.А. Пищальникова «ассоциативті экспериментті жүзеге асыру және оның деректерін отандық (Ресейлік автор ескертпесі) психолингвистикада түсіндіру сипатын қазіргі уақытта мінсіз деп атауға болмайды» деп атап өтті [19, 113]. Біздің ойымызша, ассоциативті эксперимент барысында алынған материалдар өте сенімді және құнды.

О.И. Уланович ассоциативті экспериментті сөздердің жеке мағыналарының семантикалық сипаттамаларын, сөздер мен сөздер топтары арасындағы ассоциативті байланыстарды анықтайтын және сананың ерекшелігін, әлеуметтік құбылыстарды субъективті-аффективті бағалауды бағалауға мүмкіндік беретін семантиканы талдаудың психолингвистикалық әдісі ретінде анықтайды [20, 11].

С.В. Архипова ассоциативті эксперимент – бұл ана тілінің психикасында объективті түрде бар сөздердің семантикалық байланыстарын, лингвистикалық стереотиптерді ашатын семантиканы психологиялық талдау әдісі, бұны кейіннен «менталитеттің ерекше белгілері ретінде» жалпылап көрсетуге болады [21, 6].

Диссертацияда ассоциативті эксперименттің анықтамаларын тұжырымдай келе, ассоциативті эксперимент деп – бұл психология мен Лингвистикада кеңінен қолданылатын әдіс, адамда немесе адамдар тобында олардың тәжірибесіне сүйене отырып қалыптасқан ассоциацияларды анықтауға бағытталған және қандай да бір негізде біріктірілген адамдар тобының әлемінің тілдік бейнесін жасауға мүмкіндік беретін ғылыми әдіс есептеледі.

Осылайша, субъективті семантикалық өрістерді және олардың ішіндегі байланыстарды эксперименталды түрде анықтауға тырысудың бір жолы – ассоциативті эксперимент әдісі. Ассоциативті эксперимент – семантиканы психолингвистикалық талдаудың ең дамыған әдісі. Ассоциативті эксперимент белгілі бір этномәдени қоғамдағы нақты бір тұжырымдама туралы басым идеяларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Тараудың соңында «ассоциация» ұғымы ежелгі дәуірде пайда болғанын, ассоциацияларды зерттеу белгілі бір кезеңдерден өткенін, соның арқасында ассоциациялардың түрлері жіктелгенін атап өткен жөн. Алайда, басқалармен қатар ассоциацияларды зерттеген ассоциативті психология XX ғасырдың басында жоғалады және оның идеялары психологияның басқа салаларында көрініс табады.

Қазіргі уақытта еркін ассоциативті эксперимент лексика мен семантиканы психолингвистикалық талдаудың ең дамыған әдісі болып табылады.

Лингвистика мен психолингвистикада эксперимент деген түсінік экспериментке қатысушылардың зерттеушінің тапсырмасы бойынша зерттеушіге кейінірек талдап көрсету үшін тілдік материал беретін кейбір сөйлеу туындысын құруды қамтиды. Ассоциативті эксперимент соңғы кездері лингвистика мен психологиядағы ең кең таралған зерттеу процедурасына айналды, өйткені лингвистикалық білім сананы, оның ішінде лингвистикалық сананың құрылымдарын түсінуге мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай, зерттеу жұмысында еркін ассоциативті эксперимент қолданылды, оны жүргізу әдістемесі жұмысымыздың келесі тарауында егжей-тегжейлі сипатталады.

Тіл білімі ғылымындағы зерттеудің негізгі нысандары мен өзекті мәселелерінің бірі – өріс. «Өріс» термині лексикологияда, грамматикада, сөзжасамда және басқа салаларда белсенді қолданылады. Тілдегі өрісті зерттеу әртүрлі тілдердегі «әлем бейнесінің» синхронды тілдік интерпретациясын жүйелі түрде анықтауға байланысты өзекті бола түседі [22, 58].

Өріс – жалпы мағынасы немесе ортақ тілдік белгілері бар тілдік бірліктердің жиынтығы. А.М. Кузнецовтың айтуынша, «өріс – бұл мазмұнның ортақтығымен (кейде формальды көрсеткіштердің ортақтығымен) біріктірілген және белгіленген құбылыстардың тұжырымдамалық, объективті немесе функционалдық ұқсастығын көрсететін лингвистикалық (негізінен лексикалық) бірліктердің жиынтығы» [23, 380].

Жалпы белгілері мен функциялары бар тілдегі элементтер тобының әртүрлі типтері өріс ретінде қарастырылады деп айтуға болады. Кез келген өрістің өзіндік жүйесі мен құрылымы бар. Өріс белгілі бір семантикалық мәнмен жасалады. Өріс құрылымында әдетте «ядро (лексема-ұғым немесе лексемалар тобы-ұғымдар, негізгі ұғымдар класының орталығы, олардың синонимдік, антонимдік және басқа қатынастары бар реалиялар) және периферия (реалияларға іргелес өрістер жүйесі – семантикалық функция ұғымдарының екінші деңгейдегі сөздері)» [22, 58].

Өріс лингвистикада белгілі бір семантикалық құрылымды білдіреді. Өріс негізгі сөз таптарының (реалиялары) және салыстырмалы тілдік құралдардың иерархиясын көрсетеді. Өрістің құрылымы элементтердің пәндік-

тұжырымдамалық жіктелуін және тілдік бірліктердің гипер-гипонимиялық байланыстарын көрсететін түрлік қатынастардың көмегімен болуы мүмкін [22, 59].

Г.С. Щурдің айтуынша, «өріс құрылымы ұғымы берілген жиынның ішіндегі элементтердің шартты топтарының болуын, құрылымдағы қатынастардың қиылысуын, байланыстардың қабаттасуын білдіреді» [24, 158-159]. Лингвистикадағы өрісті зерттеу тілдік бірліктер және олардың өзара байланысын айқындау дегенді білдіреді. Өрістің құрамдас элементтері олар білдіретін мәннің ортақтығы, олар орындайтын функциялардың ортақтығы негізінде және екі түрлі сипаттаманың тіркесімі негізінде біріктіріледі деп қарастырылады. Басқаша айтқанда, өрістің тілдік бірліктері семантикалық және функционалдық принциптерге сәйкес ажыратылады.

В.В. Воробьевтің пікірінше, өріс тілдік категория ретінде негізінен күрделі көп өлшемді құрылымды білдіруі керек, өйткені онда көрсетілген элементтер тек тілге ғана емес, мәдениетке де жатады [22, 58].

Бұл дегеніміз, өріс тек тілдік сипаттамаларды ғана емес, сонымен қатар тілден тыс немесе мәдени сипаттамаларды да көрсетеді.

Осылайша, лингвистикадағы өрісті зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін жан-жақты зерттеуде, белгілі бір халықтың тілін сипаттау және қызмет ету аспектісінде маңызды мәнге ие.

Сөздің ассоциативті өрісі – тіл біліміндегі өрістердің негізгі түрлерінің бірі. Бұл стимул сөзбен байланысқан ассоциациялардың құрылымдық жиындары. Сөздің ассоциативті өрісін зерттеу лингвистикалық ғылымның қазіргі даму кезеңінде өзекті болып табылады.

Ой қозғалысы ассоциативті екенін бәрі біледі. Адам санасында бір ой көбінесе ассоциация бойынша екіншісін тудырады. Адам санасындағы ассоциация құбылысын зерттеу физиология, биология, философия және психология сияқты көптеген ғылыми салаларда бұрыннан қызығушылық тудырған өзекті тақырып болды.

Лингвистикада сөздер мен сөйлеудің ассоциативті мағынасын зерттеуге ассоциативті тәсіл қолданылады. Сөз ассоциациясы – бұл стимул сөз бен реакция сөзі арасындағы байланыс. Бұл туралы әйгілі швейцариялық лингвист Ф. де Соссюр теория мен лингвистикадағы ассоциацияны зерттеуге үлкен үлес қосты.

XX ғасырдың басында Ф. де Соссюр алғаш рет тіл фактілері арасында өзара байланыс орнатуға тырысты. Оның жұмысында *«ассоциация», «ассоциативті қатынастар», «ассоциативті қатарлар»* және т.б. терминдер үнемі кездеседі. Осыған байланысты Ф. де Соссюр тілдегі ассоциативті қатынастарды ашты. Мысалы, *«жаз»* сөзі санада теңіз, күн, демалыс, жылу, ыстық, күн сәулесі, жылы, бақытты, саяжай, қалау, көңілді және т.б. сияқты көптеген басқа сөздерді тудырады. Бұл сөздер сөйлем мүшелерінің түрлерімен шектелмейді.

Осылайша, Ф. де Соссюр ассоциативті қатынастарды «ортақ нәрсені білдіретін қарым-қатынас мүшелерін жақындастырумен шектелмейтін топтардың ақыл-ой бірлестігі негізінде қалыптасады; ақыл оларды әр жағдайда байланыстыратын қатынастардың сипатын түсінеді және осылайша әртүрлі

қатынастар сияқты көптеген ассоциативті қатарлар жасайды» деп анықтайды [25, 125].

1.3 Құндылықтар жүйесін пәнаралық (философия–лингвистика–мәдениеттану) талдаудың алғышарттары

Құндылықты, жалпы алғанда, жағымды да, жағымсыз қырынан танылатын жалпы мағыналы түсінік ретінде анықтауға болады. Құндылықтар субъективті-объективті сипатқа ие, бірақ объективті және субъективті, рухани және материалдық, жеке және жалпыадамзаттық, әлеуметтік және табиғи бірлік ретінде қызмет етеді.

Соңғы онжылдықтарда құндылықтар феномені әртүрлі лингвистикалық бағыттарда зерттеу жүргізетін көптеген ғалымдардың айналысатын ғылыми тақырыптарына айналып үлгерді (Арутюнова, 2004; Вешнинский, 2005; Қасқыр, 2009; Земскова, 2006; Ивин, 2006; Карасик, 2002; Морозова, 2008; Никитин, 2000; Сергеева, 2003 және басқалар).

Құндылықтар мен олардың жүйесі адам факторын белсендіру негізінде әлеуметтік дамуды анықтайды. Әлеуметтік реттеу құралы ретінде олар адамның мінез-құлқын оның маңызды әлеуметтік құралдарымен, мұраттарымен, мүдделерімен және қажеттіліктерімен байланыстыратын аралық көпір болып табылады.

Құндылықтар қоғам мен тұлғаға қатысты күрделі және жан-жақты реттеуші қызметтерді орындайды. Бұл мәселе қоғамның жаңғыруы кезеңінде ондағы реттеу және басқару бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Құндылықтар мәселесі – бұл адамзат пайда болған кезден бері зерттеліп келе жатқан мәңгілік мәселе. Бүгінде оған көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер (С.Ш. Авалиани, Е.Р. Боринштейн, Т.В. Бутковская, Л.Г. Викулова, Е.М. Вольф, А.А. Кавалерова, В.И. Карасик, Ю.М. Малинович, Е.Н. Прикопий, С.Л. Сахно, Л.А. Сергеева, Е.Ф. Серебренникова және т. б.) еңбектерін арнаған.

Құндылықтардың пайда болуы, олардың бір-бірімен байланысы, әртүрлі факторлармен (мәдени, әлеуметтік), олардың нақты әлемдегі орны және құндылық әлемінің құрылымы *аксиология* (құндылықтар теориясы) деп аталатын философиялық ілім аясында қарастырылады. Құндылықтар туралы ілім дербес орынға ие болды және XIX ғасырдың екінші жартысында жеке философиялық бөлім ретінде бөлініп шығады, ал XX ғасырдың басында француз философы П. Лапе мен неміс философы Н. Хартман осы ұғымды шетелдік философияда ғылыми қолданысқа енгізеді. Десе де аксиологиялық мәселелер өз бастауын ежелгі дәуірден алады. Құндылықтар теориясының басы Сократқа дейінгі кезеңнің философиялық тұжырымдамаларында кездеседі. Ежелгі Қытайдың философ өкілінің бірі Мо-Цзы әділеттілікті ең жоғары құндылық ретінде анықтады, өйткені ол адамдарға пайда әкеледі деп түсіндірген [26, 204].

Мәдениет пен дәстүрлердің құнсыздануы және қоғам идеологиясының құлдырауы, әрине, құндылықтар мәселесін тудырады (кең мағынада). Құндылықтардың жалпы теориясының негізгі әйгілі «игілік деген не?» сұрағын Сократ Афиныдағы демократия дағдарысынан кейін қояды. Ежелгі және орта

ғасырлар философиясында этикалық-эстетикалық және діни құндылық сипаттамалары шынайы болмыстың шындық ұғымына кірді. Платон бастаған және Гегель жалғастырған идеалистік рационализм дәстүрі онтология мен аксиологияның бір-бірінен бөлінбейтіндігімен, сондай-ақ болмыстың құндылықтардан ажырамайтындығымен ерекшеленеді. «Болмыс» ұғымы адамның қалауы мен ұмтылысының нысаны ретінде шындық пен құндылық болып бөлінетін жағдайда философияның тәуелсіз саласы ретінде *аксиология* пайда болады.

Дүниені танудың аксиологиялық аспектісі Платонның философиялық көзқарастарында көрініс табады. Ол заттар әлемі мен идеялар әлемі бірдей емес деп есептеді: идеялар идеал болғандықтан, заттармен салыстырғанда олар «құнды». Платон құндылықтарды (игіліктерді) категория ретінде жіктеудің алғашқы әрекеттерінің бірін жасады, оны «жақсылық», «әдемілік», «ақиқатқа» бөлді. Аристотель өзінің жіктелуін «бағаланатын» және «құнды» сияқты ұғымдармен жүзеге асырды. Ол игіліктерді «бағаланатын» (парасаттылық, жан, ақыл), «мақтауға тұратын» (мақтауға тұрарлық әрекеттер) және «мүмкін болатын» (күш, сұлулық, байлық, билік) деп жіктеді [27, 8-9].

Осылайша, ежелден бері «құндылық» ұғымы ойшылдардың философиялық еңбектерінде талдана бастайды, ал осы ежелгі философияның аксиологиялық ережелері адамның қоршаған әлемге деген құндылыққа көзқарасын одан әрі дамытуға негіз болды. «Жақсылық», «шындық», «сұлулық», «игілік» деген не деген сұраққа жауап іздеу, әсіресе, қайта өрлеу мен жаңа заманда өзекті болды. Ағылшын философы Д. Юм софистердің идеяларын дамыта отырып, құндылықтар мен нормалар – бұл қате де, дұрыс та бола алмайтын сезімдердің көрінісі, сондықтан құндылықтарға осындай қасиеттер жат деп сенді.

Адамның санасында жазылған нысанға қатынасының ерекшеліктері құндылықтар немесе құндылықты түсіну болып табылады [28, 95-101]. К. Клакхон алғашқылардың бірі болып «құндылық» ұғымын жеке немесе топтық мақсаттарды анықтайтын, жеке адамға немесе жеке адамдар тобына тән және саналы немесе бейсаналық көзқарас ретінде сипаттайды [29, 395]. Кейінірек К. Клакхонның Ф. Стродбекпен бірлесіп жазған еңбегінде құндылықтарға басқаша анықтама береді. Қос ғалым оларды жалпыадамзаттық мәселелерді шешу үдерісінде адамның ойлауы мен іс-әрекетінің әртүрлі мотивтерін басқаратын күрделі, белгілі бір түрде топтарға бөлінген принциптер деп көрсетеді [30, 395].

Диссертациялық жұмыста *мәдени, ұлттық, этникалық, этномәдени, этикалық және материалдық құндылықтар* ұғымдарының ара-жігі ажыратылып қарастырылды.

Ұлттық құндылықтар белгілі бір этносқа тән тарихи тәжірибе, дәстүр, дүниетаным және әлеуметтік нормалар негізінде қалыптасатын мәдени мазмұн ретінде анықталады. Олар тілдік санада ұлттық-мәдени код арқылы көрініс табады.

Этнопсихологиялық сөздікте *ұлттық құндылықтар* белгілі бір этностық қауым өкілдерінің рухани мұраттарының жиынтығы ретінде анықталады. Бұл құндылықтарда олардың тарихи ерекшелігі көрініс табады және бір этносқа

жататын адамдардың мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік әрі нормативтік-мәдени аксиомалар қызметін атқарады. Сонымен қатар әлеуметтік құрылымдар мен моральдық бағдарлар әлсіреген жағдайда ұлттық құндылықтарды қорғау кейде құқықтық және саяси әрекеттерді негіздеудің құралы ретінде де пайдаланылуы мүмкін [31, 259]. И.А. Соловцева ұлттық құндылықтардың адамның әлемге және басқа адамдарға деген қатынасын айқындайтынын, ал олардың иерархиясы ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін бейнелейтінін атап көрсетеді [32, 47].

Шетелдік зерттеулерде ұлттық құндылықтар ұлттың ортақ мәдени тәжірибесін бейнелейтін және сол қоғам мүшелерінің көпшілігі қабылдайтын «жақсы», «дұрыс», «құнды» туралы түсініктер жүйесі ретінде қарастырылады. Олардың қатарына патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік, құрмет, бірлік, әділдік, төзімділік, адам қадір-қасиеті, теңдік сияқты ұғымдар жатады [33, 55].

Сонымен қатар ұлттық құндылықтар тұрақты, өзгермейтін жүйе емес, керісінше, қоғамдық даму үдерісінде жаңарып, басқа халықтардың құндылықтарымен өзара ықпалдасу арқылы байып отыратын динамикалық құбылыс болып табылады [34, 50]. Бұл тұрғыдан алғанда әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрі өзіндік ерекшелікке ие бола отырып, әмбебап адамзаттық құндылықтармен өзара байланыста дамиды.

Ұсынылып отырған ұлттық ассоциативті сөздікте іріктеліп алынған ұлттық құндылықтарды білдіретін стимул ретіндегі тілдік бірліктер ассоциативті эксперимент және сұхбат нәтижелері негізінде анықталды. Стимулдар теориялық негіздермен қатар ұлттық-мәдени маңыздылық және ассоциативті әлеует сияқты қағидаларға сүйеніп таңдалды.

Этникалық құндылықтар белгілі бір этностың тарихи тәжірибесі мен әлеуметтік ерекшеліктеріне негізделсе, *этномәдени құндылықтар* осы этностың мәдени кодын, символдарын және дәстүрлі білім жүйесін қамтиды.

А.Я. Флиердің анықтамасына сәйкес, этникалық құндылықтар – этностың этномәдени өмір сүруінің құрамдас элементтері болып табылатын, сол этнос тарапынан өзінің тарихи және мәдени өзіндік ерекшелігін айқындайтын басты белгілер ретінде танылатын мәдени дәстүрлер жиынтығы [35, 572].

Этномәдени құндылықтар тұлғаның этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады және олар этностың мәдени, отбасылық, әлеуметтік-тарихи және діни дәстүрлерінде көрініс табатын моральдық құндылықтар, мінез-құлық нормалары мен бағдарлар жүйесін қамтиды. Бұл құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етеді [36].

Терминдерді анықтауда ұлттық және этникалық құндылықтар ұғымдарының мазмұндық айырмашылықтарын нақтылау қажеттілігі туындағандықтан, аталған ұғымдардың ерекшеліктерін жүйелі түрде көрсету мақсатында олардың салыстырмалы сипаттамасы келесі кестеде берілді.

Кесте 1 – Ұлттық және этникалық құндылықтардың салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	**Этникалық құндылықтар**	**Ұлттық құндылықтар**

Негізі	Этностың тарихи тәжірибесі, дәстүрі	Ұлттың қоғамдық және мәдени дамуы
Мазмұны	Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс	Тіл, мәдениет, ұлттық идеялар
Ауқымы	Шектеулі (этнос деңгейі)	Кең (ұлттық деңгей)
Қызметі	Дәстүрді сақтау	Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру
Өзара байланысы	Негіз болады	Этникалық құндылықтар негізінде қалыптасады

Этикалық құндылықтар адамның мінез-құлқын реттейтін моральдық нормалар мен ұстанымдарды білдіреді (мысалы, ар-намыс, ұят, адалдық). Ал *материалдық құндылықтар* заттық мәдениетке қатысты (тағам, киім, тұрмыстық бұйымдар) ұғымдарды қамтиды.

Материалдық құндылықтар – заттық формада көрінетін, яғни мүлік, тауарлар және түрлі материалдық нысандар түрінде жүзеге асатын құндылықтар жүйесі [37, 321].

Мәдени құндылықтар ұғымы ұлттық құндылықтарға қарағанда кеңірек болып, белгілі бір қоғамдағы материалдық және рухани жетістіктерді, мінез-құлық үлгілерін және символдық жүйелерді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық құндылықтар мәдени құндылықтардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңына сәйкес мәдени құндылықтар материалдық және материалдық емес құндылықтар болып бөлінеді.

Материалдық емес мәдени құндылықтарға:

– материалдық емес мәдени мұраның жеткізгіші ретінде тіл, оның ішінде қазақ тілінің сөздік қоры, сондай-ақ ауызша дәстүрлер мен олардың нысандары;

– орындаушылық өнер түрлері;

– салттар мен әдет-ғұрыптар;

– мейрамдар;

– табиғат пен әлем туралы дәстүрлі білімдер мен түсініктер;

– дәстүрлі кәсіптерге қатысты білімдер мен дағдылар жатады [38].

Аталған құрамдас бөліктер ұлттық мәдениеттің негізін құрай отырып, тілдік санада ұлттық-мәдени код арқылы репрезентацияланады және ұрпақтан ұрпаққа берілу үдерісінде сақталып, жаңғырып отырады. Бұл жіктеу зерттеуде қарастырылатын ұлттық құндылықтардың материалдық және рухани аспектілерін ажыратуға негіз болады.

Үлкен түсіндірме мәдениеттану сөздігінде мәдени құндылықтар адамзаттың рухани және эстетикалық идеалдары, мінез-құлық нормалары мен үлгілері, тілдер, диалектілер мен сөйленістер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, өнер мен мәдениет туындылары, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері мен әдістері, сондай-ақ тарихи-мәдени маңызға ие ғимараттар, құрылыстар, заттар, технологиялар және тарихи-мәдени тұрғыдан бірегей аумақтар мен нысандар жиынтығы ретінде қарастырылады [39, 190].

Алғашында «мәдени құндылықтар» ұғымы адамның материалдық қызметінің нәтижелерімен, яғни сәулет құрылыстары, ескерткіштер, көркемөнер туындылары сияқты маңызды материалдық нысандармен байланыстырылып түсіндірілген. Бұл ұғым ғылыми айналымға ұқсас мазмұнда алғаш рет 1954 жылғы 14 мамырда Гаагада қабылданған «Қарулы қақтығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау туралы» Конвенцияда енгізілді.

Уақыт өте келе мәдени құндылықтарды түсіндіру тек материалдық деңгеймен шектелмей, рухани мазмұнмен толықтырылды. Қазіргі зерттеулерде мәдени құндылықтар «рухани», «адамгершілік», «жетілгендік» идеалдарын бейнелейтін ұғымдар ретінде қарастырылады Сонымен қатар олар қоғамда әлеуметтік-мәдени интеграцияны қамтамасыз ететін, мәдени «Менді» қалыптастыратын және халықтардың мәдени сәйкестілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады [40, 496].

Мәдени құндылықтардың маңызды белгілерінің бірі – олардың тарихи-мәдени тұрақтылығы мен ұрпақтан ұрпаққа берілу сипаты болып табылады. Бұл тұжырымдар мәдени құндылықтардың ұлттық құндылықтармен өзара байланысын және олардың тілдік санадағы көрінісін түсіндіруге негіз болады.

Ал *әмбебап құндылықтар* адамзатқа ортақ, мәдени шекаралардан тыс қалыптасқан базалық ұғымдар жүйесін білдіреді (мысалы, отбасы, жақсылық, өмір, құрмет). Ассоциативті деректерде бұл құндылықтар ұлттық мазмұнмен ұштасып, белгілі бір этномәдени контексте көрініс табады.

Әмбебап құндылықтар немесе жалпыадамзаттық құндылықтар – мазмұны белгілі бір тарихи кезеңмен немесе нақты этностық дәстүрмен тікелей байланысты емес, бірақ әрбір әлеуметтік-мәдени жүйеде өзіндік мазмұнмен толықтырылып, кез келген мәдениетте құндылық ретінде қайта жаңғырып отыратын аксиологиялық ұстанымдар жүйесі [40, 1049].

Жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесі әлеуметтік дағдарыс кезеңдерінде, яғни саяси тұрақсыздық, әлеуметтік институттардың әлсіреуі, моральдық құндылықтардың құнсыздануы жағдайында ерекше өзектілікке ие болады. Мұндай кезеңдерде қоғамда өркениетті әлеуметтік-мәдени даму жолдарын іздеу қажеттілігі артады.

Сонымен қатар адамзат тарихының барлық кезеңдерінде негізгі, базалық құндылық ретінде өмірдің өзі және оны табиғи әрі мәдени тұрғыдан сақтау мен дамыту мәселесі қарастырылады. Бұл ұғым ұлттық және мәдени құндылықтармен өзара байланыста қарастырылып, тілдік санада әмбебап және этномәдени деңгейлердің тоғысуын көрсетеді.

Құндылықтар жүйесінің құрылымын және олардың өзара байланысын айқындау үшін негізгі құндылық түрлерінің мазмұндық ерекшеліктері салыстырмалы түрде жүйеленді. Төмендегі кестеде әртүрлі құндылықтардың анықтамасы, мазмұны және ерекшеліктері көрсетілді.

Кесте 2 – Құндылық түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы

Құндылық түрі	**Анықтамасы**	**Мазмұны**	**Мысалдар**	**Ерекшелігі**

Жалпыадамзаттық	Барлық адамзатқа ортақ құндылықтар	Өмір, жақсылық, әділдік, адамгершілік	өмір, бейбітшілік, теңдік	Әмбебап, мәдени шекарадан тыс
Мәдени	Қоғамның материалдық және рухани жетістіктері	Өнер, тіл, дәстүр, білім	мәдениет, өнер, тіл	Ең кең ұғым
Ұлттық	Белгілі бір ұлтқа тән құндылықтар	Дүниетаным, тіл, ұлттық идея	тіл, дәстүр, бірлік	Мәдени құндылықтың бөлігі
Этникалық	Белгілі бір этностың дәстүрлі құндылықтары	Салт-дәстүр, әдет-ғұрып	салт, әдет, рәсім	Ұлттықтың негізі
Этномәдени	Этносқа тән мәдени код пен символдар	Рәміздер, дәстүр, наным-сенім	тұмар, бесік, қонақжайлық	Мәдени кодты көрсетеді
Этикалық	Моральдық нормалар мен ұстанымдар	Мінез-құлық, адамгершілік	ұят, ар-намыс, адалдық	Мінез-құлықты реттейді
Материалдық	Заттық мәдениетке қатысты құндылықтар	Тағам, киім, тұрмыс заттары	ет, киіз үй, ұлттық тағам	Көрінетін, нақты

Аталған ұғымдар иерархиялық және мазмұндық тұрғыдан өзара байланысты болғанымен, зерттеуде олардың функционалдық айырмашылықтары ескеріліп, ассоциативті талдау барысында нақты ажыратылып қарастырылды.

Зерттеу жұмысымызда құндылық ұғымын тек аксиологиялық немесе философиялық категория ретінде емес, тіл біліміндегі ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясы ретінде қарастыру соңғы онжылдықтарда өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналды. Осы тұрғыдан құндылықтардың тілдегі көрінісін анықтауда этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық тұрғыда қарастыру маңызды теориялық негіз қызметін атқарады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық бағыттың қалыптасуы мен ғылыми мектеп ретінде орнығуына Ә. Қайдар, М. Копыленко, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Р. Сыздық, Н. Уәли, Б. Қалиұлы, Г. Смағұлова, Б. Момынова, Ғ. Аронов, Р. Шойбеков, Қ. Ғабитханұлы, Ш. Сейітова, Р. Иманалиева, Б. Қарағұлова, т.б. сияқты ғалымдар елеулі үлес қосты.

Аталған зерттеушілердің еңбектерінде ұлттық дүниетаным, көне мәдени лексика, этнофразеологизмдер, символдық атаулар, дәстүрлі мәдени код және тілдік жад мәселелері жан-жақты қарастырылып, құндылықтардың тілдегі көрінісін түсіндірудің ғылыми негіздері қалыптасты. Бұл ғылыми мектептің негізгі ұстанымы – тілдік бірліктерді этностың тарихи тәжірибесі, мәдени жады және рухани болмысымен сабақтастықта қарастыру. Осы ұстаным зерттеудегі ұлттық құндылықтарды ассоциативті өріс арқылы сипаттаудың теориялық негізін күшейтеді.

Құндылықтарды тілдік тұрғыдан зерттеудің теориялық негізі тіл мен халық рухының өзара сабақтастығын айшықтайтын классикалық және отандық лингвистикалық ғылыми тұжырымдарға сүйенеді. Неміс ғалымы В. фон Гумбольдт тіл арқылы халық рухы мен ұлттық мінездің терең қырлары танылады деп көрсетіп, тілдің этностық болмысты танудағы айрықша рөлін ерекше атап өтеді [41, 226]. Бұл қағида ұлттық құндылықтарды тілдік сана мен ассоциативті өріс арқылы зерттеудің жалпы әдіснамалық негізін құрайды.

Қазақ тіл біліміндегі осы бағыттың бастауында тұрған академик Ә. Қайдар тіл мен этносты біртұтас құбылыс ретінде қарастырып, тіл тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен бірге халықтың бүкіл рухани және материалдық мәдениетін, дүниетанымын, әдет-ғұрпын ұрпақ жадында сақтайтын кумулятивтік жүйе екенін негіздейді. Ғалымның «этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл» деген тұжырымы ұлттық құндылықтардың тіл арқылы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетінін дәлелдейді [42, 34].

Ғалым Ә. Қайдар ұсынған «тіл әлемі» түсінігі этнос болмысына қатысты мыңдаған мағыналық бірліктердің тілде жинақталатынын көрсетеді [42, 20]. Осы тұрғыдан ұлттық, этникалық, этномәдени және материалдық құндылықтар тілдік бірліктерде, тұрақты тіркестер, паремиологиялық тілдік қолданыстар және ассоциативті өрістерде анық көрінеді.

Профессор Ж. Манкеева этнолингвистиканы этностың алғашқы дүниетанымы, тұрмыс-салты, мифтік танымы, сакралды атаулары мен мәдени тәжірибесін тіл арқылы танитын ғылым саласы ретінде сипаттайды [43, 20]. Ғалымның «әлем үлгісі» туралы тұжырымы құндылықтардың тілдік санада белгілі бір мәдени модель түрінде сақталатынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Құндылықтардың тілдік табиғатын терең зерттеуде лингвомәдениеттанымдық бағыт ерекше маңызға ие. Бұл ғылыми саланың негізгі мақсаты – тілдегі ұлттық болмыс пен мәдени тәжірибенің көрінісін анықтау, тілдік фактілер арқылы халықтың танымдық, этикалық және эстетикалық ұстанымдарын ашу, сондай-ақ олардың мәдени жүйедегі қызметін сипаттау.

Әлемдік тіл білімінде бұл бағыттың әдіснамалық негіздері Э. Сепир, Р. Якобсон, А. Вежбицкая, В.В. Воробьев сынды ғалымдардың еңбектерінде қалыптасты. Э. Сепир тіл мен мәдениетті біртұтас құбылыс ретінде қарастырып, тіл адамның әлеуметтік шындықты қабылдау тәсіліне әсер ететінін көрсетеді [44, 160]. Р. Якобсон тіл мәдениеттің құрылымдық негізі екенін атап өтсе [45, 173], А. Вежбицкая әрбір тілдің ұлттық ерекшелігі сол халықтың мінезі мен мәдени тәжірибесін бейнелейтінін нақтылап көрсетеді [46, 240]. В.В. Воробьев ұсынған «лингвокультурема» ұғымы тілдік және экстралингвистикалық мазмұнның бірлігін білдіретін кешенді бірлік ретінде құндылықтардың тілдік репрезентациясын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ал қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттанымдық бағыттың қалыптасуы, өз кезегінде, Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, З. Ахметжанова, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, А. Алдашева, Е. Жанпейісов, М. Бисенбаева сынды зерттеушілердің еңбектерімен тығыз байланысты.

Белгілі ғалым Ә. Қайдар халықтың дүниетанымы мен рухани болмысы тілдік бірліктерде, әсіресе сөз, фразеологизм, мақал-мәтел және мифтік мәтіндерде сақталатынын көрсетеді. Осыған сәйкес ұлттық, этникалық және этномәдени құндылықтар тілдік таңбалар жүйесінде кумулятивтік түрде ұрпақ жадында жалғасады [42, 128].

Ғалым Ж. Манкеева мәдениет пен тілді бөлінбейтін тұтас жүйе ретінде қарастырып, мәдени мазмұн тілдің кумулятивтік қызметі арқылы сақталатынын негіздейді [47, 13]. Бұл ғылыми пікір – материалдық және рухани құндылықтардың атауларын лингвомәдени бірлік ретінде талдаудың теориялық негізі.

Ал профессор, филология ғылымдарының докторы А. Салқынбайдың тұжырымдары бойынша тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу ұлттық және жалпыадамзаттық өркениеттік мазмұнды айқындауға мүмкіндік береді [48, 309]. Тілші-ғалым, түрколог Г. Смағұлова бұл бағыттың өзегін «тіл – ұлт – мәдениет» триадасы арқылы түсіндіреді [49, 96], бұл құндылықтарды ұлттық санадағы мәдени модель ретінде қарастыруға жол ашады.

Филология ғылымдарының докторы Е. Жанпейісовтің этномәдени лексика туралы тұжырымдары этностың тарихи жадын, өткен тәжірибесін және дәстүрлі мәдени кодын тіл арқылы қалпына келтіруге көмектеседі [50, 7].

Тілші-ғалымдардың құнды теориялық тұжырымдарына сүйене келе, этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық бағыттар құндылықтарды тілдік таңба, мәдени сема, ұлттық код және ассоциативті құрылым ретінде түсіндіреді деп атап көрсетуге әбден болады. Бұл зерттеуде ұлттық құндылықтардың тілдік санадағы көрінісін ассоциативті эксперимент деректері арқылы талдаудың теориялық негізін құрайды.

2 АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ РӨЛІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Ассоциативті сөздіктерді әзірлеудегі әлемдік және отандық тәжірибе

Ассоциативті сөздіктерді құрастыруда басшылыққа алынатын ең басты еңбек – американдық ғалымдар Г. Кент және А. Розановтың 1910 жылы жарияланған «Ағылшын тілінің ассоциативті нормаларының сөздігі». Ғалымдар баспаға шыққан осы еңбектерінде ағылшын тіліндегі 100 сөзден тұратын тізімді ұсына отырып, психикалық бұзылуларды диагностикалау арқылы қалыпты емес ассоциацияларды анықтауды мақсат еткен болатын. Дегенмен психикалық ауытқулары бар науқастар қалыпты емес реакцияларды дұрыс бере алмаған. Сонда да осы жағдайдан соң сау адамдардың қалыпты жауаптарын алуға мүмкіндік туындайды. Г. Кент және А.Розановтың осы сөздігінің негізінде эксперименттік психолингвистикалық зерттеулер жаңаша дамып, ендігі кезекте алынған нәтижелер психологиялық қана емес, сонымен бірге лингвистикалық маңызды ақпараттарды ұсына алатын болды [51, 125].

Психологтар Г. Кент және А. Розановтың бастамасымен шыққан еңбек кейінгі кезеңде балалардың ассоциативті мінез-құлқын зерттеуге пайдаланылып, балалар мен жасөспірімдерден алынған реакциялардың нормалары жиналған. Ересектерге жүргізілген эксперименттің нәтижесінен алынған ассоциативті нормалар екінші рет 40 жылдан кейін ғана 1952 жылы А. Руссель, Дж. Дженкинстің жетекшілігімен жазылған «Толық Миннесота нормаларында» жиналған. Содан кейін 1953 жылы У. Боузфилдтың бастамасымен «Коннектикут нормалары» сынды ассоциативті нормаларды құрастыру үрдісі пайда болады.

Барлық қолданыстағы ассоциативті нормалардың ішіндегі ең қызықтысы, бірқатар ғалымдардың пікірінше, 190 жылы жарық көрген Л. Постманың «Ауызша ассоциация нормалары», оған ағылшын, француз және неміс тілдеріндегі барлық дерлік ассоциативті нормалар кіреді. Стимул сөздердің тізімі мен ақпарат берушілердің саны мұнда іс жүзінде өзгертілмей берілген. Осыдан кейін поляк, болгар, голланд, украин, орыс, латыш, т.б. ассоциативті нормалары шыға бастайды. Екі тілді ассоциативті сөздіктер саны да өседі. Мысалы, Л.Н. Титованың зерттеуі қазақ және орыс тілдері негізінде жүргізілсе, Н.В. Дмитрюктің ассоциативті лексикографиялық жұмысы қазақ және орыс тілдерінде жазылған [2].

Түркі халықтары тіл білімінде де сөздіктің осы түрі жарыққа шығып үлгерген. Түркі тілдеріндегі ассоциативті сөздіктерінің құрылымының қысқаша сипаттамасы келесідей:

Алдымен, түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің лексикографиясында ассоциативті сөздік 3 рет – 1978, 1998, 2004 жылдары тілші ғалымдар Н.В. Дмитрюк, Д. Молдалиева, Ж. Молданова және т.б. басшылығымен басылып шыққан. Бірақ алғашқы 2 сөздік билингвалды сипатта, яғни қазақ-орыс ассоциативті сөздігі болып келеді. 2014 жылы Шымкент қаласында жарық көрген «Қазақша ассоциациялық сөздікте» (Н. В. Дмитрюк, Д. Молдалиева, В. Нарожная, Е. Мезенцева, Ж. Молданова, Н. Сандыбаева, Г. Абрамова, 2014) құрылымы әдеттегідей ассоциацияларды табудың

психолингвистикалық танымал әдістемесі – еркін ассоциативті эксперимент жүргізіледі, атап айтқанда, респонденттерге берілген стимул сөздерге бірінші болып ойға келген ассоциациялық реакциялармен жауап беру ұсынылады. Мұндай эксперименттер топтық жазбаша сауалнама түрінде халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады және еуропалық, орыс психолингвистері мақұлдаған стимул сөздерінің тізімі негізінде жүргізіледі. Қазақ-орыс ассоциативті сөздігі осы тізімді негізге алып, Оңтүстік Қазақстан облысының әртүрлі жоғары оқу орындарының 1100-ден астам қазақтілді студенттері, шамамен 17-25 жас аралығындағы теңдей құрамдағы ер мен әйелдердің реакцияларынан құрастырылған. Құрастырушылардың ескертпесінде эксперимент жүргізуге ана тілі ретіндегі қазақ тілінде сөйлеу талабы қатаң ескерілген. Экспериментке қатысу үшін қазақ мектептерін бітірген және институтта қазақ тілінде оқитын жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінің студенттері ғана қатыстырылған. Бұл сөздіктің басқа сөздіктерден құрастырылуы бойынша ерекшелігі – алғаш рет әр стимулдың ассоциативті өрісінде гендерлік ерекшелік ескерілген, ол дегеніміз сөздікте ерлер мен әйелдердің ассоциативті реакциялары ұсынылған. Сөздіктің рецензенті болған тілші ғалым У.М. Бахтикереева «ҚАС мазмұнына ассоциативті сөздіктерді құрастыру тәжірибесіндегі тұңғыш рет 120 000-нан астам ассоциативті жауаптарды жүйелеудің гендерлік принципі енгізілді, бұл жеке адамның және белгілі бір қоғамның тілдік санасының гендерлік ерекшелігін кеңінен түсінуге ықпал етеді» деп пайымдайды [52, 194]. Осы сөздікте қазақ менталдылығына тән сипаттар – сөз өрнектері, афоризмдер, тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер реакциялар түрінде жиналған. Сонымен қатар, стимул сөзден кейін алынған лексемалық бірліктердің жалпы саны көрсетілген, сөздік мақалада олардың жиілігіне қарай дәрежесі (1,2,3 орында және т.б.) мен алынған реакциялар саны көрсетілген.

Кесте 3 – «Адам» стимулының ассоциативті сөздіктегі көрінісі *(АДАМ – 204)*

№	***Жауаптары***	***Барлығы***	***Ер***	***Әйел***
1	Пенде	114	75	39
2	Жақсы	74	41	33
3	Ақылды	59	24	35
4	Тірі жан	47	26	21
5	Адам баласы	43	31	12
6	Тіршілік иесі	35	21	14
7	Жеке тұлға	34	18	16
8	Біз	30	18	12
9	Мен	28	17	11
10	Бақытты	21	6	15
	...			
	Жауабы жоқ	9	7	2
	Түсініксіз	5	3	2
	Барлығы	1062	502	560

Тағы бір тың ассоциативті сөздік құрастыру тәжірибесін түрік тілінің мысалында атап көрсетуге болады. *Түрік ассоциативті сөздігі* 2014 жылы ғалым

А.М. Калютаның бастамасымен Минск қаласында жарық көрген: «Türk Dili Çağrışım Normları Sözlüğü: 160 000 çağrışım». Сөздік 2004-2005 жылдары жүргізілген еркін ассоциативті эксперименттің нәтижелері бойынша құрастырылған. Экспериментке Эрджиес университетінің саны 1000 болатын түрік тілінде сөйлейтін студенттер қатысқан. Олардың жас ерекшеліктері – 17-25 жас. Эксперимент тікелей студенттік аудиторияларда өтіп, 20-25 минутқа созылған. Стимул сөз ретінде қазіргі түрік тіліндегі 160 сөз таңдалып алынған. Оның негізін халықаралық тәжірибедегі Кент–Розановтың классикалық сөздігінің 100 сөзі құраған. Автор 100 сөзден тұратын тізімге түрік тілінің негізгі сөздік қорына кіретін тағы 60 маңызды сөздерді – зат есімдер, сын есімдер және етістіктер – қосқан. Нәтижесінде, түрік тілінің ассоциативті нормаларының сөздігін құрайтын 160 000 ассоциация іріктеліп, өңделген. 11 777 жағдайда респонденттер стимул сөздерге жауап бермеген, бұл барлық жауаптардың 7%-дан сәл астамын құрайды. Сөздіктің лингвистикалық айрықша сипатына стимул сөздер мен реакциялардың орыс, ағылшын тіліндегі аудармасымен қатар берілуі жатады.

1. Aci (bitter, горький)

Biber (перец) 169, keder (горе) 66, üzüntü (огорчение) 42, ıstırap (горе) 35, ölüm (смерть) 32, kötü (плохой) 30, göz yaşı (слёзы) 27, hayat (жизнь) 26 (hayatım (моя жизнь) 2), hüzün (грусть) 23, aşk (любовь) 22, ağlamak (плакать) 19, tatlı (сладкий) 19, dert (страдание) 14, yemek (еда) 12, ağrı (боль) 10, ayrılık (расставание) 10, çığ köfte (вид котлет) 9, his (чувство) 9, gerçek (настоящий) 8, elem (душевная боль) 8, iğne (игла) 8, tat (вкус) 8, sızı (боль) 8, hastalık (болезнь) 7, zor (трудный) 6, çekmek (терпеть) 5, gerekli (необходимый) 5, kan (кровь) 5, nefret (ненависть) 5, sabır (терпение) 5, sevmiyorum (не люблю) 5 (sevmem (не люблю) 2, sevmediğim (не люблю) 1, severim (люблю) 1), zevk (вкус) 5, duygu (чувство) 4, gereken şey (что-то необходимое) 4, iğrenç (отвращение) 4, kader (судьба) 4, korku (страх) 4, olgunluk (зрелость) 4, su (вода) 4, Urfa (Урфа) 4, can yakıcı (жгучий) 3, canın yanması (горечь жизни) 3, çile (страдание) 3, deneyim (мой опыт) 3, dil (язык) 3, felaket (несчастье) 3, huzursuzluk (беспокойство) 3, insan (человек) 3, isyan (восстание) 3, kalp (сердце) 3, kaza (несчастный случай) 3, kötülük (зло) 3, mecbur (вынужденный) 3, mutsuzluk (несчастье) 3, olmalı (должно быть) 3, siyah (чёрный) 3, tecrübe (опыт) 3, üzücü (печальный). Cevapsız bırakan (не дали ответ): 53.

Ассоциативті билингвалды сөздіктердің тағы бір үлгісін алтай-орыс ассоциативті сөздігінен байқауға болады. Екі тілдегі тілдік бірліктер жинақталған осындай сөздік 2004 жылы Мәскеу қаласынан тілші ғалым Т.А. Голикова басшылығымен «Алтайско-русский ассоциативный словарь (Алтай-орус ассоциативный сөзлик)» аталымымен жарияланған.

Сөздік Таулы Алтай қаласының негізгі тұрғындарының ассоциативті тезаурусы болып табылады. Ассоциативті сөздікке қала тұрғындарының (орыстар мен алтайлықтардың) жаппай сауалнамасы нәтижесінде алынған маңызды санаттағы 105 стимул енгізілген. Еркін ассоциативті эксперимент жүргізу үдерісінде әрбір алтай тіліндегі стимулға 920 реакция, орыс тіліндегі стимулға 1849 реакция алынған. Оның ішінде, 972 реакция – орыстардан, 877

реакция – алтайлықтардын өзінен жиналған. Сөздік құрастырушысының мәлімдеуінше, еркін ассоциативті экспериментке дифференциалды әлеуметтік-жас топтары қатысқан. Атап айтқанда, 15-16 жастағы жоғары сынып оқушылары; арнаулы орта оқу орындарының оқушылары; 16-24 жастағы Таулы Алтай мемлекеттік университетінің барлық факультеттерінің студенттері; 24-60 жастағы арнаулы орта білімі бар адамдар; 24-60 жастағы жоғары білімі бар адамдар.

Сөздіктің мақаласы келесі құрылымда жасалған: ассоциативті реакциялар стимул сөзден кейін жиіліктің кему ретімен орналасады, бірдей жиіліктегі реакциялар алфавиттік ретпен орналасады. Әр мақаланың соңында реакциялардың жалпы саны, түрліше алынған реакциялар саны, бас тартылған немесе түсініксіз жауаптар саны, бірлік реакцияларының саны көрсетілген.

Сөздік авторы лексикографиялық еңбекті екі бөлікке бөлген, бірінші – тікелей ассоциативті сөздік және екіншісі – кері ассоциативті сөздік. Сөздіктің әр бөлігі үш бағаннан құрастырылған: алдымен, Таулы Алтай қаласы және алтай-кижи диалектілік тобының іргелес аумақтарында тұратын алтайлықтар, келесісі тиісті аумақтың билингв алтайлықтары, соңында орыс халқының ассоциативті реакциялары.

Түркі лексикографиясындағы ассоциативті сөздіктердің қатары 1971 жылғы А.А. Залевскаяның өзбек тіліндегі, 1975 жылғы Л. Титованың қырғыз тіліндегі, 1981 жылғы Цитованың якут тіліндегі, 2017 жылғы Т.М. Рогожниковаңың татар, башқұрт тілдеріндегі, т.б. еңбектермен толығады.

Осылайша, түркі лексикографиясының жан-жақты ғылымдармен сабақтастығын танытатын бірегей жұмыс – ассоциациялық сөздікті құрастыру өте мұқият, тыңғылықты жұмысты қажет етеді. Филологиялық, этнографиялық, мәдени, әлеуметтанулық зерттеулер саласындағы көптеген мамандарға пайдалы болатын бұл сөздіктің түрін құрастыру өзіндік құрылымы мен түзілу әдістемесінің болуын талап етеді.

1994 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс ғалымы Ю.Н. Карауловтың *«Русский ассоциативный словарь»* сөздігі екі бөліктен тұрады: тікелей ассоциативті сөздік және кері. Оның бірінші бөлігі «стимулдан реакцияға дейін» (S – R) қағидаты бойынша құрастырылып, сөздік мақала стимулмен байланысты сөздердің ассоциативті өрісі болып табылады.

Мақаладағы реакциялар олардың жиілігінің төмендеу ретімен орналастырылған. Мәселен, 526+186+10+135 формуласындағы 526 стимул берілген субъектілердің жалпы санын көрсетсе, 186 осы мақаладағы әртүрлі жауаптардың жиынтық санын береді; 10 – берілген стимулды жауапсыз қалдырған субъектілердің санын, яғни «сәтсіздіктер» санын жазады; соңғы 135 бірлік реакциялардың санын көрсетеді.

Сөздік авторларының айтуынша, мақалалар жауаптардың жалпы санымен ерекшеленеді: олардың көпшілігінде субъектілердің стимулға жауап беру саны 500-ден асады, мақалалардың шамамен 1/3 бөлігінде реакциялар саны 100-ге дейін өзгереді. Бұл мүмкіндік ассоциативті материалды жинаудың арнайы бағдарламасының нәтижесі болып табылады, оған сәйкес стимулдың бір бөлігі пилоттық зерттеу жүргізу үшін эксперименттің алғашқы кезеңдерінде ғана

тізімге енгізілген. Нәтижесінде сөздіктегі 1277 стимулдың тікелей сөздігінде жарты миллионға жуық сөздік қолданыс жауап ретінде, ал кері сөздіктегі жауаптарды есептесек, сөздік қолданыстардың саны миллионнан асады [4].

Ассоциативті сөздіктің екінші бөлімі кері сөздік, «реакциядан стимулға» ретімен құрастырылған. Мұндағы сөздік мақалада ассоциативті экспериментке қатысушылар мақаланың оң жағында көрсетілген стимулдарға жауап берген сөз формасымен беріледі.

Орыс тілінің ассоциативті-вербалды желісін бейнелейтін бұл сөздік 1988 жылдың қазанынан 1990 жылдың мамырына дейінгі аралықта жаппай экспериментте алынған. Экспериментте әдеттегідей әрбір қатысушыға 100 стимул сөз беріліп, нұсқауларға сәйкес 7-10 минут ішінде осы стимулдан туындаған, бірінші ойға келген сөзбен толтыруы керек делінген. Әрбір стимулға нөмір беріліп, сауалнаманың құрамы кездейсоқ сандар генераторының жұмысы негізінде екі бірдей сауалнама туындамайтындай құрастырылған.

Бастапқы стимул жиынтығы 1277 бірлікте (сөздіктегі мақалалар саны) 200 стимул сөзі А. Леонтьевтің редакциясымен шыққан «Орыс тілінің ассоциативті нормаларының сөздігінен» [53] алынып, ол, өз кезегінде, Л.Н. Засорина редакциялаған «Орыс тілінің жиілік сөздігіне» [54] сәйкес мәтіндердегі ең жиі кездесетін бірінші мың сөзден тұратын лексикалық бірліктермен, С.Г. Бархударовтың редакциясымен жарық көрген «Орыс семантикалық сөздігіндегі» ұлттық дескриптор сөздермен толықтырылған.

Сөздік құрастырушылары стимул құрамының қалыптасуын келесідей баяндайды: «Тиісті стимулдар олардың әрқайсысына шамамен жүздеген жауаптар алғаннан кейін екі мәселе бойынша жасалған сауалнамаларға енгізілмеді. Біріншіден, жиналған материал стимулдың грамматикалық түрі, оның ішінара байланысы, басқа стимулдармен синонимдік жақындығы тиісті ассоциация өрісіндегі реакциялардың құрамы мен грамматикалануына қалай әсер ететіндігі туралы сұрақтарды зерттеу үшін жеткілікті болды. Екіншіден, стимулдың бастапқы санын азайту сауалнаманы жеделдетуге және олардың әрқайсысына жауаптар санын көбейтуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, «Орыс ассоциативті сөздігінде» (оның тікелей және кері бөліктерінде) 1 миллионнан астам сөз қолданысы, 52 мың түрлі сөз формалары және 12,6 мыңға жуық әртүрлі лексикалық бірліктер ұсынылған. Мұндай сипаттамалар осы сөздікті ассоциативті-вербалды желі ретінде түсіндіру үшін жеткілікті болып көрінеді, ол орыс тілінің құрамы мен ұйымдастырылу тәсілін модельдейді, оны жеке сөйлеушімен байланыстырады және кеңейтеді, яғни статистикалық тұрғыдан орташа орыс тілінде сөйлейтін тілдік тұлғаның тілді меңгеруін көрсететін және белгілі бір дәрежеде қайталайтын желі» [55].

Сөздік құрастыру барысында экспериментке қатысушыларға мынадай талаптар қойылған: тек орыс тілі ана тілі болып табылатын адамдар болуы; олар диалектілік тілдің ықпалы барынша аз болуы үшін қала тұрғындары болуы; субъектілерді кең аумақтық тұрығыдан қамту көзделгендіктен, олар Владивосток пен солтүстіктен оңтүстікке – Ярославльден Белгородқа дейін тұрғындары болуы; авторлар экспериментке қатысушылардың барлық білім салаларының өкілдері болуын қамтамасыз етуге тырысқандықтан субъектілердің негізгі

құрамын 17-25 жас аралығындағы Ресейдің жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарының студенттері құрауы тиіс болған.

Субъектілердің жас құрамы да лексикограф мамандарға маңызды рөл атқарған. Себебі осы жаста тілдік тұлғаның қалыптасуы аяқталып, сәйкесінше, экспериментке қатысушының қалыптасқан тілдік қабілеті ассоциацияларда көріне алатын дәрежеге жеткен.

2011 жылы Саратов қаласында В.Е. Гольдин, А.П. Сдобнова, А.О. Мартьяновтың құрастыруымен жарыққа шыққан сөздік *«Орыс ассоциативті сөздігі: I – XI сынып оқушыларының ассоциативті реакциялары»* ғылыми басылым болып табылады. Оның адресаттары мектеп оқушылары емес, зерттеушілер мен оқытушылар (филологтар, психологтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, философтар, мұғалімдер, әдіскерлер) қазіргі орыс тілінің жағдайына, жастардың санасындағы әлемнің бейнесіне және сананың мектеп жылдарындағы даму кезеңдеріне қызығушылық танытатын тұлғалар делінеді.

Сөздікте 1998 жылдан 2008 жылға дейінгі еркін ассоциативті эксперименттердің нәтижелері қамтылған. 130 қалалық және ауылдық орыс мектептерінің 30 мыңнан астам 1-11 сынып аралығындағы оқушыларға анонимді түрде жүргізілген. Экспериментке қатысушылар ауызша стимулға реакцияларын жазып (стимулдың жалпы саны – 1126), алынған 900 000-нан астам реакциялар нақты сөздіктің материалын құраған. Тәжірибелер Саратов қаласында, Саратов облысының аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендерінде жүргізілсе де, авторлардың ескертпесінде сөздіктің аймақтық сипаты жоқ. Аталған сөздік басқа еңбектердегідей 2 бөлімнен тұрып, келесі бөлімі «реакциядан стимулға» делінетін кері сөздік болып табылады. Кері сөздікте сөздік мақалалар реакциялардың алфавиттік ретіне қарай орналасқан. Кері сөздіктің сөздік мақаласында бас әріптермен берілген және қою қаріппен жазылған тақырып сөзі (реакция) бар. Одан кейін осы реакция алынған стимулдар тұрады. Стимулдан кейінгі сан (стимулдар тізімі) \ осы стимулға берілген реакциямен жауап берген субъектілердің санын білдіреді. Стимулдар олардың жиілігінің кему ретімен беріледі және үтірмен бөлінеді. Бірдей жиіліктегі стимулдар алфавит ретімен орналасқан. Стимулдар тізімінің соңында сандық мәліметтер келтірілген: бірінші сан – реакциялардың жалпы саны, екінші сан – бұл реакцияны тудырған стимулдардың саны. Кері сөздіктің сөздік мақаласында реакциялар субъектілердің жасын ескерусіз ұсынған. Сөздік мақалалардың орыс алфавиттік тәртібінен кейін сөздік мақалалар ұсынылған, онда мектеп оқушылары латын алфавитінің әріптерімен, содан кейін сандармен және басқа графикалық белгілермен жазған реакциялар тақырып сөзі болып берілген.

Егер екі мақаланың тақырыптары толығымен сәйкес келсе (бұл барлық тақырыптық сөздер тек бас әріптермен жазылатындығына байланысты), онда бірінші тақырып сөзін бас әріппен, ал екіншісін кіші әріппен оқу керек (мысалы, *Авария и авария, Земля и земля*). Сөздіктегі реакциялардың жазылуындағы кейбір айырмашылықтар (біріктірілген немесе бөлек, үтірмен немесе онсыз және т.б.) эксперименттің массивтілігінің салдары болып табылады. Сөздік принципі барлық алынған реакцияларды, соның ішінде балағат сөздермен ұсынылған

реакцияларды сақтау болғандықтан, екінші томда реакциялар тақырып сөздері ретінде әрекет етеді, мақалалардың бір бөлігі әдепсіз сөздер деп аталады. Бұл аталған сөздіктің нормативтік басылым емес, ғылыми басылым екендігімен негізделген. Аталған сөздіктен келесідей мысал келтіреміз:

АВТОБУС частый 39; билет 20; метро 10; ждать, успеть 9; ехать, общественный, школьный 8; возить, полный, следующий 5; быстрый, последний, приезжать, уезжать 4; выходить, долгий, медленный, общий, огромный, поезд, свободный, широкий, шумный 3; большой, детский, железный, затормозить, индивидуальный, местный, особый, приехать, скорость, стоять, ход, шоссе 2; автор, авторитет, болтаться, важный, движение, дорога, жёлтый, зебра, идёт, катастрофа, лошадь, место, милый, небольшой, необходимый, ничей, овца, основной, осторожный, открытый, передовой, период, писать, подойти, полностью, постоянный, появляться, проект, революция, резкий, синий, собираться, средство, ставить, старик, сутки, талант, телега, техника, тихий, уехать, чистый, штраф, это 1. 237 – 80 [56, 7].

Мәскеу қаласында 2004 жылы баспаға шыққан келесі ассоциативті лексикографиялық еңбек – *Н*.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова, Ю.Н. Караулов, Е.Ф. Тарасовтың *«Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский»* немесе қысқаша түрде *«Славян ассоциативті сөздігі».* Сөздік зерттеушілерге төрт славян мәдениеті иелерінің санасындағы әлем бейнелерін қарастырып, олардың нақты ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашуға бірегей мүмкіндік береді. Бұған стимул сөздерінің бірыңғай тізімі және субъектілерді таңдау ықпал етеді: барлық төрт тіл үшін бұл 18 бен 25 жас аралығындағы студенттер, кем дегенде 500 адам (ерлер мен әйелдер шамамен бірдей мөлшерде), университеттің ең көп таралған 11 мамандығына (математиктер, физиктер, химиктер, биологтар, экономистер, философтар және теологтар, филологтар психологтар, заңгерлер, журналистер, педагогтар болады); сондай-ақ, сол уақыт кезеңінде ассоциативті эксперимент жүргізу: 1998-1999 жж. ассоциативті эксперимент субъектілердің ана тілінде жазбаша сауалнама жүргізу әдісімен жүргізілді. Стимул сөздердің бастапқы тізімін екі тілді сарапшылар беларусь, болгар, серб және украин тілдеріне аударған. Сауалнамалар кездейсоқ сандар әдісімен жасалды, сондықтан стимул сөздерінің реті бірдей екі сауалнама болмады. Әрбір субъект сауалнама бланкісін алды және әрбір стимулға бірінші сөзбен жауап беруі керек болған. Сонымен қатар, субъект өзі туралы келесі мәліметтерді хабарлауы керек еді: жынысы, жасы, ана тілі, болашақ мамандығы және сауалнаманы толтыру күнін белгілеу. Бұл деректердің болуы субъектілердің жынысы мен кәсібіне байланысты ассоциативті өрістердің ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сауалнамамен жұмыс істеу уақыты 10 минутпен шектелді.

Сөздік жасау бойынша тәжірибелер беларусь, болгар, орыс және украин тілдерінде сөйлейтін Беларусь мемлекеттік университетінде (Минск қаласы), Клемент Охридский атындағы София мемлекеттік университетінде, Мәскеу және Курск университеттерінде, Нежинск педагогикалық университетінде оқитын студенттермен жүргізілген. Славян ассоциативті сөздігі тікелей және кері екі бөліктен тұрады. Тікелей сөздік стимул сөздерімен басталады. Кері сөздік тікелей

индексті білдіреді және реакциялар оған кіріс ретінде қызмет етеді. Аталған славян ассоциативті сөздігінде эксперименттік деректерді ұсынудың бұл формасы (тікелей және кері сөздіктер) төрт славян халқының сана бейнелерінің мазмұнындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ғана емес, сонымен қатар олардың әлем бейнелерінің жүйелілігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сөздіктің «тікелей» реттегі бірінші бөлімінде төрт тілдің әрқайсысы бойынша сөздік мақалалар қатар (кері бағытта) келтіріліп, орыс сөздігінің алфавиті бойынша реттелген. Славян ассоциативті сөздігінің тікелей реттегі сөздік мақаласы төрт бағаннан тұрып, әр бағанда қою қаріппен жазылған стимул деген тақырып сөзі бар, содан кейін осы стимулға жауаптар түрінде реакциялар беріледі. Әрбір реакция кезінде (немесе үтірмен бөлінген және алфавиттік тәртіпте орналасқан бірлестіктер тобына) оның (олардың) субъектілердің жауаптарында пайда болу жиілігін көрсететін сан беріледі. Реакциялар оларды қолдану жиілігі төмендеген сайын орналасып, олар сандық көрсеткіштер түрінде келтірілген: бірінші сан берілген стимулға реакциялардың жалпы саны, екіншісі – әртүрлі реакциялар саны, үшіншісі – бас тартылған реакциялар саны, төртіншісі – бірлік реакциялар саны, бесінші – бастапқы тізімдегі стимулдармен сәйкес келетін реакциялар саны.

Егер субъектінің реакциясы кез келген тыныс белгілерімен берілсе, онда ол басқа ассоциациялардан нүктелі үтірмен бөлінеді:

РОДНОЙ: язык 195; дом 79; человек 67; город 24; близкий 23; брат 20; чужой 19; край 18; любимый, отец 13; мой 12; свой 6; папа 5; семья, сын 4; дорогой, друг, милый, ребенок 3; злой, иностранный, неродной, нет, родимый, сестра, страна, теплый, ты мой 2; а как же, аул, берег, близкий человек, близко душе, близость, быть, веселый, двоюродный, деревья, добро, дорогой человек, дядя, есть, козел, конвой, кровь, лес, любовь, мама, мир, муж, национальный, Наш дом Россия, не всегда рад, нежность, необъятный, одна кровь, он же; отец, мать…; очаг, плохой, приемыш, родина, родители, родник, родной, родственник, родственники, Россия, сват; свой, необходимый, понятный; силуэт, собственность, стиль, счастливый, сынишка, умный, университет, хороший; человек, край; человек, муж; что-то свое 1; 592+81+7+53+17 [57, 202-204].

Сөздіктің «кері» реттегі екінші бөлімінде әр тілге арналған сөздік мақалалар бөлек ұсынылған, яғни орыс, беларусь, болгар және украин тілдерінің кері сөздіктері бөлек берілген. Кері сөздіктің сөздік мақалалары тиісті славян тілінің алфавитінде орналасқан. Қою қаріппен терілген тақырыптан және «нұсқағыштан (→)» кейін стимул топтары немесе жеке стимулдар орналастырылған, одан кейін олардың жиілігін көрсететін сандар, яғни оларға осы жолмен жауап берген субъектілердің саны келтірілген. Стимулдар жиіліктің кему ретімен, ал топ ішінде алфавит бойынша орналасады. Мысалы, *родной** ← брат 65; дом 57; дядя 23; город 22; народ 7; ребенок 5; голос 4; мать, хлеб, человек 2; гость, лес, родной, свободный, семья 1; 15+194.

Батыс Еуропа лингвистикалық дәстүрінде құрастырылған көпшілікке танымал сөздік – *Эдинбург ассоциативті тезаурусы.* ЭАС 1970 жылдары құрылған және бұл – адамдардан тікелей жиналған жеке \ ерікті мәтіндердің

бірлестік деректерінің жиынтығы. Ол 8200 бірегей стимулдар мен 22700 реакциялар арасында 326 к бірегей ассоциацияларды (бірегей стимул-реакция жұптары) құрайтын 788 к ассоциациялардың жақсы байланысқан желісінен тұрады [58].

Кисстің осы бір Ассоциативті тезаурусында 8400 сөз қамтылған. Олар әртүрлі сөз таптарынан, грамматикалық формалардан тұрады. Жалпы, А.А. Залевскаяның айтуынша, «ассоциативті тезауруста 55837 мақала бар» [59, 31].

Ассоциативті эксперименттің бірінші кезеңін өткізу үшін Кисс 1000 стимулды, оның ішінде Палермо мен Дженкинс тізімінен 200 сөз [60], Торндайк пен Лордж сөздігінен [61] және Огденнің «Негізгі ағылшын тілінен» [62] ең көп қолданылатын бірінші мың сөзден 800 сөзді іріктеп алған.

«Сөздер ассоциациялары желісі» («Word Associations Network») жобасы – адамның санасында белгілі бір сөзге байланысты туындайтын ассоциацияларды табуға мүмкіндік беретін ресурс. Мысалы, *Butterfly* (көбелек) сөзімен байланысты ассоциацияларды көру үшін іздеу жолағына осы сөзді енгізіп, «Іздеу» батырмасын басу жеткілікті. Пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін әрбір сөзге WordNet лексикалық дерекқорынан алынған түсіндірме мақалалар қоса беріледі.

Ассоциациялар тізімін қалыптастыру үдерісінің негізінде – жүйелік тәсілдің негізгі принциптерін қолдана отырып, ағылшын әдебиетінің классикалық және қазіргі заманғы шығармаларын талдайтын бағдарламалық модуль жатыр. Жоба авторы жасаған бірегей алгоритмдер жиынтығы берілген сөзге қатысты ассоциациялар кешенін ұсынуға мүмкіндік береді. Алгоритмді құрастыру кезінде адам миындағы нақты когнитивтік үдерістер ескерілген. Осыған байланысты алынған ассоциациялар тізімін имплициттік ассоциациялық тесттің орташа нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

«Сөздер ассоциациялары желісі» («Word Associations Network») жобасы әдебиеттанушыларға, жазушыларға, журналистерге, лингвистерге, әлеуметтанушыларға, нарық зерттеушілеріне, жарнама мамандарына және ағылшын тілі мен дүниетаным жайлы көбірек білгісі келетін кез келген ізденуші адамға пайдалы бола алады.

Жобаның авторы және құрастырушысы – Юрий А. Ротмистров, компьютерлік инженерия магистрі, Севастополь ұлттық техникалық университетінің түлегі.



Сурет 1 – «Сөздер ассоциациялары желісі» («Word Associations Network») жобасының интерфейсі

Аталған электрондық сөздіктің ерекшілігі 2006 жылдан бері интернет желісінде тұрақты түрде жұмыс істеп, сөздің семантикасы, ассоциациясы туралы зерттеу жасап жүрген сайт пайдаланушыларына мәтін, визуалды-көрнекі түрде 7 тілде (орыс, ағылшын, француз, испан, неміс, итальян, португал) ақпарат бере алып, бір стимул сөзге қатысты бар мәлімет бір парақшада табылады. Мысалы, ағылшын тілінде «gift» сөзін арнайы іздеуге арналған бөлімде теретін болсаңыз, оның өзге сөз таптары бойынша ажыратылған ассоциациялары, еркін лексикографиялық онлайн сөздік – Wiktionary-дегі дефинициясы мен сөздік мақаласы, тіркесімдері және «Where words fail, music speaks» by Hans Christian Anderson секілді дәйексөздер, афоризмдер қоса ұсынылады. Бұл құрылым пайдаланушыларға сөздер арасындағы семантикалық және ассоциативті байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сайтта сөздерге байланысты ассоциациялар WordNet лексикалық дерекқорына сүйене отырып ұсынылады. Бұл дерекқор ағылшын тіліндегі сөздердің мағыналық байланыстарын жүйелеп, синонимдік топтар (synsets) арқылы ұйымдастырады. Сондай-ақ, сайтта әрбір сөзге қатысты ассоциациялар тізімі ұсынылады, бірақ олардың нақты саны немесе қандай әдіспен алынғаны туралы ақпарат көрсетілмеген.

Осылайша, Word Associations Network жобасы – бұл сөздер арасындағы ассоциативті байланыстарды зерттеуге арналған онлайн платформа. Алайда, сайтта нақты қанша сөз қамтылғаны немесе қандай дереккөздер негізінде құрылғаны туралы толық ақпарат берілмеген [63].

Ассоциацияларды графикалық сызбалар түрінде елестетуге мүмкіндік беретін тағы бір ашық және тегін қолжетімді ресурс – *Visuwords™ онлайн графикалық сөздігі.* Сөздік сөздердің мағынасын және басқа сөздермен немесе ұғымдармен байланысын табуға мүмкіндік беретін интерактивті құрал. Бұл ресурс *нейрондық желіге ұқсас диаграммаларды* құра отырып, сөздердің арасындағы ассоциацияларды көруге мүмкіндік береді.


Ассоциациялық өрісін анықтауға арналған кез келген лексеманы іздеу жолағына енгізіп, оның мағынасы мен байланыстарын түйіндер түрінде бақылауға болады.

Бұл түйіндерден сөздердің анықтамасы шығады, ал жеке түйіндер сөздердің лексика-грамматикалық тобын көрсету үшін бірнеше түспен беріледі: *зат есім* – сия көк, *етістіктер* – жасыл, *сын есімдер* – қызғылт сары, *үстеулер* https://wordassociations.net/en/about– қызыл, ал түйіндерді жылжыту арқылы сөздер арасындағы әртүрлі түспен бейнелген байланыстарды анық көруге болады. Байланыстардың семантикалық типіне сәйкес: *«is a kind of»/»бір түрі»* (гипероним/гипоним): «wheat» → «grain»: бидай – дәнді дақылдың бір түрі; *«is an instance of»/»мысалы болып табылады»* (гипероним/гипоним): «Einstein» → «physicist»: Эйнштейн – физиктің мысалы; *«is a member of», «is a part of», «is a substance of»/»мүшесі», «бөлігі», «заттегі»* (мероним/холоним): «robin» – thrush, «wheel» – vehicle, «caffeine» – coffee.

Сайт құрастырушыларының жазбасында сөздіктің жазушыларға, журналистерге, студенттерге, мұғалімдерге және суретшілерге арналғандығы, кез келген жерде пайдалануға болатындығы, арнайы тіркелуді қажет етпейтін қолжетімді болуы аталып, университет студенттері мен тіл мамандары жасаған ашық лексикалық дерекқор екендігі көрсетіледі. Себебі Visuwords™ Принстон университетінің WordNet дерекқоры негізінде жұмыс істейді. WordNet – бұл ашық бастапқы коды бар дерекқор, онда сөздер мағыналық топтарға (синсеттерге) бөлінген және олардың арасындағы семантикалық қатынастар анықталған. Сөздікпен жұмыс істеу жолы келесідей: «seem» сөзін енгізсеңіз, ол төрт жасыл түйінмен байланысты болады. Жасыл түс – *етістіктерді* білдіреді. Бір синсет тек «seem» сөзінен тұрады, екіншісі – «appear» мен «seem», ал үшіншісі – «look», «appear», «seem» сөздерінен. Әрбір синсет – өзіндік анықтамасы бар жеке ұғым. Түйінге түрткенде: сол синсетке кіретін барлық синонимдер; оның анықтамасы;қолданылу мысалдары (кейбірінде) көрсетіледі. Синсеттер өзара және басқа түйіндермен WordNet дерекқоры бойынша семантикалық байланыстар арқылы біріктіріледі.

Visuwords™ сайтында нақты қанша сөз қамтылғаны туралы ақпарат көрсетілмеген. Алайда, ол WordNet дерекқорына негізделгендіктен, онда 150 000-нан астам сөздер мен олардың мағыналық байланыстары бар деп айтуға болады.

Осылайша, Visuwords™ атты сөздер мен ұғымдар арасындағы мағыналық және ассоциативті байланыстарды визуалды түрде көрсететін интерактивті онлайн сөздік арқылы сөздердің мағыналары, синонимдері, антонимдері және басқа да байланыстары визуалды түрде көрсетіледі [64].



Сурет 2 – Visuwords™ онлайн графикалық сөздігінің интерфейсі

Ассоциативті сөздер жинақталған тағы бір ағылшын тіліндегі, ашық түрде қолжетімді электрондық сайт – *wordassociation.org*. Сайтты Саймон Холлидей тәжірибелік ойын ретінде бастаған, ал бүгінде ол, сайт авторларының дерегі бойынша, сөздер ассоциациялары бойынша әлемдегі ең үлкен дерекқорға айналған. Бұл сайттағы барлық ассоциациялар сайтты пайдаланушылардың тікелей енгізген мәліметтерінен құралған, демек, ешқандай академиялық сипаттағы тәжірибелер жасалмаған.

Wordassociation.org сайтының статистикасы келесідей: wordassociation.org сайтында 91 876 сөз енгізілген, бұл орташа тіл иесі – ересек адамның сөздік қорынан әлдеқайда көп. Сайт осы сөздер арасынан 40 119 959 ассоциацияны ассоциативті ойын барысында үйренген. Пайдаланушылар ең жиі енгізген он ассоциация (ретімен): «me» (мен), «you» (сен), «water» (су), «dog» (ит), «man» (ер адам), «cat» (мысық), «love» (сүйіспеншілік), «down» (төмен), «no» (жоқ).

Осылайша, wordassociation.org сайтына пайдаланушы кез келген сөзді енгізеді, ал жүйе басқа пайдаланушылар енгізген жауаптарға негізделген ассоциацияларды ұсынады. Барлық ассоциациялар сайт пайдаланушыларының нақты жауаптарынан құралған. Алдын ала дайындалған ассоциациялар кездеспейді.

Бұл онлайн құрал – нақты адамдардың тілдік және ойлау ерекшеліктерін бейнелейтін динамикалық, үнемі дамып отыратын дерекқор.

WordAssociation.org сайты дәстүрлі ассоциативті сөздіктерден (мысалы, Word Associations Network) келесі ерекшелігі мынадай: көптеген сөздіктерде сөздер арасындағы байланыстар мамандар құрастырған немесе семантикалық деректерге негізделген болса, WordAssociation.org сайтында байланыстар тек пайдаланушылардың нақты реакцияларынан құралады. Бұл оны заманауи, өміршең және халықтық тілдік сана көрінісі ретінде ерекшелендіреді. WordAssociation.org келесі салаларда пайдалы болуы мүмкін:

– лингвистика және психология саласындағы зерттеулерді жүргізуде;

–жазушылар мен копирайтерлер үшін жаңа идеялар мен ассоциациялық байланыстарды іздеуде;

–білім беру саласының мамандары мен оқытушы, мұғалімдер мен оқушы, студенттерге – сөздік қорды дамыту және ассоциативті ойлауды жаттықтыруда көмекші құрал қызметін атқара алады.

WordAssociation.org сайтында жұмыс істеу алгоритмі келесідей болып келеді: *love» (махаббат)* сөзіне қатысты ассоциациялар статистикасында ассоциациялардың саны, лексика-грамматикалық тобы, басқа да семантикалық байланыстары нақты берілмейді. Стимул сөзді енгізген соң жауаптар екі кесте түрінде ұсынылады:

Кесте 4 – WordAssociation.org сайтында ассоциациялардың берілу типтері (2 түрде: тікелей және кері)

Love сөзіне дейінгі ассоциациялар (associated to love)	*Love сөзінен кейінгі ассоциациялар (associated from love)*
Пайдаланушы бірінші стимул сөзді жазып, кейін «love» деп ассоциациясын келтірген	Пайдаланушы стимул сөз ретінде бірінші «love» деп жазып, кейін басқа ассоциация сөзді жазған

Мысалы:

–*«hate» → love* – пайдаланушы «hate» сөзін стимул ретінде жазып, артынан «love» деп өзінің санасында пайда болған ассоциациясын жазған (сол жақ).

–*love → «hate»* – пайдаланушы «love» деп стимул сөзін жазып, артынан «hate» деп ассоциация берген (оң жақ).

Сайттағы барша ассоциациялар пайдаланушылардың осындай ассоциативті ойын түріндегі жазған жауаптарына негізделген:

– Пайдаланушы бір сөз жазады (мысалы, «love»).

– Кейін жазған келесі сөзі ассоциация деп есептеледі.

– Сайт жүйесі осы сөз жұптарын есте сақтап, қаншалықты жиі кездесетінін есептейді.

– Әр жұптың ассоциативті байланыс күші көрсетіледі:

- medium – орташа байланыс;
- weak – әлсіз байланыс;
- v. weak – өте әлсіз байланыс.


Демек, «love» (махаббат) стимулы мысалында сол жақтағы кестеде сайт пайланушылары «love» ассоциациясына қатысты мынадай стимулдарды көрсеткен (кері тәртіп):

1. *hate* → love (әлсіз байланыс)
2. *heart → love (өте әлсіз)*
3. *sex → love (өте әлсіз)*
4. *romance → love (өте әлсіз)*
5. *like* → love (өте әлсіз)

Оң жақтағы кесте: love стимулына берілген ассоциациялар (тікелей тәртіп) бойынша деректерді ұсынады:

1. love → *hate* (орташа байланыс)
2. love → heart (әлсіз)
3. love → girlfriend (өте әлсіз)
4. love → harlot (өте әлсіз)
5. love → *sex* (өте әлсіз)

Жауаптардан байқайтынымыз, көп ассоциациялар әлсіз немесе өте әлсіз, бұл дегеніміз оларға жауап берген адамдар саны аз екенін көрсетеді. Ойын әдісі арқылы жиналған ассоциацияларды қамтитын бұл сайт адамдардың нақты тілдік реакцияларын көрсетеді, ал осы реакциялар ассоциативті шынайы дерек болып саналады [65].




Сурет 3 – WordAssociation.org сайтының интерфейсі

Сөздер арасындағы ассоциациялық байланыстарды көрсететін, орыс тілінің лексемалары бар онлайн ресурс – https://sinonim.org/as сайтында ұсынылған орыс тілінің ассоциативті сөздігі. Сайтта нақты қанша сөз бен ассоциация бар екені көрсетілмеген. Сөздікті кім құрастырғаны немесе жобаны кім жасағаны туралы ақпарат сайтта берілмеген. Онлайн сайт құрастырушыларының алғысөзінде https://sinonim.org/as платформасында ұсынылған ассоциативті сөздік шығармашылық саласында идеялар генерациялаудың құралы ретінде кеңінен қолданылады. Ассоциативті қатарлар авторларға ән, өлең, көркем әңгіме және басқа да вербалды өнер туындыларын жазуда шабыт көзі бола алады. Сонымен қатар, бұл сөздік нейминг барысында компанияларға, брендтерге, сауда нүктелеріне, шығармашылық ұжымдарға және басқа да кәсіпкерлік не әлеуметтік құрылымдарға атау таңдауда кеңінен пайдаланылады. Сонымен бірге, ассоциациялар сөздігі өзін-өзі тану мен өзгелердің қабылдау механизмдерін тереңірек түсіну үшін де пайдалы құрал бола алады делінген.

Гуманитарлық ғылымдардан бөлек бұл лексикографиялық ресурс маркетинг пен жарнама сияқты қолданбалы салаларда да қолданылады. Белгілі бір өнім немесе брендпен адамдардың қандай ұғымдарды байланыстыратынын білу

маркетингтік стратегияны тиімді құруға мүмкіндік береді және тұтынушымен мақсатты әрі дәл коммуникация орнатуға ықпал етеді.

Сөздік оқу үдерісінде, әсіресе емтиханға дайындалу кезінде пайдалы бола алады. Мәселен, жаңа сөздер мен тіркестерге бай оқулықпен жұмыс істегенде әр тарауға байланысты жеке ассоциативті желі құру арқылы материалды жеңіл есте сақтауға және сөздердің арасындағы байланыстарды жақсырақ ұғынуға мүмкіндік туады.



Сурет 4 – https://sinonim.org/as платформасында ұсынылған ассоциативті сөздіктің интерфейсі

Жоғарыда келтірілген суретте https://sinonim.org/as сайтында *«дом» (үй)* сөзіне байланысты табылған ассоциациялар көрсетілген. Бұл бет сайттың жұмыс алгоритмі және интерфейсі келесі ретте іске асады: пайдаланушы іздеу жолына сөзді (мысалы, «дом») енгізіп, «найти ассоциации» батырмасын басады. Деректер көлемі бойынша бұл мысалда «дом» сөзіне 1219 ассоциация табылған. Бұл – базаның көлемді әрі жан-жақтылығының көрсеткіші.

Ассоциациялар сөзтізбе бұлты (облако слов) түрінде көрсетіледі. Берілген ассоциация жауаптарды әліпбилік сұрыптау, стимул сөздің дыбысталуын тыңдау және оны «таңдаулылар» қатарына қосу, сөздерді тізіммен немесе қатармен көру, сөзге басу арқылы жаңа ассоциация іздеуге (ассоциативті саяхат жасау) болады.

Сайттың статистикалық негізі ретінде жүйенің ішінде жиілік санағыш жұмыс істейтінін байқауға болады, яғни қай сөз жиі қайталанса, сол жоғарыда

және ерекше түспен көрсетіледі. Жиі кездесетін немесе маңызды сөздер жасыл түспен белгіленеді (мысалы: «уют», «семья», «квартира», «крыша» және т.б.). Сөздер бір-бірімен гиперсілтеме арқылы байланысады [66].

Академиялық сипаттағы жарыққа шыққан сөздіктердің онлайн режимдегі электронды баламасы болатын лексикографиялық еңбек – *Орыс ассоциативті тезаурусының веб-нұсқасы.* Ол орыс тіліндегі ең ірі ассоциативті эксперименттердің нәтижелеріне негізделген онлайн ресурс. Бұл тезаурус 1988-1997 жылдары жүргізілген зерттеулердің деректерін қамтиды. Тезаурус 1 миллионнан астам ассоциацияны, 6 000-нан астам бірегей стимулдарды және 100 000-нан астам реакцияларды қамтиды, бұл деректер 11 000-нан астам респонденттерден жиналған. Онлайн сөздікті пайдаланушылар ассоциацияларды жынысы, жасы және кәсібі бойынша салыстырып, талдау жасай алады. Орыс ассоциативті тезаурусының веб-нұсқасының негізінде мынадай басылымдар жарық көрген:

1. Орыс ассоциативті сөздігі. Қазіргі орыс тілінің ассоциативті тезаурусы.

3 бөлімнен, 6 кітаптан тұрады.

Авторлары: Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова.

– 1, 3, 5-кітаптар – Тура сөздік: стимулдан реакцияға қарай;
– 2, 4, 6-кітаптар – Кері сөздік: реакциядан стимулға қарай.

Басылым жылдары: Мәскеу, 1994, 1996, 1998 жж.

2. Орыс ассоциативті сөздігі. 2 томда.

Авторлары: Ю.Н. Караулов, Г.А. Черкасова, Н.В. Уфимцева, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов.

– I том: Стимулдан реакцияға дейін – шамамен 7000 стимул. Мәскеу: АСТ-Астрель, 2002. – 784 б.
– II том: Стимулдан реакцияға дейін – 100 000-нан астам реакция. Мәскеу: АСТ-Астрель, 2002. – 992 б.

Сөздікті мына академиялық мақсатта және салаларда қолдануға болады:

– *Лингвистика:* Тілдік сананы зерттеу, семантикалық өрістерді талдау. Оның ішінде *Психолингвистикада:* Ассоциативті реакциялар арқылы когнитивтік үдерістерді түсіну.
– *Маркетинг және жарнама:* Тұтынушылардың белгілі бір өнімдер мен брендтерге қатысты ассоциацияларын анықтау.
– *Педагогика:* Тілді оқытуда жаңа сөздерді меңгеруге көмектесу.

Орыс ассоциативті тезаурусының (https://tesaurus.ru/dict/) сайты екі негізгі іздеу тәртібін ұсынады:

1. *тікелей іздеу (Прямой поиск):* пайдаланушы белгілі бір стимул сөзді енгізеді, жүйе оған берілген ассоциация немесе реакция сөздерді көрсетеді.
2. *кері іздеу (обратный поиск):* белгілі бір реакция сөз қандай стимул сөздерден туындағанын табуға мүмкіндік береді.

Онлайн сөздіктің қосымша іздеу параметрлеріне келесі ерекшеліктер жатады:

– *жасы:* Респонденттердің жас ауқымын көрсетуге болады (мысалы, 10-100 жас аралығы).

– *Жынысы:* Ер адамдар, әйел адамдар немесе аралас нәтижелер бойынша сүзгіден өткізу.

– *Мамандығы:* Ассоциациялар белгілі бір кәсіби топтар бойынша бөлініп көрсетіледі. Тезаурус базасында келесі 31 түрлі кәсіби топтар қамтылған:


- биолог
- геолог
- географ
- журналист
- көлік инженері
- машина және құрылғы жасаушы
- энергетик
- есептеу техникасы және автоматтандыру маманы
- радиотехника және байланыс маманы
- гидролог және метеоролог
- жеңіл өнеркәсіп маманы
- технолог
- құрылысшы
- орман инженері
- тарихшы
- математик және механик
- медицина қызметкері
- психолог
- топырақтанушы
- заңгер
- мәдениет және өнер саласы маманы
- дене тәрбиесі және спорт маманы
- ауыл шаруашылығы маманы
- филолог
- физик
- философ
- химик
- экономист
- баспа ісі маманы
- әскери инженер
- белгісіз мамандық

– *Сұрыптау:* жиілігі бойынша немесе әліпбилік тәртіппен.

– *Нормаландыру:* ассоциациялар жиілігі бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін параметр.

Аталған орыс тілінің ассоциативті сөздігі арнайы ассоциативті эксперимент негізінде жасалған. Онда қатысушыларға белгілі бір стимул-сөз ұсынылып, олар оған бірінші ойға келген реакция сөзді айтуы қажет болған. Жиналған жауаптар кейін жасы, жынысы, мамандығы бойынша жүйеленіп, талданған.

Онлайн-нұсқасы осы деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және қолданушыларға нақты параметрлер бойынша ассоциациялармен жұмыс істеуді жеңілдетеді [67].



Сурет 5 – Орыс ассоциативті тезаурусының веб-нұсқасының интерфейсі

Әртүрлі тілдер отбасына жататын 20 түрлі тілдер фактілерін бір платформаға біріктірген *Small World of Words (SWOW)* – әлем тілдеріндегі сөздер арасындағы ассоциативті байланыстарды зерттеуге арналған халықаралық ғылыми жоба. Бұл бастама адамның менталдық лексиконын картаға түсіруді мақсат етіп, когнитивтік ғылым, психолингвистика және тіл білімі салаларында кеңінен қолданыс тауып отыр [68].

Жоба 2003 жылы Бельгияның Католиктік Лёвен университетінде (KU Leuven) профессор Саймон Де Дейн (Simon De Deyne) жетекшілігімен басталған. Жоба Фламанд ғылыми зерттеулер кеңесі (Flemish Research Council) тарапынан қаржыландырылып, Лёвен университетінің (University of Leuven) және Бельгияның Ғылыми кеңесінің (Research Council, Belgium) қолдауымен жүзеге асырылған. Кейіннен жоба халықаралық сипат алып, Австралия, АҚШ, Жапония және өзге елдердің зерттеушілері де қатыса бастады. Жобаға 90 000-нан астам қатысушы 3,6 миллионнан астам ассоциация ұсынған, қамтылған сөздердің жалпы саны – 12 000-нан аса (ағылшын тілі бойынша).

Small World of Words жобасы көптеген тілдер бойынша ассоциативті деректерді жинақтайды. Қазіргі уақытта келесі 20 тіл бойынша мәліметтер қолжетімді:

– ағылшын тілі (SWOW-EN)
– нидерланд тілі (SWOW-NL)
– риоплатенсе испан тілі (SWOW-RP) – Аргентина мен Уругвайда қолданылатын испан тілі диалектісі
– мандарин қытай тілі (SWOW-ZH)
– француз тілі
– неміс тілі
– итальян тілі
– португал тілі
– орыс тілі
– түрік тілі

– жапон тілі
– корей тілі
– қытай тілі (кантон диалектісі)
– вьетнам тілі
– араб тілі
– индонезия тілі
– словения тілі
– қазақ тілі

SWOW жобасы еркін ассоциациялар әдісін қолданады. Зерттеу қатысушыларына бір стимул-сөз ұсынылады, олар осы сөзбен байланысты бірден үшке дейін сөзді атауы тиіс. Мұндай әдіс күшті, әлсіз семантикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Жиналған деректер желілік талдау әдістері арқылы өңделіп, сөздер арасындағы байланыстар визуалды түрде картаға түсірілген. Бұл визуализация лексикон құрылымының адам жадысындағы көрінісін көрсетеді.

SWOW жобасы адамның менталдық лексиконында активацияның таралуы (spreading activation) қағидатына негізделген. Яғни, бір сөзді қарастыру кезінде ол сөзбен байланысты басқа сөздер де жадыда белсендіріледі.

Жоба авторларының мәліметі бойынша, онлайн платформаға қажетті деректерді жинауда экспериментке қатысушылар интернет арқылы, атап айтқанда *әлеуметтік* желілер, электрондық пошта және университеттердің ресми сайттары арқылы краудсорсинг әдісімен (көпшілік тарту) жинақталды. Жалғыз талап қатысушының ағылшын тілін еркін меңгеруі болды. Ағылшын тілін еркін меңгермейтін, бірақ қатысуға ниет білдірген адамдар Small World of Words жобасындағы басқа тілдерге бағытталған.

Жас шектеуі ресми түрде қойылмағанымен, зерттеуде тек 16 жастан асқан қатысушылардың деректері пайдаланылды, өйткені зерттеу ересек адам лексиконының көрінісін талдауға бағытталған болатын. Жалпы, зерттеуге 88 722 ерікті қатысқан. Олардың ішінде:

– 54 712 адам (62%) өздерін әйел деп көрсеткен,
– 33 710 адам (38%) ер,
– 300 адам (<1%) жынысын көрсетпеген.

Қатысушылардың орташа жасы – 36 жас.

Жыныс пен жас ерекшеліктерінен бөлек қатысушылардың ана тілі туралы ақпарат та жиналған. Бұл үдеріс екі кезеңмен жүргізілді. Алдымен қатысушыдан «Сіз үшін ағылшын тілі ана тілі ме?» деп сұралды. Жауап беруде олар ағылшын тілді аймақтар тізімінен немесе дүниежүзіндегі басқа тілдер тізімінен таңдай алды.

Қатысушылардың басым көпшілігі американдық ағылшын тілінде сөйлейтіндер (50%) болған, ағылшын тілінде сөйлейтін кейінгі үш ірі топ:

– британдықтар (13%),
– канадалықтар (11%),
– аустралиялықтар (5%) да қатысқан.

2013 жылдан бастап зерттеу қатысушыларының білім деңгейі туралы да мәлімет жинау басталды. Бұл дерек қатысушылардың 40%-ы үшін қолжетімді болған. Олардың көпшілігі жоғары білімді азаматтар:

- бакалавр деңгейінен кем емес білімге ие (81%),
- магистр дәрежесі барлар – 37%.

Бұл нәтиже зерттеу деректерінің білім деңгейі бойынша біркелкі екенін және белгілі бір деңгейде іріктеу бейімділігі (selection bias) бар екенін көрсетеді [69].

Стимул сөздер (cue words) «қар домалату» әдісімен (snowball sampling) іріктелді. Бұл тәсіл жиі қолданылатын және сирек кездесетін стимул-сөздерді бір мезгілде қамтуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, бұл әдіс басқа жарияланған зерттеулерде қолданылған стимулдарды зерттеуге енгізуге икемділік берген.

Жобаның ағымдағы жинағы 12 292 стимулдан тұрады және оған келесі дереккөздерден алынған барлық сөздер енгізілген:

- Hutchison және т.б. (2013) ұсынған «Семантикалық прайминг» жобасындағы 1 661 стимул және мақсат сөздер (primes and targets),
- Оңтүстік Флорида университетінің нормаларынан алынған барлық 5 019 стимул (Nelson және т.б., 2004),
- Бұрын жарияланған ағылшын тіліндегі модальділік нормаларынан (Lynott & Connell, 2013) және семантикалық белгілерді жасау нормаларынан (McRae және т.б., 2005) алынған көптеген стимулдар.

Жобаның әр қатысушысына 14-тен 18-ге дейін стимул-сөздер тізімі ұсынылған.

Жоба нәтижелері мынадай ғылыми және қолданбалы салаларда пайдаланылады:


- лингвистикада – мағыналық өрістер мен сөздік құрылымдарды талдау, атап айтқанда, психолингвистикада – сөйлеу үдерісін қабылдау мен тудыру механизмдерін зерттеу;
- когнитивтік психологиядада – білімнің жадыда қалай ұйымдастырылатынын зерделеу;
- ақпараттық технология, жасанды интеллектіні жасауда – табиғи тілдерді өңдеу модельдерін үйрету үшін ассоциативті мәліметтерді қолдану.

Small World of Words жобасы ассоциативті деректерді визуализациялау үшін интерактивті құралдарды ұсынады. Бұл құралдар арқылы:


- тікелей тәртіп бойынша ассоциативті байланыстар анықталады: белгілі бір стимул сөзге сәйкес реакциялардың сандық көрсеткішімен берілуі.
- Кері тәртіп бойынша ассоциативті байланыстарды зерттеу: белгілі бір реакция сөзге қандай стимул сөздердің сандық көрсеткішімен алынуы.
- Ұқсас сөздерді анықтау: жауаптары ұқсас сөздер арасындағы байланыстарды саралау. Мәселен, *«Related words» (Қатысты сөздер)* бөлімінде көрсетілген сандар – home сөзі мен басқа сөздердің арасындағы семантикалық жақындық дәрежесін білдіреді. Бұл жиілік емес, керісінше, ассоциативті байланыс коэффициенті (semantic similarity score), яғни осы сөздердің адамның жадысында бір-біріне қаншалықты жақын екенін көрсететін сандық мән. Мысалы: *house* – 0.21 деп көрсетілген. Бұл дегеніміз, *house* сөзі *home* сөзімен, салыстырмалы түрде, өте тығыз байланысты (0.21 – жоғары байланыс деңгейі);

reside – 0.18, dwelling – 0.12 көрсеткіші бұл сөздердің байланысы әлсіздеу, бірақ әлі де мағыналық жағынан қатысты екенін білдіреді. Демек, ассоциативті байланыс коэффициенті қаншалықты жоғары болса, сол сөздің *home* сөзімен менталдық және семантикалық байланысы соғұрлым күшті дегенді білдіреді.

– Визуализациялар интерактивті түрде ұсынылады, яғни сөздер арасындағы байланыстар график түрінде беріледі.



Сурет 6 – Small World of Words жобасының интерфейсі: ассоциациялардың сандық көрсеткіші және ассоциативті байланыс коэффициенті



Сурет 7 – Small World of Words жобасындағы ассоциациялар желісінің графикалық сызбасы

Бұл визуализация – «home» (үй, баспана) сөзіне берілген тікелей тәртіптегі ассоциациялар желісі (*forward associations*) және бір реттік көрініс (*one-hop network*) түрінде көрсетілген. Бұл модель Small World of Words жобасындағы интерактивті график негізінде құрастырылған.

Ұсынылған желілік карта (network graph) – бір сөзге қатысты басқа сөздердің ассоциативті байланыстарын график түрінде көрсететін модель. Әрбір дөңгелек – жеке сөз, ал сызықтар – олардың арасындағы семантикалық байланыс. Осындағы сұр түс – эмоционалдық және жеке ассоциациялар: *love, happiness, mom, peace, family*; сары түс – демалыс пен физикалық жағдайлар: *rest, sleep, relax, bed*; көгілдір-жасыл түс – жайлылық пен қауіпсіздік: *comfort, cozy, safe, warm, hearth*; жасыл-қара түс – нақты кеңістік пен мүлік: *house, place, residence, apartment, dwelling, building.*

Дөңгелек үлкен болған сайын, бұл сөз *home* сөзімен жиі ассоциативті байланыста қолданылғанын көрсетеді. Мысалы, *house, family, safe* – жиі кездесетін ассоциациялар. Дөңгелектер арасындағы әрбір сызық екі сөз арасындағы ассоциативті байланысты меңзейді, мысалы, сызық жуан болса немесе жақын орналасса, байланыстың мықты екендігін көрсетеді.

Бұл визуализация «home» сөзі адамның танымында қалай қабылданатынын нақты және көрнекі түрде көрсетеді. Ол:

- эмоциялық (анасы, махаббат),
- физикалық (үй, төсек),
- концептуалдық (қауіпсіздік, жайлылық),
- кеңістіктік (пәтер, резиденция) аспектілерін біріктіреді.

Small World of Words жобасындағы ағылшын тілінен басқа роман тілдерінің арасындағы ең кең таралған тілдердің бірі, әлем бойынша 480 миллионға жуық адамның ана тілі және ол 20-дан астам елде қолданылатын испан тілінің, оның ішінде, риоплатенсе испан тілінің ассоциаттарына арналған бір бөлімі жарыққа шыққан.

Жалпы, испан тілі ана тілі ретінде қолданылатын тілдер арасында екінші, ал жалпы сөйлейтіндер саны бойынша төртінші орынды алады (Eberhard және т.б., 2022).

1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басынан бастап испан тілінде Куентос, Митчел сынды ғалымдар бастаған психолингвистикалық зерттеулердің корпусы біртіндеп қалыптаса бастады (Cuetos & Mitchell, 1988; Carreiras және т.б., 1993;). Алайда, сөз жиілігі, ассоциация, аффективтік сипаттар және басқа да лексикалық қасиеттерге арналған көпшілік нормативтік зерттеулер Испанияда қолданылатын стандартты ибериялық испан тіліне бағытталған (мысалы, Fernández және т.б., 2012; Hinojosa және т.б., 2021; Stadthagen-Gonzalez және т.б., 2017).

Риоплатенсе испан тілі – Уругвайдың көп бөлігі мен Аргентинаның кейбір аймақтарында (әсіресе Буэнос-Айрес маңында) қолданылатын диалект. Бұл диалектіде фонологиялық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктер айқын байқалады (Di Tullio & Kailuweit, 2011).

Осындай лексикалық айырмашылықтардың кең таралуы испан тілінің әр диалектісіне жеке лексикалық нормалар құру қажеттілігін негіздейді (Fumagalli және т.б., 2017; Manoiloff және т.б., 2010; Sarli & Justel, 2021; Vivas және т.б., 2017).

Риоплатенсе испан тіліне арналған «Small World of Words» жобасының еркін ассоциация нормалары (SWOW-RP) риоплатенсе диалектісі бойынша алғашқы кең ауқымды зерттеу болып табылады.

Бұл нормалар краудсорсинг әдісі арқылы (қатысушылардан жаппай дерек жинау) жүзеге асқан кең ауқымды ассоциативті тапсырма негізінде алынған. Онда қатысушыларға ұсынылған стимул-сөздер тізіміне үш жауап беру тапсырылған.

Зерттеу 13000-нан астам сөзді және 3,6 миллионнан аса реакцияны қамтиды, бұл – қазіргі уақытта испан тілі бойынша ең ірі деректер жиынтығы.

Норманы құрастыруға SUBTLEX-ESP жиілік нормаларының (Cuetos және т.б., 2012) негізінде жиілік деңгейі жоғары 1000 сөз таңдалды. Бұл сөздердің көпшілігі – зат есімдер, етістіктер, үстеулер және сын есімдер болды.

Кейінгі стимул-сөздер қатысушылар реакцияларының жиілігіне қарай таңдалған, яғни жиі кездескен жауаптарға басымдық берілді. Алайда, орта және төмен жиіліктегі сөздер де қамтылған, бұл ассоциация нормаларының лексикалық әртүрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген [70]. Испан тілінің ассоциативті нормасын құрастырушылардың еңбектерінде зерттеу деректерінде 132 584 бірегей сөз формасы (type) тіркелген. Олардың 61%-ы тек бір рет қана кездескен, яғни олар – *hapax legomena* деп аталатын жауаптар [50].

Қазіргі тіл біліміндегі ауқымды ассоциативті нормалардың қатарына «Small World of Words» (SWOW) жобасы негізінде құрылған, шамамен 12 000 стимул-

сөзден тұратын LLM негізіндегі жаңа ассоциативті нормалар деректер жиынтығы жатады. Аталған норманы құрастырушылар үш ірі тілдік модельді – Mistral, Llama3 және Haiku пайдалана отырып, *LLM World of Words (LWOW)* деп аталатын үш бірдей салыстырмалы деректер жиынтығын құрастырған. SWOW және LWOW нормаларын пайдалана отырып, адамдар мен LLM-дердегі тұжырымдамалық білімді бейнелейтін семантикалық жадтың когнитивтік желілік модельдері жасалған. Бұл деректер жиынтығы – адамдар мен LLM-дердегі жасырын бейімділіктерді, мысалы, қоғамда және LLM нәтижелерінде кездесетін гендерлік стереотиптерді зерттеуге мүмкіндік беретін жоба [71].

LLM World of Words (LWOW) деректер жиынтығы Small World of Words (SWOW) жобасының ассоциативті нормаларына негізделгендіктен, алдымен SWOW деректер жиынтығынан стимул-сөздер алынған.

Осы стимул-сөздер тізімі LLM модельдеріне енгізілді, оған қоса бастапқы SWOW зерттеуінде адамдарға берілген нұсқаулыққа ұқсас түрткі (prompt) ұсынылған. LLM модельдеріне төмендегідей prompt берілген:

«You will be shown a word. Please respond with the first three words that come to your mind that are associated with it. Try to give quick, intuitive responses. Respond only with the three words, separated by commas.» (Аудармасы: «Сізге бір сөз көрсетіледі. Сол сөзбен байланысты ең бірінші ойыңызға келген үш сөзбен жауап беріңіз. Жауаптарыңызды жылдам әрі интуитивті түрде беруге тырысыңыз. Тек үш сөз жазыңыз, үтірмен бөліп көрсетіңіз»).

Бұл prompt әрбір стимул-сөзге 100 рет қайталанып, SWOW-мен бірдей көлемде жауаптар санына ие деректер жиынтығын құруға мүмкіндік берген.

Ассоциативті сөздіктерді құрастыру жұмысы бір ғасырдан астам уақыт бойы жүргізіліп келеді. Әлемдік лингвистика мен өзге сала мамандарының ең жиі қолданатын лексикографиялық еңбектерінің бірі – ағылшын тілінің материалдарының негізінде құрастырылған *Оңтүстік Флорида университетінің нормалары.* Бұл жиынтық алғаш рет 2004 жылы жарияланғанына қарамастан, ол 1900-ден астам ғылыми мақалада сілтеме ретінде көрсетілген және қазіргі таңда ағылшын тіліндегі ең жиі қолданылатын ассоциативті ресурс болып қала береді. Бұл нормаларды жинау жұмыстары 40 жылдан астам уақыт бұрын басталып, 6000-нан астам қатысушыны қамтыды. Жиынтықта 5 019 стимул-сөз бойынша әрқайсысына орта есеппен 149 қатысушыдан алынған бір сөздік реакциялар бар [69].

Бұл деректер сөздер арасындағы ассоциативті байланыстарды, олардың тәртібін (тікелей және кері), жиілігін және басқа да статистикалық сипаттамаларын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл нормалар семантикалық желілерді құру, есте сақтау мен тану үдерістерін модельдеу, тілдік өңдеу мен когнитивті зерттеулерде кеңінен қолданылады. Мысалы, оларды сөздер арасындағы байланысты анықтау, семантикалық ұқсастықты бағалау және сөздерді тану жылдамдығын болжау үшін пайдалануға болады.

USF еркін ассоциация нормаларына w3.usf.edu сілтемесі бойынша ресми сайт арқылы қол жеткізуге болады [72]. Бұл сайтта негізгі деректер жиынтығы,

сондай-ақ қосымша ақпараттар мен қосымшалар (мысалы, рифма, сөз фрагменттері және т.б.) қолжетімді.

Сөздіктің негізгі бөлімінде әрбір сөзге (cue) қатысушылар бір немесе бірнеше байланысты сөздерді (target) ұсынған. Қосымша деректер бөлімінде нормаларда тікелей және кері ассоциация байланыстарының күштері, сөз жиілігі, сөз табы, омографтар, және басқа да статистикалық көрсеткіштер қамтылған.

Сөздікте жиналған деректер жиынтығын семантикалық желілерді құру, жадыны зерттеу, тіл өңдеу модельдерін дамыту және басқа да когнитивті зерттеулер үшін пайдалы деп анықтауға болады.

Сөздікте орта есеппен 149 (стандартты ауытқу = 15) қатысушыға 100-120 ағылшын сөзі ұсынылған. Бұл сөздер 25-30 сөзден бөлінген. Бұл сөздердің басым бөлігі (76%) зат есімдер, ал 13% сын есімдер, 7% етістіктер, қалғаны басқа сөз таптары. Сонымен қатар, 16% сөздер омографтар ретінде тіркелген.

Осылайша, *University of South Florida* жобасы аясында жасалған *ассоциативті норма* – ағылшын тілінде сөйлеушілерден алынған ауқымды ассоциативті эксперимент нәтижесінде қалыптасқан, тәжірибелік деректерге негізделген лексика-семантикалық база. Бұл сөздік құрылымы бірнеше форматта ұсынылған, соның ішінде ең маңыздысы – тікелей тәртіптегі стимул → реакция (cue-to-target) және кері тәртіптегі реакция → стимул (target-to-cue) бағыттары.

Тікелей тәртіптегі «стимул → реакция» құрылымы бойынша жасалған бөлімде әрбір жазбада сөз-стимул (cue word) және оған жауап ретінде берілген ассоциативті реакциялар (target responses) тіркелген. Әрбір «стимул-реакция» жұбы үшін төмендегі көрсеткіштер келтірілген:

Кесте 5 – Оңтүстік Флорида университетінің нормаларының тікелей тәртіптегі лингвистикалық сипаттамасы

Лингвистикалық көрсеткіш	**Сипаттамасы**
Cue	Эксперимент қатысушыларына ұсынылған сөз-стимул
Target	Бірінші болып айтылған, реакция ретінде тіркелген сөз
N	Аталған стимулға жауап берген қатысушылар саны
Freq (F)	Белгілі бір реакцияны айтқан адамдар саны
P (Strength)	Ассоциация күші: реакция жиілігінің жалпы қатысушылар санына қатынасы (F/N)
RT	Реакция уақыты (миллисекундпен өлшенеді) – автоматтық реакция деңгейі
POS	Реакция сөзінің сөз табы (мысалы, зат есім, етістік)
Қосымша метрикалар	Ранг, семантикалық ұқсастық, сирек немесе ерекше реакциялар т.б.

Тікелей ассоциативті норманы құрастыруда алға қойылған *қағидат:* Сөздік статистикалық мәні бар, жиі қайталанған реакцияларды «норма» ретінде негізге ала отырып қалыптастырылады. Әрбір стимулға берілген реакциялар жиынтығы нормаланған деп есептеледі.

Кері тәртіптегі «реакция → стимул» құрылымы бойынша реакция ретіндегі сөз басты элемент ретінде қарастырылады. Әрбір target-реакцияға оны тудырған стимулдардың тізімі мен олармен байланысты жиілік деректері тіркеледі.

Кесте 6 – Оңтүстік Флорида университетінің нормаларының кері тәртіптегі лингвистикалық сипаттамасы

Лингвистикалық көрсеткіш	**Сипаттамасы**
Target	Бірнеше стимулдарға реакция ретінде тіркелген сөз
Stimuli List	Аталған реакцияны тудырған стимул сөздер тізімі
Freq	Белгілі бір стимулмен байланысты реакция жиілігі
Semantic Rank	Реакцияның семантикалық маңыздылығы мен жиілік көрсеткіші

Кері ассоциативті норманы құрастыруда алға қойылған *қағидат:* бұл формат реакция сөздің кең таралуын, яғни оның түрлі контекстерде ассоциативті белсенділігін сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, семантикалық байланыстардың кері бағытын зерттеуге қолданылады.

Оңтүстік Флорида университетінің нормаларын құрастырудың ғылыми қағидаттары деп келесі фактілерді көрсетуге болады:

1. ассоциативті норма жүздеген респонденттерден алынған нақты лингвистикалық деректерге сүйенеді.
2. Реакциялар таза, өңделмеген күйінде тіркеледі, бұл интуитивті тілдік ойлауды көрсетеді.
3. Нормаланған реакциялар статистикалық жиілігі мен мәнділігіне байланысты сұрыпталады.
4. Сөздік екі бағытта – стимулдан реакцияға және реакциядан стимулға қарай семантикалық талдауға мүмкіндік береді.
5. Әрбір реакция қосымша сипаттамалармен бірге беріледі (реакция уақыты, сөз табы, байланыс күші), бұл сапалық және сандық талдауға жол ашады.

USF ассоциативті сөздігі – ағылшын тіліндегі сөздер арасындағы семантикалық және когнитивтік байланыстарды көрсететін репрезентативтік корпус. Бұл сөздік:

- семантикалық желілерді құрастыруға;
- менталды лексиконды зерттеуге;

– тілдер арасындағы ассоциативті салыстыру жүргізуге;

– лингвистикалық модельдер мен жасанды интеллект жүйелерін жасауға кеңінен қолданылады.

Ассоциативті сөздіктерді жасау тарихындағы ең танымал, кеңінен қолданылатын ағылшынтілді ресурс – *Эдинбург ассоциативті тезаурусы (Edinburgh Associative Thesaurus, EAT). С*өздікте ұсынылатын ассоциациялар 1968 жылдың маусым айынан 1971 жылдың мамыр айына дейінгі аралықта Эдинбург университетінде Джордж Кисс, Кристин Армстронг және Роберт Милройдың жетекшілігімен әзірленген. Бұл дерекқорда 8400 стимул бойынша әрқайсысына 100 жауаптан бар, жалпы ассоциациялар саны – 788 000-нан астам, олар 23 218 түйін және 312 342 бағытталған доғалардан тұратын ассоциативті желіні құрайды.

Тезаурусты құрастыруда жүргізілген ассоциативті экспериментке Британдық университеттердің 17-22 жас аралығындағы студенттері қатысқан [73]. Жыныстық құрамы: 64%-ы ерлер, 36%-ы әйелдер.

EAT деректері «ассоциативті эксперимент» әдісімен жиналған:

1. Бастапқыда қатысушыларға белгілі бір сөздер (стимулдар) ұсынылды.
2. Олардан осы сөздерге бірінші болып ойларына келген жауаптарды айту сұралды.
3. Жаңа алынған жауаптар кейінгі стимулдар ретінде пайдаланылды.
4. Бұл үдеріс шамамен үш рет қайталанды, нәтижесінде 8 400 стимул сөзі қамтылды.

Әрбір стимул сөзі 100 қатысушыға ұсынылды, олардың әрқайсысы 100 сөзге жауап берді.

EAT деректері стимул-реакция жұптары түрінде құрылған.

Стимул мен реакция арасындағы байланыс семантикалық тұрғыда (мысалы, синоним, антоним немесе септік қатынасы ретінде) нақты жіктелмейді және тек ассоциация ретінде қарастырылады. Бұл ассоциациялар тізім түрінде берілуі мүмкін, алайда олар желілік құрылымда көрсетілген кезде анағұрлым мазмұнды бола түседі.

Мұндай желілерді ассоциациялар тізімінен құрастырудың түрлі әдістері бар: көпөлшемді шкалалау (multidimensional scaling), кластерлеу және графтық теорияға негізделген визуализация әдістері. Мұндай әдістерде стимул мен реакция арасындағы ықтималдықтарды көрсету үшін ассоциация мәндері пайдаланылады.

Эдинбург ассоциативті нормалары ассоциациялық желіні бастапқы сөздер жиынтығынан өсіру арқылы жиналған. Алдымен, бастапқы (ядролық) жиынтықтағы сөздерге реакциялар тіркелген, кейін осы реакциялар жаңа стимулдар ретінде қолданылып, келесі реакциялар алынған. Бұл үдеріс шамамен үш рет қайталанған, себебі бір сәтте алынған реакциялар саны соншалықты көп болғандықтан, оларды қайта стимул ретінде пайдалану мүмкін болмаған [74].

Соңғы уақытта британдық ағылшын тіліне қатысты да ассоциативті деректер жинақталды. *Birkbeck нормаларында* (1996) 2664 стимул-сөз бойынша 40-50 жауап қамтылған (Moss & Older, 1996). Ол 1996 жылы Хелен Мосс (Helen

E. Moss) және Лианн Олдер (Lianne J.E. Older) бастамасымен құрастырылып, Psychology Press баспасынан жарық көрген.

Хелен Мосс пен Лианн Олдер – когнитивтік психология және тілдік өңдеу салаларында зерттеулер жүргізген мамандар. Бұл еңбек ағылшын тіліндегі сөздер арасындағы ассоциативті байланыстарды эмпирикалық тұрғыда зерттеуге бағытталған. Деректер 17 мен 45 жас аралығындағы британдық ағылшын тілін меңгерген 40-50 адамнан құралған топтардан жиналған. Кітаптың негізгі бөлігінде 2464 стимул сөзге берілген барлық ассоциативті реакциялар мен олардың жиілігі әліпби ретімен ұсынылған. Сондай-ақ, эксперименттік материалдарды іріктеуді жеңілдету мақсатында, стимул сөздердің семантикалық категориялар бойынша ұйымдастырылған көрсеткіші де берілген. Әрбір стимул сөзіне қатысты қатысушылардың берген реакциялары жиілікпен бірге көрсетілген. Стимул сөздер әліпби ретімен 25 файлға (A-Z, X әрпінен басқа) бөлінген.

Сөздік әліпби ретімен ұйымдастырылған: әрбір сөз-стимул ең жиі кездесетін реакциялармен бірге беріледі. Ақпарат келесі форматта ұсынылған:

– жоғарғы қатарда – стимул сөзі (мысалы: *Admire*, *Africa*, *Airport*, *Alone*);

– төменде – реакциялар тізімі және сол реакцияны таңдаған қатысушылардың пайыздық көрсеткіші;

– реакциялар жиілік төмендеу ретімен орналастырылған, ең жиі айтылған реакциялар тізімнің басында орналасқан.

Мысал ретінде *Admire* стимулына келесі жауаптар берілген:

– Confess – 33.3%

– Guilt – 10.4%

– Country – 4.2%

– Lie, Name, Nothing, One – 4.2%

– Басқа реакциялар: *Acknowledge, Agree, Blame...*

Бұл дегеніміз, *admire* сөзіне қатысушылардың 33.3%-ы *confess* деген реакция берген, 10.4%-ы – *guilt* деп жауап берген және т.б.

Аталған норманы құрастыруда лингвистикада ғана емес, басқа да ғылым салаларында кең таралған статистикалық әдіс қолданылған. Яғни, әр реакция пайызбен көрсетілген, бұл мәліметтерді стандарттау мен салыстыруды жеңілдетеді. Кейбір стимул сөздер үшін қосымша статистика да келтірілген (мысалы: *Adolph Hitler – 73.5% Germany*), бұл мәдени немесе тарихи тұрғыдан басым ассоциацияларды білдіреді. Бұл мысалдар когнитивтік байланыстарды да көрсетеді, ол дегеніміз белгілі бір сөз тыңдаушының санасында тұрақты бейнелер мен мағыналарды тудыратынынан ақпарет береді.

Кіріспе бөлімде мәліметтерді жинау мен өңдеудің толық әдістемелік сипаттамасы келтірілген.

Бұл нормалар психологияның көптеген салаларында, әсіресе тіл мен жадты зерттеу бағыттарында пайдалы болуы мүмкін, өйткені сөз жұптары арасындағы ассоциативті байланыстың дәрежесі тәжірибелік айнымалы ретінде жиі қолданылады [75].

Осылайша, *Birkbeck нормаларындағы* деректер семантикалық желілерді, эмоциялық мағыналарды, лексикалық прототиптерді, категориялық байланыстарды және тілдік модельдерді талдау мен құрастыруда өте құнды.

Ассоциативті лексикография саласындағы ең ауқымды еңбектерге нидерланд тіліндегі (SWOW-NL) ассоциативті деректер жатады. Ол Small World of Words (SWOW-NL) жобасы аясында, Simon De Deyne, Gert Storms және т.б. ғалымдардың құрастыруымен сандық форматта ұсынылған. Соңғы жарияланған нұсқасы 12 000-нан астам стимулды, ал ең соңғы толықтырылған нұсқасы 16 000-нан астам стимулды қамтиды (De Deyne және т.б., 2013b). Бұл соңғы басылымы басқа да ассоциативті сөздіктерде сипатталған бірізді әдістемемен жасалған.

Жалпы, нидерланд тіліндегі сөздердің ассоциациясын табу жұмыстары үздіксіз сөздер ассоциациясы тапсырмасы аясында жүргізілген. Ол туралы Саймон Де Дейн және Герт Стормстың «Word associations: Norms for 1,424 Dutch words in a continuous task» (Сөздер ассоциациялары: үздіксіз тапсырмада нидерланд тіліндегі 1 424 сөзге арналған нормалар) (2008) ғылыми мақаласында сараланады. Осы тапсырма бойынша нидерланд тіліндегі 1 424 сөзге қатысты нормалар жиналған. Әрбір стимул сөзге қатысты әр қатысушыдан үш ассоциативті жауап алынып, жалпы алғанда, әр стимул бойынша орта есеппен 268 реакция тіркелген.

Ғалымдар ассоциацияларды ассоциативті жиынтықтың көлемі мен реакциялардың қолжетімділік сипаттары бойынша талдаған. Бұл сипаттар сөздің жиілігі, тілде меңгерілу жасы және бейнелілігі (imageability) сияқты параметрлер арқылы өлшенген [76].

Ағылшын тілінен басқа, сөздік ассоциациялардың 1000 және одан да көп стимулы бар дерекқорлар басқа тілдерде де бар. Мысалы:

– кәріс тілінде – 3 900 стимул (jung және т.б., 2010),

– жапон тілінде – 2 100 стимул (Joyce, 2005).

Жапон тіліндегі алғашқы ассоциативті нормалар ретінде Umemoto (1969) жүргізген ерте кезеңдегі сауалнамалық зерттеу атап өтіледі. Зерттеу аясында 1 000 университет студентінен жауаптар жиналғанымен, сөздер корпусы өте шағын болған, небәрі 210 сөз, сондықтан эксперименттерде стимул сөздер арасындағы ассоциативті күшті бақылауға бұл деректердің құндылығы шектеулі деп бағаланған.

Кейінірек Ishizaki (2004) ассоциативті концепт сөздігін құру жобасы аясында (Okamoto & Ishizaki, 2001) сөздік ассоциациялар жинаған. Ishizaki-дің деректері 1 656 зат есімді қамтиды, әр сөзге 10 жауап тіркелген. Бұл деректер ассоциативті концепт сөздігін жасау мақсатына сай келгенімен, негізгі кемшілігі – жауаптар белгілі бір категориялар бойынша ғана жинақталғандығында.

Қатысушыларға ұсынылған стимул сөзіне жеті кездейсоқ категорияның біреуі бойынша жауап беру сұралған: гипероним, гипоним, бөлік/материал, сипаттама, синоним, әрекет және қоршаған орта. Сондықтан бұл деректер еркін ассоциациялардың табиғатын толық көрсете алмайды [77].

Japanese Word Association Database (JWAD) жобасы да жапон тіліндегі ассоциативті норманы құрастырудағы жаңа талпыныстардың қатарына жатады. Онда базалық жапон сөздері мен кандзилерінен тұратын 5 000 бірліктен құралған

сауалнамалық корпус құрастырылғаннан кейін, JWAD деректер базасын құру жұмысы екі ауқымды сауалнама негізінде басталған. Бірінші сауалнамада 2 000 бірлікке 50-ге дейін жауап жинау көзделсе, екінші сауалнамада қалған 3 000 бірлікке кемінде 10 жауап жинау жоспарланған.

Сауалнамаларға Цукуба университетінде оқитын жапон тілді студенттер ерікті түрде қатысқан (N = 1 481; 929 ер және 552 әйел; орташа жас – 19.03, SD = 0.97).

Екі сауалнамада да зерттелетін элементтер әрқайсысы 100 сөзден тұратын тізімдерге бөлінді. Әр бетте 10 сөз орталық бағанға орналастырылып, олардың қасына асты сызылған бос орындар берілді (мысалы, 本). Қатысушылардан әр сөзге қарап, бірден ойға келетін семантикалық тұрғыда байланысты жапон сөзін бос орынға жазу сұралды.

Екі сауалнама нәтижесінде шамамен 148 100 ассоциативті жауап жиналды. Барлығы 2 099 сөз бірлігіне дейін жауаптар 50 респондентке дейінгі үлгімен ұсынылды.

2 099 сөз бірлігіне берілген ассоциативті жауаптар JWAD-тың 1-нұсқасы (JWAD-V1) ретінде кодталып, өңделген. Бірінші деңгейлі кодтар (Level 1): Жауаптардың жарамдылығын анықтай отырып, оларды келесі санаттарға бөледі:

- семантикалық ассоциациялар: мысалы, 耕す (*жер жырту*) → 畑 (*егістік*),
- орфографиялық ассоциациялар: мысалы, 有様 (*жағдай*) → 殿様 (*феодалдық лорд*),
- фонологиялық ассоциациялар: мысалы, しまう /shimau/ (*жинау, аяқтау*) → しまうま /shimauma/ (*зебра*).

Сондай-ақ жауап сөзі тек жазылу нұсқасы ғана өзгеше болған жағдайлар жеке белгіленген (мысалы, 泣く– *жылау*, хирагана нұсқасы: なく). Бос жауаптар да тіркеліп, ассоциация тудырмайтын сөздердің көрсеткіші ретінде белгіленеді.

Екінші деңгейлі кодтар (Level 2):

- шет тілдік сөздер: 謝る (кешірім сұрау) → "sorry",
- етістікке айналдыру: 考慮 (қарастыру) → 考慮する (қарастыру (етістік нұсқасы)),
- жалқы есімдер: 意識 (*сана*) → フロイト (*Фрейд*).

Ассоциативті жауаптарды кең көлемде жинау мақсатында, жоба аясында онлайн форматтағы сөздік ассоциация сауалнамасы әзірленген.

Бұл база зерттеушілерге ассоциативті құрылымды жүйелі түрде өзгертуге мүмкіндік жасап, жиын көлемі (set size), резонанс (немесе кері ассоциация), байланыстылық (connectivity) сияқты параметрлер арқылы олардың жады жұмысына ықпалын бағалауға жағдай туғызады.

Сөздік ассоциация нормаларының деректері жалған естелік (false memory) зерттеулерінде де маңызды рөл атқарады. Мысалы, Roediger және McDermott (1995) Deese-Roediger-McDermott (DRM) парадигмасын пайдаланып, жалған танудың айқын дәлелдерін келтіреді. Олар тәжірибе барысында қатысушыларға берілген сөздер тізімімен (мысалы: bed, rest, awake) мағыналық тұрғыда тығыз

байланысты, бірақ ұсынылмаған бір сөздің (мысалы: *sleep*) есіне түсетінін, оны танитынын және тіпті көргенін «есте сақтап қалғандай» айтатынын анықтаған.

Осыған ұқсас жадыны зерттеуге арналған эксперименттерді жапон тіліндегі стимулдар арқылы да жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды ресурс – жапон сөздік ассоциация деректер базасы [78].

Осыған ұқсас бағыттағы тағы бір маңызды лингвистикалық жоба – *Japanese Word Similarity and Association Norms (JWSAN).* Бұл зерттеуді 2021 жылы Keisuke Inohara және Akira Utsumi жүргізіп, жапон тіліндегі 2 145 сөз жұбына қатысты ұқсастық пен ассоциативтілік көрсеткіштерін жинақтады. Әр жұпқа қатысты сөздердің ұқсастығы мен ассоциативтілігіне берілген бағалау көрсеткіштері қамтылған және сөздердің семантикалық ұқсастығы мен ассоциациясы арасындағы нақты айырмашылық айқын белгіленген. Сонымен қатар, деректер сөздің жиілігі, меңгерілу жасы және бейнелілігі сияқты сипаттар бойынша талданды.

JWSAN – жапон тіліндегі ұқсастық пен ассоциативтілік байланыстары анықталған алғашқы ірі деректер жиынтығы болып табылады. Ол зат есім, етістік және сын есім сөз жұптарын қамтиды.

Бұл еңбектің ерекшелігі – респонденттер саны көп әрі олар жас және жыныс көрсеткіштері бойынша бөлінген. Ұқсастық пен ассоциация рейтингтері жапон тілінің 6450 ана тілінде сөйлейтін адамынан интернет-сауалнама арқылы жиналған. Сонымен бірге, бағалаушының жасы мен жынысының әсері де талданған, бұл факторлар жапон тіліне қатысты бұрынғы зерттеулерде көбіне ескерілмей келген.

Еңбектің авторлары осы деректер жиынтығын жапон тіліндегі дисперсті семантикалық модельдерді жетілдіру үшін үлгі ретінде қолдануға болатындығын баса көрсетеді.

Авторлар үш түрлі сөз жұбын қамтитын деректер жиынтығын әзірлеген: зат есімдер жұбы (зат есім-зат есім), етістіктер жұбы (етістік-етістік) және сын есімдер жұбы (сын есім-сын есім). Жиынтықтағы сөз жұптарының ұқсастық және ассоциативті дәрежелері барынша кең диапазонда таралуы үшін, сөздер екі гипотезаға сүйене отырып таңдалған.

Бірінші гипотеза бойынша, бір семантикалық категорияға жататын екі сөздің ұқсастығы, әртүрлі категорияларға жататын сөздерге қарағанда жоғары болады деп болжанған. Осыған сәйкес, еңбек авторлары «Isahara және т.б., 2008» тезаурусын қолдана отырып, екі түрлі сөз жұбын жасаған:

– бір семантикалық категорияға жататын сөздер жұбы (жоғары ұқсастық күтіледі);

– әртүрлі семантикалық категорияларға жататын сөздер жұбы (төмен ұқсастық күтіледі).

Екінші гипотеза бойынша, бір контексте жиі қатар кездесетін сөздердің арасында ассоциативті байланыс жоғары болады деп есептелді. Осы гипотезаны тексеру үшін бірге кездесу ықтималдығын сипаттайтын көрсеткіш – Pointwise Mutual Information (PMI) мәні қолданылып, екі түрлі сөз жұбы құрылған:

– бір контексте жиі кездесетін сөздер жұбы (жоғары ассоциативті байланыс күтіледі);

– бір контексте сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін сөздер жұбы (төмен ассоциативті байланыс күтіледі).

Семантикалық жағынан ұқсас және ұқсас емес сөз жұптарын құру үшін жапон тіліндегі WordNet тезаурусы (нұсқасы 1.1) (Isahara және т.б., 2008) қолданылған. WordNet – сөздерді синсет деп аталатын семантикалық категориялар жиынтығына біріктіретін тезаурустың түрі. WordNet пен UniDic деректер базасында бірдей қамтылған зат есімдер, етістіктер және сын есімдер іріктеліп алынған.

Нәтижесінде 2145 сөз жұбы шамамен тең көлемдегі 21 жиынтыққа бөлініп, әр жиынтықта 102 немесе 103 жұп қамтылған. Бұл жиынтықтарда сөз таптары мен сөз жұбының түрлері тең дәрежеде таратылған.

Жапониядағы интернет-зерттеу компаниясы арқылы 9253 жапон тілі ана тілі болып табылатын қатысушы әртүрлі жас көрсеткіштері бойынша онлайн сауалнамаға қатысқан. Қатысушылар саны жыныс (ер/әйел) және жас топтары (20, 30, 40, 50 және 60 жастағылар) бойынша 10 санатқа бөлініп көрсетілген. Қатысушылар 42 топқа бөлініп, әр топта жыныс-жас санаты бойынша кемінде 10 адам болған. Әрбір қатысушы тобына 21 бағалау жиынтығының біреуі және екі тапсырманың (сөздердің ұқсастығын немесе ассоциативтілігін бағалау) біреуі бекітілген. Осылайша, әр қатысушы тек бір тапсырма бойынша (не ұқсастық, не ассоциативтілік) бір бағалау жиынтығын бағалауға қатысқан.

Жапон тіліндегі сөз жұптарына арналған ұқсастық және ассоциативтілік бағалары бар JWSAN деректер жиынтығы – жапон тіліндегі сөз жұптарына қатысты әрі ұқсастық, әрі ассоциация рейтингтерін қамтитын алғашқы жұмыс.

JWSAN-ның қосымша бір ерекшелігі – бұл жиынтықта жасы мен жынысы бойынша ажыратылған қатысушылар бағалаған сөз жұптары жеткілікті көлемде қамтылған және ұқсастық пен ассоциативтілік арасындағы айырмашылықты нақты түсіндіретін нұсқаулықпен жүргізілген. Сондықтан бұл деректер жиынтығын жыныс пен жас ерекшеліктеріне байланысты психолингвистикалық айырмашылықтарды талдауға қолайлы болады.

Кесте 7 – JWSAN-ның лингвистикалық сипаттамасы

Стимул сөзі (Word 1)	**Ассоциативті сөз (Word 2)**	**Сөз табы**	**Ұқсастық**	**Ассоциативті байланыс**
でかい (*үлкен*)	どでかい (*өте үлкен*)	Сын есім	4.57	4.86
忌ま忌ましい (*жиіркеніштi*)	煩わしい (*мазасыз*)	Сын есім	2.59	3.05
きつい (*ауыр, қиын*)	悲しい (*қайғылы*)	Сын есім	1.51	3.28
遠い (*алыс*)	黄色い (*сары түстi*)	Сын есім	0.57	0.93

Кесте 7 жалғасы

書店 (*кітап дүкені*)	本屋 (*кітапхана/сатушы*)	Зат есім	5.45	5.21
一節 (*бір абзац*)	部分 (*бөлім*)	Зат есім	3.53	3.86
供給 (*жабдықтау*)	需要 (*сұраныс*)	Зат есім	1.31	4.88
北西 (*солтүстік-батыс*)	結論 (*қорытынды*)	Зат есім	0.48	0.73
加える (*қосу*)	足す (*үстіне қосу*)	Етістік	4.86	4.76
差し込む (*енгізу*)	挟む (*арасына қою*)	Етістік	3.12	3.44
借りる (*қарызға алу*)	貸す (*қарызға беру*)	Етістік	1.39	4.34
着替える (*киім ауыстыру*)	飛ぶ (*ұшу*)	Етістік	0.48	1.24

Кестедегі ұқсастық, ассоциативті байланыс бағандарында көрсетілген сандық көрсеткіштер – жапон тілі ана тілі болатын респонденттер берген бағалар. Бұл бағалар келесі мағынаға ие:

Кесте 8 – JWSAN-ның семантикалық сипаттамасы

Көрсеткіш атауы	**Мән ауқымы**	**Мағынасы**
Similarity (ұқсастық)	0.0 – 6.0	Екі сөздің мағыналық ұқсастық дәрежесін көрсетеді
Association (ассоциация)	0.0 – 6.0	Бір сөздің екінші сөзді еске түсіру/байланыстыру деңгейі

Эксперимент барысында қатысушыларға сөз жұптары ұсынылып, әр жұп бойынша екі түрлі бағалау сұралды:

1. бұл сөздер мағына жағынан қаншалықты ұқсас?
2. бұл сөздер бір-бірімен қаншалықты байланысқан немесе бірін-бірі еске түсіреді ме?

Респонденттер 0-ден 6-ға дейінгі бағалау шкаласы бойынша жауап беруі тиіс болған:

– 0-1: байланыс жоқ немесе әлсіз
– 2-3: орташа деңгейдегі байланыс
– 4-6: өте жоғары ұқсастық немесе күшті ассоциация

Бұл бағалар – жапон тіл иелерінің жауаптары негізінде есептелген орташа көрсеткіштер. Олар адамның семантикалық жадын модельдеуге арналған

алгоритмдерді (мысалы, дистрибутивті семантикалық модельдер) бағалау мен тексеру үшін қолданылады.

Қытай тілінің ассоциативті нормасы *Қытай тілінің лексикалық ассоциация деректер базасында (CLAD)* келтіріледі. Осы зерттеуде жалпы көлемі 400 миллионнан астам қытайша сөзден тұратын мәтін корпустары және көптеген ассоциация өлшемдері пайдаланылып, 80 000-нан астам сөздің ассоциативті байланыстар анықталған.

Сөздікті әзірлеуде жүргізілген экспериментке жалпы саны 60 қытай тілін ана тілі ретінде сөйлейтін адам қатысты, олардың ішінде жасы 21 бен 43 жас аралығындағы 25 ер адам және 35 әйел адам болған. Барлығы – Тайвань ұлттық педагогикалық университетінде зерттеу көмекшісі немесе постдокторант ретінде жұмыс істейтін мамандар. Бұл қатысушылар зерттеу тобының мүшелері емес және тәжірибеге ерікті түрде қатысқан.

Эксперимент үшін барлығы 102 мағыналық байланысы бар және 102 байланысы жоқ прайм-таргет жұптары таңдалды. Жұптарды іріктеу арнайы критерийлер мен процедуралар негізінде жүзеге асырылды.

Тәжірибе 19 дюймдік жалпақ экранды компьютерде, E-Prime бағдарламалық қамтамасыздандыруы арқылы (Schneider, Eschman, & Zuccolotto, 2002) жүргізілген. Нұсқаулықта жылдамдық пен дәлдікке ерекше мән берілген.

Негізгі эксперименттік сессия алдында қатысушылар 20 кездейсоқ жаттығу тапсырмасынан өткен. Бұл жаттығу 5 мағыналық байланысы бар жұп, 5 байланысы жоқ жұп және 10 «сөз-жалған сөз» жұбынан тұрған [79].

Жоба авторлары Шу-Йен Лин, Хсюэ-Чжи Чен, Тао-Син Чанг, Вэй-Эн Ли, Яо-Тинг Сунг CLAD пен дәстүрлі қытай сөздік ассоциация нормалары деректер базасын салыстырып, келесі нәтижелерді көрсетеді:


– мәтіндік корпустардан алынған ассоциациялар еркін ассоциация тесттерінен алынған ассоциацияларға ұқсас күшке ие;

– ассоциативті жұптардың саны айтарлықтай көп.

Сонымен қатар, дәстүрлі нормалардағы қатысушылар санының шектеулі болуы ассоциация күшін өлшеудегі дәлдіктің төмен болуына себеп болады. Ал CLAD базасында ассоциация күшін айқын саралауға мүмкіндік зор.

CLAD базасы – зерттеушілер үшін дәстүрлі сөздік ассоциация нормаларын маңызды толықтыратын ресурс [79].

Бұл сөздік дәстүрлі еркін ассоциация тесттерімен жинақталған нормаларға балама бола отырып, реалды тілдік материалға сүйенеді және ассоциациялар көлемі мен дәлдігін айтарлықтай кеңейтеді.



Сурет 8 – CLAD базасының іздестіру көрсеткіштері

Сөздіктің өзіндік ассоциация метрикасы бар. Бұл параметр сөздер арасындағы байланысты анықтайтын алгоритмді таңдауға мүмкіндік береді. Төменде кейбір негізгі метрикалар келтірілген:

Кесте 9 – CLAD базасының негізгі метрикалары

Метрика атауы	Мақсаты / мәні
Baroni-Urbani	Сөздердің бірге кездесу жиілігі мен тәуелсіздігін ескере отырып есептейді
Conditional probability	А сөзінен кейін В сөзі кездесетін ықтималдықты есептейді
Jaccard, Gini, Kappa	Жиындар арасындағы ұқсастық дәрежесін бағалайтын өлшемдер (машиналық оқытуда қолданылады)
Mutual expectation	Бір сөздің екінші сөз контексінде қаншалықты күтілетінін көрсетеді
Log likelihood ratio	Екі сөздің бірге қолданылу ықтималдығының статистикалық маңыздылығын бағалайды
Salience, Simpson	Ассоциацияның айқындылық / назар аударушылық индексі

Осы метрикалардың кез келгенін таңдап, Keyword (кілт сөз) өрісіне қажетті сөзді енгізу арқылы ассоциативті байланыстарды іздеуге болады.

Сөздікті құрастыру келесі принциптер бойынша жүзеге асқан:

1. Корпус материалдарына негізделуі

Сөздік нақты мәтіндерден құралған үлкен тілдік корпус негізінде автоматты түрде жасалған. Бұл әдіс тілдік бірліктердің қолдану жиілігін және өзара байланысын шынайы мәтіндік ортада анықтауға мүмкіндік береді.

2. Контекстуалдық жиілік өлшемдері

Әрбір сөзге қатысты:

– міндетті сөйлем деңгейінде (clause frequency),

– сөйлем деңгейінде (sentence frequency),

– абзац деңгейінде (paragraph frequency) кездесетін жиілігі тіркелген. Ол арқылы сөздің контекст ішіндегі қолдану тығыздығын бағалауға мүмкіндік болады.

Ассоциацияны бағалау метрикаларының әртүрлілігі. Сөздік бірнеше ассоциация өлшемдеріне негізделген:

– *шартты ықтималдық (Conditional probability),*

– *өзара күтім (Mutual expectation),*

– *жақындық көрсеткіштері (Jaccard, Gini, Kappa, т.б.)*. Бұл метрикалар арқылы ассоциативті байланыстың бағыты, күші және ықтималдығы бағаланады.

1. Автоматтандырылған есептеу

Ассоциативті байланыстар қолмен емес, арнайы алгоритмдер арқылы мәтін контексінде автоматты түрде есептеледі. Бұл масштабты өңдеуді және нақты бағалауды қамтамасыз етеді.

2. Ауқымдылығы мен қамтылуы

CLAD 80 000-нан астам сөзді қамтиды, бұл оны қытай тіліне арналған ең ірі ассоциативті ресурстардың біріне айналдырады.

3. Интерактивті веб-интерфейс

Қолданушыға ыңғайлы онлайн жүйе:

– кілт сөз бойынша іздеу,

– контекст терезесін (clause/sentence/paragraph) таңдау,

– ассоциация метрикасын орнату,

– сөз табы және жиілік бойынша сүзгілеу мүмкіндіктерін ұсынады.

CLAD жүйесімен жұмыс істеу кезінде, мысалы, «学习» (оқу, білім алу) стимулының ассоциациясын табу үшін, алдымен, параметрлерді таңдау қажет:

– Window size (Контекст терезесі): Sentence (сөйлем) – біз «学习» сөзімен бір сөйлем ішінде жиі қатар кездесетін сөздерді іздейміз.

– Association measure (Ассоциация метрикасы): Mutual expectation – бұл метрика бір сөздің контексінде екінші сөздің күтілу ықтималдығын көрсетеді.

– Keyword (Кілт сөз): 学习

– Соңында Search (Іздеу) батырмасын басу керек.

Кесте 10 – CLAD базасының лингвистикалық сипаттамасы

Сөз	**Ассоциация ұпайы**	**Сөз табы**	**Сөйлемдегі жиілігі**	**Абзацтағы жиілігі**
考试 (емтихан)	0.87	Зат есім	280	260
老师 (мұғалім)	0.76	Зат есім	250	230
进步 (ілгерілеу)	0.64	Етістік	170	150
作业 (үй жұмысы)	0.55	Зат есім	190	180

Мұндағы, *Ассоциация ұпайы (Association score):* 0 мен 1 аралығында. 1-ге жақын болса, екі сөздің арасындағы ассоциативті байланыс өте күшті деген сөз.

– *Сөз табы (POS):* мысалы, зат есім (Noun), етістік (Verb).

– *Жиіліктер:* Сөздің сөйлем мен абзац ішінде қаншалықты жиі кездесетінін көрсетеді. Мысалы, «考试» (емтихан) сөзі «学习» сөзімен жиі бірге қолданылатындықтан, олардың арасындағы ассоциативті күш жоғары.

CLAD жүйесі когнитивтік және лингвистикалық ассоциацияларды зерттеуге тиімді: семантикалық желілер, мәтінді автоматты талдау, тіл үйрену ерекшеліктері сияқты көптеген бағыттарда қолданыла алады. Кілт сөздер үшін ассоциативті желі құру, сөздер арасындағы байланысты салыстыру, сөз табы, жиілік, контекст сияқты семантикалық параметрлерді талдау, когнитивтік модельдер мен есте сақтау үдерістерін зерттеуде маңызды. Бұл ресурс дәстүрлі ассоциативті нормаларды толықтыратын маңызды құрал болып табылады [80].

Қытай тілінің ассоциативті сөздіктеріне *Чэнь нормалары да* жатады. Чэнь нормалары – қазіргі таңда қытай тіліндегі ең кең таралған және ең ауқымды ассоциативті нормалар жиынтығы (Hu және т.б., 2017; Huang, Chen, Huang & Liu, 2009; Huang, Chen & Liu, 2012). Хсюэ-Чжи Чэнь және оның әріптестері Concise Mandarin Chinese Dictionary сөздігінің негізінде 900 жиі қолданылатын және 900 сирек қолданылатын екі иероглифтік сөзді таңдаған. Бұл сөздер – зат есім, етістік, сын есім немесе үстеу [81].

Мұндағы сирек қолданылатын сөздер – орташа жиіліктен төмен, ал жиі қолданылатындар – ең жиі қолданылатын 13% сөздер.

Алдымен сөздердің бейнелілік деңгейі (яғни сөз адамның елестету қабілетін қаншалықты белсендіреді) бағаланған. Бағалауы біркелкі емес сөздердің үштен бірі алып тасталғаннан кейін, қалған 1 200 сөздің бейнелілік мәндері біркелкі таралған.

Содан соң 18-22 жас аралығындағы Тайвань университетінің 1417 студенті (олардың барлығы «Психологияға кіріспе» пәнін оқиды) еркін ассоциативті экспериментіне (тест) қатысқан. Әр қатысушы қағаз нұсқадағы 200 стимул сөзді оқып, бірінші ойға келген сөзді жазуы керек болды. Жауаптары сәйкес келмеген немесе толық емес 217 қатысушының деректері жойылды. Осылайша, әрбір стимул сөзге 200 түрлі қатысушыдан жауаптар алынған.

Ху Цзюнь-Фан, Чэнь Юй-Цзянь, Чжо Сяо-Линь, Чэнь Хуэй-Чжи, Чжан Юй-Лун, және Сун Яо-Тин бастамасымен жарық көрген бұл сөздіктің құрастырылу тарихы мен жалпы лингвистикалық сипаты авторлардың 2017 жылы шыққан «Сөздік ассоциация нормалары мен ассоциативті жауаптар: 1200 екі иероглифтік қытай сөзіне арналған анықтамалық индекс» мақаласында егжей-тегжейлі сипатталады: Алдымен 30 қатысушыдан 900 жиі қолданылатын және 900 сирек қолданылатын қытай сөзінің абстрактілік деңгейін 7 балдық шкаламен бағалау сұралды.

Абстрактілік бағалары бойынша айырмашылығы жоғары сөздер жойылған соң, жалпы 1800 сөз қалды.

Осы пулдан жоғары/орта/төмен абстрактілік деңгейі мен жиі/сирек қолданылуы бойынша 6 комбинация құрастырылды.

Әрбір комбинациядан 200 сөзден таңдалып, негізгі зерттеу үшін барлығы 1200 сөз стимул ретінде іріктелді.

Одан кейін 104 қатысушыдан осы 1200 сөздің эмоциялық валенттілігін (оң/теріс әсер дәрежесін) бағалау сұралды.

Бұл мәліметтер келешек зерттеушілерге осы норма жиынынан мақсатты стимулдарды іріктеу үшін пайдалы болады.

Әрбір сөз бойынша келесі көрсеткіштер есептелді:

– ортақтық (commonality) – қаншалықты жауаптар бірдей болды;

– жекелік индексі (idiosyncratic index) – жеке ерекшелігі бар жауаптардың көрсеткіші;


– ассоциативті анықтамалық индексі (associated reference index).

Зерттеу нәтижесі бойынша:

– сирек қолданылатын немесе абстрактілі деңгейі жоғары сөздердің ортақтық деңгейі жоғары, яғни олар көбірек тұрақты және бағытталған ассоциациялар тудырады;

– ал жиі қолданылатын немесе нақты сөздер әртүрлі, біркелкі емес реакциялар береді.

Сөздік қолданушыға ассоциаттардың сөз табына тиістілігі, жиілігін оңай және тез табуға мүмкіндік береді. Оны келесі суреттен аңғаруға болады:



Сурет 10 – CLAD базасының іздестіру интерфейсі

Суреттегі *стимул сөзі (stimulus)* – қатысушыларға ұсынылған сөз, *сөз табы (POS Part of Speech)* – мысалы: NC – зат есім, VA – етістік, NA – белгісіз, *корпустағы жиілігі (Token frequency in corpus)* қытай мәтіндер корпусы ішінде қанша рет кездескенін көрсетеді (400 миллионнан астам сөз қамтылған).

– 民眾 (mínzhòng) аудармасы «халық»

Сөз табы: NA (анықталмаған), Жиілік: 359770.

– 公司 (gōngsī) аудармасы «компания»

Сөз табы: NC (зат есім), Жиілік: 338135.

– 工作 (gōngzuò) аудармасы «жұмыс»

Сөз табы: VA (етістік), Жиілік: 332506.

Бұл сандар берілген сөздердің тілді қолдануда қаншалықты жиі кездесетінін көрсетеді. Олар ассоциативті реакциялардың типтілігі мен когнитивтік маңыздылығын бағалауға көмектеседі.

Корей тіліндегі ассоциациялар сөздігі – тілдік бірліктер арасындағы мағыналық байланыстарды көрсететін маңызды лингвистикалық ресурс [82].

Алайда сөздік ассоциацияны зерттеудің ұзақ тарихына және мұндай деректердің когнитивтік ғылымға қосқан құнды үлесіне қарамастан, корей тіліндегі ауқымды және кешенді сөздік ассоциация нормаларының базасы айтарлықтай жеткіліксіз болып келген. Мысалы, Lee (1970) жүргізген зерттеуде 30 сын есім мен 29 түс атауына негізделген сөздік ассоциациялар қарастырылып, 40 университет студентінің жауаптары жыныстық айырмашылықтар мен грамматикалық сөз таптары тұрғысынан талданған.

Кейінірек, Shin (1998) шетел тілі ретінде корей тілін үйренушілерге арналған лексикалық сөздік құрастыру мақсатында сөздерді ұғымдық жүйелер бойынша топтастыруға тырысты. Оның деректері дәстүрлі сөздік ассоциация нормаларынан ерекшеленеді әрі қазіргі таңда академиялық мақсатта қолдануға болатын цифрлық база ретінде қолжетімді емес. Дегенмен, оның семантикалық жіктеуі корей тілінің семантикалық желісін талдауда қосымша ресурс ретінде пайдаланылуы мүмкін [83].

Бұл саладағы ең маңызды жобалардың бірі және бірегейі – *KorWA (Korean Word Association),* ол 2007 жылғы қыркүйектен 2008 жылғы ақпанға дейін Корей Республикасындағы Тэджон университеті мен Токио технологиялық институтының зерттеушілері тарапынан әзірленген.

KorWA – бұл 132 корей тілі ана тілі болып саналатын респонденттердің (71 ер, 61 әйел) қатысуымен жүргізілген эксперимент нәтижесінде құрылған кең ауқымды деректер базасы. Қатысушыларға Йонсей университетінің корпусы негізінде (1998 ж., шамамен 42 миллион сөз) 5000 жиі қолданылатын корей сөзінің ішінен ассоциациялардың көп әрі жеңіл қалыптасуын қамтамасыз ету үшін тек зат есімдер, етістіктер және сын есімдер іріктеліп, 3 951 стимул сөзге, оның ішінде 2 628 – зат есім, 1 006 – етістік және 317 – сын есім, жауап беру ұсынылған. Ассоциативті эксперимент дәстүрлі қағаз-қалам форматында, оқытушының бақылауымен жүргізіліп, әр сессия 30 минутқа созылған. Әр қатысушыға осы уақыт ішінде 60 сөзден тұратын тапсырма берілген. Осы тәжірибе нәтижесінде 28 763 ассоциативті жауап жинақталған. Бұл өз кезегінде 12 844 түйін (сөз) мен 26 905 байланысты қамтитын KorWA семантикалық желіні қалыптастырған.

Еркін ассоциативті экспериментке қатысушы студенттердің негізгі бөлігі келесі мамандықтарда оқыған:

- корей тілі мен әдебиеті – 54%,
- физиотерапия – 30%,
- философия – 11%.

Олардың 70%-дан астамы гуманитарлық салада білім алған. Қатысушылардың басым бөлігі (93%) – 23-30 аралығындағы жастағы жастар: 82%-ы – 20-25 жас аралығында, 11%-ы – 26-30 жас аралығында. Сонымен қатар, 14% студент айына бес кітаптан артық оқитынын көрсеткен.

Сөздік авторлары – корейлік ғалым *Чжэён Чон (Jaeyoung Jung),* жапондық ғалымдар *Нобуясу Макоси (Nobuyasu Makoshi*), *Хироюки Аками (Hiroyuki Akama)* бойынша, KorWA желісінің байланысу тығыздығы өте төмен – небәрі 0,033%; әрбір түйін орта есеппен 4,19 басқа түйінмен байланысқан. Шамамен 60% түйін тек бір немесе екі байланысқа ғана ие болғанымен, желі құрылымы өте жақсы байланысқан болып шыққан. Ең ірі байланысқан компонент желі түйіндерінің 99,7%-ын қамтиды. Бұл компоненттегі кез келген екі түйін орта есеппен 5 байланыс арқылы жалғанады (жүз жұп бойынша есептелген), ал ең ұзын жолда шамамен 13 байланыс бар [Korean]. Ең көп байланысы бар түйін – 돈 (ақша) – 198 байланыс, одан кейін 사랑 (махаббат) – 146, 친구 (дос) – 114, 사람 (адам) – 106, және 마음 (жан/көңіл) – 85.

Желі масштабқа тәуелсіз (scale-free) сипатқа ие: байланыстар санының таралуы p = 2.3 параметрімен $P(k) \approx k^{-}$дәрежелік заңына бағынады.

Еркін ассоциативті эксперимент нәтижесінде қатысушыларға әрбір стимул сөзге еркін түрде ойларына келген барлық сөздерді реттік нөмірімен жазу тапсырылды. Бұл еркін ассоциативті эксперимент адамның менталдық лексиконындағы мүмкін болатын барлық семантикалық байланыстарды бақылауға арналған.

KorWA келесі салаларда кеңінен қолданылады:

– лексикографияда*:* нақты тілдік бірліктер арасындағы байланыстарды көрсететін сөздіктер жасауға мүмкіндік береді.

– Сөздік ассоциация деректерін, әсіресе KorWA сияқты бай дереккөздерді тіл үйренуде, соның ішінде сөздік қорды дамытуда тиімді пайдалануға болады, ол тіл үйренушілерге сөздердің қалай байланысатынын түсінуге көмектеседі.

– Табиғи тілді өңдеу (NLP): сөздер арасындағы мағыналық байланыстарды ескеретін алгоритмдерді жасауға негіз болады.

– Тілдік ассоциациялар арқылы *мәдени ерекшеліктерді* зерттеуге мүмкіндік береді. KorWA деректерінде көптеген типтік ассоциативті жұптар қамтылған: *school-teacher (мектеп-мұғалім), mother-father (ана-әке), sea-deep (теңіз-терең)* – жалпы мағынада, ал *old times-tiger (ертегі-жолбарыс), kimchi-ramen (кимчи-рамен), wish-unification (арман-бірлік)* – корей мәдениетіне тән мағыналық байланыстар. Бұл ақпарат тіл мен мәдени элементтерді біріктіре отырып, қызықты және тиімді сөз үйрену контентін әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, KorWA деректері негізгі сөздерді іріктеу мен бағалауда да пайдалы болуы мүмкін, өйткені негізгі сөздер – адамдар санасында жиі кездесетін және әртүрлі контексте тез байланысатын ұғымдар.

KorWA желілік анализі оның масштабқа тәуелсіз (scale-free) желі екенін көрсетті. Яғни, кей сөздер аз байланысса, ал кейбір сөздер көптеген басқа сөздермен байланысты. Бұл белгілі бір кілт сөздердің тілдік жүйеде орталық рөл атқаратынын білдіреді [84].

Осылайша, бұл сөздік тек тілдік жүйенің көрінісі ғана емес, сонымен бірге корей қоғамының мәдени және әлеуметтік кодтарының да көрінісі болып табылады. Болашақта мұндай ассоциативті желілерді өзге тілдермен салыстырмалы зерттеу арқылы әмбебап семантикалық тенденцияларды анықтауға және тілдер арасындағы когнитивтік ұқсастықтарды ашуға мүмкіндік бар.

Герман тілдеріне арналған ассоциативті сөздіктерге неміс тілінің менталды тілінен жан-жақты ақпарат беретін еңбек – *Noun Associations for German (NAG)* – бұл неміс тіліндегі зат есімдерге қатысты еркін ассоциациялар деректер базасы, оны Германияның Саарбрюккен университетінің зерттеушілері Алисса Мелингер (Alyssa M. Melinger) және Андреа Вебер (Andrea Weber) әзірлеген [85].

Бұл жоба когнитивтік психолингвистика мен лексикалық өңдеуді зерттеу аясында құрылған. Оның басты мақсаты – неміс тіліндегі визуалды бейнеленетін зат есімдерге қатысты еркін ассоциациялар құрылымын зерттеу және талдау.

Дерекқор құрамында 409 неміс зат есімі қамтылған, әр стимул сөзге қатысты респонденттер ұсынған алғашқы үш ассоциация тіркелген, мұндағы стимулдар – күнделікті өмірде жиі кездесетін визуалды нысандар (жануарлар, өсімдіктер, құрал-жабдықтар, кәсіптер және т.б.).

Эксперимент ерекшелігі деп стимулдар экспериментке қатысушыларға екі форматта ұсынылып, тек нысанның жазбаша атауы – лексикалық стимулдар ғана емес, сондай-ақ сол жазбаша атаумен қатар қара-ақ сурет түріндегі визуалды стимулдардың ұсынылғандығын атап өтсе болады. Суреттер Snodgrass пен Vandervart (1980) еңбектеріне және Макс Планк психолингвистика институтының (Нидерланды) базасына сүйеніп жасалған. Бұл тәсіл арқылы визуалды ақпараттың сөздік ассоциацияларға қалай әсер ететіні зерттелді. Зерттеудің мақсаты – лексикалық және визуалды стимулдар реакцияларына салыстырмалы талдау жүргізу. Мысалы, суреттер нысанның физикалық қасиеттерін күшейте түсіп, белгілі бір мағынаны айқынырақ етіп көрсетуі мүмкін.

Саарланд университетінің неміс тілді студенттері еркін ассоциативті эксперимент әдісі бойынша осы сөздерге қатысты есіне түскен бірінші үш сөзді жазып шығуға тиіс болған.

Жоғарыда аталған 409 стимул сөз кездейсоқ түрде 3 бөлек сауалнамаға бөлініп, (әрқайсысы шамамен 136 сөзден), әр сауалнама екі түрде: тек сөзбен, сөз + суретпен ұсынылған. Әр нұсқаны 50 қатысушы толтырған. Әр стимул үшін барлығы 300 жауап берілу ықтималдылығы болған (50 адам × 2 формат × 3 жауап) [*NAG OS*].

Осылайша, Noun Associations for German (NAG) деректер базасы – неміс тіліндегі сөздердің семантикалық ассоциацияларын жүйелі түрде сипаттайтын құрылымданған лингвистикалық ресурс. Мәліметтер базасы әрбір стимул сөзге қатысты ұсынылған ассоциативті жауаптарды, олардың грамматикалық және семантикалық сипаттамаларын қамтиды. Төменде деректердің негізгі құрылымдық компоненттері сипатталады.

1. Стимул сөздерге қатысты ақпарат келесідей:

- *сөз жиілігі* – CELEX лексикалық базасына сүйене отырып белгіленген;

- семантикалық категориясы – барлығы 27 категория қамтылған;
- омонимдік сипат – екінші мағынасының бар-жоғы (иә/жоқ);
- екінші мағынасына қатысты семантикалық категория.

2. *Ассоциативті жауаптарға қатысты ақпарат:*

- сөз табы – зат есім, сын есім, етістік, жалқы есім немесе басқа;
- лексикалық жиілік – CELEX базасына сәйкес;
- жауап реттілігі – бірінші, екінші немесе үшінші;
- стимулмен категориялық сәйкестігі – бір семантикалық категорияға жатқызылуы (иә/жоқ);
- семантикалық байланыс түрі – бүтін-бөлік, синоним, нақтылау, гипоним немесе басқа;
- екінші мағынаға реакция ретінде берілгендігі (иә/жоқ).

3. *Қатысушыға қатысты сипаттамалар:*

- стимулдың ұсынылу форматы – лексикалық немесе визуалды;
- қатысушы идентификаторы – 1-ден 300-ге дейін нөмірленген.

Пайдаланушы іздеуді бастамас бұрын қандай ақпарат нәтижелерде көрсетілетінін белгілейді. Мысалы, егер «Apfel» (алма) сөзі енгізілсе, осы стимулға берілген барлық 300 жауап көрсетіледі. Сонымен қатар, * (жұлдызша) таңбасы wildcard ретінде қолданылады.

Әдепкі бойынша, әр жауап жеке жолда бейнеленеді. Пайдаланушының қалауы бойынша жауаптарды біріктіріп көрсету (collapsing) функциясы ұсынылады. Осы жағдайда бірдей жауаптар бір жолда топтастырылады және олардың жиілігі есептеледі.

Collapsing функциясының ерекшеліктері:

– егер жауап лексикалық және визуалды стимулдарға бірдей болса, бірақ ұсынылу форматы көрсетілген жағдайда, бұл жауаптар біріктірілмейді.

– Жауаптарға салмақ беру (weighting) мүмкіндігі бар: мысалы, бірінші жауапқа 3 балл, үшінші жауапқа 1 балл беру.

Екі қосымша метрика қолданылады:

– Token count – қайталанған жауаптар саны;

– Weighted count – қайталану саны × берілген салмақ [*NAG OS*].

Нәтижелерді кез келген баған бойынша сұрыптауға болады. Көптеген бағандарды бір уақытта сұрыптау үшін Advanced Sorting бөлімі қолданылады. Қалаған нәтижелерді CSV форматында жүктеп алуға болады. Сонымен қатар, қолданылған визуалды стимулдарға (суреттерге) сілтемелер нәтиже кестесіне енгізілген.

Неміс тілінің зат есім ассоциациялары деректер базасын құрастырушылар сөздіктің өзіндік техникалық ескертпелерін де көрсетеді:

- неміс орфографиясына тән әріптер (ä, ö, ü) сәйкесінше ae, oe, ue түрінде, ал ß – ss түрінде бейнеленеді.
- Неміс тілінде зат есімдер бас әріппен жазылады, алайда сөйлем/жол басында басқа сөз таптары да бас әріппен жазылуы мүмкін, бұл кейбір жауаптарда сөз табын нақтылауда белгісіздікке әкеледі (мысалы, *Lesen* – етістік пе, әлде зат есім бе).

– Іздеу регистрге тәуелсіз жүргізіледі: мысалы, *lesen* деп іздегенде *Lesen* және *lesen* нұсқаларының екеуі де шығарылады.

– Кейбір қатысушылар үш жауаптың барлығын бермеген, мұндай жағдайда жауап минус (–) таңбасымен белгіленеді.

– Базадағы қосымша ақпараттар да неміс тілінде берілген. Қажет жағдайда LEO неміс-ағылшын онлайн сөздігін пайдалануға болады.

Аталған деректер қорында ассоциаттарды іздеу жұмысына келер болсақ, қолданушы дерекқордан қандай өрістерді көрсету керек және қай параметрлер бойынша сүзгі қолдану қажет екенін өзі таңдайды. Бұл – конструктор секілді жүйе, яғни қолданушы өзіне қажет ассоциативті реакциялар жиынтығын құрастыра алады.

Деректер базасында *үш негізгі параметрлер блогы* көрсетілген.

Қолданушы осы блоктардағы опцияларды қосып/өшіру арқылы деректерді іріктейді:

Response (Жауап немесе ассоциация) бағаны бойынша:

- Response – ассоциативті жауапты көрсету немесе жасыру.
- Rank – жауаптың реттілігі (1, 2, 3).
- Lex. freq. – жауаптың лексикалық жиілігі.
- Part of Speech – сөз табы: Adjektiv (сын есім), Nomen (зат есім), Eigenname (жалқы есім).
- Relation Type – семантикалық байланыс түрі: бөлік/бүтін (Teil/Ganzes), синоним, нақтылау (Spezifikation).
- Same Cat. – жауап пен стимул бір семантикалық категорияға жата ма?
- Secondary Meaning – жауап екінші мағынаға қатысты ма?

Stimulus (Стимул сөз) бағаны бойынша:

- Stimulus – ізделетін сөз (мысалы, *mutter*).
- Homograph – бұл сөз омоним бе?
- Lex. freq. – стимулдың жиілігі.
- Category – семантикалық категориясы (мысалы, Beruf – мамандық).
- Category Second Meaning – екінші мағынасына қатысты категория.

Participant (Қатысушы) бағаны бойынша:

- Id – қатысушының нөмірі (1-300 аралығында).
- Presentation – стимулдың ұсыну форматы:
  - *Nur_Text* – тек мәтін түрінде,
  - *Bild_und_Text* – мәтін және сурет бірге.

Демек, қолданушы іздеуді іске қосқанда келесі қадамдарды орындайды:

1. Сүзгілеу – тек таңдалған шарттарға сәйкес келетін жолдар іріктеледі.
2. Көрсету – тек белгіленген өрістер ғана нәтиже кестесінде бейнеленеді.
3. Агрегация (Collapsing) – егер бұл функция қосылған болса, бірдей жауаптар бір жолға біріктіріліп, қайтал Noun Associations for German (NAG) деректер базасы ану жиілігі көрсетіледі (салмақпен немесе салмақсыз).
4. Сұрыптау және экспорт – нәтиже кез келген баған бойынша сұрыпталады және CSV форматынаэкспортталады.
5. Егер стимул суретпен берілсе, кестеде суретке сілтеме де көрініс табады.

Noun Associations for German (NAG) деректер базасына қатысты ойымызды тұжырымдай келе, бұл сөздік неміс тілі иелерінен жиналған ассоциативті реакциялар негізінде құрылған. Сандық форматтағы интерфейс қолданушыға деректерді ыңғайлы және түсінікті түрде сұрыптауға және талдауға мүмкіндік береді. Жүйе сүзгілеу → бейнелеу → (қажет болса) біріктіру → талдау/экспорттау сатысынан тұрады.

Неміс тіліне қатысты осындай басқа да сөздіктер бар: Schulte im Walde (2008) неміс тіліндегі етістіктерге қатысты ассоциациялар негізінде семантикалық классификация үшін сипаттамалар таңдауды жүзеге асырған.

Одан басқа неміс тіліндегі күрделі зат есім сөздерге (композиттерге) қатысты ассоциативті нормалар Sabine Schulte im Walde және Susanne Borgwaldt зерттеушілері тарапынан жиналған және талданған. Олар неміс зат есімдік күрделі сөздер жиынтығын негізге ала отырып, күрделі сөздерге және олардың құрамдас бөліктеріне (мысалы, Ahornblatt/Ahorn/Blatt) қатысты ассоциацияларды веб-эксперимент форматында жинақталған.

Бұл ассоциативті нормалар – мақсатты стимулдар ретінде алынған зат есімдер мен олардың бөліктеріне қатысты лексикалық-семантикалық ақпарат көзі; стимул сөздердің лексикалық-семантикалық қасиеттерін, стимул мен ассоциация арасындағы семантикалық байланыстарды, күрделі сөз бен оның компоненттері арасындағы семантикалық туыстықты зерттеу үшін аса маңызды.

Авторлар неміс күрделі зат есімдеріне ассоциативті эксперимент жүргізіп, алынған стимул-реакция жұптары қаншалықты жиі қайталанатынын есептеп, ассоциативті нормалар қалыптастырған. Олар стимулдар ретінде 442 күрделі зат есім және олардың барлық құрамдас бөліктерін пайдаланған, сондағы стимул сөздердің жалпы саны 996 болған. Бұл 996 сөз кездейсоқ түрде 12 эксперименттік тізімге бөлінген (әр тізімде 83 сөзден).

Эксперимент интернет арқылы жүргізіліп, қатысушылар алдымен биографиялық ақпарат берген (тілдік құзыреттілік, жас мөлшері, өңірлік диалект), содан кейін нұсқаулықпен танысып, жауаптарын берген. Негізгі кезеңде экранның жоғарғы жағында бір стимул сөз көрсетілген (күрделі зат есім немесе оның құрамдас бөлігі). Егер компонент зат есім болмаса, ол үлкен әріппен басталып, номинализация әдісімен ұсынылған. Стимулдардың реттілігі әр қатысушы үшін кездейсоқ түрде орнатылған. Стимул сөздің астында 3 жауап жолы болды. Респонденттер әр жолға бір сөз жазуы және зат есімдерді бас әріппен, ал басқа сөз табтарын кіші әріппен жазуға тиіс болған. Егер қатысушы сөзді білмесе, оны белгілеу үшін арнайы құсбелгі (checkbox) көрсетілген. Зерттеуге жалпы саны 268 адам, ал әр эксперимент тізіміне 14-28 адам қатысқан. Сөздік құрастырушыларының айтуынша, әр стимул бойынша қатысушы 0-3 жауап бере алатын болғандықтан, бір стимулға қатысты жалпы ассоциациялар саны 6-дан 74-ке дейін ауытқиды.

Жалпы есеппен, 17 906 сынақ жүргізіліп, 46 989 ассоциативті жауап жиналған, бұл бір сынаққа орта есеппен 2.6 жауап дегенді білдіреді. Бұл 46 989 жауап 29 221 түрлі ассоциативті бірлікке жатады.

Егер тек бірінші жауаптарды ғана есептесек, әр стимулға 2-26 жауап тіркелген, барлығы 17 045 жауап, олар 11 038 түрлі бірлікке тиесілі. Сонымен

бірге, 861 адам ешқандай жауап бермеген, оның ішінде 327 стимулға «білмеймін» деген жауаптар кездескен.

Сөздіктен күрделі сөздер мен олардың ассоциациялары арасында көбінесе ко-гипонимия және гиперонимия қатынастары байқалған, ал гипонимия қатынастары сирек кездескен. Күрделі сөздер мен олардың құрамдас бөліктеріне берілген ассоциациялар арасындағы сәйкес келу дәрежесі мен семантикалық транспаренттілік арасында орташа корреляция анықталған. Күрделі сөздер мен олардың ассоциацияларының мәтіндік корпустағы бірге кездесу жиілігі қарапайым зат есімдерге қарағанда төмен болған [86].

Мишель Дебренн (Michèle Debrenne) құрастырған *француз ассоциативті сөздігі* (*Dictionnaire des associations verbales du français*) – француз тілділердің тілдік санасын зерттеуге бағытталған маңызды психолингвистикалық құрал. Зерттеу негізінде Мәскеу психолингвистика мектебінің теориялық-әдістемелік тәсілдері жатыр, әсіресе Л.С. Выготский мен А.А. Леонтьевтің еңбектеріне сүйенеді, онда тіл шындықты бейнелеудің когнитивтік құрылымдар мен мәдени-тарихи тәжірибе арқылы іске асатын түрі ретінде қарастырылады. Жалпы, француз ассоциативті лексикографиясында осындай атаумен 2006 жылдан бері бірнеше сөздік жарық көрген: ФАС-1 және ФАС-2, олардың қысқартылған нұсқалары.

ФАС-1 және ФАС-2 сөздіктері 10 жылдық интервалмен жасалған. Нәтижелерді салыстыру ассоциативті нормалардың тұрақтылығын немесе өзгергіштігін, сондай-ақ лексемалар арасындағы өзара байланыстарды талдауға мүмкіндік береді.

Орфографиялық немесе грамматикалық қателері бар реакциялар дұрыс нұсқалармен ауыстырылды. Ассоциативті мәліметтер негізінде екі түрлі сөздік жасалды: тікелей сөздік (стимул → реакция) және кері сөздік (реакция → стимул).

Онлайн нұсқасы қағаз түріндегі басылымнан тікелей сөздік үшін – алынған реакцияларға қайта тексеру жүргізілуімен, кері сөздік үшін – реакциялар лемматизациядан (негізгі формаға келтіруден) өтуі сияқты ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Франциялық француз тілімен салыстыру мақсатында ұсынылған африкалық француз тіліне қатысты стимулдарға берілген жауаптар есепке алынбаған.

Сөздіктің электронды форматы белгілі бір сөз бойынша іздеу жүргізуге мүмкіндік береді (тікелей және кері сөздік үшін де), сонымен қатар реакцияның жиілігі мен стимулдар саны бойынша, әліпбилік ретпен сұрыптауға болады (кері сөздік үшін).

ФАС-1қ және ФАС-2қ қысқартылған нұсқалары бірдей стимулдар тізімі бойынша алынған нәтижелерді салыстыруға жағдай жасайды.

Одан өзге француз тіліндегі ассоциативті сөздіктің бір мысалы – *Франкофония ассоциативті нормалар сөздігі* әлемнің төрт аймағындағы француз тілділердің реакцияларын біріктіреді: француз тілділердің реакцияларын төрт франкофониялық аймақ аясында салыстыруды ұсынады: Франция, франкотілді Бельгия (Валлония), франкотілді Швейцария (Романдия), және франкотілді Канада (негізінен, Квебек). Зерттеудің мақсаты – осы тілдік

қауымдастықтарда ортақ және ерекшеленетін белгілерді анықтай отырып, бір тілде сөйлейтіндер шын мәнінде «бірдей әлем бейнесін» бөлісе ме, әлде бұл жай ғана миф пе деген сұраққа жауап беру [site]. Сауалнама нәтижесінде 604 жауап Франциядан, 466 – Бельгиядан, 427 – Швейцариядан және 318 – Канададан алынған. 2020 жылы кері сөздік үшін материалдарға қайта өңдеу және лемматизация жүргізілген. Сөздіктің құрастырылу принципі ФАС-1 секілді – *тікелей (стимул → реакция) және кері (реакция → стимул) сөздіктер.*

Сөздіктің электронды платформасы белгілі бір сөзге қатысты іздеуді, реакциялар жиілігі мен стимул саны бойынша сүзгіден өткізуді, сондай-ақ жауаптарды елдер бойынша жеке немесе барлық қатысушылар бойынша қарастыруды ұсынады. Түспен белгілеу арқылы реакциялар арасындағы сәйкестіктерді оңай көруге болады.

Материалды жинау эксперименті 2013 жылғы 15 қыркүйек пен 2015 жылғы 15 қыркүйек аралығында өтіп, француз тілді азаматтарға 100 стимул сөзден тұратын Google-сауалнама таратылған. Респонденттер әдеттегідей әрбір стимулға бірден ойларына келген сөзді жазуы тиіс болған.

Келесі ассоциативті лексикографиялық еңбек – *Үлкен анноттацияланған француз ассоциативті сөздігі (ҮАФАС)* – осы жұмыс француз ассоциативті сөздіктерін жасауда аянбай еңбек етіп жүрген тәжірибелі ғалым, лексикограф М. Дебренн бастаған ғалымдардың 15 жылдық еңбегінің нәтижесі. Авторлар «толық әрі кең көлемді көрініс қажет болған жағдайда ҮАФАС сөздігі пайдалы болатынын» атап өтеді.

ҮАФАС 2008-2009 және 2019-2020 жылдардағы екі ірі эксперимент барысында алынған реакцияларды біріктіріп, 1410 стимулды қамтыған. Сөздіктің өзіндік ерекшелігі – «анноттацияланған» сөздік болып шығуы. Ол дегеніміз әрбір ассоциативті өрісте тілдік себептермен (семантикалық, парадигматикалық немесе синтагматикалық байланыстар арқылы) түсіндіруге келмейтін реакциялар, мысалы, сөз ойыны, тұрақты тіркестер, мәдени аллюзиялар, кездеседі. Мұндай реакциялар сөздік пайдаланушысын жаңылыстырып, оның назарынан тыс қалуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін оларға қысқаша түсініктемелер беріледі. Бұл түсініктемелер энциклопедиялық мақала емес, тек қолданушының назарын аударып, қажет ақпаратты қайдан табуға болатынына бағыт беру үшін арналған.

Кері сөздік алдын ала өңделіп, лемматизацияланған реакциялар негізінде құрылған, ал ол, өз кезегінде, бірдей реакциямен байланысты барлық стимулдарды біріктіруге мүмкіндік береді.

Сөздікті құрастыру әдістемесі еркін ассоциация экспериментіне негізделген. Француз тілін ана тілі ретінде меңгерген қатысушыларға стимул сөздер ұсынылып, олар бірден ең бірінші ойға келген сөзбен жауап беруі керек болды. Осылайша, лексика-семантикалық және мәдени-психологиялық факторлармен анықталатын ассоциативті байланыстар тіркелді. Зерттеу барысында 1000-нан астам стимул сөз жиналып, әртүрлі сөз таптары (зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, үстеулер) қамтылды. Әрбір сөзге берілген жауаптар арқылы ассоциациялардың тұрақтылығы, жиілігі, синтагматикалық және парадигматикалық байланыстары талданды.

Осы сөздіктердің тікелей тәртіпте құрастырылған сөздіктерімен жұмыс барысында қолданушы белгілі бір стимул сөзді енгізіп, оған респонденттердің қандай реакцияларды көрсеткенін көре алады. Әр реакцияның қасында оның жиілігі (қанша адам сол сөзді айтқан) санмен көрсетіледі. Осы көрсеткіштер арқылы қандай сөздер халықтың санасында бір-бірімен тығыз байланысты екенін анықтауға болады.

Кері сөздікте іздеу реакция сөзіне негізделеді: қолданушы белгілі бір реакцияны енгізгенде, ол қандай стимулдарға жауап ретінде айтылғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, жақша ішінде екі сан беріледі: біріншісі – сол реакцияның жиілігі, екіншісі – оның орны немесе реттілігі (бірінші, екінші, үшінші жауап).

Сайт қолданушысы сөздерді әріп, реакциялар мен стимулдар саны және арнайы сөз бойынша сүзгіден өткізе алады. Сондай-ақ, егер реакция ерекше, бейстандарт немесе мәдени аллюзияны қамтыса, Ctrl+S комбинациясы арқылы сол сөзге қатысты түсіндірме ашылады. Бұл түсініктемелер қолданушыға сирек немесе ерекше реакцияларды дұрыс түсінуге көмектеседі.

Сөздікте жекелеген анкеталар мен жиынтық мәліметтер де бар. Бұл құрылым тілтанушыларға, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ когнитивті лингвистика және семантикамен айналысатын зерттеушілерге өте пайдалы құрал болып табылады. Электронды формат сөздікпен жылдам әрі нақты жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, француз тіліндегі семантикалық құрылымдарды талдауға жаңа ғылыми негіз ұсынады.

Француз ассоциативті сөздігінің бір ерекшелігі – оның тек лингвистикалық талдау үшін ғана емес, сонымен қатар шет тілі ретіндегі француз тілін оқыту (FLE), аударма, мәдениетаралық коммуникация, когнитивтік және корпус лингвистикасы салаларында да практикалық қолдануға бағытталғандығы. Ассоциативті жұптар белгілі бір сөзді қабылдау кезінде қандай менталдық бейнелер мен мәдени концепттердің іске қосылатынын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – тілдер арасындағы өзара әрекеттесу жағдайында аса маңызды.

Сөздікті қолдану әртүрлі міндеттерді қамтиды. FLE оқытуда ол сөздік және семантикалық желілерді құрастыруда, яғни сөйлеудің табиғи тетіктеріне жақын әдістерді қолдануда негіз ретінде қолданылады. Когнитивтік лингвистикада бұл деректер фреймдер, сценарийлер мен концептілерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ассоциативті мәліметтер тілдік сананың әмбебап әрі мәдени-ерекше модельдерін анықтауға арналған салыстырмалы зерттеулер үшін де маңызды ресурс болып табылады [87].

Осылайша, Мишель Дебренннің француз ассоциативті сөздігі тек лексикографиялық ресурс қана емес, сонымен бірге француз тілі арқылы шындықты қабылдау мен танудың терең механизмдерін бейнелейтін мәдени-когнитивтік кеңістік ретінде де ерекше маңызға ие.

Орыс тілі ана тілі болатын респонденттердегі ассоциациялық реакциялардың динамикасын, сондай-ақ XX ғасырдың соңғы отыз жылы ішіндегі тарихи-мәдени кезеңдердегі ресейліктердің тілдік дүниетанымының өзгерісін зерттеуге мүмкіндік беретін, жан-жақтылығы мен ауқымдылығы, даму тарихы мен академиялық ортадағы танымалдылығы, кең қолданысқа ие болуы

мен осы салада ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғалымдар қауымдастығын туғызуға себепші болған ассоциативті лексикографиялық еңбектердің басым бөлігі дәл орыс тіліне арналған. Орыс ассоциативті сөздіктері бірнеше онжылдықтар бойы құрастырылып, орыс тіліндегі сөздер арасындағы семантикалық байланыстар мен ассоциативті өрістерді анықтауға бағытталған. Бұл саладағы алғашқы ірі еңбек – А.А. Леонтьевтің редакциясымен 1973 жылы жарық көрген *«Орыс тілінің ассоциативті нормалар сөздігі».* Бұл сөздік респонденттердің еркін ассоциацияларына негізделген тікелей сөздікті қамтиды. Кейіннен Г.А.Черкасова дайындаған кері сөздік пайда болды, ол 2006 жылы электрондық нұсқада жарияланып, деректерге қолжетімділікті жеңілдетіп, лингвистикалық талдау аясын кеңейтті.

Сөздік 500 жиі қолданылатын стимул-сөздерді қамтиды және әр стимулға респонденттердің еркін реакциялары тіркеліп, олардың жиілігі бойынша сұрыпталған. Ассоциативті өрістер арқылы әрбір стимул сөзге тән типтік реакциялар анықталады. Бұл сөздік орыс тілін ана тілі ретінде меңгергендердің тілдік санасының құрылымын зерттеуге арналған және психолингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

1994, 1996, 1998, 2002 жылдары Ю.Н. Караулов, Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова, Ю.А. Сорокин және Е.Ф. Тарасова редакциясымен жарық көрген *Орыс ассоциативті сөздігі* осы саладағы ең іргелі басылым болды. Ол екі томнан тұрады: тікелей (стимул → реакция) және кері (реакция → стимул) сөздіктер. Бұл сөздік 1988-1997 жылдар аралығында жүргізілген ауқымды сауалнамалар негізінде құрастырылған және 6624 стимул-сөзден тұрады. Сонымен қатар, әр түрлі кезеңдерде жасалған басқа да ассоциативті сөздіктер бар. Мысалы, А.А. Леонтьевтің редакциясымен 1977 жылы шыққан сөздік 1967-1973 жылдары жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде жасалған және барлығы 196 стимул-сөзді қамтиды. Ал Н.В. Уфимцева және әріптестері редакциясымен 2004 жылы жарық көрген сөздік 1998-1999 жылдардағы зерттеулерге негізделген және 112 стимул-сөзді қамтиды.

Тікелей ассоциативті сөздіктің сөздік мақаласында тақырыптық стимул-сөзден кейін ассоциат сөздер келтіріледі. Олар жиілігіне қарай кему тәртібімен орналастырылады, ал жиілік көрсеткіші әр ассоциаттан кейін жақша ішінде беріледі. Мақаланың соңында төрт сан көрсетіледі: біріншісі – барлық реакция саны, екіншісі – әртүрлі реакциялардың саны, үшіншісі – қатысушылардан бас тарту саны, төртіншісі – бір рет қана кездескен реакциялар саны. Сонымен бірге, өзі де стимул болып табылатын реакция сөздер курсивпен ерекшеленіп беріледі.

Нәтижесінде, Орыс ассоциативті сөздігінде 1 037 524 реакцияда тіркелген, шамамен 1,2 миллион сөзқолданыс қамтылған, бұл өз кезегінде 160 мың сөзформаны құрайтын 105 мыңға жуық түрлі реакцияны және 30 мыңнан астам лексикалық бірлікті білдіреді. Мұндай сипаттамалар сөздікті ассоциативті-вербалды желі ретінде қарастыруға жеткілікті негіз береді. Бұл желі орыс тілінің құрамын және ұйымдасу тәсілін модельдейді, әрі бұл құрылым бір орыс тіл иесінің тілдік санасына сәйкес келетін, жалпыланған тілдік тұлғаның тілге иелік етуін белгілі бір деңгейде бейнелейді және ішінара қайта жаңғыртады.

Респонденттерді іріктеу мынадай критерийлер негізінде жүргізілген:

1. экспериментке тек орыс тілі ана тілі болып табылатын тұлғалар ғана қатыса алған;

2. Олар қалалық тұрғындар болуы тиіс еді, бұл диалект ықпалын барынша азайту үшін қажет болған;

3. кең географиялық кеңістікті қамту ескерілген: респонденттер Ресейдің батыс шекарасынан Владивостокқа дейінгі, сондай-ақ Архангельскіден Белгородқа дейінгі аралықтағы қалалардан алынған;

4. авторлар әртүрлі ғылым салаларын қамтуға тырысты, сондықтан негізгі қатысушылар құрамын Ресей ЖОО-ларындағы барлық мамандықтағы 17-25 жас аралығындағы студенттер құраған.

Респонденттердің жас ерекшелігі де маңызды фактор болып табылған. Бұл жаста тілдік тұлға толық қалыптасқан деп есептеледі, сондықтан ассоциациялар арқылы қатысушының қалыптасқан тілдік қабілеті көрініс табады. Бұл қабілеттің мазмұндық сипаты (лексикалық қоры, құндылықтар иерархиясы, прагматикалық ұстанымдары) мен формалды-комбинаторлық мүмкіндіктері көпшілік үшін өмір бойы салыстырмалы түрде тұрақты болады.

Осыған байланысты, 1988-1997 жылдардағы ассоциативті эксперимент барысында алынған әлеуметтік, этикалық, мәдени-тарихи және бағалау сипатындағы реакцияларды зерттеу арқылы, қазіргі зерттеуші алдағы 20-30 жылда (яғни, сол кездегі қатысушылар қоғамның белсенді ядросына айналатын кезеңде) Ресей қоғамындағы ұжымдық сананың кейбір сипаттамаларын болжауға мүмкіндік алады [88].

Сөздік 1990-жылдары жүргізілген еркін ассоциативті эксперименттер барысында жиналған кең ауқымды мәліметтерге негізделген. Эксперимент әдістемесі стимул сөзге жедел түрде жауап беру арқылы психолингвистикалық реакцияларды тіркеуге негізделген. Осылайша тілдік санада қалыптасқан семантикалық байланыстармен қатар, мәдени стереотиптер мен когнитивтік модельдер көрініс табады.

Бұл бағытта жасалған келесі маңызды қадам – өңірлік сөздіктердің пайда болуы. Олардың қатарында 2014 жылы жарық көрген «Орыс өңірлік ассоциативті сөздігі» (ЕВРАС) бар. Ол Ресейдің еуропалық бөлігіндегі тұрғындардың тілдік санасының ерекшеліктерін сипаттайды. Сондай-ақ, А.В. Рудаков пен И.А. Стернин редакциясымен жарық көрген «Қолданыстағы орыс лексикасының ассоциативті сөздігі» (АСУРЛ) де аса маңызды. Онда жиі қолданылатын 1080 сөз қамтылған. Сонымен қатар, Г.А. Черкасова құрастырған Орыс салыстырмалы ассоциативті сөздігі (РСпАС) әртүрлі өңірлер мен уақыт аралықтарында алынған жауаптарды салыстырып, тілдік санадағы өзгерістер мен тұрақтылықты зерттеуге мүмкіндік береді.

Славяндық кеңістікте ерекше маңызға ие еңбек – Славяндық ассоциативті сөздік. Ол бірдей стимулдар негізінде орыс, украин, болгар, поляк және басқа да славян тілдерінде алынған ассоциативті мәліметтерді біріктіреді. Бұл деректер тек әр тіл ішіндегі лексика-семантикалық байланысты емес, сонымен қатар тілдер арасындағы ұқсастықтар мен мәдени ерекшеліктерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі цифрлық технологиялар ассоциативті сөздіктерді электронды түрде пайдалану мүмкіндігін береді. Мысалы, РСпАС электронды форматта ұсынылған, бұл зерттеушілерге стимул мен реакция бойынша іздеу жүргізіп, жиілік көрсеткіштерін талдауға, синтагматикалық және парадигматикалық байланыстарды зерттеуге, сондай-ақ өңірлік және тарихи ерекшеліктерді ескеруге жағдай жасайды. Бұл сөздіктер психолингвистика, лексикография, когнитивтік және мәдени лингвистика салаларында жұмыс істейтін мамандар үшін құнды дереккөз болып табылады. Себебі олар тілдегі шындық бейнесін, ұлттық дүниетанымды және тілдік сананың құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Орыс және жалпы славян тілдік санасын зерттеуге арналған үш негізгі ассоциативті сөздік – *А.А. Леонтьевтің редакциясымен жарық көрген Орыс тілінің ассоциативті нормалар сөздігі (ОТАНС), Славян ассоциативті сөздігі (САС)* және *Орыс салыстырмалы ассоциативті сөздігі (РСпАС)* – қазіргі психолингвистика мен когнитивтік лингвистика үшін құнды дереккөздер болып табылады.

Орыс тілінің ассоциативті нормалар сөздігі (ОТАНС) алғаш рет 1977 жылы А.А. Леонтьевтің редакциясымен жарияланды және орыс тіліндегі ассоциативті лексикографиядағы алғашқы ірі еңбек болып саналады. Сөздік 500 жиі қолданылатын стимул-сөздерді қамтиды және әр стимулға респонденттердің еркін реакциялары тіркеліп, олардың жиілігі бойынша сұрыпталған. Ассоциативті өрістер арқылы әрбір стимул сөзге тән типтік реакциялар анықталады. Бұл сөздік орыс тілін ана тілі ретінде меңгергендердің тілдік санасының құрылымын зерттеуге арналған және психолингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Славян ассоциативті сөздігі (САС) – бірнеше славян тілдерін қамтитын көптілді салыстырмалы зерттеу. Ол орыс, беларусь, украин және болгар тілдерінде жүргізілген ассоциативті тәжірибе нәтижелеріне негізделген. Сөздік тікелей және кері форматта құрылған. Онда әрбір тілге тән сөз тіркестерінің жиілігі, ассоциациялардың ерекшелігі мен типтілігі көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл сөздік ұлттық дүниетаным мен мәдени бейнелерді де ашуға мүмкіндік береді. САС славян халықтарының тілдік санасын салыстырмалы түрде талдауға арналған маңызды ресурс ретінде бағаланады.

Орыс салыстырмалы ассоциативті сөздігі (РСпАС) тілдік сананың уақыт бойындағы өзгерістерін көрсетуге арналған. Сөздік бірнеше онжылдықта жүргізілген үш ассоциативті эксперименттің мәліметтерін қамтиды: бірінші – 1967 жылы, кейінгілері – 1980–1990 және 2000–2010 жылдары. Әрбір стимул сөзге берілген реакциялар жиілігімен, қайталануымен және әр кезеңге тән ерекше реакциялармен ұсынылған. Бұл мәліметтер ассоциация нормаларының өзгеру үрдістерін, тұрақты және өзгермелі семантикалық байланыстарды зерттеуге мүмкіндік береді [89].

Бұл үш сөздік те славян халықтарының тілдік санасының құрылымын, семантикалық жүйесін және когнитивтік бейнелеу тәсілдерін зерттеуге арналған маңызды құралдар болып табылады. Олар психолингвистика, когнитивтік

лингвистика және мәдениетаралық коммуникация салаларында қолдануға өте ыңғайлы әрі ғылыми тұрғыда құнды.

Ассоциативті сөздіктерді әзірлеу тәжірибесі әлемдік психолингвистикада тілдік сана құрылымын, ұлттық дүниенің тілдік бейнесін және мәдени концептілердің ұйымдасу моделін айқындаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде қалыптасты. Бұл бағыттың ғылыми негізі XX ғасырдың екінші жартысында психолингвистиканың эксперименттік әдістерінің дамуына байланысты жүйелі сипат алды. Әсіресе еркін ассоциациялық эксперимент нәтижелерін жүйелеу арқылы тілдік сананың вербалды-ассоциативті желісін модельдеу орыс психолингвистикасында кең өріс алды. А.А. Леонтьев, Ю.Н. Караулов, Н.В. Уфимцева, В.Е. Гольдин еңбектерінде ассоциативті сөздік тілдік тұлғаның әлем бейнесін қайта жасаудың құралы ретінде қарастырылып, ядро-периферия, жиілік, реакция типологиясы, вербалды сана сияқты ұғымдар ғылыми айналымға орнықты енгізілді.

Әлемдік тәжірибеде ассоциативті сөздіктердің дамуы қазіргі цифрлық платформалар арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Соның ішінде халықаралық Small World of Words жобасы әртүрлі тілдердегі миллиондаған ассоциативті реакцияларды жинақтап, оларды салыстырмалы когнитивтік және мәдени зерттеулерге пайдалануға мүмкіндік берді. Мұндай платформалар ассоциативті нормаларды ұлттық шеңберде ғана емес, кросс-лингвистикалық және полимәдени кеңістікте қарастырудың тиімді моделін ұсынады. Бұл тәжірибе ұлттық ассоциативті сөздікті цифрлық база ретінде құрудың заманауи ғылыми талаптарын айқындайды.

Түркі және посткеңестік кеңістікте де ассоциативті сөздіктерді құрастыру тәжірибесі біртіндеп қалыптасты. А. Супрун мектебінің ықпалымен беларус, латыш, қырғыз және түрік тілдерінде ассоциативті сөздіктер жасалып, ұлттық тілдік сананың құрылымдық ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан зерттелді. Бұл тәжірибелер ассоциативті сөздіктің тек лексикографиялық ресурс емес, этнопсихолингвистикалық модель екенін дәлелдеді.

Қазақстандық тіл білімінде ассоциативті сөздік жасау тәжірибесі соңғы жылдары белсенді дами бастады. Бұл бағытта Н.В. Дмитрюк, Г. Абрамова және қазақстандық психолингвистердің еңбектері ерекше орын алады. Қазақстанда қазақ-орыс және орыс-қазақ ассоциативті сөздіктерінің жарық көруі ұлттық тілдік сананың этномәдени ерекшеліктерін, билингвалды және көпэтносты ортадағы тілдік ассоциациялардың құрылымын зерттеуге мүмкіндік берді. Зерттеулерде ассоциативті ядро құрамындағы базалық этникалық құндылықтар, мәдени сценарийлер және ұлттық концептілердің тұрақтылығы анықталды.

Отандық тәжірибенің маңызды ерекшелігі – ассоциативті сөздіктерді тек жалпы лексика емес, ұлттық құндылықтар, сакралды лексика, туыстық атаулар, салт-дәстүрге қатысты ұғымдар негізінде модельдеуге ұмтылуында. Бұл үрдіс қазақ тіліндегі ассоциативті зерттеулерді этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және аксиологиялық талдаумен ұштастырады. Соның нәтижесінде ассоциативті сөздік ұлттық мәдени кодты, тарихи жадты және ұрпақаралық мәдени трансляцияны зерттеудің маңызды құралына айналып отыр.

Жалпы алғанда, әлемдік және отандық тәжірибені салыстырмалы талдау ассоциативті сөздіктерді әзірлеудің бірнеше негізгі ұстанымын айқындайды:

– стимулдар тізімін ғылыми негізде таңдау;
– еркін ассоциативті экспериментті стандарттау;
– реакцияларды жиілік және құрылымдық тұрғыдан өңдеу;
– ядро-периферия моделін құру;
– ұлттық-мәдени және полилингвалды ерекшеліктерді есепке алу.

Осы ұстанымдар зерттеу жұмысында ұсынылған қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігін модельдеудің әдіснамалық негізін құрайды. Яғни әлемдік және отандық тәжірибелердің теориялық-әдістемелік сабақтастығы қазақ ұлттық құндылықтарын қамтитын 64 стимул мен 22 307 реакциядан тұратын авторлық, ұлттық ассоциативті сөздікті жасауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде ұлттық тілдік сананың құрылымын, мәдени кодтың ядросын және ассоциативті өрістің морфологиялық-семантикалық ұйымдасуын кешенді сипаттауға жол ашады.

2.2. Лингвистикалық зерттеулердегі ассоциативті сөздіктердің теориялық және қолданбалы маңызы

Тілдік заңдылықтар мен психикалық құбылыстарды зерттейтін ғылымдар саласы – лингвистика мен психологияның тоғысында туындаған психолингвистиканың ең танымал әдістерінің бірі – еркін/мақсатты ассоциативтік эксперимент нәтижелерін пайдаланатын, соның нәтижесінде адамзаттың жалпы/ұлттық менталды лексиконын, ұжымдық ой-санасы, бірегей ассоциациялары мен моральдық құндылықтарын, т.б. байқап, бағамдауға мүмкіндік беретін ассоциативтік сөздіктердің ғылым әлеміндегі академиялық та, тәжірибелік те мәні мен маңызы зор.

Шынында да, ассоциативтік лексикография мамандарының еңбектері мен сөздіктеріне талдау жүргізе келе, ассоциативтік сөздік өз табиғатына сай, яғни дескриптивтік сипатына орай, сөз семантикасын психолингвистикалық сипаттау материалы болып, бұл деректер ассоциация түрлері, реакциялардың саны мен сапасы, лексиконның әр алуан реңкі бойынша стимул сөздің мағынасы туралы белгілі бір ақпарат беріп, сонымен қатар, эксперимент жүргізіліп отырған тілде сөйлейтіндердің ассоциативтік тілдік желісін, коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктерін сипаттайтын сөздік болып саналатынына көз жеткізуге әбден болады. Ғалым Е.И. Горошко «Еркін ассоциативті эксперименттің интегративті моделі» еңбегінде аталған сөздікті келесідей анықтайды: «Ассоциативтік сөздік дегеніміз еркін ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған ассоциативтік өрістердің (нормалардың) реттелген жиынтығы». Әдетте, ассоциативтік сөздіктер ассоциативтік нормаларды белгілейді, олар тиісті стимулдардан туындайтын 247 ұжымдық ассоциативтік өрістер ретінде түсіндіріледі («1000 немесе одан да көп адамнан жиналған реакциялар жиынтығы, кейде бұл көлем «кеміп», 500-700 адамға дейін жетуі мүмкін, ал кей кезде зерттеу мақсатына қарай 100 бірлікке жететін ассоциативтік өрістерге рұқсат беріледі» [2].

Ал Мәскеу психолингвистикалық мектебін құрушылардың бірі, славян, француз, қытай тілдері бойынша ассоциативтік сөздік авторы, филология

ғылымдарының докторы, профессор Н.В. Уфимцеваның осы лексикографиялық еңбектерге берген анықтамасы мынадай: «Ассоциативтік тезаурус – бұл мәдени біліммен (тілдік және тілдік емес мәнде) жұмыс істеу ережелерінің жиынтығы болатын сана моделі. Нәтижесінде, сөздікті қолданушы белгілі бір мәдениеттегі дүниетаным туралы түсінігін қалыптастырады. Сондай-ақ, ассоциативті тезаурус белгілі бір ұрпаққа жататын орташа тіл иесінің ауызша жадын модельдеудің бірегей мүмкіндіктерін көрсетеді. Ассоциативтік тезаурус – коммуниканттардың сана бейнелерін, өзара түсіністікке жеткілікті бейнелерді көрсететін лингвистикалық белгілер жүйесінің моделі» [90, 35].

Ассоциативтік лексикографияның осындай жан-жақты сипатына байланысты оның ғылыми-зерттеу, қолданбалы мақсаты мен қолданысы да кең болып келеді. Филология, психология ғылымдарының докторы, профессор А.А. Леонтьев орыс тілі бойынша құрастырылған «Ассоциативтік нормалар сөздігінің» алғысөзінде бұл сөздіктің шетелдіктерге орыс тілін оқытуда қажет екенін түсіндіреді, себебі ол, біріншіден, сөздердің субъективті түрде жиі кездесетін семантикалық (парадигматикалық) байланыстарын көрсетеді; екіншіден, ол сөздердің ең маңызды синтагматикалық байланыстарын және тіл иесінің санасына ең жақын біртұтас тіркесімдер, мысалы, фразеологиялық бірліктерді көрсетеді; үшіншіден, бұл сөздік орыс тіліне тән семантикалық байланыстарды, әсіресе орыс мәдениетін және жалпы елтану мәселелерін индекстейді, олар қарапайым сөздіктерде көрінбейді, әдетте, көпжылдық сөйлеу тәжірибесі процесінде ғана меңгеріледі. Олар селективті емес, жаппай эксперименттің нәтижелерін береді, бұл оларды бірегей лингвистикалық және паралингвистикалық ақпарат көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ассоциативтік нормалар статистикалық гипотезаларды ұсыну мен тексеру үшін бірегей материал бола отырып, математикалық өңдеуге оңай түседі. Сонымен қатар, ассоциативтік нормалар сөздің ассоциативті мағынасын ашуға көмектеседі [53, 4-5, 10].

Ал 2014 жылы Н.В. Дмитрюк, Д.А. Молдалиева, В.Д. Нарожная т.б. ғалымдардың басқаруымен жарыққа шыққан «Қазақша ассоциациялық сөздікте» АС-ның (ары қарай АС – Ассоциативтік сөздік) психологиялық қырына тоқталады: «Ассоциативтік сөздіктердің теориялық негізі психологияда негізделген – «адамның іс-әрекеті пен қарым-қатынасы құрылымында қабылданатын нақты шындық құбылыстары оның санасында осы құбылыстарды қабылдаудан туындаған құбылыстар мен эмоциялардың себеп-салдарлық, уақытша, кеңістіктік байланыстарын түсіретін етіп бейнеленеді» деген ойға сүйенеді» [91, 7]. Расында да, сенімді экспериментке негізделген АС-ның ауқымды деректер қоры кез келген этностың ішкі рухани әлемінен ақпарат беретін лингвистикалық және психолингвистикалық білімдер жүйесін құрай алады. Осылайша, АС зерттеліп отырған тілде сөйлейтін халықтың, тіл иесінің психолингвистикалық портретін ұсынады. Бұл өз кезегінде кешенді психологиялық-лингвистикалық сот сараптамасын жүргізуге түсіндірме, терминологиялық сөздіктермен қоса айтарлықтай көмектесе алады. Атап айтқанда, тілдік тұлға сөз орамының психолингвистикалық және лингвистикалық, психо-паралингвистикалық ерекшеліктерін анықтау және

белгілеу; іс барысында сотты қасақана жаңылыстыру, сөз орамынан қатысушыларға қысым белгілері, жатталған тілдік бірліктер, автордың коммуникативті ниеттерін айқындауға септігі зор.

«Ассоциативтік өрістерді қамтитын сөздік лингвокриминалистер үшін сот-авторлық сараптамалар жүргізу кезінде, белгілі бір құжатты жасауға қатысқан адамдардың жеке ассоциативтік сөздігімен салыстырмалы талдау жүргізу кезінде; анонимді құжат авторының әлеуметтік-өмірбаяндық портретін жасау кезінде де қызықты болады» [2].

Ғалым Ф.И. Артықбаеваның зерттеулерінде АС-ның этностың базалық құндылықтары, тілдік сана мәселесіне де қатысы бары атап көрсетіледі: «А.А. Залевскаяның кері сөздіктердің материалдарын пайдалану идеясы өте нәтижелі болды және оны басқа ғалымдар ассоциативтік тезаурустарды құрастыру үшін қабылдап, сәтті қолданды. Сол қағида бойынша Дж. Киштің «Ағылшын тілінің ассоциативтік тезаурусы» әдістемесі негізінде әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, сана бейнелері, тілдік сана сияқты ұғымдарды зерттеумен айналысқан Мәскеу психолингвистикалық мектебінің өкілдері Е.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцева, Ю.Н. Караулов және басқалардың бастамасымен «Орыс ассоциативтік сөздігін» (2002 жылы Ю.Н. Караулов құрастырған сөздік) құру жобасы жүзеге асырылды.

Ассоциативтік зерттеулерде адамның менталды лексикасын ұйымдастыруда белсенді ядроны бөліп көрсетудің қалыптасқан тенденциясы орыс, украин, беларусь, болгар сияқты славян тілдері үшін лингвистикалық сана бейнелерінің ұлттық мәдени ерекшелігі мен жүйелілігін; баланың тілдік тұлғасының семантикалық үстемдігін; мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқушысының әлем бейнесінің ерекшеліктерін зерттеу; кәсіби қарым-қатынастағы сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін т.б. анықтауда тиімді қолданылды. Осылайша, бұл кең тіларалық және мәдениетаралық салыстырулар мен көп қырлы психолингвистикалық зерттеулерге мүмкіндіктер ашады [92, 53-64].

Осы тұрғыдан келгенде, АС көмегімен белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің тілдік санасын зерттеу, яғни лингвомәдени қауымдастықтың ойлау жүйесін, әлемнің ұлттық бейнесінің әмбебап/этникалық ерекшеліктерін, танымдық қызметі, дүниетаным ерекшеліктерін, базалық/мәдени құндылықтарын түсінуге мүмкіндік туады. Ғалым С.В. Лурье Психолингвистиканың маңызды ұғымы ретіндегі «әлем бейнесіне» былайша тоқталып өтеді: «Дәл осы әлемнің бейнесі этносты қоршаған әлемге бейімдеудің әмбебап тетігі болып табылады, өйткені оларға осы этникалық мәдениеттің өкілі әрекет ететін координаттар жүйесі беріледі. Этностың даму процесінде әлемнің бейнесі өзгеруі мүмкін, бірақ ұжымдық бейсаналыққа жататын этникалық бейсаналықтың құрылымдық элементтері – этникалық тұрақтылар өзгеріссіз қалады» [93, 228].

Осында аталып өтілген «тілдік сана» термині Н.В. Уфимцеваның пікірінше, «белгілі бір мәдениеттің әлемінің тіл арқылы бейнеленген бейнесі, мәдениетті жеткізушінің нақты әлем объектілері туралы перцептивті, тұжырымдамалық және процедуралық білімдерінің жиынтығы» [94, 208].

А.А. Шаяхметованың зерттеуі бойынша адам өмірінің өзгерген түрі ретіндегі тілдік сана – «адамның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін және оның ұлттық-мәдени ұғынуын вербалдау тәсілі, оған материалдық (сананың материалдық субстраты ретінде тілдік білім), идеалдық (психикалық күйлер, семантика), ақыл-ой қызметі процесінде өзектенетін әлеуметтік-мәдени тәжірибе (әлем туралы білім) кіреді. Тілдік сана – ұлттық, қоғамдық сананың бір бөлігі, мәдениеттің ерекшеліктері, әлемнің айрықша бейнесі түрінде тілде ерекше көрініс тапқан кез келген ұлттың психикалық құрылымы туралы мәліметтерді қамтитын психикалық құрылым қабаты» [95, 97].

Зерттеу жұмыстарынан байқайтынымыздай, АС-ның жалпы тіл білімі, оның ішінде, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, т.б. зерттеу нысандарын анықтап, оларды тереңірек таныта алады. Себебі, «тілдік сана» ұғымы күрделі әрі көп қырлы: «әлем бейнесі», «этномәдени сананың проекциясы», «когнитивті-эмоционалды және аксиологиялық құрылымдар», «вербалды-семантикалық құрылым» т.б. тәрізді анықталатын «тілдік сананың» нақты ұлт, халықтың танымдық кеңістігін бейнелеудің ассоциативті-семантикалық формасы деп АС тұрғысынан қарастырудың ғылыми мәні бар.

Ассоциативтік сөздіктердің тағы бір практикалық қолданыс аумағы – медицина, психология, психиатрия салалары. Ол ассоциативтік сөздіктердің ассоциация өрісі – стимул мен реакциялар тізбегінің тығыз байланысы, демек, мида тілдік «ассоциациялардың» пайда болуымен түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде ассоциациялардың физиологиялық негізін жануарлардағы шартты рефлекстерді зерттеу кезінде И.П. Павлов ашқан уақытша жүйке байланыстарының пайда болу механизмі деп көрсетіледі. «Олардың пайда болуы үлкен жарты шардың қыртысындағы екі қозу процесі сәйкес келгенде және қайталану нәтижесінде бекітілгенде пайда болады. Бұл байланыстарды И.П. Павлов уақытша байланыстар деп атады. Ғалым уақытша жүйке байланысы жануарлар мен адамдар әлеміндегі әмбебап физиологиялық құбылыс деп есептеді» [96]. Г. Кларк «Біз күнделікті ойнайтын басқа тілдік ойындардан айырмашылығы, сөз-ассоциация ойыны – бұл жасанды, туынды құбылыс, ол өздігінен қызықты болғандықтан емес, оның негізінде жатқан тілдік механизмдердің қасиеттерін ашатындықтан маңызды. Біздің ассоциация құру қабілетіміз тілді түсіну және шығару қабілетімізден туындайды. Осы себепті тіл осы ассоциацияларды түсіндіруде орталық рөл атқаруы керек» деп ассоциацияның туындауын адамның тілдік қабілеттерімен байланыстырады [97, 272].

Ассоциативтік сөздіктер лингвистикалық еңбек ретінде шет тілін үйретуші оқытушыларға, кәсіби редакторлар мен корректорларға қажет. Ассоциативтік реакциялар ұсынылған стимулдың семасын, оның синонимдік, антонимдік, паронимдік және омонимдік қатынастарын, семантикалық үйлесімділігін, конннатациялық реңктерін, халықтың ауызша/жазбаша әдеби қорында кездесетін бейнелі сөз орамдары мен тұрақты сөз тіркестері, прецеденттік мәтіндердің құрамында болу заңдылығы мен ретін көрсетіп береді. «Орыс тілін үйренуші үшін тезаурустың әр мақаласында белгілі бір фрейм, ана тілінде сөйлейтіндер стандартты сөйлеуде ойнайтын барлық сөз тіркестерінің

жиынтығы бар. Ол оқу объектісіне, сөйлеу моделіне айналуы мүмкін, оны үйреніп, сөйлеуде еркін қолдану керек. Болашақта адамның ассоциативті жадына барынша сүйене отырып, орыс тілінің сөйлеу модельдерін оқытуға арналған сөздік негізінде арнайы ассоциативті әдістемені құру өте қызықты болып көрінеді» [2].

2000 жылдардан бері әлемнің бірқатар дамыған елдерінде халықтың, жалпы ұлттың психикалық денсаулығы мәселесіне көп көңіл бөлініп жүр. Соңғы онжылдықтағы табиғи, экологиялық апаттар, террористік актілер, ұлттық қақтығыстар, көші-қон процестерінде дәрігер-психиатрлардың рөлі артқанын байқауға әбден болады. Осы ретте АС-ның де қолданысы орынды болмақ. Себебі АС құрастырудың бастапқы тәжірибелерінде бұл сөздікті осындай медициналық мақсатта эксперименттер жүргізіп, қосымша құрал ретінде пайдалануға болады деп болжамдар жасалған болатын. Қазірдің өзінде науқастың психологиялық жағдайының қалыптылығын тексеріп, анықтау және қорытынды жасау тәсілдерінің бірі, сондай-ақ, жеке адамның ерекше және өзіндік ойлауына баса назар аударуда (мысалы, шығармашылық тұлғалардың) АС көмекші ақпарат көзі бола алады.

АС-ның негізгі материалдық қоры болып табылатын ассоциативтік эксперименттің тарихына көз жүгіртсек, оның медицина ғылымымен тығыз байланысын аңғарамыз. «К. Юнг еркін ассоциация әдісін қолданып, соның арқасында шизофрения белгілері бар науқастардағы жасырын әсерлерді өзекті ете түсті. Ол 100 сөзден тұратын тізімді дайындап, ұсынылған сөздерге ауызша жауап беруге тырысқан кездегі адамдардың мінез-құлқын зерттеді. Осында К. Юнг кейде психогальванометр сияқты құрылғыларды да қолданып, жасырын тәжірибелерімен субъектінің алақанынан бөлінген терден электр өткізгіштігінің өзгеретінін көрсетті. Ғылыми әлем К. Юнг эксперименттерінің нәтижелерінен еркін ассоциация әдісін жеке тұлғаны терең талдаудың болашағы бар диагностикалық құралы ретінде бағалады. Мәселен, шизофрениямен ауыратын науқастар сөздердің тұлғасы мен мағынасын үнемі өзгертіп, семантикалық және сөзжасамдық неологизмдерді құрастырады, яғни бейсаналы түрде өздері үшін ұғымды немесе затты толық көрсететін жаңа сөздерді ойлап табады. Осылайша, тілдік нормадан ауытқу – бұл ми қызметінің жасырын процестерінің аздап байқалатын шыңы, бұл, физиктер айтатындай, күрделі нейрофизиологиялық әрекет орын алатын «қара жәшік».

XX ғасырдың басында АҚШ-та Грейс Кент пен Аарон Розанов ағылшын тіліндегі 100 сөзден тұратын тізімді ұсына отырып, психикалық ауытқуларды диагностикалау үшін қалыпты емес ассоциацияларды анықтауды мақсат етті. Алайда, субъектілер (психикалық ауытқулары бар адамдар) қалыпты емес реакцияларды дұрыс бере алмаған. Бірақ кейіннен сау адамдардың қалыпты жауаптарын алуға мүмкіндік туған. Г. Кент және А. Розанов 1910 жылы «Ағылшын тілінің ассоциативтік нормаларының сөздігі» атты басылымымен эксперименттік психолингвистикалық зерттеулердің қарқынды өсуін бастап берді, оның мақсаты тек психологиялық емес, сонымен қатар, алынған материалды лингвистикалық түсіндіру болды [15, 9-10].

Жоғарыда аталған американдық ғалымдар Грейс Кент пен Аарон Розанов «Ағылшын тілінің ассоциативтік нормаларының сөздігін» Кингс Парк мемлекеттік ауруханасының шизофрения, паранойя, эпилепсия, маниакалды-депрессивті психоз, жалпы парез, инволюциялық меланхолия, алкогольдік психоз және кәрілік деменция сияқты патопсихологиялық жағдайлардағы науқастарының жауаптары бойынша ассоциативтік өрістердің табиғатына зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ғалымдар зерттеу барысында мынадай патологиялық реакцияларды кездестірген: «Олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады: (1) неологизмдерге бейімділік, әсіресе мағынасыз тип; (2) жіктелмеген реакцияларға бейімділік, негізінен біртұтас емес тип; және стереотиптік бейімділік, негізінен бір реакцияның әдеттен тыс жиі қайталануында көрінеді. Осындай жауаптар дыбыстық реакцияларға да тән» [15, 331].

Демек, психологтар мен психиатрлар ассоциативті-вербальды желінің деректерін қолдана отырып, патологияның болуын/болмауын, оның көріну дәрежесін, сананың өзгерген күйлерінің сипатын бағалай алады, сонымен қатар, осы патология туралы белгілі бір диагностикалық ақпарат бере алады [2].

АС-дағы стимулдарға берілген реакциялардың табиғаты, құрамы, эмоционалдық бояуы, жиілік көрсеткіштері, стимулдың мағынасы мен формасына қарай Психодиагностика саласында түстер мен эмоциялардың вербалдық символикасы, яғни тіл иесінің тілдік санасында әр түске қандай символдық мән берілетінін анықтауға талпыныстар жасалған. Орыс тілінің мысалында лексикографтар орыс тіліндегі 11 фокальды түстер мен гүл атауларының ассоциативті нормаларын жинап, талдаған. «жиналған нормаларға сүйене отырып және олардың сапалық, сандық талдауларын жүргізе отырып, түс семантикасының ерекшелігі оның көпмағыналы сипатында екенін анықтадық. Әрбір түс белгіленген және ассоциативті түрде пайда болатын жеке ерекшеліктен әмбебапқа дейінгі семантикалық мағыналар жүйесімен сипатталады. Түстердің семантикалық мағыналары көп деңгейлі, пәндік, эмоционалды-бағалау, метафоралық және басқа ассоциацияларды қамтиды. Сонымен қатар, ассоциативтік «түстің» нормаларына сүйене отырып, нәтижелерді формалдауға және семантикалық кеңістіктегі түстердің жақындық өлшемін орнатуға болады. Нормалар, сонымен бірге, түстер мен түс атауларының ассоциативтік өрістері мен адамның жеке басының әртүрлі биоәлеуметтік сипаттамалары арасында белгілі бір тәуелділіктер бар екенін көрсетті. Бұл нормалар түстер мен эмоционалды күйлер арасындағы күшті және жеткілікті айқын байланыстардың болуы туралы гипотезаны растады, олар эмоционалды мағыналардың терең және вербалды емес деңгейіне жатады» [2].

Ассоциативтік сөздіктердің материалдары жарнама бизнесінде, спичмейкерлер жұмысында, сөздің бұқаралық санаға әсерімен кәсіби түрде айналысатын салаларда қолданыла алады. Ол АС-ның адамның санасында сөздің немен көбірек байланысты екендігі туралы құнды ақпарат беретін анықтамалықтың бір түрі болуымен байланысты, сондықтан жарнамалық мәтін арқылы орындалатын коммуникативті міндетті осы ақпаратқа сүйеніп, осындай мәтіннің халыққа әсер етуінің тиімділігін бағалауға болады. PR мамандарына

жататын спичрайтерлер мен спиндокторлар, сондай-ақ, маркетолог, копирайтер, продакт-менеджер, криэйтор, промоутер, медиабайер, бренд-менеджер, GR-менеджерлерге, т.б кәсіби коммуникативтік мәселелерді шешуде бұқаралық ассоциациятивтік эксперименттерде жиналған ақпарат пайдалы. АС көмегімен жарнама қызметімен айналысатын мамандар халықаралық аренада ұсынылатын тауар/қызметтің мейілінше тиімді коммерциялық сәтті жоба атануы үшін әр халыққа жеке назар аударып, олардың психологиясын түсініп, осы мақсатта бағытталған, таргеттелген жарнамаларды жасап, санаға әсер ету және манипуляциялау стратегияларын жүзеге асырып, жарнамалық, презентациялық, үгіт-насихат, коммерциялық және т. б. міндеттерді атқарады.

Дәл осы «қажеттіліктер» үшін сөздікті аудармашылар, жазушылар, ақындар секілді қылқалам шеберлері де пайдалана алады. Сөздіктің әр мақаласы «орта сөйлеушінің тілдік айнасы» бола отырып, адамның күнделікті санасында сөздің аясында тұрған барлық мәндердің баға жетпес материалын береді. АС-дағы қажет сөзді өзінің шығармасындағы кез келген кейіпкердің сөзін дәлірек жеткізу немесе өлеңнен қажетті ұйқас табу үшін, саяси қайраткерлердің сайлауалды сөздерінен қажетсіз сөздерді «сызып тастау» үшін қолдана алады.

АС-ның ұлттық «тілдік сананы» анықтайтын сипатына орай, ол ішінара сол тілде сөйлейтіндердің жеке тобының тілдік санасын зерттеуде, кез келген тілдің тілдік өзегін де, арнаулы лексиканы да – этнонимдер (М.Х. Манликованың «Ассоциативный словарь русской этнокультуроведческой лексики»), архаизмдер, көнерген сөздер, терминдер (О.В. Иванованың «Ассоциативный словарь терминов») т.б., кең қолданыста жүрген, «тірі» фразеологизмдерді («Ассоциативный фразеологический словарь русского языка»), жас категорияларының тілдік санасын, мысалы, балалардың, жасөспірімдердің, мектеп оқушыларының («Ассоциативный словарь ребенка» (ассоциативный тезаурус детей 3-7 лет), «Ассоциативный словарь детей от шести до десяти лет», «Ассоциативный словарь подростка», «Русский ассоциативный словарь: ассоциативные реакции школьников I-XI классов»), кәсіби тілдік сананың («Русский ассоциативный словарь информационных технологий», т.б.) ерекшеліктерін анықтауда кәдеге жарайды. Кәсіби тілдік сананың ерекшеліктерін қарастырған ғалым Н.Ю. Одинокова «дәстүрлі ассоциативтік тезаурус материалдары мен кәсіби ассоциативтік сөздіктердің материалдары арасындағы түбегейлі айырмашылыққа сөздікте орташа тіл иесінің емес, бір әлеуметтік топқа жататын респонденттердің реакциялары тіркелуін жатқызамыз, олар осы топ өкілдерінің тілдік санасында көрінеді» [98, 103-105] деп, жұмысында осы пікірін дәрігерлер, математиктер мен филологтардың орыс және ағылшын тілдеріндегі кәсіби ассоциативтік сөздіктеріне сүйеніп, дәлелдеген. Осындай аспектілі сөздікке «Ақпараттық технологиялардың орыс ассоциативтік сөздігін» мысалға алсақ болады. Сөздіктегі стимулдардың қатарын ақпараттық технологиялар терминдері құраған.

АС түзу тарихында, сонымен бірге, бір ғана жеке тұлғаның да, ұлттың да уақыт бойынша тілдік санасының динамикасын көрсететін сөздіктер болған. Олар адам/халықтың тілдік санасында белгілі бір уақыт аралығындағы өзгерістер мен дамуынан хабар беретін құнды психолингвистикалық еңбектер

қатарына жатады. Осындай деректердің ғылыми маңызын зерттеуші А.А. Залевская атап көрсетеді: «Әртүрлі тілдердің тілдік нормалары мен тілдік бірліктің ассоциативтік қасиеттеріне арналған талдау жүргізу есте сақтау мен ішкі лексиканың құрылымын, адамның әлем туралы білімін реттейтін көптеген номинацияларды зерттеуге көмектеседі. Бұл бағыт аса өзекті, өйткені ол тілдік ойлаудың ерекшеліктерін зерттеуге, сондай-ақ, жасанды интеллектіні модельдеуге мүмкіндік береді. Ассоциациялар, олардың жіктелуі мен ассоциация механизмдері мәселесі әлем туралы білімді сақтауды және адамның есте сақтау құрылымын зерттеумен тікелей байланысты» [99, 87].

Тілдік тұлғаның санасындағы этномаркерлі бірліктер, мәдени құбылыстардың тілде бейнеленуін байқататын АС-ны мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар да өзара пайдалана алады. «Ассоциативті материал мәдениетаралық және пәнаралық зерттеулерге негіз жасайды, еркін ассоциациялардың «жалпыадамзаттық» сипаттамаларын да, сол немесе басқа мәдениеттің оларға беретін бірегейлігін де анықтауға көмектеседі» [100, 57].

Мысалы, түрік тіліне арналған ассоциативтік сөздіктен түрік қоғамының әртүрлі шындықтарын, сонымен қатар, түрік тілінің ерекшеліктерін көрсететін айрықша реакциялар көрініс табады. «Бұл реакциялар әлемнің ұлттық бейнесінің жарқын бөлігіне айналды. Олар басқа тілдердегі ассоциация стандарттарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Мұндай реакциялар ұлттық мәдениеттің символикасын білдіреді және ұлттық менталитетті түсіну үшін бай материал береді. Бұл реакциялар мәдени деп аталады. Олар ұлттық және отбасылық дәстүрлер, қоғамдағы әдет-ғұрыптар, этикет, ұлттық құндылықтар жүйесі, дін, тарих, әдебиет және өнер, музыка, медицина, білім, спорт, ғылым мен техника, география, саяси тәртіп, ұлттық қайраткерлер, әртүрлі көзқарастар туралы білімдерді қамтитын адамның фондық білімін көрсетеді» [51, 22].

Осындай «мәдени» танымдағы айрықша мысалдар ретіде орыс-ағылшын тезаурус деректеріне көз жүгіртсек, орыс тілінде сөйлейтіндер үшін «дос» сөзіне ең жиі кездесетін реакциялар – «адал, жау, балалық шақ, менің, жолдасым және ең керемет» болса, ағылшындардағы «friend» (ағылш. дос) стимулына ең жиі кездескен реакциялар – «жау» мен «қарсылас», содан кейін «қыз, жақсы» [101, 145]

Ю.Н. Караулов АС-ның лингводидактикалық маңызына тоқтала келіп, сөздікті шет тілін оқытуда тілдің мына қабаттарын дұрыс түсінуге болады деп көрсетеді:

– стимулдар мен оларға реакциялар, барлығы, шамамен, 12 мың бірлік тілдің лексикалық құрамын, грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық мағыналарды қамтып, күнделікті қарым-қатынас үшін қажетті және жеткілікті тілдік білімнің табиғи түрде азайтылған көлемін ұсынады. Бұл массивтің лексикалық бірліктерінің ішінде орыс ономастиконының барлық қырларын (антропонимдер, топонимдер, астрономиялық объектілер, этнонимдер, номенклатуралық атаулар және т.б.) көрсететін, орыс лексикасының ажырамас бөлігін құрайтын және елтанымдық білімды қамтитын жалқы есімдердің едәуір пайызы бар екенін есте ұстаған жөн.

– Әрбір ассоциативті мақала сөз тіркестеріне қатысты оқу тапсырмаларын құрудың көзі бола алады. Себебі сөздіктегі стимул мен реакцияның тіркесуінен пайда болған әрбір сөз тіркесін (мысалы, жорғалау – жерде, дайын – түскі ас, азамат – Сан-Францискодан, өту – көше, мұхит – үнсіздік және т.б.) ана тілінде сөйлейтіндер өздігінен сөйлейтін стандартты бірлік ретінде қарастыруға болады, сондықтан тіл үйренуші шетелдік үшін олар оқу объектісі, сөйлеу моделі, жаттауға болатын үлгі бола алады.

– Оқу процесінде сөз тіркестерінен сөйлемдер құру [88, 15].

Ассоциативтік сөздікті тілді білу мен сөйлеу кезіндегі біз білетін, анық байқалатын ақпараттан тыс, тіл иесінің санасының түкпірінде жататын жасырын ниеті мен білімінен жан-жақты хабар беретін көп қырлы, күрделі лексикографиялық еңбек деп қарастыра аламыз. АС – лингводидактикада тілді зерттеуші мен үйренуші білім алушының лингвистикалық құзыреттілігін арттыратын құрал. Ол лексика қабатында сөздік қордың дамуына ықпал етіп, грамматикалық мағына мен формаларды және сөздер арасындағы синтаксистік байланыстарды түсінуге, стимул-лексеманың эмоционалды-экспрессивті коннотацияларын анықтауға, зерттеліп отырған тілдің лингвистикалық негіздерін тереңірек түсінуге ықпал етіп, тілдерді оқыту процесін жеңілдетеді. Сонымен бірге, тілдік тұлғаның/этномәдени қауымдастықтың, кәсіби маманның т.б. санасындағы әлемнің тілдік бейнесін лингвистикалық жағынан да, мәдени, әлеуметтік, тарихи, философиялық, т.б. тұрғыдан білуге септігін тигізеді. АС-ның тіл иелерінің психологиясын, дүниетанымын түсінуге көмектесетін қыры арқылы маркетинг, PR сияқты жарнамалау, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуші сала мамандары өз міндеттерін тиімді атқара алады. АС мәдени ерекшеліктерді анықтайды, осылайша, этносаралық, мәдениетаралық коммуникацияны, қарым-қатынасты жеңілдетеді. Белгілі бір ғылым саласы қызметкерлерінің кәсіби лингвопсихологиялық портретін жасауда, мәтінді лингвистика-криминалистикалық талдау кезіндегі ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлау, іскерлік беделді төмендету туралы шағымдар бойынша лингвистикалық сараптамада АС қолданылады. Бұлардан бөлек, лингвистиканың, әсіресе, когнитивтік лингвистика, психолингвистика салаларының, аударматану, филология, психология, патопсихология, психиатрия, елтаным, журналистиканың, т.б. теориялық, тәжіриелік мәселелерін тереңнен танып, шешуге АС-ның деректер қорының әлеуеті толықтай жетеді.

3 АССОЦИАТИВТІ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ АССОЦИАТИВТІ СӨЗДІКТІ МОДЕЛЬДЕУ

3.1 Ассоциативті деректерді өңдеу және талдау әдістері

Қазіргі таңда тілдің ішкі заңдылықтарын ашу үшін сандық тәсілді қолдану қазақ тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. А. Ахабаев, Қ. Бектаев, А. Белботаев, А. Зекенова, С. Мырзабеков, А. Жұбанов т.б. ғалымдар қазақ тіліндегі сөз таптарының, оның ішінде зат есім, етістік және сын есімдердің құрылымдық ерекшеліктеріне статистикалық тұрғыдан талдау жүргізіп, біршама тілдік маңызды қорытындылар жасады.

Қазақ тілін лингвостатистикалық тұрғыдан зерттеу 1968 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында «Лингвистикалық жұмыстарды автоматтандыру және тіл статистикасы» тобының құрылуымен байланысты әрі жүйелі, әрі нәтижелі бола бастады. Оған бірден-бір атсалысқан: А. Ахабаев, Қ. Бектаев, А. Белботаев, А. Зекенова, С. Мырзабеков, А. Жұбанов және тағы басқа тілші-ғалымдарды атап өтуге болады [102].

Ғалым К. Ахановтың сөзіне жүгінер болсақ, тіл білімі ғылымы математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық статистика әдістерінің қолданылуы жағынан тығыз байланысады. Математикалық статистика әдісі сөздіктерді жасауда оларға енетін сөздер тізбегінің аумағын белгілеуге және байланыс техникасында дыбыстардың қолданылу жиілігін айқындауға көмектеседі [103, 30].

Қазақ тіл білімінде де квантитативті я сандық әдістің тілдің көптеген салаларында кеңінен басшылыққа алынғаны байқалады. Мысалы, С. Мырзабеков [104] қазіргі қазақ тілі етістіктерінің құрылымын статистика-лингвистикалық әдіс арқылы талдауға барса, А.Б. Белботаев қазақ мәтіндеріндегі сөз таптарының лингвостатистикалық сипаттамасын, сондай-ақ ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуын зерттеуде [105], [106, 225-230], [107, 543-552], ал А.Қ. Жұбанов қазақ мәтінінің квантитативті құрылымын қарастыруда [108, 79-86], А. Ергалауов қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс формаларының статистикалық сипаттамасын [107, 62-63] беруде тікелей сандық әдіске жүгінген.

Бұл мәселеде қазақ тілі материалы бойынша статистикалық зерттеулер жүргізген проф. А.Қ. Жұбановтың пікірі маңызды, ғалымның есептеуінше, тілдік құбылыстың жиілігі – универсалды тілдік категория. Бұл жерде тіл зерттеу барысында тек математикалық, дәлірек айтсақ, статистикалық әдіс-тәсіл мен математикалық өрнекті қолдану туралы ғана сөз болып отырған жоқ, сонымен бірге сандық сипат белгілі бір тілдің ішкі табиғатына объективті түрде тән деп түсінген жөн. Шынында да, бүгінгі таңда тіл құрылымындағы сапалық және сандық сипаттар іштей тығыз байланыста болатыны күмән туғызбайды. Тілді статистикалық тәсілдермен зерттеу тілші-мамандардың субъективті тұжырымдарын не объективті шындыққа айналдыруға көмектеседі немесе оның теріс екендігін дәлелдеп береді [109, 11].

Қазіргі заманғы әлемдік және отандық лексикографияның дамуының айрықша ерекшеліктерінің бірі – онда квантитативтік\квалитативтік талдауды кеңінен қолдану. Қазіргі уақыттағы лингвистикадағы ерекше бағыт – ассоциативті лексикографияның белсенді дамып келе жатуы да аталған сандық және сапалық әдістердің тікелей көмегіне жүгінуге байланысты. Ассоциативті эксперименттің қарапайым стимул сөздерін жинау, оларға берілген реакциялардың жиілігін шығарып, санын есептеуде квантитативті талдау жүргізілсе, сондай-ақ олардың семантикалық, коннотациялық, аксиологиялық, когнитивтік, прагматикалық, этнолингвистикалық т.б. ерекшеліктерін анықтау квалитативтік талдау арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде, орта тіл иесінің тілдік санасының лексикографиялық еңбек түріндегі жалпы көрінісі – ассоциативті сөздік болып жарыққа шығып, интро, экстралингвистиканың теориялық және практикалық мәселелерін шеше алатын маңызды жұмыс санатына енеді.

Ассоциативті сөздіктер – белгілі бір тілдің лингвомәдени санасының көрінісін, адамның әлем туралы білімінің вербалданған түрін айшықтайтын дескриптивтік лексикографиялық еңбек. Басқаша айтқанда, осындай лексикографиялық басылымдар тіл иесінің күнделікті өміріндегі ойынан, коммуникацияға түскендегі тілдік құралдарынан көрініс табатын әлемінің бейнесін, субъектінің мәдени фонын көрсетеді.

Лингвомәдени сана дегеніміздің өзі – тілдік сананың айнасы, өйткені ұлттық менталитет тілдің дамуы мен қызметіне тікелей әсер ететін құзыреттілікке ие. Ол тілдік бірліктердің көмегімен жеке адамның да, бүкіл халықтың да құндылықтарын, эмоциясын, тәжірибесін объективті түрде ұсынады. Ғалым А.А. Леонтьев «әр халықтың дүниетанымы мен әлемді түсінуінің негізінде пәндік мағыналар, әлеуметтік стереотиптер, когнитивті схемалар жүйесі жатыр. Сондықтан адамның санасы әрқашан этникалық тұрғыдан шартталған қасиетке ие болады... бір халықтың әлемге деген көзқарасын басқа халықтың мәдениетінің тіліне қарапайым «қайта кодтау» арқылы аудару мүмкін емес» [100, 20] деп жазады.

Зерттеуші Н.С. Розов жалпы «сана» терминін физиологиялық тұрғыдан қарастырып, келесі пікірімен бөліседі: «Сана (өзінің толық дамуында) – субъективті тәжірибедегі сенсорлық және семантикалық бейнелеудің тұтас өрісі: зейіннің назарын нысаннан нысанға аудару, басқа жерлерде және уақытта не болып жатқанын қарастыру, семантикалық контексттерде не болып жатқанын тану және ой елегінен өткізу, шешім қабылдау және тиісті мінез-құлық жасау үшін бұрын жинақталған көріністерді пайдалану» [111, 24-25]

Ал осы ассоциативті сөздіктердің материалдар базасы тікелей квантитативтік әдістің көмегімен жинақталып, лексикограф ғалымдар кейіннен сөздіктің алғысөзі мен диссертациялық жұмыстары мен монографияларында санның сапасын квалитативтік әдіспен шығарып, терең және жан-жақты лингвистикалық талдаулар жүргізген.

Тіл ғылымында сандық зерттеулердің қажеттігін математикалық лингвистиканы жақтаушылармен қатар аса көрнекті дәстүрлі тіл білімінің өкілдері де мойындап отыр. Жазба әдебиет пен сөйлеу тіліндегі түрлі типті сөздердің әр ыңғайдағы жиілігін анықтайтын мұндай тәсілдің құрылымдық-

грамматикалық, кейде стильдік-семантикалық айырымдарын ажырата отыра осы стильдерге тән қасиеттерді анықтауға көмектеседі. Барлық грамматикалық категорияларды сандық тәсілмен талдау олардың бүкіл әдеби тіл сфераларындағы функционалдық салмағын көрсетуге мол мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Квантитативті және квалитативті (квантитативті – лат. quantitas – мөлшер, көлем; квалитативті – лат. qualitativus – сапалы) талдау тіл білімінде кеңінен тараған және оның тармақталуына негіз болған. Сондықтан да квантитативті өлшемдер тілдің жаратылысын, табиғатын бейнелеу арқылы оның ішкі механизмін терең тануға тигізер көмегі зор. Сөз жүйесін зерттеуде квантитативті және квалитативті лингвистиканың атқарар қызметі ерекше. Тілді зерттеудің квантитативті (сандық) және квалитативті (сапалы) талдаулары лингвистика тарихында әр түрлі мезгілде және бір-біріне тәуелсіз дамып келді. Алайда бұл тәсілдер бір-біріне қарама-қайшы бола алмайды. Қазіргі таңда тіл білімінде квалитативті және квантитативті әдістерді синтездеу, тілдік өлшемдерді және сандық әдісті кеңінен қолдану – жинақталған мәлімет пен жиіліктің мазмұнын береді. Бүгінгі таңда тіл білімі ғылымының дәстүрлі квантитативті және квалитативті лингвистиканың дамуы жаңа ақпараттық технологияны қолдану мен лингвистиканы компьютермен меңгеруге зор ықпалын тигізеді. Бұл тұрғыда квантитативті талдаудың тілдік элементтер табиғатын тереңірек пайымдауға мүмкіндік беретінін атап айтуымыз керек.

Квантитативті лингвистика тілдің лексика-семантикалық жүйесін, морфологиялық және синтаксистік құрылымы мен мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін объективті түрде анықтайды.

Жалпы тіл білімінде тіл мен сөйлеуде көрініс табатын тілдік бірліктердің қызмет ету сипатын анықтауда квантитативті және квалитативті әдістер қолданылады. Квантитативті математикалық тіл білімінде шартты түрде алгебралық лингвистика деп аталатын бағыт айқындалған болатын. Квантитативті әдістерді тіл білімінің кейбір бөлімдерін математикалық сипаттауда қолдануға болады.

Басқа ғылым салаларында квалитативті және квантитативті әдістердің бірігуінен жүргізілетін жұмыстарды аралас әдістермен зерттеу («mixed methods research») (MMR) деп атап, «сандық және сапалық деректерді біріктіру арқылы зерттеушілер триангуляциямен айналыса алады, әртүрлі әдістердің бірін-бірі толықтыратын күшті жақтарын пайдалана алады және әртүрлі зерттеу сұрақтарын шеше алады. Осындай «интегративті стратегия» зерттеудің мәселелерін жан-жақты зерттеуді жеңілдетеді де, нәтижелерге әсер ететін контекстік факторларды тереңірек түсінуге ықпал етеді» деп, квалитативті және квантитативті әдістердің ғылым үшін пайдалы қырларына назар аударады [112, 16].

Ал 2014 жылы тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы қоғамдық, мәдени өмірдегі өзгерістері бар екінші ассоциативті сөздік – «Қазақша ассоциативті сөздік» деп аталынатын қазақ-орыс ассоциативті сөздігі де жоғарыда аталған, бірінші сөздік секілді Кент-Розанов тізімін негізге алып, Оңтүстік Қазақстан облысының әртүрлі жоғары оқу орындарының 1100-ден астам қазақ тілді

студенттері, шамамен 17-25 жас аралығындағы теңдей құрамдағы ер мен әйелдердің реакцияларынан құрастырылған. Құрастырушылардың ескертпесінде эксперимент жүргізуге ана тілі ретіндегі қазақ тілінде сөйлеу талабы қатаң ескерілген, экспериментке қатысу үшін қазақ мектептерін бітірген және институтта қазақ тілінде оқитын жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінің студенттері ғана қатыстырылған. Бұл сөздіктің басқа сөздіктерден құрастырылуы бойынша ерекшелігі – алғаш рет әр стимулдың ассоциативті өрісінде гендерлік ерекшелік ескерілген, ол дегеніміз сөздікте ерлер мен әйелдердің ассоциативті реакциялары ұсынылған. Сөздіктің рецензенті болған орыс тілшісі У.М. Бахтикереева «ҚАС мазмұнына ассоциативті сөздіктерді құрастыру тәжірибесіндегі тұңғыш рет 120 000-нан астам ассоциативті жауаптарды жүйелеудің гендерлік принципі енгізілді, бұл жеке адамның және белгілі бір қоғамның тілдік санасының гендерлік ерекшелігін кеңінен түсінуге ықпал етеді» деген пікір білдірген [113, 194].

Осы сөздікте қазақ менталдылығына тән сипаттар – сөз өрнектері, афоризмдер, тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер реакциялар түрінде жиналған. Сонымен қатар, стимул сөзден кейін алынған лексемалық бірліктердің жалпы саны көрсетілген, сөздік мақалада олардың жиілігіне қарай дәрежесі (1, 2, 3 орында және т.б.) мен алынған реакциялар саны көрсетілген.

Жазба тіл мен сөйлеу тіліндегі түрлі типтегі сөздердің жиілігін анықтайтын квантитативтік тәсіл тілдің құрылымдық-грамматикалық, стильдік-семантикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Осыған орай диссертацияның зерттеу нысанына ассоциативті реакциялардың жаппай ассоциативті эксперимент арқылы алынған нәтижелерінің қолданыс жиілігі, олардың орташа арифметикалық саны және меридианы, ұлттық-мәдени қолданыстағы мағынасы мен қолданысы жатады.

Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігі бірнеше кезең бойынша жасалды. Бірінші кезеңде авторлар ұлттық сипаттағы стимул сөздерді қазақ тілі ана тілі болатын, жасы 50-ден асқан, Қазақстанның бірнеше облысында тұратын (Алматы қаласы, Алматы облысы, Жетісу облысы, Жамбыл облысы) академиялық дәрежесі бар ғалымдардан, сонымен қатар, орта және жоғары оқу орнын аяқтаған ересек адамдардан сұқбат (интервью) жүргізу арқылы анықтаған.

Сөздік авторларының ұлттық құндылықтарды білдіретін стимул сөздерді тіл иелері ретіндегі жасы үлкен ересектерден сұрап, анықтауы әлеуметтану, аксиология ғылымдарында бар гипотезаға сәйкес келеді. Ол бойынша зерттеушілер С.И. Хрупин, Н.М. Сустина келесі пікірді алға тартады: «Қарттардың әлеуетін пайдалану, олардың құндылықтары мен құндылық бағдарларын ескеру жалпы дамудың белгілі бір негізі болып табылады. Қазіргі жағдайда аға буынның құндылықтарын білмей, қоғамдағы әлеуметтік тәртіпті сақтау мәселесін шешу мүмкін емес. Аға буынның құндылық санасының негізі – бір-бірімен тығыз байланысты төрт құндылық: отбасы, әл-ауқат, заңдылық және адамгершілік» [114, 75]. Демек, аға буын өкілдерінің пікірі мен ойын білу олардың этнография, мәдениеттануға арналған академиялық басылымдардағы мәліметтермен қатар, шынайы өмірдегі жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі өскен

сайын, олардың өмірлік тәжірибесін жинақтау кезінде өмірдің сыртқы және ішкі жағдайларын бағалауының өзгеріп, ұлттық құндылықтарды білуі мен тани алуы мүмкіндігінің зор екендігін көрсете алатын әлеуетін білдіреді.

Стимул сөздерді санау кезінде қолдану аясы, тақырыбы, белсенділік дәрежесі және ұлттық-мәдени бірліктердің ерекшелігі ескерілді.

Стилистикалық ерекшеліктеріне қарамастан, кейбір ұлттық-мәдени диалектизмдер сауалнамаға қатысушы респонденттерге түсініксіз болғандықтан, олар стимул сөздер ретінде таңдалмады. Әртүрлі грамматикалық және стилистикалық нұсқалар да стимул сөздері ретінде енгізілмеді.

Осылайша, стимул сөздерді іріктеу бірнеше теориялық негіздерге сүйене отырып жүзеге асырылды:

1. Іріктеу этнолингвистикалық бағытқа негізделді, яғни тілдік бірліктер ұлттық дүниетаным мен мәдени тәжірибенің көрінісі ретінде қарастырылды.

2. Аксиологиялық тұрғыдан ұлттық құндылықтарды анықтауда қоғамның мәдени тәжірибесін жинақтаушы және сақтаушы буын ретінде жасы үлкен респонденттердің пікірі басшылыққа алынды. Бұл әлеуметтану және құндылықтар теориясында қалыптасқан ұстанымдарға сәйкес келеді.

3. Психолингвистикалық тұрғыдан стимул сөздер тілдік санада ассоциативті байланыстарды белсенді түрде тудыратын, мәдени тұрғыдан маңызды бірліктер ретінде таңдалды. Сондай-ақ іріктеу барысында *репрезентативтік және мәдени релевантттылық қағидалары* ескерілді, яғни стимул сөздер ұлттық мәдениеттің негізгі концепттерін қамтуы тиіс болды. Демек, стимул сөздерді іріктеу этнолингвистикалық, аксиологиялық және психолингвистикалық тәсілдердің тоғысында жүзеге асырылды деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен бірге стимул сөздерді іріктеуде келесі практикалық қағидалар басшылыққа алынды:

– ұлттық-мәдени маңыздылық (ұлттық дүниетанымды бейнелеуі);

–тілдік санадағы белсенділік (жиі қолданылуы және танымалдылығы);

– түсініктілік (респонденттерге ортақ әрі таныс болуы);

– репрезентативтілік (ұлттық құндылықтардың әртүрлі салаларын қамтуы);

– ассоциативті әлеует (көптүрлі реакциялар тудыру мүмкіндігі).

Осы қағидалар негізінде іріктелген стимул сөздер ұлттық тілдік сананың мазмұнын кешенді түрде бейнелеуге мүмкіндік берді.

Стимул сөздерінің тізімін жасағаннан кейін онлайн форматтағы Google Forms платформасы негізінде анонимді сауалнама жасалды. Құжаттама бөлімінде жеке ақпарат берілді: жасы, жынысы, мамандығы (филологиялық/ филологиялық емес), тұратын аймағы сұралды. Респонденттерді таңдаудағы басты критерий – олардың ана тілінің қазақ тілі болуы. Жауап беру міндетті болатын * (жұлдызша) белгісі қойылған 25 стимул сөзден тұратын 4 сауалнама парағы әзірленді. Сауалнама жасалғаннан кейін 18-80 жас аралығындағы респонденттер таңдалды. Олар Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері мен әртүрлі сала өкілдері болды.

Эксперимент алдында респонденттерге ассоциативті эксперименттің мақсаты және күтілетін нәтижелер туралы толық ақпарат берілді. Осыдан кейін «Сіздің берген жауаптарыңыз құпия сақталатынын ескертеміз. Төменде берілген

әрбір сөзді мұқият оқып, ойыңызға бірінші келген сөз орамдарын ешбір көмексіз атап (жазып) өтулеріңізді сұраймыз. Ешкімнің көмегінсіз өзіңіздің берген жауаптарыңыз біз үшін өте құнды болмақ» деген нұсқаулық берілді.

Барлық реакцияларды жазуға уақыт жағынан арнайы шектеу қойылмады. Осы уақыт ішінде респонденттер өз реакцияларын жазып қалдырды. Егер сөз ешқандай реакция тудырмаса, респонденттердің жауап бермей немесе «жауап жоқ», «білмеймін» деп жауап жазуына рұқсат берілетіндігі түсіндірілді. Аталған ассоциативті эксперимент 2023-2024 жылдары жүргізілді. Эксперимент нәтижелері алынған соң стимул сөздерге сәйкес келмейтін жазбалар алынып тасталды және емле, стильдік қателер түзетілді. Тілдің ішкі мүмкіндіктерін көрсету үшін барлық «өзгеше», «қайталанбайтын» ассоциативті интерпретациялар сақталды. Алынған нәтижелер статистикалық түрде «Microsoft Excel» бағдарламасымен өңделді.

Респонденттердің ассоциативті жауаптарын әдеби нормаға келтіру қағидалары қазақ тіл біліміндегі сөз мәдениеті мен тілдік норма туралы қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға негізделді.

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы сөздің дұрыстығын әрбір сөз бен сөйлемнің мағынасы мен тұлғалық құрылымына сай орынды қолданылуымен байланыстырады. Ғалым сөз мағынасына әсер ететін жалғау-жұрнақтардың, сөздердің орын тәртібі мен сөйлемдегі өзара байланысының дұрыс сақталуын негізгі шарттардың бірі ретінде көрсетеді [115, 48]. Бұл қағида ассоциативті реакцияларды өңдеу барысында сөз тұлғаларын әдеби нормаға сәйкестендіруде басшылыққа алынды.

Қазақтың тұңғыш филолог-ғалымы Қ. Жұбанов «сөз қисыны» ұғымы арқылы тілдік бірліктердің өзара байланысу заңдылықтарын түсіндіреді. Оның пайымдауынша, сөздердің мағыналық және грамматикалық үйлесімі – тілдік дұрыстықтың негізгі көрсеткіші [116, 41]. Осы ұстаным реакцияларды морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан біріздендіруде маңызды болды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Уәли әдеби тіл нормасын тілдік қолданыста көпшілік мойындаған, тәжірибеде орныққан қағидалар жүйесі ретінде сипаттайды [117, 10]. Осыған сәйкес зерттеуде респонденттердің жауаптары емле, грамматикалық және тұлғалық нұсқалар тұрғысынан біріздендіріліп, әдеби тілдің қалыптасқан нормасына келтірілді.

Белгілі тілші-ғалым Р. Сыздық тіл мәдениетін морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау, орнықтыру және жетілдіру үдерісі ретінде қарастырады [118, 149]. Бұл тұжырым ассоциативті деректерді ғылыми өңдеу барысында орфографиялық және лексикалық вариативтілікті реттеудің теориялық негізін күшейтті.

Ұсынылып отырған сөздікке жиналған реакцияларды әдеби нормаға келтіру барысында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Уәли және Р. Сыздық сияқты белді-белді ғалымдар еңбектеріндегі сөз мәдениеті мен тілдік нормаға қатысты қағидалар кешенді түрде басшылыққа алынды.

Жиналған ассоциативті реакцияларды өңдеуде оларды әдеби нормаға келтіру жұмыстары келесі қағидалар негізінде жүргізілді:

1. *Орфографиялық біріздендіру қағидасы* сақталып, респонденттердің жауаптарындағы емле қателері түзетілді және сөздер әдеби тіл нормасына сәйкес берілді.

2. Графикалық вариативтілік жойылып, бір сөздің әртүрлі жазылу нұсқалары (мысалы, бас әріп/кіші әріп, кирилл және аралас жазылымдар) біріздендірілді.

3. Лексикалық бірліктердің негізгі формасы сақталып, сөздердің тұлғалық варианттары (көпше, септік, тәуелдік тұлғалар) қажет жағдайда бастапқы формаға келтірілді.

4. Кірме және аралас тілдік элементтер бастапқы күйінде сақталып, олардың тілдік ерекшелігі бұзылмады, себебі олар ассоциативті деректердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды.

Осы тұрғыда, реакцияларды әдеби нормаға келтіру деректердің бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталғанымен, олардың мазмұндық және когнитивтік ерекшеліктерін сақтауға басымдық берілді.

Ассоциативті эксперименттен басқа зерттеудің негізгі әдістеріне квантитивті және квалитативті талдау жатады. Квантитативті талдау – бұл сандық және статистикалық әдістер арқылы мәтін мазмұнын зерттеу. Квантитативті/квалитативті талдау әдісі жүйелілікті, объективтілікті, жалпылауды қамтиды. Тілдің сапалық құбылыстарын сандық және сапалық бағалау және сипаттау қарастырылып отырған тілдік құбылыстың мәнін зерттеумен тығыз байланысты.

Квантитативті талдаудың сәтті жүзеге асуы кейбір факторларға тәуелді болады: «Сандық зерттеу деректерін өңдеу белгілі бір қиындықтарды тудырады. Деректерді басқару көп уақытты қажет етеді және білікті талдауды қажет етеді. Нәтижелердің сапасы деректердің сапасына байланысты» [119].

Диссертация жұмысында стимул-реакцияларды талдаудың квантитативті/квалитативті әдістері ұлттық құндылыққа бағытталған сөздіктегі тілдік бірліктерді анықтауға бағытталған, бұл тілді қолданудың белгілі бір жағдайларында жасырын және жүзеге асырылатын формаларды анықтауда арнайы лингвистикалық талдауларды жасаудың қажеттілігімен байланысты. Сонымен қатар, квалитативтік талдау арқылы лексема, сөз тіркестері, сөйлемдер, мақал-мәтел т.б. түріндегі реакциялардың ассоциативті өрістері мен ядролары, семантикасындағы этно-мәдени құндылықтарды білдіретін ерекшеліктері анықталды.

Тілдік сананы зерттеудің тиімді әдісі – ассоциативті эксперимент жүргізу. Белгілі бір мәдениет өкілі және тіл иесі ретіндегі респонденттердің реакцияларынан құралған ассоциативті өрістер олардың әлем бейнесін немесе тілдік санасын зерттеуге материал ұсынады. Сонымен қатар, ассоциативті-вербалды өрістерге негізделген менталды лексиконды зерттеу жұмыстары сана бейнесінің мазмұны мен құрылымын және қандай да бір мәдениет өкілдерінің тілдік санасының жүйелілігін анықтайды. Бұл әрбір мәдениеттің әлем бейнесінің өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас сипатқа ие екенін көрсетеді.

Ассоциативті сөздіктің арнайы сипаттағы қазақ халқының ұлттық, этникалық танымына қатысты ақпарат беретін лингвистикалық еңбек болуына байланысты, 55-80 жас аралығындағы қазақтілді, ұлттық құндылықтар жүйесін

терең түсінетін 52 респондентпен «Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарға нені жатқызасыз?» деген сұрақ аясында сұқбат жүргізілді. Сұқбат нәтижесінде жиілігі жоғары 64 этномәдени тілдік бірлік анықталып, олар стимул сөздер ретінде іріктелді.

Сонымен қатар ұлттық құндылықтардың қазіргі жастар санасында қалай көрініс табатынын анықтау мақсатында 18-25 жас аралығындағы 77 респондентпен де осы мазмұндағы («Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалай түсінесіз?») сұрақ негізінде қосымша сауалнама жүргізілді.

Нәтижесінде жастардың жауаптары аға буын өкілдерінің пікірлерімен негізінен сәйкес келетіні байқалды. Бұл ұлттық құндылықтардың ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталып, тілдік санада тұрақты түрде тұрақты когнитивтік құрылым ретінде айшықталатынын көрсетеді.

Зерттеудің негізгі эмпирикалық кезеңі еркін ассоциативті эксперимент түрінде жүзеге асырылды. Эксперимент 2023 жылдың қыркүйек айынан 2024 жылдың тамызы аралығында Google Forms платформасы арқылы анонимді форматта жүргізілді. Зерттеуге қатысушыларға қойылған негізгі талаптар олардың Қазақстан Республикасының азаматы, жасы 18-ден жоғары болуы және ана тілінің қазақ тілі болуы міндетті түрде ескерілді.

Жалпы зерттеуге 1000 респондент қатысты. Олардың ішінде 628 адам (62,8%) әйел, 372 адам (37,2%) ер. Қатысушылардың орташа жасы – 31 жас.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін бағалау мақсатында іріктеу параметрлері ескерілді. Жалпы 1000 респонденттен тұратын таңдаманың негізінде 95% сенімділік ықтималдығы қамтамасыз етіліп, іріктеу қателігінің шамасы ±5%-дан аспайды деп есептеледі. Бұл көрсеткіштер стандартты статистикалық бағалау принциптеріне сәйкес алынған.



Диаграмма 1 – Респонденттердің гендерлік құрылымы

Жас ерекшеліктері бойынша респонденттер келесідей топтастырылды: 18-24 жас – 52%, 25-29 жас – 18%, 30-34 жас – 10%, 35-39 жас – 8%, 40-44 жас – 5%, 45-49 жас – 3%, 50-54 жас – 2%, 55-59 жас – 1%, 60-80 жас – 1%.




Диаграмма 2 – Респонденттердің жас ерекшеліктері бойынша үлестірілуі




Диаграмма 3 – Респонденттердің жас және гендерлік құрылымының арақатынасы

Кәсіби көрсеткіштері бойынша: филологиялық білімі бар респонденттер – 420 адам (42%), филологияға қатысы жоқ мамандық иелері – 580 адам (58%).



Диаграмма 4 – Респонденттердің кәсіби құрылымы (Ф / ФЕ)

Аумақтық қамтылуы бойынша зерттеуге Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен респонденттер қатысты: Абай облысы – 12%, Павлодар облысы – 10%, Алматы қаласы – 8%, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды облыстары – 7-8%, Астана қаласы – 6%, Шымкент қаласы, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары – 5-6%.



Диаграмма 5 – Респонденттердің аумақтық үлестірілуі

Ассоциативті эксперимент барысында *64 стимул сөз* бірнеше жауап парақшасына топтастырылып ұсынылды. Нәтижесінде жалпы саны *22 307 бірегей ассоциативті реакция* жиналды. Ассоциациялардың 12%-ы тек бір рет қана кездескен, яғни олар *hapax legomena* деп аталатын жауаптар. Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігінде осындай әлеуметтік (жас, жыныс, мамандық, аумақ) ерекшеліктерінің жіктеліп көрсетілуі бұрын жарыққа шыққан ассоциативті сөздіктерден өзгеше сипатын көрсетіп қана қоймай, жалпы қазақ тілді ассоциативті лексикографияның даму үдерісін де байқатады [120, 258].

Зерттеу таңдамасының гендерлік, жас, аумақтық және кәсіби құрамы оның әлеуметтік-демографиялық әртүрлілігін қамтамасыз етеді. Гендерлік көрсеткіштер гуманитарлық және білім беру саласына тән ерекшеліктерге сәйкес әйел респонденттердің басымдығын көрсетеді. Жас ерекшеліктері бойынша жастар үлесінің жоғары болуы эксперименттің онлайн форматта жүргізілуімен түсіндірілсе, сонымен қатар барлық жас топтарының қамтылуы зерттеудің репрезентативтілігін арттырады. Аумақтық тұрғыдан ірі қалалар мен өңірлердің қамтылуы урбанистік және аймақтық тілдік сананың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Кәсіби тұрғыдан филологиялық және филологиялық емес мамандық иелерінің қатар қамтылуы тілдік сананың әртүрлі әлеуметтік топтардағы көрінісін салыстыра талдауға жағдай жасайды. Жалпы алғанда, мұндай кешенді құрылым зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, зерттеу материалдары гендерлік, жас, кәсіби және аумақтық тұрғыдан әртүрлі респонденттерді қамтып, ұлттық тілдік сананың репрезентативті моделін құруға мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарға негізделген ассоциативті жауаптарды өңдеуде және талдауда Microsoft Excel және SPSS бағдарламалары қолданылды. Microsoft Excel бағдарламасы деректерді бастапқы өңдеу, кодтау, жүйелеу және жиілік көрсеткіштерін есептеу үшін пайдаланылды. Атап айтқанда, респонденттердің жауаптары топтастырылып, ассоциативті реакциялардың жиілігі анықталды және бастапқы статистикалық кестелер құрылды. Сондай-ақ ассоциативті реакциялардың жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері визуалды түрде ұсынылды.

SPSS бағдарламасы деректерді статистикалық өңдеу үшін қолданылды. Оның көмегімен сипаттамалық статистика (жиілік, пайыздық үлес) есептеліп, респонденттердің жас, жыныс және әлеуметтік параметрлері бойынша деректер талданды. Сонымен қатар ассоциативті реакциялар құрылымындағы жалпы үрдістер айқындалды.

Осылайша, реакциялардың жиілігі, пайыздық үлесі және құрылымдық ерекшеліктері Microsoft Excel және SPSS бағдарламалары арқылы көрнекі диаграммалар мен кестелер түрінде ұсынылды. Осы бағдарламаларды қолдану зерттеу деректерін жүйелі түрде өңдеуге және нәтижелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Алынған ассоциациялар дәстүрлі лингвистикалық және сипаттамалық статистика әдістер арқылы талданды. Сонымен бірге зерттеудің болашақ бағыттарының бірі ретінде табиғи тілді өңдеу (NLP) және жасанды интеллект әдістерін қолдану мүмкіндігі қарастырылды.

Нақты айтқанда, ассоциативті деректерді автоматты түрде өңдеу, жиілік талдауын жүргізу, семантикалық байланыстарды модельдеу және ассоциативті өрістерді визуализациялау үшін NLP құралдарын қолдануға болады. Мұндай тәсілдер үлкен көлемдегі тілдік деректерді өңдеудің тиімділігін арттырып, нәтижелердің дәлдігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Алайда ассоциативті реакциялардың мәдени және когнитивтік ерекшеліктерін терең түсіндіруде сапалық талдау әдістері басымдыққа ие болды.

Бұл бағыт ассоциативті лексикографияны цифрлық деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

3.2 Ассоциативті өрістердің құрылымы және олардың аксиологиялық доминанттары

Қазіргі тіл білімінде сөздер мен сөйлеудің ассоциативті мағынасын зерттеуге ассоциативті әдіс белсенді қолданылады. Сөз ассоциациясы – стимул мен реакция сөзі арасындағы байланыс. Тіл біліміндегі ассоциациялардың жалпы теориясы мен зерттеуіне әйгілі швейцариялық лингвист Ф. де Соссюр үлкен үлес қосты. Ғалым ассоциативті қатынастарды «ортақ нәрсені білдіретін қарым-қатынас мүшелерін жақындастырумен шектелмейтін топтардың ойлау бірлестігі негізінде қалыптасады» деп анықтайды; сана, ақыл оларды әр жағдайда байланыстыратын қатынастардың сипаты деп түсінеді және осылайша әртүрлі қатынастар сияқты көптеген ассоциативті қатарлар жасайды» [121, 125]. Ф. де Соссюрдің зерттеулеріне сәйкес, сөздердің ассоциативті қатарлары төрт түрге бөлінеді: түбірлік немесе негіздік ортақтығы, жұрнақ ортақтығы, «ұқсас» мағынасының ортақтығына және акустикалық бейнелердің ортақтығы [121, 179]. Осылайша, ол ассоциациялардың төрт түрін ажыратады: түбірлік, деривациялық, семантикалық және фонологиялық [121, 217].

Атақты швейцариялық тілтанушы Ш. Балли алғаш рет *«ассоциативті өріс»* терминін лингвистикаға енгізді Ш. Балли кез келген сөз белгілі бір ассоциативті өрістің орталығы екенін, осы сөздің айналасында топтастырылған және ассоциацилардың едәуір дәрежесі бар ассоциативті сөздер бар екенін атап өтті [122].

Осылайша, «ассоциативті өріс» терминін белгілі бір кілт сөздерге реакциялар жиынтығы ретінде адамның санасында көрінетін байланыстардың күрделі жүйесі немесе моделі деп түсінуге болады. Ассоциативті өріс сөздердің синтагматикалық және парадигматикалық қатынастарын, сондай-ақ коммуникациядағы адам санасының ерекшелігін көрсетеді.

Сөздің ассоциативті өрісі – бұл стимул сөзге берілген ассоциациялардың жиынтығы. Стимул ретінде зерттелетін өрістің негізгі, кілт сөздері алынады.

Ассоциативті өрістің тіл біліміндегі орны айтарлықтай маңызды. Себебі бұл өріс − жүздеген, тіпті мыңдаған респонденттердің жауаптарынан жиналған өте ауқымды ақпарат көлемін қамти отырып, ұлттық концептосферадағы және адамның жеке концептосферасындағы концептіні зерттеудің құралы. Лексиколог мамандар сөздің мағынасын зерттеуде семантикалық өрісті модельдейтін болса, ассоциативті өріс, өз кезегінде, жеке тұлғаның ойлауын, санасында қалыптасқан тілдік деректерді көрсетеді. Өйткені ассоциациялар адам санасы мен түпсанасындағы ұғымдар мен олардың элементтері арасындағы байланысты байқатады, яғни олардың терең байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Ассоциативті өрістің негізгі бөлшектері – иерархиялық, парадигматикалық және синтагматикалық корреляцияланған ассоциациялардан тұратын *ядро және периферия.* Ассоциативті өрістің ядросы жоғары жиіліктегі ассоциациялардан тұрады.

Ассоциативті эксперменттегі «ең қызықты нәтижелер сандық есептеу емес, ассоциативті өрістің жалпы жағдайы. Қатардағы ассоциациялардың жоғары «негізгі тығыздығы» қоғамдық санадағы белгілі бір құбылыстарды қабылдаудың стереотиптік үстемдігін көрсетеді және зерттеуде жауаптардың «үлгісін» тудыратын әлеуметтік факторларды іздеуге бағыттайды [123, 424].

Ассоциативті сөздіктің мақаласында сол тілде сөйлейтін адамның санасында қалған ақпараттар қамтылады, бұл дегеніміз лингвистерге ассоциативті эксперимент деректері арқылы жинақталған белгілі бір білім форматы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Ассоциативті мақаладағы қарапайым немесе ғылыми әлем бейнесі интеллектуалдық білім саналатын адамның әлемді, атап айтқанда, вербалды және вербалды емес тәжірибесін қайта жаңғыртуы арқылы қалыптасады.

Таным ғылыми деңгейде де, күнделікті өмірде де жинақтала алады да, білімді қалыптастыру көздерінде көрініс табады. Танымдық үдерістің қай жерде, не арқылы және қандай жағдайда орын алуына байланысты білімді қалыптастырудың әртүрлі көздері ажыратылады: нақты-сенсорлық тәжірибе, пәндік-практикалық қызмет, ғылыми-теориялық қызмет, тілдік қызмет, вербалды емес қарым-қатынас және т.б. [124, 57]. Сонымен қатар, әлеуметтік орта, мәдени фон, географиялық жағдай – бәрі білімнің қалыптасуына әсер етеді. Демек, білім түрлерінің арасындағы айырмашылықтар, ең алдымен, олардың қайнар көздеріне байланысты, бұл когнемалардың әртүрлілігінде көрініс табады.

Автор «ана тілдерінің әлеуметтік-мәдени шындығының өзгеруімен олардың тілдік санасы да өзгереді» деген пікірді ұстанады. Қандай да бір ұғымдар ядролық санаттан периферияға ауысады, ал кейбірі болса мүлдем тарих сахнасынан жоғалады. Ғалым Н.В. Уфимцева жасаған тұжырымдардың бірі – мұндай тәсіл арқылы тіл мен мәдениеттің қандай болатынын болжауға болады деген ой, өйткені сауалнама субъектілері ретінде көбіне-көп жас ұрпақ өкілдері таңдалып алынады.

Н.В. Уфимцева «әр уақытта жүргізілген ассоциативті эксперименттердің деректерін салыстырмалы талдау лингвистке диахрониядағы сөздің лексикалық мағынасының өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді» [125, 151] дейді.

Ұлттық ассоциативті сөздіктің лингвистикалық базасы болған реакциялардың *ассоциативті өрісін анықтау* бірнеше негізгі өлшемшарттарға сүйене отырып жүзеге асырылды:

1. *Жиілік өлшемшарты,* яғни белгілі бір стимулға берілген реакциялардың қайталану жиілігі есепке алынды. Жиілігі жоғары реакциялар ассоциативті өрістің ядросын құрайды.

2. *Семантикалық жақындық өлшемшарты,* яғни реакциялар стимул сөзбен мағыналық байланысы бойынша топтастырылды.

3. *Мәдени релеванттылық өлшемшарты,* яғни ұлттық-мәдени мәні бар реакциялар ерекше назарға алынды.

4. *Құрылымдық өлшемшарт* бойынша ассоциативті өріс ядро және периферияға бөлініп қарастырылды.

Осыларға қосымша реакциялардың вариативтілігі мен тұрақтылығы да есепке алынып, ассоциативті байланыстардың типтік және жеке ерекшеліктері

айқындалды. Осы өлшемшарттар ассоциативті өрістің құрылымын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Олар арқылы ассоциативті өрістің когнитивтік және мәдени құрылымы тереңірек түсіндіріледі.

Адамның санасындағы әрбір тілдік белгі белгілі бір мотивтермен, идеялармен, құндылық көзқарастарымен, эмоционалды-экспрессивті көріністермен, тілде көрінетін біліммен байланысты. Кез келген тілдік бірлік бағалау, пайымдау, прецеденттік құбылыстар және т.б. түрінде лингвомәдени білім иесінің жадында сақталады. Ассоциативті сөздік мақалаларынан тілдік тұлғаның лингвомәдени санасын қалыптастырушы элементтерді зерттеу, тілдік сананың құрамдас бөліктерін және стимул сөз бен реакция сөздердің байланысының өлшемдерін анықтау арқылы экспериментке қатысатын тіл иелерінің санасында қамтылған білімді анықтай аламыз және экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, белгілі бір құбылыстың тілдік санада қалай көрінетіні туралы қорытынды жасай аламыз.

Кесте 11 – қазақ халқының тілдік санасының ядросы

Орны	*Ассоциат*	*Жиілігі*	*Орны*	*Ассоциат*	*Жиілігі*
1	Той	565	16	Әже	138
2	Киім	289	17	Мал	136
3	Ақша	266	18	Ар	124
4	Бала	242	19	Ана	110
5	Ұят	231	20	Ар-намыс	107
6	Сиыр	189	21	Ет	104
7	Үй	171	22	Әйел	104
8	Жас	170	23	Молшылық	100
9	Жылқы	167	24	Бөлек шығару	90
10	Бас киім	165	25	Отбасы	89
11	Ұлттық киім	158	26	Сырға салу	87
12	Қой	153	27	Бөлек шығу	78
13	Дастарқан	149	28	Ұялу	75
14	Тамақ	142	29	Намыс	71
15	Киіз үй	141	30	Жиен	70

1 кестеде 2023-2024 жылдары «Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігін» жасау үшін жүргізілген ассоциативті эксперимент нәтижесінен алынған барлық ассоциаттардың ең жиі кездескен саны негізінде қазақ халқының тілдік санасының ядросы құрастырылып, ұсынылып отыр. Кестеден байқайтынымыздай, эмпирикалық мәлімет қазақ қоғамында рухани құндылықтармен қатар, материалды өмірді сипаттайтын материалды құндылықтардың да кең таралғандығын көрсетіп отыр. Материалдық және рухани құндылықтар бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бір-біріне әсер етеді және жалпы қоғамның дамуын анықтайды. Материалдық құндылықтар рухани құндылықтардың дамуына жағдай жасайды. Негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналыспайтын адамдар рухани тұрғыдан толық дами

алмайды. Рухани құндылықтар өз кезегінде материалдық құндылықтарды өндіруге және тұтынуға әсер етеді. Білімді, шығармашылықты, сұлулықты бағалайтын адамдар өздерінің құндылықтарына сәйкес келетін материалдық құндылықтарды жасауға тырысады. Материалдық және рухани құндылықтар – адамзат мәдениетінің маңызды элементтері. Олар қоғамның дамуында үлкен рөл атқарады және оның болашағын анықтайды. Материалдық және рухани құндылықтар бір-біріне қарама-қайшы келмеуі керек екенін түсіну маңызды. Олар бір-бірімен үйлесімді болуы керек. Сонда ғана қоғам шынымен тұрақты және қауіпсіз дамиды. XXI ғасырда материалдық және рухани құндылықтардың тығыз тоғысуы байқалады. Материалдық және рухани дамуға назар аудара отырып, қоғамның теңгерімді дамуы маңызды.

Әдетте, саны жағынан көп кездесетін реакциялар – қазақ тілді респонденттердің ұлттық танымы, тілдік санасы, когнитивті ойлау жүйесінен хабар беретін маңызды ақпарат көзі. Себебі, жиіліктің жоғары болуы ұлттық құндылықтың қазіргі кездегі үдерісі (тенденция), сонымен қатар, келешектегі даму жолына бағдар болады.

Реакциялардың сандық көрсеткішін төмендегі 12 кестеден көруге болады.

Кесте 12 – ұлттық құндылықтарды білдіретін ассоциациялардың сандық көрсеткіші

Стимул	**Жалпы реакциялардың саны**	**Орташа арифметикалық көрсеткіш**	**Медиана**
Ұят	976	8	20
Қалжа	446	7	22
Бесік той	110	2	3
Обал	105	1,5	2,5
Жеті ата	114	2	2,5
Жарысқазан	127	3,5	8
Тұсау кесер	112	2	3
Ар-намыс	187	2	3
Шаңырақ	837	8	17
Шілдехана	221	4	10

Кестенің 1 бағанында стимулдар, ал екінші бағанында 350 адамға жүргізілген ассоциативті эксперименттен әр стимул сөзге берілген реакциялардың жалпы саны берілген. Аталған стимулдың әрқайсысына, орташа есеппен, 130 түрлі жауаптар алынды, яғни 130 дифференциалды ассоциаттар тіркелді. Осындай жалпы жиынтық сан жекелеген стимулдың қазақ тілді респонденттердің тілдік санасында айтарлықтай із қалдыра алуы, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданылу сипаты, мәдени танымындағы ұлттық құндылық дәрежесіне көтерілуі, түсінікті болуы, т.б. хабар береді. Ал орташа арифметикалық көрсеткіш, медианалар және пайыздар сияқты әртүрлі статистикалық әдістер ең маңызды ассоциацияларды тануға көмектеседі. Ассоциаттардың жиілігі ұлттың мәдени коннотациясы бар стимул сөздердің

қанша реакция тудыра алатын әлеуеті мен оның семантикалық мағыналарының шоғырын анықтауға мүмкіндік береді. 1 бағанға назар аударсақ, «Ұят», «Шаңырақ» стимулдарына кем дегенде 800-ден астын реакциялар берілсе, «Тұсау кесер», «Жеті ата» стимулдарына сәйкесінше саны 130-дан төмен реакциялардың жиналғандығын байқаймыз.

Бұл реакциялары аз жиналған стимулдардың ұлттық құндылықтарды таныта алу дәрежесін төмендетпейді, тек олардың бір типті реакциялардан тұруы, семантикалық өрісінің, мағыналық реңкінің салыстырмалы түрде шағын екендігінен, сонымен қатар, респонденттердің көпшілігі жастар санатынан болғандықтан, әр алуан себептер салдарынан түсініксіз болғандығынан хабар береді.

Орташа арифметикалық көрсеткіш барша жиналған реакциялардың санының олардың позициясына бөлінген саны ретінде анықталды. Мысалы, «Ұят» стимулына 977 жиынтық реакция беріліп, осы 976 саны 128 түрлі позицияға бөлінген. 128 саны реакциялардың алуандығын білдіреді: 1 позиция – «Ар» сөзі, оған 124 реакция берілген, 2 позиция – «Ұят» сөзі (112), 3 позиция – «Ар-намыс» сөзі (102), т.б.

Берілген кесте АС статистикалық көрсеткіштері арқылы қазақ тілді респонденттердің тілдік санасына қатысты кең таралған тенденциясын ұсынады. Жоғары жиілікті ассоциациялар қазақ тілі ана тілі болатын тіл иелерінің көпшілігіне тән стереотиптік және типтік реакцияларды көрсетеді.

Әр ассоциаттың диаграммаларын немесе жиілік графиктерін құру ассоциативті реакциялардың таралуын көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді.




Диаграмма 6 – «ұят» стимулына қатысты жоғары жиіліктегі ассоциациялардың сандық және пайыздық көрсеткіші

Ал төмен жиілікті ассоциациялар жеке немесе мәдени айырмашылықтарды, сонымен бірге аз таралған, бірақ маңызды ассоциативті байланыстарды білдіре алады.

Кесте 13 – «ұят» стимулының төменгі жиіліктегі ассоциацияларының сандық және пайыздық көрсеткіші

Стимул	**Реакциялар**	**Саны**	**Пайыздық үлесі**
«Ұят» стимулы	Ұят деген елдің сөзіне қалу	1	1%
	Ұят деген өте үлкен тақырып, бір кездескенде түсіндіруге тырысамын	1	1%
	Ұят дегеніміз мұсылман адамның негізгі бір қасиеттеріне жатады	1	1%
	Ұят сөзінің мағынасы өте жоғары. Біздің бабаларымыз ұят дегенді қадірлей білген. Ұят сөзін қадірлей білейік.	1	1%
	Ұят, ұят	1	1%
	Ұяттан намыс күшті	1	1%
	Ұятты нәрселер	1	1%
	Шайтандарда ұят болмайды😈	1	1%
	Шектен шығу	1	1%
	Шектеу	1	1%
	шындық	1	1%
	Shame	1	1%
Жалпы реакциялардың саны		**976**	**100%**

АС *жоғары жиілікті ассоциациялары* сауалнамаға қатысушылардың «Ұят» стимулын құнды рухани байлықтың символы ретіндегі ұжымдық қабылдауы мен санасын көрсетеді, бұл қазақ халқының ар, намыс, сезім, тәрбие сияқты қоғамдағы құрмет пен мақтанышқа лайық адамгершілік қасиеттер, жеке тұлғаны әлеуметтік бағалауынан хабар береді. Ал «Ұяттан намыс күшті» (1), «Шайтандарда ұят болмайды😈» (2), «Shame» (3) сияқты *төмен жиілікті ассоциациялар* тіл иесінің «Өлімнен ұят күшті» (1) мәтелін өзінше өзгеріске ұшыратуы, жастар арасындағы қалжыңнан (2), сондай-ақ полилингвалды респонденттің қатысқандығын білдіріп, жеке сипаттағы реакциялар қатарын құрайды. Жоғары, төмен жиілікті ассоциациялардың сөздікте орын алуы қазақ тілінде сөйлейтіндердің типтік және ерекше реакциялары ескерілетін, теңдестірілген және көп деңгейлі ассоциативті сөздікті құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осындай реакциялардың арақатынасы лексикологияда танымал сөз семантикасының, біздің жағдайымызда, стимулдың ядро, перифериясын анықтап, сол арқылы ассоциативті өрісін құрастыруға себепкер болады.

Кесте 14 – «Ұят» стимулының ҚАС-2014 және ҰАС-2026 материалдары бойынша ядролық реакцияларының салыстырмалы-динамикалық сипаты

Стимул	*ҚАС-2014 ядролық реакциялар*	*ҰАС-2026 ядролық реакциялар*	*Тұрақты семалар*	*Динамикалық өзгеріс*
Ұят	ар, намыс, ұят болды, қызару, ұялу	ар, ар-намыс, ұялу, намыс, сезім	ар, намыс, ұялу	эмоция, сезім, обал, сауап, ой

14 кестедегі салыстырмалы деректер «ұят» стимулының ядролық семаларының уақыт бойында тұрақты сақталғанын көрсетеді. Екі кезеңде де ар, намыс, ұялу реакциялары доминантты болып қалса, 2026 жылғы материалда сезім, эмоция, обал, сауап сияқты ішкі этикалық және рефлексивті семалардың күшеюі байқалады. Бұл ұлттық тілдік санада ұят ұғымының әлеуметтік бақылау тетігінен тұлғаның ішкі моральдық өзін-өзі реттеу механизміне қарай тереңдегенін көрсетеді.

ҚАС-та «Ұят» стимулына 164 түрлі реакциялар жиналып, олардың жалпы саны 1079 құраған. Осы 1079 реакцияның мағыналық сипаты, грамматикалық құрылымы таңқаларлық дәрежеде. Қазақ халқының моральді-этикалық құндылықтарын дәл білдіре алатын осы стимул сөзге берілген жауаптардың арасында оң коннотациялы лексемалар *(имандылық, ар-абырой, абырой, ар-ождан, пәк, құрмет т.б.),* теріс коннотациялы лексемалар *(жаман, ұятсыз, масқара, арсыз, ыңғайсыз жағдай, кінәлі, қобалжу, жайсыз, арсыздық т.б.),* фразеологиялық бірліктер *(беті қызару, көзіне шөп салу, бас ию, ұяттан жерге кіру т.б.),* мақал-мәтел, дәйексөздер *(ұят – өлімнен күшті, әркімнің ұяты өзіне, қыз ұяты – шешеден, ұл ұяты – әкеден, ұят – ұлы сезім, ұят – инабаттылық белгісі, ұят – ардың ісі т.б.),* сөйлемдер *(көшеде сүйісу – ұят, намыс болу керек, досын сату – ұят, сен үшін ұяламын, қыз бала ұятты болуы керек т.б.)*

2014 жылы жарық көрген ҚАС мен 2026 жылы баспаға ұсыну жоспарланып отырған ҰАС бойынша жиналған реакцияларға лингвистикалық, экстралингвистикалық талдаулар жасай келе, байқайтынымыз *«ұят» стимулының* тілдік бірлік – лексема ретіндегі де, қоғамдағы ұлттық құндылық ретіндегі мәнде жұмсалуының саны мен сапасы қатты өзгеріске ұшырай қоймаған. Тіл білімі, мәдениеттану, этнография, этнология, психология, когнитология, әлеуметтану сияқты көптеген гуманитарлық ғылым салаларында белгілі бір тіл иелерінің ұлттық тілдік санасының айнасы іспеттес рөлді атқаратын, сол арқылы құндылықтар жүйесінің дамуы мен қалпын анықтауға қызмет ететін ассоциативті сөздіктер, біздің жағдайымызда, ҚАС мен ҰАС-тен «ұят» стимулы мысалында осы сөздің арада 10 жыл уақыт өтсе де ұқсас реакциялардың болуы аталған стимулдың, құндылықтың қазақ халқының өмірі мен психологиясындағы әлі де тұрақты да маңызды орнын айғақтай түседі. Кестеде берілген *«ар, ар-намыс, ұят, ұялу»* ассоциацияларының жиі кездесуі қазақ тілді аудиторияның моральдық ұстанымы тұрғысынан «ұят» сезімін құрмет тұтатынын, адамның бойында ұяттың болу-болмауын оның адамгершілік

қасиетінің көрсеткіші, жалпы адамға психологиялық сипаттама беруде үнемі бағдар ретінде ұстанатынын білдіріп, олардың тілдік санасында берік орын алғандығы жайлы этнопсихологиялық мазмұндағы ақпарат береді.

Ұлттық құндылықтарды білдіретін этнолексема-реакциялардың респонденттердің жағымды және жағымсыз көзқарастарын көрсетуі қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігінің тағы бір маңызды ерекшелігіне жатады. Мысалы, *«адам өлтіру, әдепсіздік, біреуді ұру, жақындармен араласпау, жаман іс, жат нәрсе, кір жуу, қателік, қолайсыздану, қорқыныш, қыз баласын ұру, қысылу, мінез, намысқа кір келтірушілік, өзгенің ойын тыңдау, пара, пара беру, тым көп сөйлеу, ұятты нәрселер, шайтандарда ұят болмайды* 😈*, шектеу»* реакциялары респонденттерде белгілі бір жағымсыз сезімдерді тудырған, өйткені олар қазақ қоғамы үшін физикалық, ауызша, діни, репродуктивті, психологиялық, экономикалық және жыныстық зорлық-зомбылық түріне қарсы позициясы мен азаматтардың барлық құқығы заң жүзінде қорғалуын жақтайтын, ерсі қылықтарды айыптайтын ұстанымын танытады.

Сондай-ақ, тек қазақ халқы үшін қасиетті, жоғары моральдық түсінік болатын *«обал»* стимулы да жағымсыз мәнді ассоциацияларды тудырған: *«жаман зат, кесір, күнә, қадіріне жетпеу, қатігездік жасау, қатыгездік, қиянат жасау, өкініш, сәтсіздік, қиындық, ұрлық»*. Бұл реакциялар – қазақ қоғамының этикалық мұраттар, адам өмірінің жоғары принциптерін бағалап, жақтайтын гуманды қоғам екендігіне мысалдар.

Бұл ретте кейбір респонденттер жалпыадамзатқа тән жағымды мәнді реакцияларды да жазған: *«жақсылық, ниет, қуаныш; сезім, адалдық, құндылық; адамның адамшылығы адамның жан дүниесі мен отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табады; адамның ішкі тірегі; адамның моральдік күйі; адамның өзін-өзі ұстауы; әр адамның бойында болу керек адами қасиеті. адамгершілігінің жоғары сатысы; бұл әр адамда болатын ұлы сезім; жігер; көтеріңкі рух; қасиет; маңызды қасиеттер; өзін-өзі ұстау; патриоттық сезім; тазалық, тәрбие, тәртіп»*. Ал келесі бір реакциялар сауалнамаға қатысушының жеке өміріндегі айтулы оқиғалардан қалыптасқан жағымды естеліктерін, *«қонақжайлылық»* стимул сөзінің жылулыққа толы көптеген сәттерді, қазақ ұлтының жомарт қасиетін есіне түсірген: *«қазақтар қонақжай халық; келген қонақты қабақ шытпай құрметпен күтіп алуы; бұл – қазақ елі; қазақтар келген қонаққа астындағы атын сойып берген, міне, неткен қонақжайлық; қазақты басқа ұлттан ажырататын ең басты қасиеті»*.

Халық арасында күнделікті ауызекі коммуникацияда кең қолданыс тапқан гастрономиялық атау – глюттоним *«бесбармақ»* стимулы да жағымды эмоциялар қатысқан жекелеген интерпретациядан тұрады: *«сүйікті ас; асылған ет. Бесбармақ басқа ұлттардың шығарған жасанды сөзі; бешбармақ емес, ет; бешмармақ дегеніміз – бұл қазақтың ұлттық тамағы. жақсы, семіз етті қазы-қартасымен асып, піскесін оған қамыр жайып салады. Осы қазағымыздың ұлттық тамағы бешбармақ деп аталады; ең дәмді тағам; еттің бұрмаланған аты; қазақтың ұлттық тағамы, бес саусақпен жейтін тағам болған соң аты*

осылай; қырғыздың бас тағамы, қазаққа орыс тілінен аударылған тағам; қазақтардың ұлттық тағамы» [126, 495].

Кей ғылыми еңбектерде «бесбармақ» сөзін келесідей анықтайды: «Бесбармақ – қайнатылған туралған ет пен кеспеден жасалған тағам. Бесбармақ немесе «бес саусақ» көбінесе бөтен адамдар, шетелдік саяхатшылар немесе кейінірек орыс қоныстанушылары берген кейінгі атау деп есептеледі» [127, 118].

Ассоциативті деректерді талдау барысында *«бешбармақ»* және *«ет асу» стимул сөздері* қазақ тілдік санасында өзара тығыз байланысты, бірақ мазмұндық жағынан әртүрлі деңгейдегі ұғымдар ретінде көрініс табатыны анықталды.

«Бешбармақ» стимулы ассоциативті өрісте көбінесе *ұлттық дәстүр, қонақжайлық, мерекелік дастарқан, туыстық қарым-қатынас* сияқты мәдени және әлеуметтік мәндермен байланысады. Респонденттердің жауаптарында *«қонақ», «той», «дәстүр», «ауыл», «отбасы»* сияқты реакциялар жиі кездеседі. Бұл «бешбармақ» атауының тек тағам атауы ретінде емес, көбіне мәдени-символдық және репрезентациялық бірлік ретінде тілдік санада орныққанын көрсетеді. Яғни, ол материалдық мәдениет элементі бола отырып, ұлттық сәйкестілік, қонақжайлық, дәстүр, ортақ дастарқан сияқты рухани құндылықтармен тығыз астасқан күрделі концепт ретінде қызмет етеді.

Ал *«ет асу»* стимулының ассоциативті өрісі нақты тұрмыстық, ритуалдық және гастрономиялық сипаттағы реакциялармен қатар, ұлттық дәстүрлік қолданыстың табиғи нормасын да көрсетеді. Мысалы, *«ас», «тамақ», «қазан», «соғым», «пісіру», «табақ тарту», «қонақ»* сияқты жауаптар оның тек денотативтік мағынасын ғана емес, қазақтың дәстүрлі тағам мәдениетімен тікелей байланысын дәлелдейді. Респонденттердің жауаптары мен жеке сұхбат материалдары бойынша Қазақстанның көптеген өңірлерінде ұлттық тағамды атауда *«ет асу»* нұсқасының табиғи әрі жиі қолданылатын атау екені анықталды. Бұл оның қазақ тілдік санасындағы нормативтік гастрономиялық ядроны құрайтынын көрсетеді.

Демек, *«ет асу»* ұғымы қазақтың күнделікті және дәстүрлік коммуникациясында ұлттық тағамның негізгі атаулық нормасы ретінде көрінсе, *«бешбармақ»* осы материалдық және ритуалдық негіздің үстінде қалыптасқан мәдени-символдық, сыртқы және этномәдени репрезентация ретінде сипатталады.Ұқсастықтары ретінде екі ұғымның да ұлттық тағам мәдениетімен, дәстүрмен және қазақ болмысымен байланысы байқалады. Екеуі де тілдік санада ұлттық сәйкестіліктің бір бөлігі ретінде айқын көрінеді.

Айырмашылығы «ет асу» стимулының қазақ тілдік санасында денотативтік, утилитарлық, гастрономиялық және дәстүрлік-нормативтік сипатта басым көрінуі болса, ал *«бешбармақ» стимулы* көбіне коннотативтік, символдық және рухани-мәдени мазмұнға ие мәдени репрезентация ретінде танылады. Бұл ерекшелік ассоциативті өрістегі ядро мен периферия құрылымында да айқын көрініс табады: *«ет асу»* үшін ядроны ұлттық тағамның табиғи атауы, *дастарқан, қазан, табақ тарту, қонақ күту* сияқты тұрмыстық-ритуалдық және гастрономиялық мәндер құраса, *«бешбармақ»* үшін ядроны мәдени-әлеуметтік және символдық мәндер құрайды.

Осы талдау қазақ тілдік санасында материалдық мәдениет элементтерінің әртүрлі когнитивтік деңгейде репрезентацияланатынын көрсетеді: бір жағынан, «ет асу» күнделікті тұрмыстық және дәстүрлік коммуникациядағы ішкі ұлттық атаулық норма ретінде қызмет етеді; екінші жағынан, «бешбармақ» ұлттық тағамның мәдени-символдық, этнотаңбалық бейнесін қалыптастырады.

Аталған деректерді когнитивтік тұрғыдан талдау «ет асу» және «бешбармақ» ұғымдарының тілдік сананың ядролық құрылымында әртүрлі қызмет атқаратынын айқындауға мүмкіндік береді. «Ет асу» ұғымы респонденттердің нақты тілдік қолданысында жоғары жиілікті және табиғи атау ретінде тұрмыстық-ритуалдық ядроны құрайды. Ал «бешбармақ» ұлттық сәйкестілік, қонақжайлық, дәстүр, қазақ болмысы сияқты базалық құндылықтармен байланысатын мәдени-символдық ядроға жақын орналасқан концепт ретінде көрінеді.

Демек, бұл құбылыс материалдық мәдениет элементінің бір ғана бағытта «ет → бешбармақ» түрінде трансформациялануын емес, қазақ тілдік санасында ұлттық тағамның қосарланған репрезентациясын: ішкі атаулық норма мен мәдени-символдық бейненің қатар өмір сүруін көрсетеді.

Кесте 15 – «Ет» және «бешбармақ» стимулдарының ассоциативті-семантикалық салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	*«Ет асу»*	*«Бешбармақ»*
Негізгі концептуалдық мәртебесі	Ұлттық тағамның ішкі атаулық нормасы, табиғи қолданыс	Ұлттық тағамның мәдени-символдық және сыртқы репрезентациясы
Тілдік қолданыс жиілігі	Респонденттердің басым бөлігінде жоғары, көптеген өңірлерде табиғи атау	Әдеби, медиалық және сыртқы мәдени қолданыста белсендірек
Негізгі ассоциативті реакциялар	*ас, тамақ, қазан, соғым, ет тарту, табақ, қонақ*	*қазақ, дәстүр, қонақжайлық, ұлттық тағам, той, дастарқан*
Семантикалық сипаты	Денотативтік, гастрономиялық, тұрмыстық, ритуалдық	Коннотативтік, символдық, этномәдени
Ядролық деңгейі	Тұрмыстық-ритуалдық ядро	Мәдени-символдық ядро
Мәдени коды	Дәстүрлі ас дайындау, қонақ күту, табақ тарту	Ұлттық сәйкестілік, қазақ болмысы, қонақжайлық
Когнитивтік қызметі	Тағамды нақты атау және дәстүрлік ситуацияны белгілеу	Тағамды мәдени таңба, этносимвол ретінде репрезентациялау
Қорытынды қызметі	Ұлттық тағамның тірі тілдік нормасы	Ұлттық тағамның символдық-мәдени бренді

Сонымен қатар, осы екі стимулға берілген ассоциацияларды талдау кезінде «бешбармақ» және оған қатысты «ет асу», «табақ тарту» атауларының тілдік санадағы қолданысында номинацияның өзгерісі мен мағыналық реинтерпретация үдерістері айқын байқалады.

Біріншіден, жастар тілдік тәжірибесінде «бешбармақ» атауының ықшамдалған *«беш»* түрінде қолданылуы тілдік үнемдеу заңдылығымен қатар, қазіргі коммуникативтік кеңістіктің әсерін көрсетеді. Сонымен бірге кейбір респонденттердің «бешбармақ» атауын нормативтік тұрғыдан қабылдамай, оның орнына *«ет асу», «табақ тарту»* сияқты атауларды ұсынуы ұлттық кодтың тілдік деңгейде қайта өзектенуін білдіреді.

Екіншіден, «бешбармақ» атауының *«бес саусақпен жеу»* дәстүрімен байланыстырылуы оның мәдени код құрамындағы символдық мәнін айқындайды. Бұл ұғым тек тағам атауы емес, қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік қатынастарын бейнелейтін мәдени белгі ретінде көрінеді.

Үшіншіден, ассоциативті өрісте *«кока-кола»* сияқты жаһандық мәдениет элементтерінің көрініс табуы ұлттық тағам мәдениетінің реинтерпретацияға ұшырап, жаңа әлеуметтік-мәдени контексте қайта құрылып жатқанын көрсетеді. Дәстүрлі ұлттық кодта «ет» пен «бешбармақ» қымыз, шұбат сияқты табиғи сусындармен байланысты болса, қазіргі тілдік санада бұл байланыстар трансформацияланып, жаһандық тұтыну мәдениетінің элементтерімен толықтырылуда.

Төртіншіден, «ет асу» ұғымының ассоциативті өрісінде «қой», «сиыр», «жылқы еті» сияқты нақты реакциялардың басымдығы оның денотативтік мағынасының өзектілігін көрсетеді. Бұл ұғым материалдық мәдениетпен тікелей байланысты базалық концепт ретінде көрініс табады.

Талдауға сүйене отырып, «ет асу» және «бешбармақ» стимулдары қазақ тілдік санасында қарама-қарсы емес, бірін-бірі толықтыратын екі когнитивтік деңгейде қызмет ететіні айқын көрінді. Біріншісі ұлттық тағамның ішкі атаулық және тұрмыстық-ритуалдық нормасын білдірсе, екіншісі оның мәдени-символдық, этнотаңбалық репрезентациясын танытады. Бұл ұлттық гастрономиялық кодтың тілдік санада қосарланған ядро арқылы ұйымдасатынын дәлелдейді.

Тағы бір ұлттық құндылықтарды білдіретін семантикасы бар стимул сөз – *«ақ жаулық»*. Себебі аталған стимулдың ассоциативті өрісі қазақ тілдік санасында әйел затының әлеуметтік, отбасылық және моральдық мәртебесін бейнелейтін көпқабатты мәдени концепт ретінде ұйымдасқан. Берілген өрістің ядролық бөлігінде *ана, апа, әже, орамал* реакциялары шоғырланған. Бұл бірліктердің осылайша берілуі ақ жаулық ұғымының қазақ дүниетанымында ең алдымен аналық, ұрпақ сабақтастығы және әйелдің отбасыдағы орны арқылы концептуалданатынын көрсетеді.

Ядроның орталық реакциясы ретінде ана лексемасының көрінуі бұл стимулдың басты когнитивтік тірегі аналық архетип екенін дәлелдейді. Онымен қатар апа мен әже атауларының ядролық қатарға енуі әйел тұлғасының тек биологиялық емес, ұрпақаралық мәдени сабақтастықты аңғартады.

Перифериялық қабатта орналасқан *келін, жаулық, әйел, махаббат, асыл ана, көркемдік, аналар тағдыры, ақ орамал* сияқты реакциялар стимулдың символдық және бағалауыш семаларын ашады. Мысалы, *келін* реакциясы ақ жаулықтың қазақ салт-дәстүріндегі отбасылық мәртебе мен әлеуметтік статустың белгісі екенін көрсетсе, *жаулық, ақ орамал* атаулары оның тікелей заттық-этнографиялық негізін сақтайды.

Ерекше назар аударатын реакциялар – *махаббат, асыл ана, көркемдік.* Бұл бірліктер «ақ жаулық» стимулының тек тұрмыстық зат немесе киім атауы емес, әйелге тән рухани тазалық, ізгілік, сұлулық және моральдық кемелдік символы бола алатындығын айғақтайды. Осылайша өрістің перифериясы бағалауыш-аксиологиялық семалармен толығып, ұлттық мәдениеттегі әйел бейнесінің эмоционалды моделін құрайды.

Когнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл ассоциативті өріс екі деңгейлі модельмен сипатталады:

– ядро – туыстық және әйел рөліне қатысты атаулар *(ана, апа, әже);*

– периферия – символдық, эстетикалық және әлеуметтік мәртебелік реакциялар *(келін, махаббат, асыл ана, көркемдік).*

Демек, «ақ жаулық» стимулы қазақ тілдік санасында әйел болмысының отбасылық, әлеуметтік және аксиологиялық мәндерін біріктіретін ядролық этномәдени түсінік ретінде көрінеді. Бұл өріс ұлттық мәдени жадтағы әйел образының тек тұрмыстық емес, рухани-символдық мәртебеге ие екенін айшықтайды.



Сурет 11 – «Ақ жаулық» стимулының ассоциативті өрісі

Сонымен бірге, зерттеу жұмысында сөздік материалдары негізіндегі ассоциаттардың арасындағы қатынастар анықталды:

Парадигматикалық қатынастар тобын бір лексикалық-грамматикалық түрдегі стимул сөздер мен ассоциациялар құрайды, басқаша айтқанда, олар – бір лексикалық-грамматикалық парадигмаға кіретін сөздер: *Атамекен* – туған жер, отан, өлең, жер, атамекен, родина, үй, ел, Казахстан, дом, шаңырақ, кең дала, жазық, мемлекет. *Тілашар* – той, бала, мектеп, салт, әліппе. *Көрімдік* – ақша, сый, қуаныш, сыйлық, автокөлік, той, үй, сүйінші. *Көзмоншақ* – моншақ, қорғаныш, ырым, бұйым, тыйым, тұмар, әшекей, білезік, сый.

Синтагматикалық қатынастар тобы – грамматикалық заң бойынша бір-бірімен тіркестерді құрайтын стимул сөздер мен олардың ассоциациялары. Бұл жағдайда ассоциация стимул сөзімен басталған мәтінді жалғастырады. Осылайша, ассоциативті эксперимент «сөйлеу әрекетінің үзіндісіне ұқсас қалыпқа келеді» [128, 46]: *Мүшел* – жас, *Бесік* – тербету, бала жатады, тербелетін, баланың ұйықтауы үшін, ұйықтау, бөбекті бөлеу. *Кимешек* – басқа киеді, *Ұят* – емес.

Тақырыптық ассоциациялар – стимулмен мазмұнында жалпы маңызды белгілері жоқ ассоциациялық сөздер жұбы [128, 47]. Бұл ассоциациялар, әдетте, ортасы түсіріліп қалған ассоциативті тізбектегі сыртқы тіркестерді білдіреді. Мысалы, *ақсақал* – әулеттің үлкені, *асар* – көмектеседі, адамдар, жетістікке жетер, *атамекен* – көкейінде жатады екен.

Тілдік сана құбылысының антропоцентристік табиғаты бар екендігі сөзсіз, өйткені психикалық құрылымдар автономды түрде өмір сүрмейді және рефлексия нәтижесінде пайда болатын әлем бейнесі әлеуметтік субъектінің әрекеттері мен іс-қимылы, әдетін қамтиды. Тілдік сана антропоцентристік қана емес, сонымен бірге этноцентристік сипатқа ие (А. Вежбицкая), өйткені «әлем бейнесі бір мәдениеттен екінші мәдениетке ауысады» (А. Леонтьев), нәтижесінде екі абсолютті бірдей этнолингвомәдениет те, әлем бейнесі болмайды.

Тілдік сананың антропоөзектілік және этноцентристік табиғаты бізге «этнолингвистикалық сана» терминін мәдениетаралық қарым-қатынас актілеріне қатысатын коммуниканттардың рецептивті қызметіне қатысты қолдануға мүмкіндік береді. Этнолингвистикалық сана арқылы біз ұлттық мәдениет пен ұлттық психологияның ерекшеліктерімен байланысты әлемнің мәдени негізделген/вариантты бейнесін түсінеміз. Әр халықтың дүниетанымының негізінде жеке адамның да, жалпы қоғамның да ұлттық санасының этникалық ерекшелігін анықтайтын пәндік мағыналардың, әлеуметтік стереотиптердің және когнитивті схемалардың өзіндік жүйесі жатыр. Сондықтан бұл тілдік сана әлеуметтік және жеке формаларда болады. Этнолингвистикалық сана әлемнің тілдік көрінісіне сәйкес келмейді, өйткені ол тек саналы, құрылымды және ауызша білімді ғана емес, сонымен қатар бейсаналық білімді де қамтиды. Мәдени сана мәдени пәндер туралы білімді, сондай-ақ коммуникативті мінез-құлық ережелері мен нормаларын біріктіреді. Этнолингвистикалық сана – бұл когнитивті-эмоционалды және аксиологиялық құрылымдардың қосындысы, олардың ұлттық сипаты олардың бір мәдениеттен екіншісіне өзгергіштігін, құбылмалылығын қамтамасыз етеді. Әлемнің ұлттық анықталған имиджінің ерекшелігі мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде айқын көрінеді, сондықтан (кем дегенде) екі тілді қарым-қатынас жағдайында

(диглоссияны ескере отырып) сана мен ақпараттық салыстыру механизмдерінің жұмысының «ақпараттық-телеологиялық режимін қосу» қажет болады. Этнотілдік сана мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде әлемді тану мен дүниетаным актілерінің арасындағы делдал қызметін атқарады, сондай-ақ функционалдық бірліктердің арнайы қорын пайдалана отырып, объективті әлемнің субъективті бейнелерін құруды жүзеге асырады. Этнотілдік сананы тілдік тұлғаның негізгі параметрлерінің бірі ретінде түсіндіруге болады [129, 8].

Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тілдік тұлғаны этнотілдік сананың тасымалдаушысы немесе этнотілдік тұлға ретінде түсіндіру орынды болып көрінеді, бұл оны қайта құру үшін материал ретінде қызмет ететін тілдік құралдар қорында көрінетін оның ұлттық ерекшеліктерін атап өтуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, әрбір этнолингвомәдениетте тілдік сананың этномәдени маркерінің белгілі бір жиынтығы бар, олардың салыстырмалы сипаттамасы оны бейнелейтін тілдік тұлғалардың ұлттық бірегейлігін бағалауға мүмкіндік береді.

Ассоциативті реакциялар, оның ішінде этномәдени маркерленген, ұлттық құндылықтарды білдіретін ассоциациялар уақыт өте келе әлеуметтік, мәдени және когнитивтік факторлардың ықпалымен өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер тілдік сананың өзгермелі, динамикалық сипатын көрсетеді. Себебі, алдымен, ассоциативті байланыстар қоғамдағы мәдени жаңашылдықтар, жаһандану үдерістерімен және жаңа әлеуметтік тәжірибелердің қалыптасуымен жаңарып отырады. Мысалы, дәстүрлі ұғымдармен қатар қазіргі заманға тән жаңа ассоциациялар пайда болады.

Сонымен бірге, ұрпақаралық айырмашылықтар ассоциативті реакциялардың өзгеруіне әсер етеді. Жастардың тілдік санасында ықшамдалған формалар *(«беш»)* және жаңа мәдени элементтер (мысалы, *«кока-кола»*) жиі кездессе, аға буын өкілдерінде дәстүрлі ассоциациялар басым келеді. Оған қоса, ассоциативті өрістің құрылымы уақыт өте келе қайта ұйымдасып, кейбір реакциялар ядролық деңгейге ауысса, кейбірі перифериияға ығысады.

Осыдан келіп, ассоциативті реакциялар динамикасы тілдік сананың өзгермелі, бейімделгіш және әлеуметтік шартталған жүйесін көрсететініне көз жеткізуге болады. Бұл үдеріс тілдік сананың тарихи-әлеуметтік эволюциясымен тығыз байланысты.

3.3 Ассоциацияның ұлттық ерекшеліктері: лексика-семантикалық, морфологиялық талдау

Ұлттық ассоциативті сөздіктің материалы болатын ассоциативті реакциялар – тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындайтын маңызды лингвистикалық дереккөздердің бірі. Әсіресе ассоциативті өрістің лексика-семантикалық құрылымы белгілі бір этностың дүниетанымы, құндылықтар жүйесі және мәдени тәжірибесі туралы кешенді ақпарат береді.

Ұлттық тілдік санада қалыптасқан ассоциациялар тек сөздердің мағыналық байланыстарын ғана емес, сондай-ақ олардың мәдени, символдық және бағалауыштық қырларын да қамтиды. Осы ретте ассоциативті деректерді

лексика-семантикалық тұрғыдан талдау ұлттық құндылықтардың тілдік репрезентациясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл тарауда ассоциативті реакциялар лексика-семантикалық аспектіден қарастырылып, олардың денотативтік және коннотативтік мазмұны, семантикалық топтары және ұлттық-мәдени ерекшеліктері жүйелі түрде талданады. Сонымен қатар ассоциативті өрістің құрылымындағы тұрақты және өзгермелі элементтер анықталып, олардың тілдік санадағы қызметі сипатталады.

Сөздікке енетін ассоциацияларды зерттеу барысында іріктелген 64 стимул сөздің ассоциативті өрісі талданып, олардың өзгеру деңгейі анықталды. Нәтижесінде стимул сөздер үш топқа бөлінді:

– тұрақты, яғни дәстүрлі мазмұны сақталған;

– ішінара өзгеріске ұшыраған, яғни дәстүрлі және заманауи ассоциациялар қатар кездесетін;

– өзгеріске ұшыраған, яғни жаңа әлеуметтік-мәдени мазмұн басым болатын.

Талдаудан стимулдардың басым бөлігі дәстүрлі мазмұнын сақтағанымен, бірқатар ұғымдарда заманауи ассоциациялар мен жаңа интерпретациялардың бар болуы байқалады. Бұл ұлттық құндылықтардың тілдік санада динамикалық түрде дамып, өзгеріп отыратынын көрсетеді.

Тілдік деректерді талдау нәтижесінде стимул сөздердің өзгеру деңгейі төмендегідей жіктелді. Кестеде өзгеріс динамикасын көрсету мақсатында ең репрезентативті стимул сөздер іріктеліп берілді.

Кесте 16 – Ассоциативті өрістегі өзгеріс деңгейі бойынша стимул сөздердің жіктелуі

Стимул сөз	**Дәстүрлі реакциялар**	**Заманауи/жаңа реакциялар**	**Өзгеріс деңгейі**	**Түсіндірме**
Бешбармақ	ет, қонақ, дәстүр	беш, кока-кола	Ішінара өзгерген	Дәстүрлі мазмұн сақталған, бірақ жаңа мәдени элементтер қосылған
Ет асу	ет, қазан, соғым	тағам, ас	Тұрақты	Негізінен денотативтік мазмұн сақталған
Қазақ	ел, ұлт, тіл	менталитет, халық	Ішінара өзгерген	Ұлттық және абстрактілі мән қатар көрінеді
Шашу	қуаныш, дәстүр	тәтті, конфета	Ішінара өзгерген	Дәстүрлі әрекет заманауи элементтермен толыққан
Шілдехана	той, сәби, дәстүр	музыка, мереке	Ішінара өзгерген	Дәстүр сақталған, бірақ қазіргі сипат қосылған
Ұят	тәрбие, әдеп	қоғам, мораль	Тұрақты	Моральдық мән тұрақты сақталған
Ақ жаулық	ана, әйел	келін	Тұрақты	Символдық мән сақталған
Ар-намыс	намыс, абырой	қадір	Тұрақты	Концептуалдық тұрақтылық жоғары
Асар	көмек, бірлік	жұмыс, қолдау	Ішінара өзгерген	Әлеуметтік мән кеңейген

Этномәдени коннотациялы ассоциативті реакцияларды талдау кезінде барлық жауаптар толық көлемде қарастырылғанымен, диссертация мәтінінде ең репрезентативті және жиілігі жоғары реакциялар іріктеліп талданды. Осылайша қарастыру ассоциативті өрістің негізгі құрылымын, яғни ядролық және типтік байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. Сирек және бірлі-жарым кездесетін реакциялар қосымша материал ретінде қарастырылып, жалпы үрдістерді анықтауда екінші деңгейлі рөл атқарады.

Кестеде берілген лингвистикалық деректер негізінде ұлттық құндылықтарды білдіретін жекелеген стимул сөздердің ассоциативті өрісі кешенді түрде талданып, олардың мазмұндық ерекшеліктері мен өзгеру деңгейі анықталды.

«Қымыз/қымыран» стимулына берілген негізгі реакциялар *«сусын», «сүт», «ұлттық сусын»* сияқты денотативтік және мәдени мәнге ие бірліктерден құралған. Бұл ұғымның тілдік санада тұрақты мазмұнға ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар *«білмеймін»* сияқты жауаптардың болуы оның кейбір әлеуметтік топтарда өзектілігінің әлсірей бастағанын аңғартады. Осыған байланысты бұл стимул ішінара өзгеріске ұшыраған деп бағаланады.

«Мүшел» ұғымының ассоциативті өрісінде *«жас», «13 жас», «25», «12 жылдық айналым»* сияқты нақты сандық көрсеткіштер басым. Бұл оның дәстүрлі когнитивтік модель ретінде сақталғанын көрсетеді. Алайда *«білмеймін»* реакциясының жиілігі бұл ұғымның қазіргі тілдік санада толық тұрақты емес екенін байқатады. Сондықтан ол ішінара трансформацияланған концепт ретінде қарастырылады.

«Немере» стимулына қатысты *«бала», «сәби», «ұрпақ», «шөбере»* сияқты туыстық қатынастарды білдіретін реакциялар жоғары жиілікпен кездеседі. Сонымен қатар *«сүйіспеншілік»* сияқты эмоционалды-коннотативтік реакциялар да тіркелген. Бұл стимулдың әрі денотативтік, әрі эмоционалды мәнін айшықтайды. Осыған байланысты «немере» ұғымы тұрақты концепт ретінде сипатталады.

«Асар» стимулы аясында *«көмек», «бірлік», «жәрдем»* сияқты әлеуметтік және ұжымдық әрекетке қатысты реакциялар басым байқалады. Бұл ұғымның тілдік санада әлеуметтік ынтымақтастық пен өзара қолдаудың белгісі ретінде сақталғанын түсіндіреді. Кейбір жауаптарда оның қазіргі қоғамдағы қолданысының кеңейгенін білдіретін *«жұмыс», «қолдау»* сияқты реакциялар да кездеседі. Осыған байланысты «асар» ұғымы ішінара жаңғырған, бірақ негізгі мәнін сақтаған стимул ретінде бағаланады.

Ассоциацияларды талдау нәтижелері ұлттық құндылықтарды білдіретін ұғымдардың бір бөлігі тұрақты түрде сақталғанын *(«немере»),* ал кейбірі әлеуметтік және мәдени өзгерістер әсерінен ішінара трансформацияланғанын *(«қымыз», «мүшел», «асар»)* көрсетеді. Бұл ұлттық тілдік сананың динамикалық сипатын және дәстүр мен қазіргі заман арасындағы сабақтастықты дәлелдейді. Осы нәтижелер ұлттық құндылықтардың тілдік санада әртүрлі деңгейде сақталатынын және олардың өзгерісі біркелкі емес екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта кейбір ұлттық-мәдени сөздер *(иткөйлек, жарапазан, жолашар, жиенқұрық және т.б.)* сирек қолданылады, бірақ олар стимул сөздер

ретінде таңдалды, себебі олардың қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінде, мәдени өміріндегі орны мен маңызы зор. Жас ерекшелігі, қызмет ету саласы, мамандығы, жынысы сияқты факторлар да «жеке интерпретация» түрінде бөлек топқа жатқызылды. Ондай реакциялар синтаксистік оралым, сөйлем, жекелеген репликалар түрінде ауызекі стильді қолдануымен немесе басқа ұқсас жауаптардан семантикалық, тұлғалық ерекшеленумен ажыратылды. Мысалы, «*бала жатады* (сөйлем), *бала жататын* (тіркес), *бала жататын орын* (тіркес), *бала тербетуіне арналған* (тіркес), *бала төсегі* (тіркес), *бала ұйықтатады* (сөйлем), *бала ұйықтату* (тіркес), *балаларды бесікке жатқызып тербету* (сөйлем), *балаларды кішкене кезінде жатқызады* (сөйлем), *баланы бөлеп ұйықтататын құрал* (сөйлем), *баланы немесе нәрестені тербейтін бесік* (сөйлем), *баланы бесікке тербетеді* (сөйлем), *баланы тербететін бесік* (тіркес), *баланы ұйықтататын орын* (тіркес), *баланың ұйықтауы үшін* (тіркес), *баланың бойы тік болу үшін салынатын құрал* (сөйлем), *баланың жататын орны* (тіркес), *баланың жататын төсегі* (тіркес), *баланың төсегі* (тіркес), *баланың төсек орны* (тіркес), *баланың ұйықтайтын жері* (тіркес), *бесік дегеніміз бұл кішкентай бала дүниеге келгенде оны бесікке салады. Бір жағынан таза, иманды, тәрбиелі, бауырмал болсын деген мағынада. Бір бесікке жатқандар бауырмал болады* (бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін); *ұлттық мағынасы бар* (тіркес), *бөбекті бөлеу* (тіркес), *бөпелерді тербететін* (тіркес), *бөпені салып ұйықтататын төсек* (тіркес), *жататын жер* (тіркес), *кішкентай бала жатады* (толымсыз сөйлем), *кішкентай балалардың жатқызып тербететін* (тіркес), *кішкентай баланы жатқызатын жер* (тіркес), *кішкентай бөпе жататын орын* (тіркес), *нәресте баланы тербету* (тіркес), *нәресте жататын төсек* (тіркес), *нәрестеге төсек* (тіркес), *нәрестенің жататын жері* (тіркес), *сәбидің туылғанынан бөленетін төсек орны* (толымсыз сөйлем), *сәбиді жатқызатын төсек орын* (толымсыз сөйлем), *сәбиді жатқызуға арналған төсек* (тіркес), *тербелетін* (есімше, лексема), *туылған баланың төсегі* (толымсыз сөйлем), *ұйқы орны* (тіркес), *ұйықтау* (тұйық етістік, лексема)».

Прецеденттік лексемалар қатарындағы метафоралық, эпитеттік реакциялар – саны көркемдік ассоциативті ойлауды зерттеудегі құнды әдеби материал. Эксперменттен алынған метафора-ассоциаттар келесідей: *тәрбиенің қаймағы (қаймақ* – сүт өнімі, *ең үздік тәрбие мағынасында), жүрек тазалығы (адалдық), намыс деген кеудедегі от (патриоттық сезім), қолдың кеңдігі (жомарттық),* т.б. *Метафора* дегеніміздің өзі – бейнелі мағынада қолданылатын сөз немесе өрнек, оның негізінде нысанды немесе құбылысты олардың жалпы белгілері негізінде басқалармен салыстыру жатады. Шынында да, «метафора – бұл адамның танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызды принциптерінің бірі болып табылатын таңғажайып тілдік құбылыс [130] деп атап көрсетеді. Шынымен де, метафораны пайдалану екі ұғымның арасындағы байланысты орнату, олардың ұқсастығын дербес болжауға, автордың логикасын қалпына келтіруге және метафоралық хабарламаның мағынасын құруға шақырады.

Ал эпитеттер қатарына *азулы мінез (қаталдық), жылы шырай (жақсы қарым-қатынас орнату), алтын тақ (жақсы, үздік* мағынасында*), т.б.* енеді. Мысалдардан байқайтынымыздай, эпитеттер сөзге экспрессивтілік пен

көркемдік беру үшін тақырыптың, тұжырымдаманың, тұлғаның атауына қосылатын көркемдеуіш құрал қызметін атқарып тұр.

Ассоциативті өрісте келтірілген түпнұсқа фольклорлық мысалдар (мақал-мәтелдер, дәйексөздер және т.б.) – әдебиеттану, фольклортану ғылымдары үшін жаңа аналитикалық материал көзі.

Оксфорд сөздігі мақал-мәтелдің келесі анықтамасын береді: «мақал – белгілі бір жағдайда адамдар қолданатын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін сөйлем, пайымдау, тұжырым. Мақал-мәтелдің «сабақ беру» қызметі бар, «қателіктермен» өмір сүруге үйретеді» [131]. Халық өмірінен ақпарат беретін мақал-мәтелдер ауызша сөйлеуде ғана емес, сонымен қатар көркем шығармаларда, публицистикада және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылады. Мақал-мәтелдер фольклордың бір бөлігі екені белгілі. Басқаша айтқанда, мақал-мәтелдер – әлеуметтік шындыққа құндылық-нормативтік қатынасты көрсететін, сонымен бірге қоғамдық сананың символдық көрсеткіші ретінде қызмет ететін халық шығармашылығы. Мақал-мәтелдер фольклордың элементтері ретінде әлеуметтік дамудың әртүрлі кезеңдерінің мәдени коннотацияларын қамтиды. Біз жүргізген эксперименттен жиналған мақал-мәтелдер мынадай: *Өлімнен ұят күшті, жеті атасын білмеген жетесіз, т.б.*

Респонденттердің жауаптарында басқа әдебиеттер мен оқулықтардан келтірілген мәтіндер де кездесті: *«Бешбармақ – ең таңдаулы қазақ ұлттық тағамдарының бірі, дәмдік қасиеті үшін жоғары бағаланады және мерекелік дастарханның бірінші асы болып саналады; Бешбармақ дегеніміз – қазақтың ұлттық тағамы; Бешбармақ (Бесбармақ) – қырғыздың бас тағамының атауы және қазақтың бас тағамының орыс тілінен ауысып қалыптасқан атауы».*

Ұлттық ассоциативті сөздік ұлттық мәдениет туралы кең ауқымды білімді қамтиды. Сөздік ұлттық мәдениет болып есептелетін ұлттық сананы көрсетеді. Сөздікте ұлттық әдет-ғұрыптар, халықтардың мәдени көзқарастары келтіріледі. Реакцияларда қазақ халқының этникалық және мәдени құндылықтары, қабылдауы мен көзқарастары, респонденттердің теріс және оң бағалары туралы ақпарат беріледі. Мысалы, *«бас киім, ұлттық киім, құндыз бөрік, үкі, байлық, дәстүрлі бас киім, құндыз, қазақтың бас киімі, кәмшат бөрік»* секілді материалдық мәдени құндылықтарды білдіретін лексемалар да, *«той, ақ дастархан, дастархан, той-думан, қонақтар, туыстар, шаңырақ, қонақжайлылық, мол дастархан»* сияқты қазақ халқының өмірінде, когнитивтік жүйесінде қадірлі, қасиетті мағынадағы тілдік бірліктер де кездеседі.

Сөздік қазақ тілінің ұлттық-мәдени лексемаларына негізделген, сондықтан ассоциаттардың көпшілігі этнолексемалар, рухани өмірден хабар беретін синтаксистік бірліктер болды. Мысалы, *«той, сәби, бесік той, нәресте, салт, салт-дәстүр, шілдехана, бала, әдеп-ғұрып, ән; бала дүниеге келгенде жасалатын жиын; бала дүниеге келгенде орындалатын той; бала қырқынан шыққанда жасалатын той; бала перзентханадан шыққан соң жасалатын салт-дәстүр. той; бала туылғаннан кейін сүйіншілеп жасалатын дәстүр; баланы қырқынан шығару; баланың алғашқы тойы; баланың дүниеге келуі; баланың өмірге бейімделуі; баланың тойы; баланың туылуы; бөпені қырқынан шығару; дәстүр; жаңа туылған нәресте 40 күнге толғанда жасалатын салт-дәстүр; жас*

нәресте; жас сәбиге арналған той; келін; кішігірім той; кішкентай балаға жасалатын 40-нан кейінгі той; кішкентай нәресте; мереке; нәрестеге арналған дәстүр, нәрестені қырқынан шығару; өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той; сәбиді қырқынан шығару; сүндет той», бұл мысалдардың барлығы да *«шілдехана»* стимулына, яғни нәрестенің дүниеге келу құрметіне арналған той, қазақ халқының баланың дүниеге келгендегі алғашқы тойын атап өтетін кездегі көптеген салт-дәстүрлердің біріне берілген реакциялар. Бұл мысалдар сөздіктің этномәдени зерттеулердің маңызды дереккөзі екенін көрсетеді.

Сөздікке әлеуметтік ғылымдарға, саясатқа және дінге қатысты әлеуметтік-саяси, діни және тарихи ұғымдар енгізілген. Мысалы, *«Алладан қорқу, имандылық белгісі, иман, Пайғамбар жас, Ораза айт, айттық, ораза, айттап бару, айттау, діни мереке, Ислам, Ислам діні, Қасиетті Рамазан айынан кейін жасалатын мереке, мұсылман; Рамазан айы біткен соң, 3 күн айт тойланады. Адамдар бір-бірінен айттық сұрайды; садақа»,* т.б. Келтірілген реакциялар сөздіктің дінтану, әлеуметтану, тарих үшін маңызды екенін көрсетеді.

Ассоциативті эксперимент нәтижелерін терең талдау «тіл мен мәдениет» қатынасының көрінісі ретінде прецеденттік мәтіндерді анықтады. Ағылшын тіліне арналған Лонгман сөздігінде «прецедент» терминіне келесі түсініктеме береді: бұл «бұрын болған әрекет немесе жағдай және осы түрдегі кейінгі жағдайларға мысал немесе негіздеме ретінде қызмет етеді» [132, 1085]. Д.Б. Гудков прецедент белгілі бір фактіні білдіреді (сөздің кең мағынасында), үлгілі (эталон, мысал ретінде қызмет етеді) және императивті (оның негізінде кейінгі әрекеттерді модельдеу керек). Осылайша, сөздің кең мағынасында прецеденттердің құрамына жаңадан жасалмайтын, бірақ стандартты мазмұнды (мысалы, әртүрлі деңгейдегі тілдік клишелер, стереотиптер, фреймдер және т. б.) жаңартатын белгілі бір ауызша сигналдармен сөйлеуде ұсынылған үлгілі фактілер кіруі мүмкін. [133, 104-105]. Басқаша айтқанда, прецеденттік құбылыстар – мәтінде немесе сөйлеуде белгілі бір тіл иелеріне ортақ белгілі бір ұлттық-спецификалық ассоциацияларды тудыратын ақпараттың жеке блоктары. Басқа ұлттың өкілдері мұндай сигналдарды тек үстірт қабылдап, кейде тіпті түсінбеуі де мүмкін.




Диаграмма 7 – Ұлттық ассоциативті сөздіктегі прецедентті мәтіннің жиілігі

Зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген ассоциативті экспериментті квалитативтік/квантитативтік талдау, соның негізінде сөздік құрастыру барысында реакциялардың арасында жоғарыда аталып кеткен тілдік бірліктермен қатар антропоним, гастрономиялық атаулар, терминдер мен сленгтер кездесті. Осындай реакциялардың берілуінің ерекшелігі – стимулмен семантикалық тығыз байланыста болуы. Себебі тағам, отырыс, той-думанға қатысты стимулдарға реакция ретінде гастрономиялық атаулар (78; 0,38%) келтіріледі. Мысалы, қазақ халқының ет пен қамыр негізгі ингредиенті болатын ұлттық және бас тағамы *«бешбармақ» стимулына* (оның өзі гастрономиялық атау) *ет, қазы-қарта, ет қамыр, ет асу, жал-жая, қамыр, бесбармақ, ет тағамы, жайма, қазақша ет, қой еті, нан салма, шашлық* т.б. дәл сондай гастрономиялық атау болатын реакциялар жиналған. Осындай сипаттың болуы заңды, ол ассоциацияның жалпы табиғатына сәйкес келеді.

Ал адамның аты-жөнінің антропонимдік реакция ретінде кездесуі (16; 0,08%) стимул сөздің респонденттің санасы мен жадында қандай да бір жағдай, оқиғаға қатысты ерекше естеліктің, яғни сөздіктің мазмұнында жеке өмір тәжірибесінен хабар беретін ақпараттың болуымен байланысты.

«Ғылым тілі» ретінде анықталатын, қандай да бір ғылымның лингвистикалық базасын құрайтын реакция-терминдер де (6; 0,03%) стимулдың ассоциативті әлеуетімен тығыз байланысты. Мысалы, *«ұят» стимулына «эмоция, мораль»* сияқты психологиялық, философиялық ғылымдарға қатысты терминдер «ұят» лексемасының да сондай ғылыми семантикасына қатысты.

Ассоциативті экспериментке қатысқан респонденттердің басым бөлігі жастар категориясы болғандықтан, жастар арасында кең қолданыс табатын ауызекі сөйлеу лексикасының мысалы – *сленгтер* (2; 0б01%) ерекше тілдік бірліктер ретінде реакция болып кездесті: *беш* («бесбармақ» тағамының қысқартылған атауы), *пахан* (1. мафиози; 2. әке; 3. агрессивті жастар тобының жетекшісі (әдетте ең үлкені және қылмыстық тарихы бар) [134, 331-332].



Диаграмма 8 – Ұлттық ассоциативті сөздіктегі ассоциаттардың лексикалық әртүрлілігінің сандық көрсеткіші

Ұлттық сана мен танымды танытатын стимул сөздерге берілген жауаптар ұлттық мәдени реакцияларды құрайды. Біз жүргізген ассоциативті эксперименттен алынған осындай ұлттық сипаттағы реакциялар семантикалық тұрғыдан өзара бірнеше тақырыптық топтарға бөлінеді.

1 топ – *«Діни» реакциялар: айттық* – Ораза айт (50), Ораза (45), Айт (44), айттан сарқыт (20), Ислам (14), Ислам діні (10), Айттық (10), мұсылман (6), Айт мейрамы кезінде берілетін сарқыт (2), Айт кезінде берілетін сый (2), Айт мерекесіне байланысты айттық шай беру, айттық дастарқан жаю (2), Айт мерекесінде болатын дәстүр (2), Айттық, менің ойымша, айттан кейін болады (1), *тұмар* – Құран оқытылған бойтұмар (3), *мүшел* –Пайғамбар жас (5). Нәтижесінде, «діни» вербалды-ассоциативті өрістің өзі стимул сөздің діни мазмұнда болуы тікелей байланысты болады.

2 топ – *«Әдеби-философиялық» реминисценциялар: ұят* – Абайдың ілімінде, оның даналық түсінігінде адамның адамшылығы, ең игі қасиеті – жан сақтау емес, ар сақтау (10). Осы реакция – қазақ әдебиеті, тарихы, мәдениетінде айшықты орны бар ойшыл, философ, ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының жыр шумақтары мен философиялық ойларында кездесетін этикалық көзқарастарының бейнесі.

3 топ – *Географиялық реакциялар: ірі қара* – Алматы (3), Шымкент (3), *атамекен* – Казақстан (40), Кеген (3). Берілген реакциялар – респонденттердің туған жерлерімен байланыстағы жеке жауаптары.

4 топ – *Антропонимдік реакциялар: ірі қара* – Жәнібек (2), *сәукеле* – Заңғар (1), Райм мен Артур (5), *иткөйлек* – Бейсенов (1), Алмат (1), *тұмар* – Абылай (1). Адам есімдері түрінде жиналған жоғарыдағы реакциялар жеке және жаппай сананың *(Райм мен Артур (5)* бейнесі ретінде талданады. Себебі «сәукеле» стимулына берілген «Райм мен Артур» реакциясы отандық медиа кеңістікте кейінгі кездері пайда болып, жастар арасында танымал ән орындаушылары ретіндегі «Райм мен Артур» – Райымбек Бақтыгереев пен Артур Давлетьяровтың «Сәукеле» атты әнімен байланысты. Осы реакциялардан халық арасына кең танылатын музыкалық шығармалардың мәтінінің жастар санасына тигізетін ықпалын анық байқатады.

5 топ – *«Тағам атаулары»: қымыз-қымыран* – бал қымыз (10), бие сүті (13), қымыз (31), ағарған (11), шұбат (26), *қалжа* – ет тарту (11), сүйек (3), *асату* – құлақ (4), бауыр (2).

Жаһандану, интернет және цифрлық коммуникация дәуірі ұлттық құндылықтардың тілдік санадағы көрінісіне нақты ықпал ететіні ассоциативті деректер негізінде айқын байқалады. Мысалы, *«бешбармақ» стимулына* дәстүрлі реакциялармен қатар *(«ет», «қонақ», «дәстүр»)* ықшамдалған *«беш»* формасының берілуі қазіргі тілдік бірліктерді қысқартып, үнемді жолмен жұмсау коммуникациялық үдерістерінің әсерін көрсетеді. Сонымен бірге ұлттық тағамға қатысты ассоциациялар құрамында заманауи тұтыну мәдениетіне тән элементтердің қатар жүруі дәстүрлі ұғымдардың жаңа контексте қайта түсіндіріліп жатқанын аңғартады.

«Ұят» стимулында дәстүрлі моральдық мән *(«әдеп», «тәрбие»)* сақталғанымен, *«қоғам», «норма»* сияқты жалпылама әлеуметтік категориялардың пайда болуы бұл концепттің семантикалық кеңеюін көрсетеді.

«Сәукеле» стимулына жиналған реакциялар негізінен дәстүрлі сипатта *(«қалыңдық», «той»)* болғанымен, оның қазіргі тілдік санада көбіне символдық, мәдени белгі ретінде қабылданатыны байқалады. Бұл ұлттық заттардың функционалдықтан символдық деңгейге ауысуын көрсетеді.

«Қымыз» ұғымында *«ұлттық сусын», «сүт»* сияқты дәстүрлі реакциялар басым болғанымен, *«білмеймін»* жауаптарының кездесуі кейбір ұлттық тағамдардың қазіргі тілдік санада біршама әлсірей бастағанын көрсетеді.

Ал *«иткөйлек»* сияқты дәстүрлі салттық ұғымдар бойынша ассоциативті деректер олардың тілдік санада әркелкі сақталғанын көрсетеді. Бір жағынан, *«салт», «той», «дәстүр»* сияқты дәстүрлі мазмұндағы реакциялар кездессе, екінші жағынан, бірқатар респонденттерде бұл ұғымдардың түсініксіз болуы немесе сирек аталу жағдайлары байқалады. Әсіресе *«кейуана»* ұғымы бойынша ассоциативті реакциялар шектеулі және бірізді емес сипатта көрініс табады, бұл оның қазіргі тілдік санада белсенді емес, пассив қабатқа ауыса бастағанын көрсетеді.

Осындай деректер жиынтығы жаһандану мен цифрлық дәуірдің әсері ұлттық құндылықтардың толық өзгеруіне емес, олардың мазмұндық жаңаруына және ішінара әлсіреуіне алып келетінін дәлелдейді. Өзгерістер көбіне ассоциативті өрістің перифериялық бөлігінде көрініс тауып, ал негізгі, ядролық компоненттері тұрақты сақталады.

Демек, ұлттық құндылықтар қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда дәстүр мен заманауи ықпалдардың тоғысында дамып, бір жағынан сақталып, екінші жағынан жаңа мазмұндық қырлармен толықтырылып отыр.

Кейбір стимул сөздердің ұлттық-мәдени және тарихи семантикасын нақтылау зерттеудің интерпретациялық дәлдігін күшейтеді. Мысалы, «қазақ» лексемасы тек этноним ретінде ғана емес, тарихи тұрғыдан еркіндік, ержүректік және жауынгерлік рух ұғымдарымен сабақтас қалыптасқан.

Тарихшы Ж. Ақпаевтың көрсетуінше, 1465 жылы Әбілхайыр ұлысынан Жәнібек пен Керейге көптеген рулардың қосылуы нәтижесінде жаңа саяси-этникалық бірлестік қалыптасып, «қазақ» атауы осы қауымның негізгі этнониміне айналған. Ғалым бұл атаудың бастапқы мағыналық өрісін «еркін», «кезбе», «тәуелсіз», «наразылық білдіруші еріктілер» сияқты ұғымдармен байланыстырады [135, 168]. Бұл семантика жаңа ұлыстың әлеуметтік-психологиялық болмысымен толық сәйкес келеді.

Осы тарихи-семантикалық негіз *«қазақ» стимулы* бойынша алынған ассоциативті реакцияларды *(еркіндік, намыс, ел, батырлық, ұлт)* интерпретациялауда маңызды теориялық тірек болады. Яғни бұл стимул тілдік санада тек атау емес, ұлттық кодтың, тарихи жадтың және ұжымдық өзін-өзі танудың ядролық концепті ретінде көрініс табады.

Ұлттық ассоциативті сөздіктегі ұлттық құндылықтарды білдіретін стимулдарды лексика-семантикалық тұрғыдан талдау олардың басым бөлігінің жалпытүркілік негізге сүйенетінін көрсетті. Әсіресе *атамекен, бесік, көзмоншақ,*

тіл ұстарту сияқты бірліктердің көне түркілік тұлғаларының *(ata, béşik, köz, tıl)* қазіргі қазақ тілінде фонетикалық және мағыналық жағынан сақталуы тарихи семантикалық тұрақтылықтың жоғары деңгейін дәлелдейді.

Бұл құбылыс ұлттық ассоциативті өрістегі ядролық бірліктердің кездейсоқ емес, мәдени жадта ұзақ уақыт бойы бекіген концептуалдық тіректер екенін аңғартады. Мәселен, бесік ұғымы сәби төсегі мағынасынан асып, ұрпақ сабақтастығы, ана мәдениеті, дүниеге келу ритуалы сияқты көпқабатты мәдени семаларды белсендіреді. Сол сияқты атамекен стимулы тарихи территория, ата-баба ізі, тектік жад және ұлттық бірегейлік ұғымдарын тоғыстырады.

Диахронды талдаудан көне түркі кезеңінен сақталған лексемалар қазіргі ассоциативті экспериментте ядролық реакциялар тудыруға бейім, себебі олар ұлттың когнитивтік базасында орныққандығын аңғаруға болады. Ал кірме немесе кейінгі мәдени қабаттардан қалыптасқан *асар, базарлық* тәрізді бірліктер перифериияға ығыспай, қазақ мәдени тәжірибесінде қайта семантикаланып, ұлттық кодтың ажырамас бөлігіне айналған.

Осыған сәйкес, ассоциативті өрістің ядросын тарихи жады мен мәдени тұрақтылығы жоғары стимулдар, ал перифериясын ситуациялық, ритуалдық немесе контекстік мағынасы кеңейген бірліктер құрайды. Демек, ұлттық ассоциациялардың ядро-периферия құрылымы тілдік жиілікпен ғана емес, лексеманың диахронды тереңдігі, жалпытүркілік сабақтастығы және мәдени жадтағы орнығу дәрежесімен анықталады.

Ұлттық құндылықтарды білдіретін мағынасы бар стимулдардың лексика-семантикалық табиғатын ашуда олардың лексикографиялық паспортын диахронды және мәдени-когнитивтік аспектіде сипаттау маңызды. Осындай ғылыми шешім стимул сөздің қазіргі қазақ тіліндегі тұлғасын түрік тіліндегі түпнұсқа нұсқасымен, көне түркілік негізімен, негізгі және қосымша мағыналық қабаттарымен, морфологиялық құрылымымен, этимологиялық төркінімен және мәдени семасымен сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай талдау ассоциативті өрістің ядролық бірліктерінің тарихи тереңдігін және ұлттық мәдени жадтағы орнығу деңгейін айқындайды.

Атамекен стимулының лексикографиялық паспорты оның жалпытүркілік табиғатын айқын көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі атамекен тұлғасы түрік тіліндегі *ata + mekân* үлгісімен толық сәйкес келеді, мұндағы *ata* компоненті көне түркілік *ata «әке, баба»* формасынан бастау алады. Ал мекен сыңары араб тіліндегі *makān «орын, болмыс кеңістігі»* тұлғасымен сабақтас. Морфологиялық тұрғыдан бұл – екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған күрделі атау [136].

Семантикалық жағынан лексеманың негізгі мағынасы ата-баба қонысы, тарихи отан ұғымдарын білдіреді. Қосымша мағыналық қабатында тектік жалғастық, киелі жер, ұлттық территория, тарихи жады сияқты мәдени семалар жинақталған. Ассоциативті өрісте бұл стимулдың ядролық қызмет атқаруы оның ұлттың кеңістік туралы когнитивтік моделін және тарихи жадын белсендіруімен түсіндіріледі. Осыған байланысты атамекен ұлттық кодтың территориялық-генеалогиялық өзегін құрайтын негізгі концептілердің бірі ретінде танылады.

Бесік стимулы тарихи семантикалық тұрақтылықты айқын көрсететін көне қабатқа жатады. Түрік тіліндегі *beşik* нұсқасы мен көне түркілік *béşik / beşik*

тұлғалары қазіргі қазақ формасымен толық сәйкес келеді. Бұл сөздің фонетикалық және мағыналық тұрақтылығы оның жалпытүркілік негізінің мықтылығын айқын көрсетеді.

Негізгі мағынасы – нәрестені жатқызып, тербетіп ұйықтатуға арналған ағаш төсек. Алайда қазақ мәдени кеңістігінде бұл сөздің семантикасы әлдеқайда кеңейіп, өмірдің бастауы, ұрпақ сабақтастығы, аналық қамқорлық, дүниеге келу ритуалы сияқты қосымша мәдени мәндермен толығады [137]. Осы себепті бесік ұлттық ассоциативті өрістің ядросында орналасатын, мәдени жадта терең орныққан символдық стимулдардың бірі болып табылады. Оның ядролық сипаты реакцияларда отбасы, сәби, ана, ұрпақ, тәрбие сияқты тұрақты семалардың жиі көрінуінен байқалады.

Асар стимулы этимологиялық жағынан араб тіліндегі *āṯār «із, белгі, мұра»* тұлғасымен байланысты болғанымен, қазақ тіліндегі қолданысында мүлде дербес ұлттық-мәдени мәнге ие болған. Морфологиялық жағынан дара түбір ретінде қабылданатын бұл сөз қазақ дүниетанымында көпшілік болып тегін көмек көрсету, ұжымдық еңбек, әлеуметтік жауапкершілік мағыналарын білдіреді [136].

Бұл жерде ерекше назар аударатын жайт – кірме этимонның қазақ этномәдени ортасында мәдени қайта семантикалануы. Яғни сөздің бастапқы тарихи мағынасы сақталмай, қазақ қоғамының әлеуметтік өміріне тән ұжымшылдық пен өзара жәрдем моделінің таңбасына айналған. Ассоциативті өрісте бұл стимул ядроға жақын орналасады, себебі оның реакциялық өрісінде ауыл, көмек, бірлік, туыс, жұрт сияқты ұжымдық мәдени кодты білдіретін бірліктер шоғырланады.

Көзмоншақ лексемасы екі қабатты құрылымға ие: оның алғашқы компоненті көне түркілік *köz «көз»* тұлғасынан, ал екінші компоненті моншақ атауынан тұрады. Түрік тіліндегі *göz* нұсқасы бұл сөздің жалпытүркілік түбірін нақтылай түседі. Морфологиялық тұрғыдан бұл – біріккен күрделі атау.

Негізгі мағынасы тіл-көзден, назардан сақтайтын әшекей немесе сакральды бұйым ретінде сипатталады. Қосымша мағыналық өрісінде қорғау, тылсым күш, ырым-сенім, сакральды қорғаныш семалары көрінеді [137]. Бұл стимулдың ерекшелігі – тілдік таңбаның мифологиялық санамен тікелей байланысуында. Сондықтан ол ядро мен периферия арасында дәнекер қызмет атқаратын символдық-сакральды бірлік ретінде көрінеді. Ұлттық мәдени жадта бұл сөздің орны ерекше, себебі ол халықтық ырым-сенім жүйесінің сақталған фрагментін танытады.

Тіл ұстарту тіркесі көне түркілік *tıl / til «тіл»* тұлғасынан бастау алатын тарихи лексикалық негізге сүйенеді. Түрік тіліндегі *dil* нұсқасы осы сабақтастықты дәлелдейді. Құрылымдық тұрғыдан тіркес аналитикалық модельде жасалған: тіл + ұстарту.

Негізгі мағынасы – сөйлеуді жетілдіру, тіл дамыту, сөз мәдениетін қалыптастыру. Қосымша мағыналық қабатында шешендікке баулу, когнитивтік тәрбие, ұлттық сөз өнерін меңгерту, әлеуметтік коммуникация дағдыларын орнықтыру семалары бар [137]. Бұл стимул қазақ мәдениетінде сөз құдіреті мен шешендік дәстүрдің жоғары мәртебесін көрсетеді. Сондықтан оның ассоциативті

өрістегі орны ядроға өте жақын: реакциялық жүйеде білім, тәрбие, сөйлеу, өнер, сөз, шешендік сияқты мәдени-когнитивтік бірліктермен тығыз байланысады.

Базарлық лексемасының негізінде парсы тілінен түркі тілдеріне ерте енген *bāzār / pazar* тұлғасы жатыр. Қазақ тілінде оған *-лық* жұрнағы жалғану арқылы жаңа мәдени-семантикалық бірлік қалыптасқан. Морфологиялық құрылымы – *базар* + *-лық* [136].

Сөздің негізгі мағынасы сапардан немесе базардан әкелінетін сыйлықты білдіреді. Қосымша мағыналық қабатында сағыныш белгісі, туыстық көңіл, әлеуметтік қатынас, эмоционалды жақындық семалары дамыған. Бұл сөздің ұлттық мәдени кодтағы орны ерекше, себебі ол сый алмасу арқылы қарым-қатынасты нығайтатын дәстүрлі коммуникациялық механизмді көрсетеді. Осыған байланысты базарлық ассоциативті өрісте перифериялық емес, эмоциялық-мәдени ядроға жақын стимул ретінде сипатталады.

Жоғарыда берілген талдау ассоциативті өрістің ядросын құрайтын стимулдар көбіне жалпытүркілік негізі сақталған, тарихи семантикасы тұрақты және мәдени жадта терең орныққан лексемалар болатынын тағы да дәлелдей түседі. Ал кірме негізден шыққанымен ұлттық мәдениетте қайта семантикаланған бірліктер ядро маңындағы мәдени-эмоциялық периферияны толықтырады. Бұл құбылыс ұлттық ассоциациялардың құрылымын тек жиілік емес, диахронды тереңдік, мәдени сема және когнитивтік тұрақтылық арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарға арналған стимулдардың ассоциативті табиғатын терең түсіндіруде лексикографиялық және диахронды талдаумен қатар, олардың ғылыми, этнографиялық және көркем-публицистикалық еңбектердегі түсіндірмелерін салыстыра қарастыру ерекше маңызға ие. Мұндай интерпретациялық қабат стимулдардың тек сөздік мағынасын ғана емес, қазақ халқының мәдени жадында сақталған салт-дәстүрлік сценарийлерін, жөн-жоралғылық қызметін және символдық семаларын ашуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар мен ырым-тыйымдарының мән-мағынасы кеңінен сипатталатын негізгі дереккөздердің қатарында жазушы З. Ахметованың «Күретамыр», «Бабалар аманаты» және «Қазақ халқының өнегелік салт-дәстүрлері» еңбектері ерекше орын алады. Аталған еңбектер ұлттық ассоциативті сөздікте тіркелген көптеген стимулдардың мәдени семантикасын нақты этнографиялық контексте түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мәселен, *тоқымқағар стимулының* мазмұны «Бабалар аманаты» еңбегінде жолаушыны қарсы алу, сапардың сәтті аяқталуын жақсылыққа жору және жолдан келген адамның «тоқымын қағып-сілку» ырымымен сабақтастырыла сипатталады. Мұнда дастарқан жаю, ауылдастарды шайға шақыру, жолаушының келуін қуанышқа балау сияқты әрекеттер тоқымқағар ұғымының семантикалық өрісін кеңейтеді. Соның нәтижесінде бұл стимул ассоциативті деңгейде тек «сапар» немесе «жол» ұғымдарын ғана емес, қауымдық қуаныш, амандық, сағыныштың басылуы, жақсы ырым сияқты эмоционалды-әлеуметтік семаларды да белсендіреді [138, 84-85]. Осы ерекшелік оның ұлттық ассоциативті өрістегі мәдени-эмоциялық ядроға жақын орналасуын түсіндіреді.

Сол сияқты *танабау стимулының* ұлттық-мәдени мәні «Күретамыр» еңбегінде кеңінен ашылады. Автор бұл дәстүрдің бірнеше уәждік негізін көрсетеді: бір жағынан, баланың алыс жолға шығуына байланысты «жолы болсын», «алдынан жақсы адамдар кездессін», «барған жерінде ашылатын есік көп болсын» деген ізгі бата-тілекпен тағылатын ырымдық белгі ретінде сипатталады; екінші жағынан, жас баланың еңбекке араласып, ата-анасына қолғабыс көрсете бастағанын қауым болып мойындаудың символдық формасы ретінде түсіндіріледі. Мұндай жағдайда баланың омырауына түйме, тана, ақық, маржан секілді заттардың тағылуы – әлеуметтік мойындау мен ізгі тілек семаларын білдіреді [139, 95]. Демек, танабау стимулының ассоциативті өрісі жол, бақ, тілек, өсу, мойындау, қауымдық қолдау сияқты ұлттық код элементтерімен толығады.

Сый алмасу дәстүріне қатысты стимулдардың ұлттық ассоциативті табиғатын түсіндіруде Э. Масагутова мен У. Ахметжанованың «Қазақ халқының өнегелік салт-дәстүрлері» еңбегіндегі түсіндірмелердің маңызы ерекше. Аталған еңбекте *«көрімдік»* пен *«байғазы» стимулдары* қазақ халқының қуанышқа ортақтасу, әлеуметтік байланысты нығайту және ізгі тілек білдіру дәстүрінің құрамдас бөлігі ретінде сипатталады.

Еңбекте *«көрімдік»* дүниеге сәби келгенде, шаңыраққа жас келін түскенде, мал төлдегенде және басқа да қуанышты жағдайларда туған-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң тарапынан берілетін сыйлық ретінде беріледі. Оның көбіне ақшалай берілуі бұл дәстүрдің тек ритуалдық сипатымен шектелмей, қуанышты материалдық тұрғыдан бөлісу және жаңа бастаманы әлеуметтік тұрғыдан қолдау қызметін атқаратынын көрсетеді. Осыған сәйкес, көрімдік стимулының ассоциативті өрісі сәби, келін, қуаныш, сыйлық, ақша, құттықтау, тілек сияқты мәдени-эмоциялық реакциялармен толығады.

Ал *«байғазы»* үлкен кісілердің өздерінен кішіге, әсіресе жас балаларға жаңа киім немесе жаңа зат алған кезде беретін сый-сияпаты ретінде сипатталады. Үлкендердің *«Жасың ұзақ, киімің тозғақ болсын», «Дұшпаның жоқ болсын»* деген тілектері байғазының заттық сый ғана емес, бата, ізгі тілек, қорғаныш семаларын да қамтитынын көрсетеді [140, 25].

Осы тұрғыдан «байғазы» мен «көрімдік» стимулдарының реакциялық ядросында сыйлық, ақша, қуаныш, құтты болсын, тілек, бала, жаңа киім сияқты бірліктердің жиі шоғырлануы олардың мәдени-эмоциялық ядроға жақын орналасқанын дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, З. Ахметова, Э. Масагутова, У. Ахметжанова еңбектеріндегі түсіндірмелер ұлттық ассоциативті өрістің ядро мен перифериясын анықтауда мәдени интерпретацияның қосымша верификациялық қабаты ретінде қызмет етеді. Әсіресе жөн-жоралғыларға қатысты стимулдарда бұл деректер сөздің тарихи-лексикалық мағынасын нақтылап қана қоймай, оның ұлттық мәдени жадтағы өміршеңдігін, символдық күшін және ұрпақаралық трансляциясын айқындайды.

Киенің тылсым күші – қазақ қоғамында ата-бабамыздан бізге мирас болып қалған, әлі күнге дейін халқымыздың сана-сезімінде сақталған наным, сенімдердің түрі өте көп. Олар табиғаттың, өмір заңдылықтарының және де төрт

түлік мал мен жан-жануарлардың қадір-қасиетіне байланысты санамызда қалыптасып, бойымызға сіңіп кеткен. Кие дегеніміз – белгілі бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшке ие екендігін білдіретін түсініктің қалыптасуы. Кие де – суггестияның бір түрі. Суггестия термині – наным, сенім дегенді білдіреді. Яғни, кие сөзінің астары да сол табиғаттың, жан-жануарлардың, өсімдіктердің кейбір тылсым күшіне сенуден шыққан.

Ұлттық құндылықтарды танытатын стимулдарды арасында «шежіре» лексемасы да бар. Халқымызда *ата-бабалар шежіресі, шежіре тарату* дәстүрі есте жоқ ерте заманнан бастау алады. Шежіре феномені ұлтымыздың «әлем бейнесінде» концептуалды, іргелі мәдени категориялардың біріне саналады, осы ретте қазақ шежіресі кешенді макроконцептілік жүйе құрып, лингвистиканың, мәдениеттану, этностану, елтану, т.б. көптеген ғылыми салаларының зерттеу нысанына айналады. Яғни шежіре, оған қатысты көптеген ұлағатты сөз ер азаматтың қоғамның белді мүшесі ретінде ең алдымен өзін-өзі тану (объективті идентификациялау), шыққан тегін білу, өз қауымына деген қамкорлық, ата қонысын қорғау т.б. қажеттілігіне қатысты ұлттық сипаттағы ізгі де адами құндылықтарды паш етіп тұр.

Жеті ата этноәлеуметтік мазмұндағы сөзтіркесі ежелгі қазақ қауымының туыстық, генеалогиялық байланыс ұғымына қатысты пайда болған, ол қазақ тілінің концептілер жүйесіндегі лингвоментальды құрылым болғандықтан халықтың тілдік санасында, дүниетанымы мен рухани мәдениетінде кең көрініс тауып, тілдік бірліктер арқылы вербалданған. Әлемның тілдік бейнесіндегі көрінісін мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, фольклор, эпостық шығармаларда т.б. әр тарихи кезеңдерде таңбалап, сақтап, кейінгі ұрпақтарға жеткізу тілдің қоғамдағы кумулятивтік қызметімен байланысты. Жеті ата тіркесі қазақ тілінің семиотикалық, ментальдық құрылымдар жүйесінен орын алған кумулятивтік маңызы зор лингвокультурема ретінде танылады [141].

Бұл этнографиялық түсіндірмелердің ғылыми құндылығы олар ұлттық ассоциативті сөздікте алынған реакциялардың кездейсоқ емес, мәдени сценарийлерге сүйенген когнитивтік құрылымдар екенін дәлелдейді. Яғни респондент санасында туындайтын ассоциациялар белгілі бір сөздің сөздіктегі мағынасынан ғана емес, сол ұғымның халық жадында сақталған ритуалдық тәжірибесі мен әдеби-этнографиялық репрезентациясынан да туындайды.

Ұлттық ассоциативті сөздік материалдарын құрылымдық тұрғыдан сипаттауда ассоциативті реакциялардың морфологиялық құрамын талдау ғылыми тұрғыдан маңызды. Өйткені реакциялардың сөз таптары бойынша жіктелуі респондент санасында белгілі бір ұлттық-мәдени стимулдың қандай когнитивтік формада репрезентацияланатынын айқындайды. Осыдан келіп, *64 стимул* бойынша жиналған *22 307* ассоциативті реакцияға жүргізілген морфологиялық талдау ұлттық ассоциациялардың құрылымдық моделін айқындауға мүмкіндік берді.

Жалпы көрсеткіш бойынша реакциялардың басым бөлігін зат есімдер (14 638; 65,62%) құрайды. Бұл көрсеткіш ұлттық мәдени стимулдардың респондент санасында ең алдымен заттық-ұғымдық, символдық және концептуалдық бейне түрінде қабылданатынын дәлелдейді. Басқаша айтқанда, ұлттық құндылықтарға

қатысты сөздер когнитивтік деңгейде көбіне нақты мәдени нысан, әлеуметтік рөл, кеңістік, туыстық атау, ритуалдық зат немесе этномәдени символ арқылы белсенеді. Мысалы, *шаңырақ стимулы* бойынша зат есімдердің үлесі 88,53%, *атамекен* бойынша 64,01%, *бесік* бойынша 54,66%, *байғазы* бойынша 70,29% болған. Бұл деректер ұлттық ассоциативті өрістің ядросын ең алдымен заттық мәдени код құрайтынын көрсетеді.

Зат есімдердің жоғары жиілігі әсіресе мәдени тұрақтылығы жоғары, жалпыхалықтық жадта орныққан стимулдарда айқын байқалады. Мәселен, *төрт түлік мал* (97,85%), *қолөнер* (94,03%), *дастархан* (95,67%), *тіл ұстарту* (93,9%), *қарапайымдылық* (87,94%) сияқты стимулдарда заттық-концептуалдық модельдің басымдығы ұлттық дүниетанымдағы мәдени нысандар мен әлеуметтік құндылықтардың атаулық деңгейде өте берік сақталғанын аңғартады. Мұндай бірліктер ұлттық ассоциативті өрістің ядролық қабатын құрайды, себебі олардың реакциялары жоғары дәрежеде тұрақты, қайталамалы және мәдени тұрғыдан болжамды.

Сонымен бірге статистикалық талдау сөз тіркестерінің (1 711; 7,67%) де маңызды үлеске ие екенін көрсетті. Бұл категория ұлттық ассоциациялардың таза атаулық деңгейден шығып, сценарий бойынша, жағдайға қатысты модельдерге өтетінін дәлелдейді. Сөз тіркестері көбіне этнографиялық, мәдени жағдаят, эмоционалды бағалау түрінде көрінеді. Мысалы, атамекен стимулында *туған жер, кіндік қаны тамған жер;* ет асу стимулында *қазан көтеру, табақ тарту;* байғазы стимулында *жаңа киім, ақшалай сый* тәрізді тіркестер реакциялардың ұлттық жадтағы дайын фреймдер арқылы ұйымдасатынын көрсетеді. Соған сәйкес сөз тіркестері ассоциативті өрістің жақын перифериясын қалыптастырады.

Сөйлемдік реакциялар да (875; 3,92%) ұлттық мәдени сананың маңызды қабатын танытады. Бұл деңгейде респондент тек сөзбен шектелмей, тұтас ситуацияны, дәстүрлік әрекетті немесе бағалауыш пікірді тілдік бірліктермен ұсынады. Мәселен, байғазы стимулына қатысты *«Киімімді көріңіз, байғазымды беріңіз»,* танабауға *«Жолы болсын»,* тоқымқағар стимулына берілген *«Жолың болсын»* тәрізді сөйлемдер дәстүрдің тілдік жадыда дайын формула ретінде сақталғанын көрсетеді. Мұндай реакциялар ассоциативті өрістің сценарийлік перифериясын сипаттайды және ұлттық мәдени жадтың салт, жоралғылық сипатын дәлелдейді.

Морфологиялық талдауда ерекше назар аударатын көрсеткіштердің бірі – *«білмеймін»* жауаптарының 322 (1,44%), *жауап жоқ – символдық реакциялардың* 341 (1,53%) және *сан есім мен өзге сирек категориялардың* 1 488 (6,67%) үлесі. Бұл реакциялар ұлттық мәдени білімнің респонденттер арасында біркелкі емес таралғанын, кейбір стимулдардың архаикалық немесе аймақтық сипатта қабылданатынын көрсетеді. Әсіресе *танабау* (40,35%), *көгентүп* (32,86%), *тоқымқағар* (26,67%), *жиенқұрық* (22,59%) сияқты стимулдарда *«білмеймін»* реакциясының жоғары болуы мәдени жадының әлсіреу үдерісін, салт-дәстүрлік атаулардың белсенді қолданыстан перифериға ығысуын аңғартады. Осы тұрғыдан сирек категориялар ассоциативті өрістің алыс перифериясын құрайды.

Етістік реакциялардың үлесі салыстырмалы түрде төмен болғанымен 1 469 (6,59%), олардың ғылыми интерпретациясы маңызды. Бұл категория әсіресе әрекеттік және ритуалдық стимулдарда белсенеді. Мысалы, *енші беру* (25,03%), *асату* (14,81%), *асар* (13,25%), *жолашар* (10,29%) сияқты бірліктерде әрекеттік модельдің күшеюі ұлттық мәдениеттегі дәстүрдің процессуалдық табиғатын көрсетеді. Яғни кейбір стимулдар респондент санасында зат ретінде емес, белгілі бір әрекет, рәсім немесе әлеуметтік процесс ретінде кодталады. Бұл оларды өрістің динамикалық перифериясына жақындатады.

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйене келе, морфологиялық кестелердің толық талдауы ұлттық ассоциативті өрістің құрылымын үш негізгі қабатта сипаттауға мүмкіндік береді:

1 ядро – зат есімдер, яғни мәдени нысан мен символдық атаулар;

2 жақын периферия – сөз тіркестері мен сөйлемдер, яғни дәстүрлік сценарийлер;

3 алыс периферия – сирек категориялар, білмеймін, символдық жауаптар, яғни әлсіреген немесе арнайы мәдени білімге негізделген реакциялар.

Осыдан шығатын тұжырым – морфологиялық статистика ұлттық ассоциациялардың құрылымы тек лексикалық мағынаға емес, мәдени кодтың заттық, сценарийлік және динамикалық деңгейлеріне сүйенетіні. Бұл ұлттық ассоциативті сөздіктің ішкі ұйымдасуын жүйелі түрде айшықтауға және ядро-периферия моделін эмпирикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігінің өзіндік этномәдени ерекшелігі – ассоциациялардың агглютинативті типке қатысты болатын қазақ тілінің грамматикалық сипаттарын көрсетуі. Неміс ғалымы В. фон Гумбольдттің қазіргі тілдер типологиясының негізін қалаушы екендігі ғылыми ортаға белгілі. Гумбольдт өзінен бұрынғыларға қарағанда тереңірек, аффиксі болатын тілдердің грамматикалық құрылымын қарастырды және тілдердің арнайы типін – агглютинативті тілдерді, яғни «бір-біріне қосылатын» (лат. agglutinatio – желімдеу) тілдерді бөліп зерттеуді ұсынған. Агглютинативті тілдерге келесі белгілер тән: сөздердің құрылымы анық, бір мағыналы стандартты аффикстер белгілі бір ретпен бірінен соң бірі келеді, морфемалардың арасы нақты белгіленеді, морфемалар жалғанғанда, әдетте, дыбыстық өзгерістер болмайды. А.М. Камчатнов «бұл типтегі тілдер жоғары дамыған сөзжасаммен, сөзжасамдық аффиксациямен, аффикстердің бірегейлігімен және морфемалар арасындағы әлсіз байланыспен сипатталады, бұл морфемалардың түйіскен жерінде фонетикалық өзгерістердің болмауында көрінеді» деп атап өтті [142, 99]. Осындай агглютинативті тілдерге Орал (фин-угор және самодий), Алтай (түркі, моңғол), Банту (бенуэ-конго тілдерінің кіші тобы) тілдері жатады.

Қазақ тілі агглютинативті тіл, онда аффикстер мен жұрнақтар белсенді қолданылады. Жұрнақтардың көпшілігі сөздің грамматикалық функциясын білдіреді. Жалғамалы сипатына байланысты қазақ тілінде өте ұзын сөздер жасалуы мүмкін.

Ассоциативті сөздік материалдары да қазақ грамматикасының маңызды категориялары, формалық агглютинациясынан (мысалы, жұрнақ, префикстер

сияқты форманттар) лингвистикалық ақпарат береді. Олардың қатарына мыналар жатады:

1) *көпше түрдегі форманттар* (-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер): бесік – *балалар*, шашу – *апалар*, шашу – *тойлар*, шашу – *оқиғалар*, бесік жыры – *жырлар*, бесік – *бөпелер*, бесік – *көшпенділер*, шашу – *тәттілер*, шашу – *әжелер*, шашу – *тағамдар*, қолөнер – *бұйымдар*, бесік жыры – *құндылықтар*, айттық – *қонақтар*, базарлық – *сыйлықтар*, сыйластық – *қасиеттер*, ұят – *көліктер*, кереге – *істер*, кие – *өсімдіктер*, кимешек – *келіншектер* т.б.

2) инфинитивті білдіретін тұйық етістіктің *-у* жұрнағымен жасалған етістіктің формасы: **кереге** – көшкенде жинай *салу*, киіз үй *істеу*, **кие** – пір *тұту*, **асар** – бір-біріне ақысыз көмектесу, үй салғанда көмек *беру*, құдайы *беру*, қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды ауылдас-руластарының – жетіаталық экзогамиялық ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі біраталардың бірлесе *атқару*, ешқандай ақысыз бір-біріне *көмектесу*, үй салғанда жақындарын шақыру, көмектескен жандарға тамақ *беру*, ағайынды жұмысқа *шақыру*, көмек қол *созу*, адамдардың жиналып *көмектесуі*, үй салғанда көмекке *шақыру*, үй салу сияқты жұмысқа жабылып *көмектесу*, ұжымдасып жұмыс істеп, бір адамға *көмектесу*, бітіре алмай жатқан жұмысын *бітіру*, **асату** – тамақ *беру*, тамақ *тарату*, *тамақтандыру*, ас *беру*, ас *жегізу*, ас *ұсыну*, *асату*, асқа *шақыру*, дәм *беру*, дәм *татқызу*, жасы кіші адамға қолмен ет *беру*, жолы үлкен адамның жасы кішілерге табақтағы еттің сыбағалы мүшесінен дәм *таттыру*, құдалардың бір-біріне құйрық бауыр *асатуы*, сыбағадан дәм *таттыру*, сыбағасын беру, *ұзату*, **қымыз-қымыран** – қымыз *ішу*, **сырға той** – сырға *салу*, қыз *ұзату*, құда түсу, қыз балаға сырға *салу*, отау *құру*, *ұзату*, **той** – *үйлену*, неке *қию*, отбасын *құру*, көңіл *көтеру*, **тұмар** – бәле-жаладан *сақтау* үшін тағылатын бұйым, көз *тию*, *қорғану*, *сақтау, сақтану, сену,* тіл-көзден *сақтау*, **сәукеле** – қыз *ұзату, ұзату, ұзатылу,* **сүндет той** – тұсау *кесу*, мұсылман *болу*, сүндетке *отырғызу, есею* т.б.

3) Қатыстылық, меншіктілікті білдіретін тәуелдік жалғаулары (-ым, -ім, -м, -ің, -сы т.б.): **бешбармақ** – *қазағымыздың*, **дастархан** – тамаққа толы, киелі *дастарханымыз*, **енші беру** – *қарызымнан* құтылу, **жолашар** – кейбір адамдар *жолым* болмай жүр, *жолымды* аштырам деп тәуіп балгерлерге барады, **жиенқұрық** – *жиенім*, **бесік жыры** – ұлттық *құндылықтарымыз, тіліміз, мәдениетімізді* бойға тарату, **ұят** – жасаған *әрекетіңнің* жөнсіздігін түсінушілік, ұят *сөзінің мағынасы* өте жоғары, *ар-намысын, тектілігін* жоғары қойған адам, **қалжа** – келін босанғаннан кейінгі *ата-анасының* алып келетін *қойы*, босанған әйелдің жейтін *асы*, оны *төркіні* болмаса өз жұрты бір кіші жандықты сойып, соның *сорпасын* береді, **бесік той** – балалы үйдің *қуанышымен* бөлісу, **жеті ата** – біздің *руымыз, ата-бабамыз* т.б.

4) қазақ тілінде есімше категориясы ретінде жұмсалатын, әрекетке тыйым салудың синтетикалық формалары (-мас/-мес): **тұсаукесер** – нәресте ең алғашқы қадамдарын жасап *бастамас* алдында тұсауын кеседі, **той** – тойға тыйым салып, қазынасынан айыруға *болмас*, **тұмар** – көз *тимес* үшін тағатын тұмар т.б.

5) болымсыздықтың синтетикалық формалары: **бесік жыры** – қалай түсіндіруге болатынын *білмеймін*, **тұлым** – тұлымыңнан айналдым деген сөздер естігенмін, бірақ нақты не екенін *білмеймін*, **жолашар** – кейбір адамдар жолым

болмай жүр, жолымды аштырам деп тәуіп балгерлерге барады, **ұят** – адам бетін жұртқа көрсете *алмайтын*, жерге кіріп кететін нәрсе; айтуға, көруге, сөйлеуге *болмайтын* сезім, *алаламау*, ата-анаңның үмітін *ақтамау*, әйелге қол көтеру немесе үлкенді *сыйламау*, біреудің ала жібін *аттамау*, жасауға *болмайтын* іс-әрекет, үміт *ақтамау*, үлкен адамға қоғамдық автобус көліктерінде орын *бермеу*, **обал** – заттарды, тамақты *лақтырмау*, затты ысырап *қылмау*, қазақта дәмге асқа обал *болмасын* деген мақсатта оны *тастамайтын* болған, қасірет-қиянат *етпеу* мақсатында айтылатын шектеу, тамақ обал *болмасын*, бұзылып *кетпесін*, обал *жасамау*, тамақ *төкпеу, тастамау,* ұяты *жібермеу*, ысырап етпеу, **жеті ата** – қазақтар туысқаннан, руластан қыз *алмайды*, **жарысқазан** – екі қабат әйел *қиналмай* босану үшін жасалатын ырым, **тұсаукесер** – ала жіпті *аттамасын* деп бала 1 жасқа толғанда тұсау кеседі, **шаңырақ** – шаңырағың *шайқалмау* т.б.

6) кейбір иран және түркі тілдеріндегі атрибуттық құрылымдардың белгілі бір түрлеріне жататын изафеттік тіркестер (I, II, III типтер). Түркологияда изафет (идафа, араб. إضاعة – қосу, толықтыру) немесе субстантивті-атрибутивті тіркестер деп түркі тілдері грамматикасының заңдарына сәйкес бір-бірімен өзара байланысатын екі зат есімнен тұратын анықтаушы тіркестер аталады, бұл тіркесте бірінші зат есім екіншісін анықтайды.

Изафеттік тіркестер компоненттерінің грамматикалық тұлғасына байланысты негізгі деп саналатын үш типке бөлінеді:

1) екі лексемасы нөлдік тұлғада тұратын изафеттік сөз тіркестері: *алтын сағат, жүн қолғап;*

2) бағыныңқы сөздің нөлдік тұлғада, ал басыңқы сөзге тәуелдік жалғаудың ы,- ы,- сы,- сі аффикстері жалғанған изафеттік сөз тіркестері: *теңіз жағалауы, соғыс уақыты, тау шыңы;*

3) бағыныңқы сөз ілік септігі аффиксі, ал басыңқы сөз тәуелдік жалғаумен берілген изафеттік тіркестер: *таудың шыңы, әйелдің сөмкесі.*

Бірқатар түркі тілдерінде изафеттің төртінші түрі де кездеседі, онда бағыныңқы сөз ілік септігі аффиксін жалғайды да, ал басыңқы сөзде ешқандай морфологиялық көрсеткіш болмайды. Мұндай тіркестер негізінен түркі поэзиясының тілінде орын алып жатады. Осылайша, түркі тілдеріндегі изафет мәселесі өте күрделі тақырып екенін көріп отырмыз.

Ассоциативті эксперимент арқылы жиналған ассоциаттардың ішінде де осындай қазақ тіліне тән изафеттік құрылымдар анықталды: **кереге** – *киіз үйдің қабырғасы* (III тип), *киіз үйдің бөлігі* (III тип), *үйдің керегесі* (III тип), *киіз үйдің жиналмалы қабырғасы* (III тип), *киіз үй бөлігі* (II тип), *қазақ үй бөлігі* (II тип), *есіктің қыры* (III тип), *есіктің табалдырығы* (III тип), *қазақ үйдің ең маңызды бөлігі* (III тип), *киіз үй қабырғасы* (II тип), *киіз үйдің кіре берісі* (III тип), *үйдің есігі* (III тип), *шаңырақтың бір бөлігі* (III тип), **кимешек –** *апалардың киетін киімі* (III тип), *әйелдердің бас киімі* (III тип), *қазақ әйелдерінің бас киімі* (III тип), *апалар киімі* (II тип), *әжелердің орамалы* (III тип), *әжелеріміздің ұлттық киімі* (III тип), *әженің киімі* (III тип), *әйел адамның киімі* (III тип), *әйел киімі* (II тип), *әйелдер киімі* (II тип), *қазақ әйелдерінің киімі* (III тип), *қыз-келіншектер киімі* (II тип), **қымыз-қымыран –** *жылқының сүті* (III тип), *қазақтың сусыны* (III тип), *бие сүті* (II тип), *қазақ ұлтының ұлттық сусыны* (III тип), *қазақтың ұлттық*

сусыны (III тип), **шапан –** *қазақтың ұлттық киімі* (III тип), *ақсақалдар киімі* (II тип), *ер адамдар киімі* (II тип), *ерлер киімі* (III тип), *ерлердің киетін киімі* (III тип), *ерлердің ұлттық киімі* (III тип), *қазақтың ежелгі киімі* (III тип), **той –** *қазақтың мерейтойы* (III тип), **немере –** *балаңның немесе қызыңның қызы, баласы* (III тип), *ұрпақ жалғастығы* (II тип), **сәукеле –** *әйел киімі* (II тип), *қазақтың ұлттық киімдерінің бірі* (III тип), *қазақтың ұлттық бас киімі* (III тип), **сүндет той –** *мұсылмандық жолы* (II тип), *Ислам діні* (II тип), **тек –** *әкеңнің аты* (III тип), *ұрпақ жалғастығы* (III тип), **тіл ұстарту –** *тілашар өлеңдері* (II тип), **шұбат –** *түйенің сүті* (III тип), *сүт өнімі* (II тип) т.б.

7) қазақ тілінде кездесетін шақтардың әртүрлілігі (жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ және т. б.): **бешбармақ –** жақсы, семіз етті қазы-қартасымен асып, піскесін оған қамыр жайып *салады* (ауыспалы осы шақ); дәмдік қасиеті үшін жоғары *бағаланады* және мерекелік дастарханның бірінші асы болып *саналады* (ауыспалы осы шақ); **енші беру –** еншіні үлкен ата, әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені *бөледі* (ауыспалы осы шақ); қара шаңырақ пен ата-ана кенже баланың қолында *қалады* (ауыспалы осы шақ); **жарапазан –** оразада *айтылады* (ауыспалы осы шақ); айтта айтылатын өлең, адамдарды сәресіне тұрғызу үшін *айтады* (ауыспалы осы шақ); **жиенқұрық –** жиені нағашыларынан рұқсатсыз жылқыны немесе өзіне ұнаған затын алып кеткенде нағашылары жиенқұрық алып *кетіпті* (бұрынғы өткен шақ); **жолашар –** «жолы болсын», «сапары сәтті болсын», «алды ашық болсын» деп, алыс жолға жүретін адамға «жолашар» немесе «жолаяқ» деп аталатын дәстүрді жасап, шығарып *салады* (ауыспалы осы шақ); **ұят –** ашық жерінді жап, ұят *болады* (ауыспалы осы шақ); ерсі қылық жасаса, ұят болады *делінген* (бұрынғы өткен шақ); қазақта ұят болады деген ұғым кең *қолданылады* (ауыспалы осы шақ); біздің бабаларымыз ұят дегенді қадірлей *білген* (бұрынғы өткен шақ); **қалжа –** ертеде босанған әйелге қой *байлайтын* (ауыспалы өткен шақ); қалжа жеген әйел тез қуаттанып, емшек сүті *молығады* (ауыспалы осы шақ), бала сырқаттанбай, ширақ болып *өседі* (ауыспалы осы шақ) деген сенім *қалыптасқан* (бұрынғы өткен шақ); оны төркіні болмаса, өз жұрты бір кіші жандықты сойып, соның сорпасын *береді* (ауыспалы осы шақ); қазақ халқы қой сойып, ет асып, сорпа *берген* (бұрынғы өткен шақ) т.б.

8) зат есімнің қалыптасуының стандартты формалары (зат есімнен, сын есімнен, етістіктен): **ұят –** *құндылық, қазақилық, даналық, имандылық,* **обал –** *жақсылық, жанашырлық,* **ар-намыс –** *байлық, тазалық,* **шілдехана –** *балалық,* **шапан –** *Қазақстан*, **кимешек –** *тоқыма*, **сырға той –** *құдалық* т.б.

Осы тұрғыдан алғанда, ассоциативті сөздік материалдары қазақ тілінің агглютинативтік табиғатын тек грамматикалық жүйе ретінде емес, ұлттық мәдени білімнің формалды ұйымдасу механизмі ретінде де сипаттайды. Журнақтар, тәуелдік формалар, сөзжасамдық туынды тұлғалар мен көпкомпонентті құрылымдар ұлттық құндылықтардың тілдік санада қалай категорияланатынын, қандай формалық модельдер арқылы сақталатынын дәлелдейді.

Сонымен, ассоциативті материалдардың агглютинативтік-грамматикалық талдауы ұлттық мәдени кодтың тек лексикалық мағынада емес, сөзжасамдық

және формантық деңгейде де жүйелі түрде репрезентацияланатынын көрсетеді. Бұл қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігін грамматика, когнитивтік лингвистика және этнолингвистика тоғысындағы кешенді дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

3.4 Ассоциативті реакциялардың әлеуметтік, полилингвалды және транслингвалды сипаты

Этномәдени сипаттағы ассоциативті реакциялар тілдік сананың әлеуметтік шартталған сипатын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі екені белгілі. Тілдік сана – тек жеке когнитивтік жүйе емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік тәжірибе, мәдени орта және коммуникациялық факторлар негізінде қалыптасатын көпқабатты құрылым. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық құндылықтарды білдіретін мағынасы бар ассоциативті реакциялар әртүрлі әлеуметтік параметрлерге (жас, жыныс, білім, кәсіби ерекшелік) байланысты өзгеріп, тілдік сананың әлеуметтік дифференциациясын айқындайды. Әртүрлі әлеуметтік топтар бірдей стимул сөздерге әртүрлі мазмұндағы реакциялар беріп, олардың дүниетанымдық, мәдени және тәжірибелік ерекшеліктерін көрсетеді.

Бұл тарауда ассоциативті реакциялардың әлеуметтік дифференциациясы квантитативтік және квалитативтік талдау негізінде қарастырылып, респонденттердің әлеуметтік параметрлері бойынша айырмашылықтар жүйелі түрде талданады. Осындай талдау тілдік сананың әлеуметтік стратификацияланған сипатын және ұлттық құндылықтардың әртүрлі әлеуметтік топтарда қалай репрезентацияланатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Орыс ассоциативті тезаурусының веб-нұсқасын пайдаланушылар 100 000-нан астам ассоциацияларды жынысы, жасы және кәсібі бойынша салыстырып, талдау жасай алады. Ассоциациялар белгілі бір кәсіби топтар бойынша бөлініп көрсетіледі. Тезаурус базасында биолог, геологтан бастап баспа ісі маманы, әскери инженерге дейінгі 31 түрлі кәсіби топ қамтылған.

Жапон тілінің ассоциацияларын жүйелейтін *Japanese Word Similarity and Association Norms (JWSAN)* жобасында да респонденттер жас және жыныс көрсеткіштері бойынша бөлінген. Ұқсастық пен ассоциация рейтингтері жапон тілінің 6450 ана тілінде сөйлейтін адамынан интернет-сауалнама арқылы жиналған. Сонымен бірге, бағалаушының жасы мен жынысының әсері де талданған, бұл факторлар жапон тіліне қатысты бұрынғы зерттеулерде көбіне ескерілмей келген [77, 923].

1970 жылғы ғалым Ли жүргізген корей ассоциацияларына қатысты зерттеуде де 40 университет студентінің жауаптары жыныстық айырмашылықтар мен грамматикалық сөз таптары тұрғысынан талданған [83, 28].

Ұлттық ассоциативті сөздікте жас, жыныс, белгілі бір территория, мамандыққа қатысты жүйелеу қағидасы негізге алынады. Мұндағы мақсат – қазақ тіліне қатысты аспектілік (ұлттық) сөздікті әзірлеп қана қоймай, кем дегенде когнитивтік үдерістерді зерттеуде лингвистикада, тілді оқытуда жаңа сөздерді меңгеруге көмектесетін педагогикада пайдалы және құнды еңбекті жасап шығаруда. Себебі адамның белгілі бір жас кезеңі, жынысы мен

мамандығы, территорияға тән болуы сияқты түрлі-түрлі экстралингвистикалық факторлар тілді қолдануға, менталды лексиконды қалыптастыруға әсер етеді.

Ұлттық ассоциативті сөздік мысалында дәл осындай әлеуметтік айырмашылықтар анықталды. Ең алдымен, гендерлік өзгешелік бойынша әйелдерде – эмоциялық, экспрессивтік, лексема шеңберінен асатын сөз қолданыстары, ерлерде – рационал реакциялар кездесті. Мысалы, *«сәукеле» стимулына* әйел жыныстыр респонденттер *«ұзатылған қыз киетін, аса бағалы, биік төбелі салтанатты бас киім; жас қыздың үйленген кезде басына киетін бас киімі; қыз ұзатылғанда басына киетін, ұзын үш бұрышты бас киім; ұзатылған қызға арнап, киізден тігілген, оюлап өрнектелген, асыл тастармен безендірілген конус тәрізді бас киім»* деген бас киім ретіндегі сәукелені толықтай сипаттайтын, ұзын сөйлемдермен жауап берсе, ер респонденттер *«қазақтың ұлттық киімдерінің бірі; әйел адамдар киетін бас киім; қазақтың ұлттық бас киімі»* секілді нақты, бір мағыналы, артық сөз өрнектерін пайдаланбай, нейтралды коннотациядағы жауаптарын жазған. «Сүндет той» стимулы әйелдердің санасында *«той, мереке, той-думан, дәстүр, тұсау кесу, парыз, салт, жақсылық тойы»* деген жағымды мәндегі рухани мәдениетпен байланысты ассоциациялар, ерлерде *«ақша, бала, ер бала, сәби, нәресте, еркек»* сынды материалды, реалды дүниелерге, құндылықтарға қатысты реакциялар түрінде орын алған. Осындай тілдік ерекшеліктер әйелдердің ойлауы вербалды, ал ер адамдардікі – ұғымдық екені белгілі; әйелдер жиі есімдіктерді, шылауларды, болымсыздық мәнді сөздерді эмоцияны жеткізу үшін қолданады. Ер адамдардың сөйлеуі, негізінен, зат есімдерден тұрады, себебі олар ұғымдарды тікелей білдіреді», «әйелдердің тілі психологиялық және әлеуметтік үдерістерді, сондай-ақ етістіктерді көбірек қамтыса, ерлердің тілі негізінен қазіргі мәселелерге бағытталған. Осылайша, зерттеу нәтижелері ерлер мен әйелдердің тілді әртүрлі мақсатта пайдаланатынын көрсетеді» [143, 223] деген гендерлік лингвистикадағы кең таралған пікірлермен сәйкес келеді.

Ассоциативті сөздіктер орташа тіл иесінің жас ерекшелігіне байланысты градациясын анықтауға да ғылыми материал бола алады. Аталған термин әлеуметтік лингвистикада «жеке адамдар өмір бойы жасына байланысты тілді қолдану мәнерін өзгертеді, алайда әлеуметтің тілдік жүйесі өзгеріссіз қалады» дейтін құбылысты білдіреді. Бұл терминді алғаш Чарльз Хоккет енгізіп, кейін оны Уильям Лабов дамытып, зерттеген. Осы түсінік бойынша *жастар (15-25 жас)* тілді өзін-өзі көрсету құралы ретінде, келіссөздер мен өзара әрекеттесуді білдіру үшін бейресми тілді – жаргон, неологизмдер мен көптілді элементтерді жиі қолданады [144, 7]. *Ересектер (30-50 жас)* тілдік тұрғыдан икемдірек, олар бейресми және ресми тілді жағдайға сай қолданып отырады. Олардың тілдік таңдауы көбінесе жұмыс пен отбасылық жауапкершілікке байланысты. Жастар достарымен байланыс орнату үшін бейресми тілді пайдаланса, ересектер жеке және кәсіби өмірде ресми мен бейресми стильдердің арасындағы тепе-теңдікті сақтайды [145, 880]. *Қарттар (60 жастан жоғары)* заманауи тілдік үрдістерді ұната бермейді; олардың сөйлеу стилі ресми болып қала береді, себебі олар қарым-қатынастың анықтығы мен тікелейлігіне, әсіресе эмоцияларға ерекше мән береді. Егде жастағы адамдар мүмкіндігінше қарапайым сөздерді, қысқа сөз

тіркестерін қолдануға бейі. Кейбір ауруларға байланысты еркін және дұрыс сөйлеу қабілетін жоғалтады.

Біз де сөздіктің тілдік деректері негізінде жастардың орыс тіліндегі сленгтер, эмоджи, дара сөз, эмоциялы лексиканы пайдаланатынын байқасақ, 25 жастан асқан респонденттер мақал-мәтелдер, толық және түсінікті, әдеби нормаға сәйкес тілді қолданған. 50 жастан асқан респонденттер тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер, ұлттық рухани және мәдени құндылықтарды білдіретін сөз қолданыстарын жауап ретінде ұсынған. Десе де, бұл – орташа тіл иесінің стандартты нормасына сай келетін нәтиже. Жауап парақтарынан 18-25 жас аралығындағы қатысушылардың да, өз кезегінде, стимулға нақты терминдерден бастап афоризмдер мен дәйексөздерге дейінгі реакциялар табылатынын айтып өткеніміз жөн. Ассоциациялардың жас ерекшеліктеріне қатысты тілдік ерекшеліктері пайыздық үлес тұрғысынан мына сызбада анық көрсетіледі:




Диаграмма 9 – Жас ерекшелігіне қатысты ассоциациялардың тілдік көрінісі

Ұлттық ассоциативті сөздіктің респонденттердің жауаптары негізінде дәл қазіргі сәттегі этномәдени құндылықтар жүйесінің сандық және сапалық сипатын анықтап беретін мүмкіндігі бар. Қазақстандық жастардың аксиологиялық дүниетанымына орай жазылған «жаһанданудың Қазақстандық жастарға қарама-қайшы әсері олардың индивидуализм, инновация және таңдау еркіндігі сияқты жаһандық құндылықтарға тартылуымен, сондай-ақ этномәдени және діни құндылықтарға баса назар аударатын нео-дәстүрлі көзқарастардың өсуімен одан әрі дәлелденеді» [146, 149] деген пікірден Қазақстан Республикасы территориясында өсіп, өмір сүріп жатқан жастарда әрі заманауи, әрі бағзы замандардан бері ұмытылмай келе жатқан этникалық сананың да сабақтаса өрбіп, қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Десе де, сөздікте көрсетілген, 3 республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) және 17 облыс тұрғындарының жауаптары бойынша ұлттық салт-дәстүрлерді білдіретін сөз қолданыстары, этномәдени лексемалар түріндегі ассоциациялардың басым көпшілігі Алматы, Шымкент қалалары мен Абай, Түркістан облыстарынан тіркелген. Жалпы, ареалына орай көрінетін тілдік ерекшеліктер келесідей:

Қазақстанның оңтүстігінен жиналған жауаптарда салт-дәстүрге қатысты сөздер жиі *(«бесік той»* стимулына *құда, той, шілдехана, баланы бесікке салу, бала дүниеге келген кезде жасалатын той, бесік жыры; бесік той – нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын ғұрыптық салтанат; қазақи дәстүр, қырқынан шыққан баланы бесікке салу салты; нәрестені алғаш бесікке салу; той-томалақ; ұлттық мұра),* солтүстіктегі облыстарда нейтрал лексика *(нәресте, бөпе, бала-шаға, жас нәресте)* басым келеді.

Ассоциацияларды талдай келе, этникалық мәдениетке қатысты лексемаларды түсіну мен жеткізуде кәсіби тілдік дайындығы бар филологиялық мамандық өкілдері (филолог, лингвист, аудармашы) мен техникалық, жаратылыстану сияқты басқа сала бойынша білімі бар респонденттердің арасынан да кей тілдік өзгешеліктерді кездестірдік. Филологтар этнолексемаларды тереңірек және құрылымды талдауға бейім болса, филолог емес респонденттер мәдени стереотиптер мен күнделікті тәжірибеге сүйенуі мүмкін. Мысалы, филологтар *«жарысқазан»* стимулына *«той, салт, салт-дәстүр, қазан, ырым, қуанышты бөлісу, той қазаны, ұлт айнасы, ырым түрі»,* басқа сала мамандары *«жарыс, ойын, мереке; ырым ба, бір нәрсе; білмеймін»* деген жауаптарды берген. Демек, филолог емес респонденттер санасында бұл стимул тұлға жағынан ұқсас *(жарыс),* болжам *(ойын)* түріндегі реакцияларды туындатқан. Шынында да, осы жауаптар мысалдарынан филологтардың аналитикалық, басқа мамандық өкілдерінің интуитивті тұрғыдан қалыптасқан реакцияларға сүйенгені ықтимал. Сонда да, бұл реакциялардың тек ерекше көзге түскен үлгісі екендігін ескертеміз. Себебі ассоциативті сөздіктің өзі орташа қазақ тіл иелерінің жауаптарын ұсынады.

Жалпылай алғанда, квантитативтік және квалитативтік талдау арқылы ассоциативті реакциялардың әлеуметтік ерекшеліктері нақты деректер негізінде дәлелденетінін келесі бір мысалдар бойынша ұсынуға болады.

Жас ерекшеліктері бойынша талдау нәтижесінде аға буын өкілдерінде дәстүрлі және әлеуметтік мәртебеге қатысты реакциялар *(«ақсақал», «ата», «қария»)* жоғары жиілікпен кездесетіні анықталды, ал жастар арасында қысқа, жалпылама немесе сипаттамалық реакциялар басым болды. Бұл тілдік сананың тәжірибе мен әлеуметтік рөлдерге байланысты қалыптасатынын көрсетеді. Мысалы, *«ақсақал» стимулы* бойынша негізгі реакциялар *(«шал», «ата», «қария»)* барлық топтарда кездескенімен, олардың жиілігі мен таралуы жас топтарына қарай өзгеріп отырады. Аға буында бұл ұғым әлеуметтік бедел мен даналықпен байланысты қарастырылса, жастарда көбіне номинативтік деңгейде көрінеді.

Реакциялардың гендерлік ерекшеліктері ер және әйел респонденттердің нақты жауаптарын салыстыру арқылы да айрықша сипатта көрініс табады. Ұлттық ассоциативті сөздікте орташа қазақ тіл иелерінің тілдік деректері қамтылатындықтан, салыстырмалы түрде әйел респонденттерде эмоционалды, символдық және мәдени коннотациядағы реакциялар көбірек болса, ер респонденттерде нақты, заттық және утилитарлық сипаттағы ассоциациялар жиірек кездеседі. Мысал ретінде *«тоқымқағар» стимулы* бойынша ер адамдарда *«ер-тоқым», «жылқы», «жолаушы»* сияқты нақты және әрекетке қатысты

реакциялар басым көрінсе, әйел респонденттерде *«жас бала», «салт»* сияқты әлеуметтік және тәрбиелік мазмұндағы ассоциациялар жиірек кездеседі.

«Төрт түлік» ұғымында ер респонденттерде нақты мал түрлерін атау *(«қой», «жылқы», «сиыр», «түйе»)* жоғары жиілікпен тіркелсе, әйел респонденттерде *«байлық», «қазына»* сияқты жалпылама және бағалауыштық реакциялар көбірек байқалады.

«Тұлым» стимулы бойынша әйелдерде *«шаш» реакциясы* айқын басымдыққа ие болса, ер респонденттерде *«ер бала»* сияқты жыныстық-рөлдік сипаттағы ассоциациялар жиірек кездеседі. Бұл гендерлік тәжірибенің тілдік санаға әсерін көрсетеді.

Ал *«бесік той» стимулы* бойынша әйел респонденттерде отбасы, бала және салтқа қатысты *(«сәби», «шілдехана», «дәстүр»)* реакциялар жоғары жиілікпен кездессе, ер респонденттерде бұл реакциялар салыстырмалы түрде төменірек көрінеді. Бұл гендерлік рөлдердің тілдік санадағы көрінісін білдіреді.

«Тұмар» ұғымында әйел респонденттерде *«бойтұмар», «әшекей», «оберег»* сияқты символдық және қорғаныштық мәні бар реакциялар басым болса, ер адамдарда *«зат»* сияқты жалпылама және нейтралды сипаттағы жауаптар көбірек кездеседі.

Ал *«тұсаукесер» стимулы* бойынша екі топта да *«той», «дәстүр», «бала»* сияқты ортақ реакциялар кездескенімен, әйел респонденттерде бала мен тәрбиелік мазмұнға қатысты ассоциациялар *(«сәби», «алғашқы қадам»)* сәл жоғарырақ байқалады. Осындай мысалдардан байқайтынымыздай, гендерлік айырмашылықтар ассоциативті реакциялардың мазмұнында барынша айқын көрінеді: әйелдердің тілдік санасында мәдени, символдық және эмоционалды компоненттер басым болса, ер респонденттерде нақты, заттық және әрекеттік сипаттағы ассоциациялар жиі байқалады. Бұл тілдік сананың гендерлік тәжірибеге байланысты дифференциацияланатынын көрсетеді.

Сөздік аясында жиналған ассоциативті реакциялардың гендерлік ерекшеліктері бірнеше деңгейде – *семантикалық, когнитивтік және мәдени деңгейлерде* көрініс табады.

Семантикалық деңгейдегі айырмашылық реакциялардың мазмұны мен типінде байқалады: ер респонденттерде нақты, денотативтік және заттық сипаттағы ассоциациялар басым болса, әйел респонденттерде эмоционалды, бағалауыштық және символдық мәні бар реакциялар жиі кездеседі.

Когнитивтік деңгейде гендерлік айырмашылықтар ұғымдарды қабылдау және интерпретациялау ерекшеліктерінен көрінеді. Әйелдер ассоциативті өрісті көбіне әлеуметтік және қарым-қатынастық тұрғыдан құрылымдаса, ер респонденттерде тәжірибелік және функционалдық аспектілер басым болады.

Мәдени деңгейде бұл айырмашылықтар дәстүрлі гендерлік рөлдер мен әлеуметтік тәжірибеге байланысты қалыптасады. Әйел респонденттерде отбасы, тәрбие және эмоционалды құндылықтармен байланысты ассоциациялар басым көрінсе, ер адамдарда әрекет, еңбек және заттық әлеммен байланысты реакциялар жиірек байқалады.

Осындай түрлі аспектілерден байқалатын гендерлік ерекшеліктер ассоциативті реакцияларда көпдеңгейлі сипатта көрініс тауып, тілдік сананың әлеуметтік және мәдени шартталғандығын дәлелдей түседі.

Ассоциативті реакциялардың кәсіби (филологиялық және филологиялық емес) ерекшеліктері нақты деректер негізінде айқын көрінеді. Жалпы алғанда, филологиялық білімі бар респонденттерде ассоциативті реакциялар абстрактілі, мәдени-коннотативтік және символдық сипатта көрінсе, филологиялық емес топта нақты, утилитарлық және денотативтік мазмұн басым екені байқалады. Мәселен, *«қалжа» стимулы* бойынша филологиялық топта *«сыйлық», «қалжа»* сияқты дәстүрлік және мәдени мәні бар реакциялар жоғары жиілікпен кездессе, филологиялық емес респонденттерде *«ақша», «ет», «ақша беру»* сияқты материалдық және тұрмыстық мазмұндағы жауаптар басым көрінеді. Бұл кәсіби топтардың құндылықтарды қабылдауындағы айырмашылықты көрсетеді.

«Атамекен» стимулы бойынша филологиялық білімі бар респонденттерде *«туған жер», «Отан», «ел»* сияқты абстрактілі және концептуалдық реакциялар жиі тіркелсе, филологиялық емес топта нақты және тұрмыстық сипаттағы *(«үй», «жер»)* реакциялар көбірек байқалды.

«Қарапайымдылық» ұғымында филологиялық топта *«сыпайылық», «қасиет», «әдептілік»* сияқты моральдық-этикалық және абстрактілі реакциялар жиірек байқалса, филологиялық емес топта *«адалдық»* сияқты нақты мінез-құлықтық сипаттағы жауаптар көбірек кездеседі.

«Қолөнер» стимулы бойынша филологиялық респонденттерде *«білезік», «жүзік», «өнер түрі»* сияқты мәдени және символдық мәнге ие реакциялар жиі тіркелсе, филологиялық емес топта нақты материалдар *(«күміс», «алтын»)* және заттық сипаттағы ассоциациялар басым көрінеді.

Ал «қонақжайлылық» ұғымында филологиялық топта *«той», «сыйластық», «достық»* сияқты әлеуметтік-мәдени және символдық мәндер басым болса, филологиялық емес респонденттерде *«дастарқан», «молшылық», «кең дастархан»* сияқты материалдық және тұрмыстық элементтер жиірек кездеседі.

Кәсіби ерекшеліктер ассоциативті реакциялардың мазмұнына тікелей әсер ететініне көз жеткізуге әбден болады: филологиялық топ тілдік сананы мәдени және концептуалдық деңгейде репрезентацияласа, филологиялық емес топта нақты, тәжірибелік және материалдық деңгейдегі ассоциациялар басым көрінеді. Бұл тілдік сананың кәсіби факторға байланысты ажыратылатын сипатын дәлелдейді.

Осылайша, ассоциативті реакциялар әлеуметтік параметрлерге (жас, жыныс, білім) байланысты өзгеретіні анықталып, тілдік сананың әлеуметтік стратификацияланған сипаты нақты деректер арқылы дәлелденеді.

Қазақстан Республикасы сияқты полиэтникалық, полимәдени мемлекетте (2023 жылдың басындағы ҚР статистика бюросының мәліметі бойынша, қазақтар – 70,7%, орыстар – 15,2%, өзбектер – 2,9%) әртүрлі тарихи, географиялық, саяси және т.б. экстралингвистикалық себептерге байланысты қоғамда тілді меңгеру әлеуеті 80,1% қазақ тілінің, 83,7% орыс тілінің, 35,1% ағылшын тіліне тиесілі [147]. Мемлекеттегі біріктіруші ұлт – қазақтар, олармен бірге 124 этнос өкілдері бірге тұрады. Бір аумақта жылдар, тіпті ғасырлар бойы

тұру, экономикалық, әлеуметтік, мәдени сипаттағы ортақ мақсаттардың болуы, бірлік пен келісімді сақтауға деген нақты қадамдар, елдегі достық, агрессивті емес қатынас адамдардың тілдік санасында ортақ құндылықтардың, жалпы стереотиптердің қалыптасуына әкелді. Дәл осы 2021 жылы өткізілген халық санағы деректерінде республиканың титулды халқы – қазақтардың 99,6%-і қазақ тілінде, 79,5% орыс тілінде, 39,7% ағылшын тілінде сөйлейтіндігі келтірілген. Бұл дегеніміз қазақ халқының арасында көптеген тілдердің ішінде осы үш тіл доминант позициясында алға шығып тұрғанын дәлелдейді. Тілдік контакт құбылысының әсерінен ауызекі сөйлеу стилінде көбіне және қазақ тілі ана тілі мәртебесіндегі субъектілердің санасында осы үш тілдің араласуы, нәтижесінде интонациялық ауысымдармен қатар кей тіл бірліктерінің гибридтенуі, грамматикалық құрылымдар мен тұтастай сөйлемдердің формалдық тұрғыдан синтаксистік өзгерістерге ұшырағанын нақты тілдік фактілер, атап айтқанда, авторлар жүргізген ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған жауаптар дәйектейді. Осы тұрғыдан Ұлттық ассоциативті сөздік материалын психолингвистикалық тұрғыдан зерттеу шеңберінде қазіргі кезде екі немесе одан да көп тілдерді білетін қазақ тілділердегі мәдениетаралық қарым-қатынастың әсерінен өзгеріске түсіп отырған ұлттық тілдік санасын анықтауға мүмкіндік туады. Шын мәнінде, полилингвалды тілдік сананың пайда болуы қазіргі қоғамның ең жарқын және маңызды белгілерінің бірі болып отырған мәдениетаралық және ұлтаралық қарым-қатынас құбылысымен байланысты.

Зерттеу барысында ассоциативті реакциялардың лингвистикалық сипатын талдау кезінде полилингвалдық, транслингвалдық құбылыстар және лексикалық кірме элементтер өзара жіктеліп қарастырылды.

Полилингвалдық реакциялар ретінде респонденттің тілдік санасында бірнеше тілдің дербес когнитивтік жүйе ретінде қатар қызмет етуі нәтижесінде пайда болған жауаптар қарастырылды. Транслингвалдық құбылыстар бір реакция шеңберінде әртүрлі тілдік элементтердің өзара тоғысуы мен интеграциясы арқылы көрініс табады.

Ал толық игерілген кірме сөздер (русизмдер, англицизмдер) тілдік жүйеге енген лексикалық бірліктер ретінде қарастырылып, олар барлық жағдайда полилингвалдық немесе транслингвалдық құбылыстарға жатқызылған жоқ.

Демек, ассоциативті деректерді талдауда аталған ұғымдардың мазмұндық шекаралары нақтыланып, олардың қолданылу аясы айқындалды.

Қостілділік және көптілділік құбылыстары қазіргі тіл біліміндегі тілдік сана, мәдениаралық коммуникация және тілдік байланыс мәселелерін түсіндірудегі маңызды теориялық бағыттардың бірі болып табылады. Отандық тіл білімінде бұл мәселелер Э.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, З.Қ. Ахметжанова, С.Е. Байболсынова, М.К. Исаев, Б. Хасанұлы, Г.А. Ғабдуллина еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Қостілділік ұғымын тілдер қатынасы теориясының негізін салған У. Вайнрайх екі тілді алма-кезек қолдану тәжірибесі ретінде сипаттайды [148, 25-60]. Бұл тұжырым тілдік байланыс жағдайында бір тілдік кодтан екіншісіне ауысу механизмдерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Тілші-ғалым Б. Хасанұлы қостілділікті белгілі бір әлеуметтік ортада этносаралық қарым-қатынас барысында екі тілді қатар немесе кезектесіп қолдану ретінде анықтайды. Ғалымның пікірінше, жеке адам немесе әлеуметтік топ екі тілде тұрақты түрде сөйлеп, жазып, қабылдай алғанда ғана билингвтік құзырет қалыптасады [149, 86].

Қазақстандағы қостілділік пен көптілділік үдерістерін зерттеген белгілі ғалым Э.Д. Сүлейменова бұл құбылысты нақты әлеуметтік шындықпен байланыстыра қарастырып, тілдік таңдаудың ұлттық сана, тілдік сәйкестік және әлеуметтік қызметпен тығыз сабақтас екенін көрсетеді [150, 57]. Ғалым көптілділікті Қазақстан қоғамының айқын әлеуметтік-тілдік сипаты ретінде бағалайды [151, 6].

Зерттеуші Е.Ф. Тарасов мәдениаралық қарым-қатынасты әртүрлі мәдени және тілдік жүйе иелерінің өзара әрекеті ретінде қарастырады [152, 14]. Бұл тұжырым көптілді ортада қалыптасқан ассоциативті реакциялардың мәдени семантикасын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қостілділік пен көптілділік теориялары зерттеудегі полилингвалды ассоциативті реакцияларды, русизмдер мен англицизмдердің пайда болуын, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы ұлттық тілдік сананың өзгерістерін интерпретациялаудың теориялық негізін құрайды.

Психолингвистика саласында көптеген еңбектерімен танымал Е.Ф. Тарасова, Н.В. Уфимцева, Т.Н. Ушакова секілді ғалымдар зерттеушіге тілдік сана мен ондағы бар бейнелер толық зерттелмей, жасырын болып қалады, тек сырттай қарастыру арқылы ғана қарастыра аламыз деген пікірде болған. Қазіргі психолингвистикада сан түрлі тілдік фактілерді анықтауға мүмкіндік беретін, кең таралған ғылыми әдістің бірден бірі – ассоциативті эксперимент, бұл әдіс адамның алдыңғы өмірлік тәжірибесінде қалыптасқан ассоциацияларды анықтауға бағытталған әдіс [153, 53]. Адамның тілдік санасын зерттеудің ең қолжетімді құралдарының бірі бола отырып, ассоциативті эксперимент А.А. Залевская, А.А. Леонтьев, Н.В. Уфимцева, Ю.Н. Караулов, Р.М. Фрумкина, И.Г. Овчинникова, Е.И. Горошко, Е.В. Глазанова, Н.В. Дмитрюк, Г. Гиздатов, Б.С. Жұмағұлова, Р. Е. Уәлиханова, Р.А. Шаяхметова, Ж.М. Уматова, Л.К. Яковенко, Г.А. Хамитова және басқалардың бірқатар заманауи лингвистикалық зерттеулеріне негіз болды. Психолингвистиканың тәжірибелік саласында көбінесе 100 ассоциациядан тұратын ассоциативті өріс жеткілікті делініп, оны ассоциативті сөздікке қосып жатады. Алайда, кейбір ғалымдар, мысалы, Г.А. Черкасова, стимулға жауап беретін респонденттер санының 100 адамға артуы тікелей сөздіктің сөздік мақалаларындағы әртүрлі реакциялар санын орта есеппен 36,41%-ке арттырады деп санап, осылайша реакциялардың сандық (квантитативті) сенімділігі артады, сонымен қатар іріктеме көлемінің ұлғаюымен «тұрақты» реакциялардың салыстырмалы жиілігі (дәрежелер) тұрақтанады [154, 243].




Диаграмма 10 – Ұлттық ассоциативті сөздіктегі полилингвалды реакциялардың проценттік көрстекіші

Респонденттердің доминантты билингвизм жағдайында, жаһандану үдерісі, ҚР аумағындағы жүргізілген «Үш тұғырлы тіл саясаты» мәдени бағдарламасы сияқты факторлардың әсерінен үш тілде – қазақ, орыс, ағылшынша жауап беруі. Мысалға алынған «ұят» стимулы бойынша *«стыд (25), позор (15), грех (8), мудрость (5), shame (3)»* реакциялары жиналды. Осыдан бұрын басылып шыққан ҚАС-2014 сөздігінде екі туыс емес тіл бірліктері (қазақ және орыс тілдері) кездескен. Жалпы алғанда, осы реакциялардың тіларалық пайымдық үлесі келесідей: қазақ тілінде – 74%, орыс тілінде – 21%, ағылшын тілінде – 1%, интернационализмдер – 4%.

Жоғарыдағы сызба мәліметтеріне сәйкес, жалпы саны 22 307 болатын реакциялардың көпшілігі 22 100 (99,07%), бұл дегеніміз респонденттердің қазақ тіліндегі стимулға сәйкесінше қазақ тілде жауап беріп, эксперимент ережесін түсінгенін, қазақ тілділердің тілдік санасында қазақ тілінің басымдыққа ие болып, «қазақша» ойлайтынын білдіріп, сол себепті сөздіктің қазақ тілі, Қазақстандағы тілдік жағдаят, қазақ халқының мәдени ерекшелігі туралы ақпарат көзі бола алатынын, оның теориялық та, практикалық та маңызын айғақтайды. Ал 178 (0,87%) санымен орыс тілінің екінші орында тұруы қазақтардың орыс тілін де белсенді қолданып, қоғам өмірінде, тілдік ландшафтысында оның да орнының бар екендігін көрсетеді. Жалпы саны 13 (0,06%) болып есептелген ағылшын тіліндегі реакциялардың болуы қазақ тіл иелерінің тек билингвалды ғана емес, полилингвалды сипатын, жаһандану заманындағы ағылшын тілінің көптеген мемлекеттер мен мәдениеттерге өз ізін қалдырып жатқандығына дәлел.



Диаграмма 11 – «Ұят» стимулы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ассоциативті реакциялардың пайыздық салыстырмалы көрсеткіші

Ассоциативті деректердегі полилингвалды реакциялар тілдік байланыс және әлеуметтік-мәдени факторлар тұрғысынан интерпретацияланды. Талдау барысында полилингвалды элементтер ретінде қазақ тіліндегі жауаптар тізімінде кездесетін русизмдер мен англицизмдер сияқты тілдік бірліктер қарастырылды. Алайда бұл элементтер толық игерілген кірме сөздер мен дербес тілдік код ретінде ажыратылып талданды.

Квантитативтік/квалитативтік зерттеу әдістерінің нәтижелері көрсеткендей, мұндай реакциялар саны жағынан аз және ассоциативті өрістің перифериялық бөлігінде орналасады. Мысалы, кейбір жауаптарда «русизм» түріндегі бірліктер немесе аралас сипаттағы реакциялар кездескенімен, негізгі ассоциативті өріс қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени мазмұндағы реакциялардан құралған. Бұл құбылыс Қазақстандағы тілдік жағдаймен, яғни қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуымен, сондай-ақ ағылшын тілінің білім беру жүйесі арқылы меңгерілуімен түсіндіріледі. Сонымен бірге полилингвалды элементтер жаһандану үдерісінің тілдік санаға әсерін көрсетеді. Десе де, зерттеу деректері полилингвалды реакциялардың негізгі емес, қосалқы сипатта екенін және олардың тілдік сананың ядролық құрылымына айтарлықтай әсер етпейтінін дәлелдейді. Зерттеу жұмысымызда полилингвалды реакциялар ассоциативті деректерде тілдік ықпалдастықтың белгісі ретінде қарастырылып, олардың функционалдық және құрылымдық орны нақты айқындалды.

3.5 Ұлттық ассоциативті сөздікті құрудың қағида, құрылымының жаңа моделі

Диссертациялық жұмыста ұсынылған монолингвалды ассоциативті сөздік моделінің бірегейлігі оның біртілді принципке негізделуінде ғана емес, сонымен

қатар ұлттық тілдік сананы ішкі жүйе ретінде кешенді түрде сипаттауымен ерекшеленеді. Бұған дейін қазақ тілінде жарық көрген ассоциативті сөздіктер (1978, 1998, 2014) екітілді форматта ұсынылып, ассоциативті байланыстарды салыстырмалы немесе аудармалық тұрғыдан қарастыруға бағытталған. Ал ұсынылып отырған сөздік моделінде барлық стимулдар мен реакциялар бір ғана тілдік жүйе – қазақ тілі аясында қарастырылады. Осындай бағыт тілдік сананың табиғи, ішкі құрылымын, яғни сыртқы тілдік ықпалдарсыз қалыптасқан ассоциативті байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ монолингвалды модель ұлттық-мәдени кодты, құндылықтарды және концепттерді дәл әрі тұтас күйінде көрсетуге жағдай жасайды. Демек, сөздіктің ерекшелігі оның монолингвалды сипатында ғана емес, ұлттық тілдік сананың когнитивтік және мәдени құрылымын жүйелі түрде бейнелеу мүмкіндігінде көрінеді.

Лексикограф-ғалым М. Малбақов сөздік жасаудың теориялық қағидаларын айқындай отырып, сөздіктің мәнін тек белгілі бір тілдегі лексикалық бірліктердің жиынтығы ретінде ғана емес, оның мақсаты мен пайдаланушы аудиториясына сай құрылымдалатын күрделі лексикографиялық жүйе ретінде қарастырады. Осыған сәйкес сөздік құрастыру барысында оның түзілу ұстанымдары, қамтылатын параметрлері мен ақпараттық құрылымы алдын ала нақты анықталуы қажет [155, 76].

Кез келген лексикографиялық еңбектің оқырманға сөздікте қамтылған ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуі үшін бірнеше бөлімдерден тұратыны тәжірибеде бар. Зерттеу жұмысымызда осындай толық және стандартқа сәйкес, лексикографияның академиялық талаптарына сай ұлттық ассоциативті сөздікті құрастыруда бірнеше лингвистикалық қағидаларды ұсынылады. Нәтижесінде, ұлттық ассоциативті сөздіктердің құрылымдық компоненттері ажыратылып, олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама беріледі:

1. *Алғысөз және кіріспе мақала*, онда ассоциативті сөздікті пайдалану қағидалары түсіндіріледі, сөздік мақаланың құрылымы туралы ақпарат беріледі, шартты қысқартулар тізімі ұсынылады (Н.В. Дмитрюктің «Қазақша ассоциациялық сөздік», Н.В. Уфимцеваның «Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский» т.б. сөздіктері негізінде). Көп жағдайларда ассоциативті лексикографияның тарихы мен теориялық негіздері, сөздік материалдарының лингвистикалық жан-жақты талдауы да келтіріледі.

2. *Сөздіктің стимул сөздерінің тізімі* – сөздіктегі стимул ретінде алынған тілдік бірліктердің әліпбилік тәртіппен орналасқан тізімі (реестрі). Ассоциативті сөздіктерді стимул сөздер түсіндірме, диалектологиялық, этимологиялық сөздіктердегі сияқты сөздердің бастапқы түрімен (*кие, айттық, асату, ұят, обал, бөрік, шаңырақ, шұбат, қалжа т.б.*) берілуі мүмкін. Стимул сөздердің тізімі сөздік құрылымында жеке блок ретінде бөлінбейді.

3. *Сөздік мақала* – ассоциативті сөздіктің дескриптивті табиғаты көрініс табатын маңызды бөлімі. Диссертация жұмысында ұсынылып отырған ұлттық ассоциативті сөздік тікелей «стимулдан реакцияға» тәртібі (*стимул → реакция* немесе S → R) бойынша әзірленді. Бұл дегеніміз тікелей ассоциативті сөздіктің

сөздік мақаласында этнолексема, культуремадан туындайтын стимул сөздердің атауы мен жинақталған реакцияларының жалпы санынан кейін оларға сәйкес ассоциациялар бөлек кестедегі бағандармен келтіріледі. Осында стимулды әдеттегі лексикографиялық еңбектердегі вокабула (лат. *vocabulum* – сөз, атау) немесе лемманың (гр. *lemma*) баламасы деп қарастырған жөн. Айта кетерлік жайт, ұлттық ассоциативті сөздіктің корпусы оған дейін жарыққа шыққан «Қазақша ассоциациялық сөздік» секілді кесте түрінде беріледі. Авторлар сөздік мақаланың кестемен берілуін сөздікпен жұмыс істейтін адамға ассоциациялардың сандық көрсеткіші мен әртүрлі түспен көрсетілетін стилистикалық белгіленімдерінің түсінікті және визуалды оңай қабылданатын артықшылықтар беретінімен байланыстырады. Бұл шешім ассоциативті сөздікпен жұмыс істеудің оңтайландырылған нұсқасын ұсынады. Сондай-ақ, әр стимул сөздерге (қалың қаріппен ерекшеленеді) қатысты ассоциациялар жеке кесте түрінде беріліп, реакциялар өзара 4 биоәлеуметтік сипатамалар – гендерлік, ареалдық, жас категориясы, кәсіби бейімділігі (филолог/филолог емес) сипаттарына қатысты дифференциацияланады. Ассоциациялардың осылайша кеңейтілген параметрлер бойынша берілуі – ұлттық ассоциативті сөздіктің жаңалығы. Себебі оған дейін жарық көрген қазақ тілінің ассоциативті сөздіктерінде реакциялардың тек жынысқа байланысты сандық ерекшеліктері ажыратылған болатын.

Кестенің құрылымы келесідей: бірінші бағанда жиілік реттік нөмірі, екінші бағанда ассоциативті жауаптар, стилистикалық ерекшеліктері сәйкесінше сөзбелгілермен (*дөрекі, диал., ауысп., ауызекі, діни, эксп., парем.*) көрсетіледі. Жиілік кему тәртібімен (жиілігі жоғарыдан жиілігі төмен (әдетте, 1) орналастырылады. Ал жиілігі бірдей жауаптар әліпбилік ретпен жазылады. Үшінші бағанда осы стимулға қатысты барлық ассоциациялардың саны, келесі бағандарда ерлер мен әйелдердің, жас категориясы (18-80), территориялық аумақ (Қазақстан Республикасының мемлекеттік маңызы бар қалалары мен облыстары), мамандықтың тіл білімі ғылымдары қатыстылығы бойынша жауаптары жеке ұяшықта көрсетіледі, жиілік көрсеткіш әр параметрдің астында санмен беріледі. Мақаланың соңында реакция берілмеген жауаптар саны, түсініксіз болған (*«білмеймін», «не знаю», «I do not know»* деген жауаптар тіркелген) саны тұрады. Сонымен бірге, ассоциативті сөздіктердің сөздік мақаласына бір рет қана кездескен реакциялар саны, стимулдарға тұлғасына қарай сәйкес келетін реакциялар саны (мұндай реакциялар курсивпен немесе жұлдызшамен *(*)* белгіленеді) да қоса ұсынылса болады.

Сөздік соңында еңбектің мазмұны келтіріледі, ол әліпбилік реттегі стимулдардың тізімі мен сол сөздік мақалалардың орналасқан бет нөмірінен тұрады.

Лингвистикада сөздік құрастырудың ғылым үшін маңызды лексикографиялық қағидаларының бірнеше жіктемесі бар. Ең алдымен, Б.А. Ларин және оның мектебі әзірлеген лексикографияның қағидалары классикалық деп саналады. Ол қағидаларға *сөздік құрамының толықтығы қағидасы, материалды дәлме-дәл сипаттап тіркеу (құжатталуы) қағидасы, сипатталатын бірліктерге уақыт пен кеңістік тұрғысынан сипаттама беру*

қағидасы, лингвомәдени тұрғыдан ретроспективті сипаттама беру қағидасы, вокабулаларды кешенді сипаттау қағидасы жатады [156, 72]. Б.А. Лариннің қағидалары, түптеп келгенде, кез келген лексикографиялық жұмыс қамтуы тиіс келесі 7 қағидатқа сәйкес келеді:

- салыстырмалылық және оқырманға бағытталу қағидаты;
- стандарттау қағидаты;
- үнемділік қағидаты;
- қарапайымдылық қағидаты;
- материалдың толықтығы қағидаты;
- тиімділік қағидаты;
- мағыналық кезең-кезеңмен сипаттау қағидаты [157, 81].

Ассоциативті сөздіктердің өзіндік табиғатына орай, біз, ең алдымен, стимул сөзді таңдауда және ары қарайғы ассоциациялардың сөздікте берілу тәртібін анықтайтын *жиілік және статистикалық репрезентативтілік қағидасын* ұсынамыз. Себебі біздің мысалымыздағы ұлттық ассоциативті сөздікте стимул сөздер сұқбат нәтижесінде алынған 91 тіл бірліктің ішіндегі ең жиі кездескен 64 лексеманы таңдап алдық. Ассоциациялар жиілігі бойынша ең жиі кездесетін жауаптардан сирек кездесетіндерге дейін орналасады.

Сөздіктің арнайы сипатына қарай *стимул сөздерді таңдаудағы шектеулілік қағидасын* да лингвистикалық қағидалар тізіміне қосамыз. Себебі осындай аспектілік сөздіктер ассоциативті желінің жекелеген қырларына арналып, стимул сөз де сол салаға қатысты болуы керек. Ұсынылып отырған сөздікте де лексемалардың арнайы семантикасына – стимулдардың ұлттық құндылықтар мен менталитетті білдіруіне баса назар аударылған. Ал ондай мағынаны этномәдени лексемалар бере алады.

Ал этномәдени лексика дегеніміздің өзі – этностың дүниетанымы, танымдық тәжірибесі мен ұжымдық санасының нәтижесінде қалыптасқан, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі таңбалық көрінісін білдіретін тілдік бірліктер жүйесі. Оның құрамын ұлттық дүниетанымды, мәдени жадты және этностық тәжірибені бейнелейтін мағыналық бірліктер мен лингвомәдени бірліктер құрайды. Бұл ұғым ұлттық тілдің тарихи дамуы барысында әртүрлі кезеңдерде қалыптасып, мазмұндық жағынан үнемі толығып отырғандықтан, құрылымы мен құрамдық сипаты жағынан біртекті емес, ауқымы кең әрі көпқабатты жүйе ретінде танылады.

Осыдан келіп, этникалық бағыттағы ассоциативті сөздіктерге *мәдени релеванттылық және этнолингвистикалық фрейм қағидасын* қолдануға болады. Осы қағида бойынша қазақ менталитетіне, мәдениетіне, салт-дәстүріне тән стимулдар *(тұсаукесер, кие, той, асар)* таңдалды, ұлттық-мәдени тіл бірліктеріне басымдық берілді. Осындай мысал корей ассоциативті сөздігінен де аңғарылады.

Korean Word Association деректерінде көптеген типтік ассоциативті жұптар қамтылған: *school-teacher (мектеп-мұғалім), mother-father (ана-әке), sea-deep (теңіз-терең)* – жалпы мағынада, ал *old times-tiger (ертегі-жолбарыс), kimchi-ramen (кимчи-рамен), wish-unification (арман-бірлік)* – корей мәдениетіне тән мағыналық байланыстар. Бұл ақпарат тіл мен мәдени элементтерді біріктіре

отырып, қызықты және тиімді сөз үйрену контентін әзірлеуге мүмкіндік береді [82, 431].

Жалпы тілдің менталды лексиконын зерттеуде тілдегі жиі кездесетін сөздер немесе классикалық үлгі бойынша – Кент-Розановтың сөздер тізімін, ал аспектілік ассоциативті сөздіктерді (фразеологизмдер, түрлі мамандық иелеріне арналған сөздіктер (ақпараттық технологиялар мамандары, инженерлер, экономистер т.б.) құрастыруда сол салаға қатысты тілдік бірліктердің таңдап алынуы ғылыми тұрғыдан маңызды деп түсінеміз.

Ассоциативті сөздіктерді әзірлеуде *стандарттылық, реттілік қағидасын ұстану* да міндетті талапқа жатады. Жоғарыда келтірілген сөздіктердің жалпы құрылымы, сөздік мақаланың құрастырылуының реті, атап айтқанда, *тікелей* «стимулдан реакцияға» тәртібі (*стимул → реакция* немесе S → R) және *кері* «реакциядан стимулға» тәртібі (*реакция → стимул* немесе R → S) де осы қағидаға сәйкес келеді. Қазіргі орыс тіліндегі баспа сөздіктердің көпшілігі тікелей принцип негізінде жасалған. Осы тәртіп қажетті тілдік бірліктерді табу жолын да білдіре алады.

Орыс ассоциативті тезаурусының (https://tesaurus.ru/dict/) сайты екі негізгі іздеу тәртібін ұсынады:

1. Тікелей іздеу (Прямой поиск): Пайдаланушы белгілі бір стимул сөзді енгізеді, жүйе оған берілген ассоциация немесе реакция сөздерді көрсетеді.

2. *Кері іздеу (Обратный поиск):* Белгілі бір реакция сөз қандай стимул сөздерден туындағанын табуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліне арналған *University of South Florida* жобасы аясында жасалған ассоциативті норманың авторлары стандартқа сәйкес келетін осы 2 тәртіптің лингвистикалық маңызын келесідей түсіндіреді: *«Тікелей ассоциативті норманы* құрастыруда алға қойылған ереже: Сөздік статистикалық мәні бар, жиі қайталанған реакцияларды «норма» ретінде негізге ала отырып қалыптастырылады. Әрбір стимулға берілген реакциялар жиынтығы нормаланған деп есептеледі.

Ал кері ассоциативті норманы құрастыруда алға қойылған ереже реакция сөздің кең таралуын, яғни оның түрлі контекстерде ассоциативті белсенділігін сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, семантикалық байланыстардың кері бағытын зерттеуге қолданылады» [82, 256].

Аталған қағида ассоциативті лексикография тәжірибесінде ұстанатын басты қағидалардың бірі. Мысалы, ағылшын тілді WordAssociation.org сайтындағы ассоциативті нормада берілген «love» (махаббат) стимулы мысалында сайт пайдаланушылары «love» ассоциациясына қатысты кестедегіндей стимулдарды көрсеткен.

Кесте 17 – WordAssociation.org сайтындағы сөздік мақаланың тікелей-кері тәртіпте берілуі

Тікелей тәртіп бойынша	*Кері тәртіп бойынша*
love → *hate* (орташа байланыс)	*hate* → love (әлсіз байланыс)
love → *heart* (әлсіз)	*heart* → love (өте әлсіз)

Кесте 17 жалғасы

love → *girlfriend* (өте әлсіз)	*sex* → love (өте әлсіз)
love → *harlot* (өте әлсіз)	*romance* → love (өте әлсіз)
love → *sex* (өте әлсіз).	*like* → love (өте әлсіз)

Жауаптардан байқайтынымыз, көп ассоциациялар әлсіз немесе өте әлсіз, бұл дегеніміз оларға жауап берген адамдар саны аз екенін көрсетеді. Ойын әдісі арқылы жиналған ассоциацияларды қамтитын бұл сайт адамдардың нақты тілдік реакцияларын көрсетеді, ал осы реакциялар ассоциативті шынайы дерек болып саналады [63].

Ассоциативті лексикографияда болуы тиіс қағидалардың бірі – *сауаттылық қағидасы* деп білеміз. Ассоциативті сөздік жүздеген респонденттерден алынған нақты лингвистикалық деректерге сүйенеді. Реакциялар таза, өңделмеген күйінде тіркеледі, бұл интуитивті тілдік ойлауды көрсетеді. Нормаланған реакциялар статистикалық жиілігі мен мәнділігіне байланысты сұрыпталады. Респондент жауаптарының экстралингвистикалық факторларға әсіресе тәуелді болатынын (жас, білім деңгейі, грамматикалық, стилистикалық және басқа да нормаларды білу дәрежесінің әртүрлі болуы) ескере келе, олардың жауаптарын сауаттылық тұрғысынан түзеп, өңдеп шығу ғылыми басылым үшін қажетті жұмыс деп есептейміз. Сондықтан да ұлттық ассоциативті сөздікте көптеген орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер түзетіліп беріледі және сөздер ойыны, символ, эмоджи, әзіл-қалжыңмен берілген жауаптар алынып тасталынды. Мәселен, *«асату дегеніміз ол қазақ халқынын ежелден келе жаткан дәстүры. Сыйлы қонаққа ет тамағы және де басқа ас түрі беріліп болған соң. Қалған тамақтан отырған адамдарға астан асатады»* түрінде берілген респонденттердің жауаптарынан бірнеше сөзді, тыныс белгілерін дұрыс пайдаланбаудағы қателері анықталып, сөздікке тек әдеби нормаға сәйкес нұсқасы жазылады.

Ассоциативті сөздіктердің психолингвистика саласының көптеген мәселелерін шеше алатын еңбек белгілі. Соның бірі және бірегейі – сөздік деректерінің биоәлеуметтік ерекшеліктерге байланысты психолингвистикалық айырмашылықтарды талдауға қолайлы болуы. Сол себепті сөздікті жасауда *социолингвистикалық параметрлер бойынша стратификация қағидасының* ғылыми мақсатта қолданылуы орынды деп санаймыз. Бұл қағида ассоциативті сөздіктерді құрастыруда соңғы онжылдықта кеңінен пайдаға асуда. Оның жарқын мысалы – *«Қазақша ассоциациялық сөздік»* (ҚАС-2014). ҚАС-2014 сөздігінің ерекшелігі – мұнда *гендерлік жүйелеу қағидасы* алғаш рет қолданылды. 120 000-нан астам ассоциативті жауап ерлер мен әйелдердің реакциялары ретінде кесте түрінде берілген, бұл жеке адамның да, қоғамның да тілдік санасындағы гендерлік ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік береді [91, 14].

Ассоциативті сөздіктің минималды құрылымдық моделі *стимул сөз,* оған берілген *реакциялар* және олардың *жиілік көрсеткіштерінен* тұратын қарапайым, бірақ жүйелі құрылым ретінде қарастырылады.

Бұл модель келесі негізгі компоненттерді қамтиды:

– стимул сөз (негізгі бірлік);

– реакциялар жиынтығы (ассоциативті қатар);

– реакциялардың жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері;

– ассоциативті өрістің ядролық және перифериялық құрылымы.

Аталған модель ассоциацияларды жүйелеуге, олардың құрылымын анықтауға және тілдік санадағы семантикалық байланыстарды сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кеңейтілген модельде реакциялардың семантикалық топтары, мәдени-коннотативтік сипаттары және әлеуметтік параметрлермен (жас, жыныс, т.б.) байланысы да ескерілуі мүмкін. Бұл модель ассоциативті лексикографиядағы базалық құрылым ретінде ұсынылады.

Ұсынылған ассоциативті сөздік моделі тек ұлттық құндылықтарды зерттеумен шектелмей, басқа да концептуалдық зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, бұл модель әртүрлі концепттерді (мысалы, мәдени, әлеуметтік, когнитивтік ұғымдарды) ассоциативті өріс негізінде талдауға бейімделген әмбебап құрылым ретінде қарастырылуы мүмкін. Стимул–реакция–жиілік қағидасына негізделген модель тілдік сананың құрылымын жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ұсынылған тәсіл концептологиялық зерттеулерде, ұлттық және мәдени кодтарды анықтауда, сондай-ақ тілдік сананың динамикасын зерттеуде тиімді қолданылуы мүмкін. Бұл модельді басқа тілдерге бейімдеу арқылы салыстырмалы ассоциативті зерттеулер жүргізуге де мүмкіндік бар. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылған ассоциативті лексикографиялық модель әмбебап және қолданбалы әлеуеті жоғары ғылыми құрал ретінде бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ассоциативті сөздіктер – адам баласының менталды лексиконын, оның құрамы мен аксиологиялық сипатын (этно аспектіде болса) танытатын, осы бағыттағы зерттеулер үшін мол ақпарат беретін маңызды лексикографиялық еңбектердің бірі. Сөздік лингвистикада, педагогикада, қазіргі сандық технологиялардың қарыштап дамып жатқан заманда ақпараттық технологияларда, психология, философия т.б. ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Осыған байланысты жеткілікті көлемде әртүрлі аспектілерді (біздің мысалымызда, этномәдени лексемаларды стимул ретінде алған сөздік) қамтитын жан-жақты ассоциативті нормалар, сөздіктер сериясын құру – өзекті міндет. Ал осы бағытта ассоциативті сөздіктерді әзірлеуде жалпы және сөздіктің ерекшелігіне орай жекелеген қағидаларын ұсыну теориялық және практикалық тұрғыдан бағалы. Себебі ассоциативті сөздіктің қағидалары әр лексикографқа бағдар беретін нұсқаулық ретінде, лингвистикалық заңдылықтарды қамтитын ереже ретінде қажет. Біз ұсынып отырған қағидалардың әрқайсысы – жиілік және статистикалық репрезентативтілік қағидасы, стимул сөздерді таңдаудағы шектеулілік қағидасы, мәдени релеванттылық және этнолингвистикалық фрейм қағидасы, стандарттылық, реттілік қағидасы, сауаттылық қағидасы, социолингвистикалық параметрлер бойынша стратификация қағидасы ассоциативті сөздікті құрастыруға қызығушылық танытқан барша лексикографтарға сөздікті лексикографиялық талаптарға сәйкес әзірлеу үшін, ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялар – тілдік материалдарды дұрыс жүйелеуде таптырмас ұстанымдар жиынтығы. Осылайша, аталған қағидалардың тілдің қоғам мен мәдениетті қалай бейнелейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін әдістемелік маңызы бар. Ол ұлттық тілдік сананың құрылымын, мәдени құндылықтар мен дүниетаным ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі сөйлеу әрекетінің өзгешеліктері туралы қорытынды жасауға негіз болады. Демек, зерттеуші үшін жеке тұлғаның да, тұтас халықтың да құндылықтар иерархиясын бейнелейтін жүйеленген дүниетаным анықталады.

Зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі қазіргі лингвистикадағы тілдік сана, ұлттық бірегейлік, аксиологиялық доминанттар мәселелеріне деген қызығушылықтың заман талабына орай артуына, сондай-ақ көптілділік пен жаһандану жағдайында тілдің әлеуметтік және мәдени өзгергіштігін ескерудің ғылыми тұрғыдан қажеттілігіне байланысты.

Зерттеу барысында нысанаға алынған басты мақсатқа қол жеткізілді және алға қойылған барлық міндеттер дәйекті түрде шешілді. Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі когнитивті лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану және әлеуметтік лингвистиканың негізгі ғылыми-теориялық ұстаным, түсініктерінен тұрды, бұл тілді таңбалар жүйесі ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананың философия, психология когнитология сияқты гуманитарлық білімдер жүйесіндегі жалпы сана түсінігіндегі мәліметке қосымша лингвистикадағы тілдік сана ретіндегі бір қырын қарастыра алатын құбылыс, құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибенің көрінісі ретінде зерттеуге

мүмкіндік берді. Зерттеудің негізгі әдісінің бірі – эмпирикалық зерттеулер нәтижелерінің объективтілігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз ететін, деректерді квантитативті және квалитативті талдауға негіз болатын еркін ассоциативті эксперимент болды. Сауалнама реакцияларынан байқағанымыздай, ассоциативті эксперимент нәтижелеріне респонденттердің жас ерекшеліктері де, қоғамда басым сипатқа ие тенденциялар да тікелей әсер етеді. Осылайша, қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігінің негізгі тілдік қоры ретінде этномәдени лексемалар болып келетін ассоциаттар жиналды. Осындай ұлттық-мәдени сипаттағы тілдік бірліктер ұлттық құндылықтарды анықтайтын лексикографиялық еңбектің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Ассоциативті эксперимент еркін түрде өткендіктен, сауалнамаға қатысушылар арасынан басқалардан ерекшеленетін, өзіндік таным, түсінік жүйесін білдіретін жекелеген реакциялар да кездесті. Осындай тілдік фактілердің семантика-грамматикалық, аксиологиялық, коннотациялық, т.б. ерекшеліктерін анықтауда белсенді түрде квантитативті және квалитативті әдістер қолданылды. Осы әдістерді қолдана отырып, қазіргі қазақ тілінде сөйлейтін орташа тіл иесінің ассоциативті сөздігін жасау кешенді түрде, сандық және сапалық тұрғыдан деректерді жан-жақты сипаттап жүзеге асты. Ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған құндылыққа бағытталған реакция, лексикалық бірліктердің саны анықталып, оларға семантикалық, аксиологиялық сипаттағы зерттеулер жүргізілді. Зерттеу барысында негізгі тұжырымдар жасалды және қазақ тілінде сөйлейтін тіл иелерінің күнделікті тілдік санасында жаңартылған қоғамның негізгі құндылықтарын бейнелейтін тілдік фактілер ұсынылды.

Зерттеудің негізгі қорытындыларының бірі – ассоциативті сөздік ұлттық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды анықтаудың тиімді құралы деген тұжырым. Ассоциативті өрістерді талдау олардың ядросындағы мәдени маңызды ұғымдарды, ұжымдық санасы мен түсінігі және ұлттық тілдік сананың аксиологиялық доминанттарын көрсететін тұрақты, жиілігі жоғары ассоциациялар қалыптастыратынын көрсетті. Ассоциативті өрістердің перифериясы өз кезегінде әлеуметтік, атап айтқанда, тіл иелерінің жас, гендерлік және кәсіби дайындығы, аумақтық факторларға байланысты өзгергіштік пен динамизмін көрсетеді.

Диссертацияның тіл білімі, әсіресе, ассоциативті лексикография үшін маңызды нәтижесі ассоциативті реакциялардың әлеуметтік дифференциациясын анықтау болды. Қазақ тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасы әлеуметтік стратификацияланған және респонденттердің жасына, жынысына, мамандығы және тұратын аумағына байланысты жүйелі айырмашылықтарды көрсететіні анықталды. Бұл тілдің әлеуметтік шарттылық сипатын растайды және ассоциативті деректерді абстрактілі емес, әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында ассоциативті реакциялардың аксиологиялық аспектісіне ерекше назар аударылады. Эмпирикалық деректер респонденттердің жауаптарында қоғам ішінде қолдау табатын әлеуметтік нормаларға, дәстүрлі, ұлттық құндылықтарға және моральдық-адамгершілік көзқарастарға бағдарлану айқын көрінетінін көрсетті. Зорлық-зомбылық пен деструктивті мінез-құлықты

айыптайтын коннотациясы бар ассоциациялар, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық дәстүрлері, отбасын, моральдық мұраттарды құрметтеуді білдіретін жеке жауаптарынан тұратын реакциялар тілдік санада тұрақты этноменталды құндылықтардың болуын көрсетеді. Бұл нәтиже ассоциативті экспериментті әлемнің құндылықты білдіретін бейнесін анықтау әдісі ретінде қарастыруға жол ашады.

Қазақ тілді респонденттердің ассоциативті реакцияларының ұлттық ерекшелігі олардың дискурсивті және бейнелі, көркем ойлау мен шешендікке ұмтылуға деген табиғатынан анық байқалады. Басқа тілдердегі көптеген ассоциативті эксперименттерге тән бір сөзден тұратын жауаптардан айырмашылығы, бұл зерттеуде егжей-тегжейлі интерпретациялар, мақал-мәтелдер, метафоралар және фразеологиялық бірліктер ассоциация болып келтірілген. Бұл ассоциаттардың бейнелі-құндылық сипатын, паремиологиялық қордың қазақ тілі үшін айтарлықтай рөлін және тілдік сананың ұлттық ерекшелігінің маңызды көрсеткіші болып табылатын ассоциативті байланыстардың мәдени вербалдануын көрсетеді.

Зерттеудің маңызды нәтижесі ассоциативті реакциялардың полилингвалды және транслингвалды сипатын анықтау болды. Сауалнама қатысушыларының жауаптарында қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін қолдану тіркелді, бұл менталдық лексиконның кросс-тілдік тұрғыдағы белсенділігін және бірнеше тілде сөйлейтін индивидтің санасында тілдердің қатаң оқшаулануының жоқтығын көрсетеді. Осындай тілдік фактілер Қазақстан Республикасындағы қазіргі тілдік жағдайды бейнелейді және ұлттық тілдік сананы сипаттау кезінде, сондай-ақ ассоциативті сөздіктер құрудағы көптілділікті ескеру қажеттілігін негіздейді.

Зерттеудің әдіснамасы ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие. Жұмыста респонденттердің биоәлеуметтік сипаттамаларын (жасы, жынысы, кәсіби дәрежесі, аумақтық локализациясы) міндетті түрде есепке алуды көздейтін ұлттық құндылықтар бойынша ұлттық ассоциативті сөздікті құрудың нақты қағидалары әзірленді және теориялық негізделді. Ассоциативті сөздіктің ұсынылған жаңа түрінің моделі ассоциативті деректерді саралап ұсынуға және әртүрлі әлеуметтік топтардың тілдік менталдылығын дәлірек көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ассоциативті реакцияларды лингвистикалық, аксиологиялық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты қарастырудан, сондай-ақ ассоциативті лексикографияның жаңартылған қағидаларын әзірлеуден тұрады. Алынған нәтижелер ұлттық тілдік сана туралы түсініктерді кеңейтеді, психолингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивті лингвистика және ассоциативті лексикографияның дамуына ықпал етеді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы ұлттық және сандық форматтығы онлайн ассоциативті сөздіктерді құруда, білім беру саласында, лингвомәдениеттану, психолингвистика және әлеуметтік лингвистика курстарында, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникация және қолданбалы лингвистика бойынша зерттеулерде нәтижелерді пайдалану мүмкіндігімен

анықталады. Зерттеу материалдары ұлттық-мәдени және әлеуметтік өзгергіштікті ескере отырып, табиғи тілді кешенді әрі терең талдауды дамытуда да қолданыла алады.

Диссертация жұмысының тақырыбын зерттеулердің болашағы эксперименттік базаны кеңейтумен, әлеуметтік топтардың жекелеген түрлеріне арналған (жасөспірімдер/жастар, медицина қызметкерлерінен бастап инженерлерге дейінгі әр мамандыққа бөлек, республиканың нақты бір аумағы, қаласының тұрғындары, т.б.) сөздіктерді жасаумен, тіларалық және мәдениетаралық салыстыруларды жүргізумен, сондай-ақ уақыт өте келе тілдік сананың өзгеруін көрсететін ұлттық ассоциативті сөздіктің электрондық нұсқаларын әзірлеумен байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аристотель. Собр. соч.: в 4 т. / пер. с древнегреч.; под общ. ред. А. И. Доватура. – М.: Мысль, 1983. – Т. 4: Поэтика. – 830 с.

2 Горошко Е. И. Интегративная модель свободного ассоциативного эксперимента [Электронный ресурс] / Е. И. Горошко // Текстология.ru. – 1999–2011. http://www.textology.ru/razdel.aspx?ID=38 (қарау уақыты: 04.02.2026).

3 Шевцов А. А. Введение в общую культурно-историческую психологию / А. А. Шевцов. – СПб., 2000. – 544 с.

4 Психология: учебник для гуманитарных вузов / В.Н. Дружинин [и др.]; под общ. ред. В.Н. Дружинина. – СПб.: Питер, 2009. – 656 с.

5 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии / С.Л. Рубинштейн [и др.]. – СПб.: Питер, 2015. – 705 с.

6 Немцов Р.С. Психологический словарь. – М.: Владос, 2007. – 599 с.

7 Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь-справочник. – Минск: Харвест, 2004. – 576 с.

8 Современный психологический словарь / под ред. Б.Г. Мещерякова, В.П. Зинченко. – СПб.: Прайм-Еврознак, 2006. – 489 с.

9 Крушевский Н.В. Очерк науки о языке // Известия и ученые записки Императорского Казанского университета. – Казань, 1883. – Т. 19. – 148 с.

10 Философский энциклопедический словарь / гл. ред. Л.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев [и др.]. – М.: Советская энциклопедия, 1983. – 836 с.

11 Локк Дж. Сочинения: в 3 т. – Т. 1: Опыт о человеческом разумении (Философское наследие; т. 93). – М.: Мысль, 1985. – 621 с.

12 Шеварев П.А. Обобщенные ассоциации в учебной работе школьника. – М., 1959. – 302 с.

13 Jung C.G. The psychology of dementia praecox // The collected works of C.G. Jung. – Princeton, NJ: Princeton University Press, 2018. – Vol. 3. – 250 p.

14 Nelson L., Cathy M., Simon D. What is free association and what does it measure? // Memory & Cognition. – New York, 2000. – Vol. 28. – P. 887-899.

15 Kent G.H., Aaron J.R. A study of association in insanity // American Journal of Insanity. – New York, 1910. – P. 317-390.

16 Уланович О.И. Психолингвистика. – Минск: БГУ, 2010. – 67 с.

17 Назаров А.И. О смыслообразовании в процессе чтения текстов // Психологический журнал Международного университета природы, общества и человека «Дубна». – 2013. – № 2. – С. 43-77.

18 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж, 2003. – 191 с.

19 Пищальникова В.А. История и теория психолингвистики: курс лекций: Ч. 2: Этнопсихолингвистика. –: М.: МГЛУ, 2007. – 228 с.

20 Уланович О.И. Психолингвистика. – Минск: БГУ, 2010. – 67 с.

21 Архипова С.В. Ассоциативный эксперимент в психолингвистике // Вестник Бурятского университета. – 2011. – № 11. – С. 6-9.

22 Воробьев В.В. Лингвокультурология: (теория и методы). – Москва: РУДН, 1997. – 331 с.

23 Кузнецов А.М. Поле // Языкознание. Большой энциклопедический словарь. – М., 1998. – С. 380-381.

24 Щур Г.С. Теории поля в лингвистике. – М.: Наука, 1974. – 256 с.

25 Соссюр Ф. Труды по языкознанию: сборник работ / под ред. А.А. Холодовича. – М.: Прогресс, 1977. – 696 с.

26 «Мо-цзы» // Древнекитайская философия: Собрание текстов в двух томах / Сост. Ян Хиншун. – М.: Мысль, 1972. – Т. 1. – С. 175-200.

27 Кавалеров А.А. Ценность в социокультурной трансформации. – Одесса: Астропринт, 2002. – 221 с.

28 Сахно С.Л. «Свое-чужое» в концептуальных структурах // Логический анализ языка. Культурные концепты. – М., 1991. – С. 95-101.

29 Kluckhohn C. Values and value-orientations in the theory of action: an exploration in definition and classification // Toward a general theory of action / ed. by T. Parsons, E. A. Shils. – Cambridge: Harvard University Press, 1951. – P. 388-443.

30 Kluckhohn F.R., Strodtbeck F.L. Variations in Value Orientations. – Evanston: Row, Peterson, 1961. – 437 p.

31 Крысько В.Г. Этнопсихологический словарь. – М.: Московский психолого-социальный институт, 1999. – 343 с.

32 Соловцева И.А. Национальные ценности в системе духовно-нравственного воспитания // Педагогика. – 2010. – № 5. – С. 45-50.

33 Sweet W. National values, culture, and philosophy // Philosophy. – 2023. – No. 1 (65). – P. 55-64.

34 Umarov H. Historical roots of national values // American Journal of Business Management, Economics and Banking. – 2025. – Vol. 33. – P. 49-55.

35 Флиер А.Я. Этнические ценности // Культурология. Энциклопедия: в 2 т. – Т. 2. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2007. – 1184 с.

36 Данилова Л.Н. Этнокультурные ценности как средство формирования этнокультурной компетентности у старшеклассников // Вестник ЧГПУ им. И.Я. Яковлева. – 2015. – № 1 (85). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/etnokulturnye-tsennosti-kak-sredstvo-formirovaniya-etnokulturnoy-kompetentnosti-u-starsheklassnikov (қарау уақыты: 20.12.2025).

37 Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. – 2-е изд., испр. – М.: ИНФРА-М, 1999. – 479 с.

38 Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңы // Әділет: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_ (қарау уақыты: 01.02.2026).

39 Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии. – М.: Вече, 2003. – 512 с.

40 Грицанов А.А. Новейший философский словарь. – Минск: Книжный Дом, 1999. – 1280 с.

41 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / общ. ред. Г.В. Рамишвили; А.В. Гулыги, В.А. Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.

42 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

43 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

44 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: 2019. – 317 с.

45 Якобсон Р. Избранные работы по лингвистике. – Берлин: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2006. – 379 с.

46 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание / пер. с англ.; отв. ред. и сост. М.А. Кронгауз; вступ. ст. Е.В. Падучевой. – М.: Рус. слов., 1996. – 411 с.

47 Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.02 / Ж.Манкеева. – Алматы, 1997. – 282 б.

48 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.

49 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

50 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994. – № 3. – 7 б.

51 Словарь ассоциативных норм турецкого языка: 160 000 ассоциаций = Türk Dili Çağrışım Normları Sözlüğü: 160 000 çağrışım / А.М. Калюта. – Минск: БГУ, 2014. – 207 с.

52 Бахтикиреева У.М. От стимула к реакции: рецензия на первый казахский ассоциативный словарь // Вопросы психолингвистики. – М., 2015. – №1 (23). – С. 189-195.

53 Леонтьев А. Словарь ассоциативных норм русского языка. – Москва: издательство Московского университета, 1977. – 192 с. http://it-claim.ru/Projects/ASIS/Leont/Index.htm.

54 Частотный словарь русского языка: Около 40000 слов / [Сост. В.А. Аграев, В.В. Бородин, Л.Н. Засорина и др.]; под ред. Л.Н. Засориной; Ленинградский гос. ун-т им. А.А. Жданова, Науч.-исслед. ин-т прикл. математики и кибернетики при Горьковском гос. ун-те им. Н.И. Лобачевского. – Москва: Рус. яз., 1977. – 935 с. http://project.phil.spbu.ru/lib/data/slovari/zasorina/zasorina.html.

55 Русский семантический словарь: опыт автоматического построения тезауруса: от понятия к слову. – Москва: Наука, 1982. – 566 с.

56 Гольдин В.Е. Русский ассоциативный словарь: ассоциативные реакции школьников 1-11 классов: в 2 т. Т. II. От реакции к стимулу. Ч. 1. А–Н / В.Е. Гольдин, А.П. Сдобнова, А.О. Мартьянов. – Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 2011. – 480 с.

57 Уфимцева Н.В., Черкасова Г.А., Караулов Ю.Н., Тарасов Е.Ф. Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский. – М., 2004. – 792 с.

58 Kiss G., Armstrong C., Milroy R., Piper J. An associative thesaurus of English and its computer analysis. – Edinburgh: Edinburgh University, 1973. http://vlado.fmf.uni-lj.si/pub/networks/data/dic/eat/Eat.htm (қарау уақыты: 04.02.2026).

59 Залевская А.А. Ассоциативный тезаурус английского языка и возможности его использования в психолингвистических исследованиях // Психолингвистические исследования в области лексики и фонетики : [сборник научных трудов / под ред.: А.А. Залевская и др.]. – Калинин: КГУ, 1983. – С. 26-41.

60 Palermo D.S., J.J. Jenkins. Word Association Norms: Grade School through College, 1964.

61 Thorndike E.L., Lorge I. The teacher's work book of 30,000 words. – New York: Columbia Univ. Press, 1944.

62 Ogden C.K. Basic English. – London: Kegal Paul, Trench and Trubner, 1954.

63 Word Associations Network [Электронды ресурс]. – https://wordassociations.net/en/about (қарау уақыты: 01.04.2026).

64 Visuwords: Visual Online Dictionary [Электрондық ресурс]. – URL: https://visuwords.com/page/about (қарау уақыты: 01.04.2026).

65 Word Association Network [Электрондық ресурс]. – URL: https://wordassociation.org/about (қарау уақыты: 01.04.2026).

66 Sinonim.org: словарь синонимов [Электрондық ресурс]. – URL: https://sinonim.org/as (қарау уақыты: 01.04.2026).

67 Русский ассоциативный словарь: ассоциативный тезаурус современного русского языка [Электрондық ресурс]. – URL: https://tesaurus.ru/dict/ (қарау уақыты: 01.04.2026).

68 Малый мир слов [Электрондық ресурс]. – URL: https://smallworldofwords.org/ru/project/about (қарау уақыты: 01.04.2026).

69 De Deyne S., Navarro D. J., Perfors A., Brysbaert M., Storms G. The «Small World of Words» English word association norms for over 12,000 cue words // Behavior Research Methods. – 2019. – Vol. 51. – P. 987-1006. – DOI: https://doi.org/10.3758/s13428-018-1115-7.

70 Cabana Á., Zugarramurdi C., Valle-Lisboa J.C., De Deyne S. The «Small World of Words» free association norms for Rioplatense Spanish // Behavior Research Methods. – 2024. – Vol. 56. – P. 968-985. – DOI: https://doi.org/10.3758/s13428-023-02070-z.

71 Abramski K., Improta R., Rossetti G. et al. The «LLM World of Words» English free association norms generated by large language models // Scientific Data. – 2025. – Vol. 12. – Art. 803. – DOI: https://doi.org/10.1038/s41597-025-05156-9.

72 University of South Florida Free Association Norms http://w3.usf.edu/FreeAssociation/ http://w3.usf.edu/FreeAssociation/Intro.html

73 Edinburgh word associations https://networks.skewed.de/net/word_assoc?utm_source=chatgpt.com

74 Edinburgh Associative Thesaurus https://github.com/dariusk/ea-thesaurus?tab=readme-ov-file

75 Birkbeck Word Association Norms https://www.amazon.com/Birkbeck-Word-Association-Norms-Helen/dp/0863774040

76 De Deyne S., Storms G. Word associations: Norms for 1,424 Dutch words in a continuous task // Behavior Research Methods. – 2008. – Vol. 40, No. 1. – P. 198-205. – DOI: https://doi.org/10.3758/BRM.40.1.198.

77 Inohara K., Utsumi A. Japanese word similarity and association norm: A dataset for evaluating semantic representations // Language Resources and Evaluation. – 2021. – Vol. 55. – P. 905-933. – DOI: https://doi.org/10.1007/s10579-021-09543-7.

78 Joyce T. Constructing a large-scale database of Japanese word associations // Proceedings of the Fourth International Conference on Cognitive Science (ICCS-2005). – Tokyo, Japan, 2005. – Glottometrics. – 2005. – No. 10. – P. 82-98.

79 Lin S.-Y., Chen H.-C., Chang T.-H., Lee W.-E., Sung Y.-T. CLAD: A corpus-derived Chinese lexical association database // Behavior Research Methods. – 2019. – Vol. 51, No. 5. – P. 2310-2336. – DOI: https://doi.org/10.3758/s13428-019-01208-2.

80 http://www.chinesereadability.net/LexicalAssociation/CLAD/

81 http://www.chinesereadability.net/LexicalAssociation/Norm/

82 Jung J., Makoshi N., Akama H. Korean word associations: The linked structures for language learning // Proceedings of the 9th IEEE International Conference on Advanced Learning Technologies (ICALT 2009). – 2009. – P. 431-432. – DOI: https://doi.org/10.1109/ICALT.2009.105.

83 Jung J., Li N., Akama H. Network analysis of Korean word associations // Proceedings of the NAACL HLT 2010 First Workshop on Computational Neurolinguistics. – Los Angeles, California, June 2010. – P. 27-35.

84 Proceedings of the NAACL HLT 2010 First Workshop on Computational Neurolinguistics / ed. by B. Murphy, K.-M. K. Chang, A. Korhonen. – Association for Computational Linguistics, 2010. – P. 27-35. – URL: https://aclanthology.org/W10-0604.

85 Noun Associations for German database http://www.psycholing.es.uni-tuebingen.de/nag/index.php#1

86 Schulte Walde S., Borgwaldt S.R. Association norms of German noun compounds // Proceedings of the Eighth International Conference on Language Resources and Evaluation (LREC'12). – Paris: European Language Resources Association (ELRA), 2012. – P. 1213-1219. – URL: https://www.lrec-conf.org/proceedings/lrec2012/pdf/584_Paper.pdf.

87 Французский ассоциативный словарь http://dictaverf.nsu.ru/pages/about.php

88 Караулов Ю.Н. Русский ассоциативный словарь как новый лингвистический источник и инструмент анализа языковой способности // Русский ассоциативный словарь: в 2 т. Т. 1. Прямой словарь / под ред. Ю.Н. Караулова, Н.В. Уфимцевой, Г.А. Черкасовой, Е.Ф. Тарасовой, Ю.А. Сорокина. – М.: Изд-во Института русского языка им. В.В. Виноградова РАН, 2000. – С. 5-20.

89 https://didacts.ru/termin/associativnye-slovari.html

90 Уфимцева Н.В. Ассоциативный словарь как модель языковой картины мира // Вестник ИрГТУ. – 2014. – № 9 (92). – URL:

https://cyberleninka.ru/article/n/assotsiativnyy-slovar-kak-model-yazykovoy-kartiny-mira (қарау уақыты: 04.02.2026).

91 Дмитрюк Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А., Абрамова Г.И. Қазақша ассоциациялық сөздік / Казахский ассоциативный словарь (КАС). – Алматы-Москва: Медиа-Логос, 2014. – 330 с.

92 Артыкбаева Ф.И. Отражение базовых ценностей в ядре ментального лексикона носителей языка и культуры (диахронический аспект): автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.19 / Ф.И. Артыкбаева; Тверской гос. ун-т. – Тверь, 2016. – 19 с.

93 Лурье С.В. Историческая этнология: учебное пособие для вузов / С.В. Лурье. – М.: Аспект Пресс, 1997. – 448 с.

94 Уфимцева Н.В. Языковое сознание и образ мира славян // Языковое сознание и образ мира: сб. ст. – М., 2000. – С. 207-219.

95 Шаяхметова А.А. Языковое сознание и особенности его проявления у представителей русского и казахского этносов (социолингвистический и психолингвистический аспекты): дис ... канд. филос. наук. – Алматы, 2007. – 191 с.

96 Павлов И.П. Условный рефлекс. – М.: Изд-во Академии медицинских наук СССР, 1952. – 78 с.

97 Clark H.H. Word associations and linguistic theory. – New horizons in linguistics, Penguin Books. – Baltimore, 2020. – 400 p.

98 Одинокова Н.Ю. Профессиональные ассоциативные словари (на материале русского и английского языков) // Филология и человек: Научный журнал. – Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета, 2007. №4. – С. 103-120.

99 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – 2 изд., испр. и доп. / А.А. Залевская. – М.: Рос. гос. гуманит. ун- т, 2021. – 560 с.

100 Залевская А.А. Вопросы организации лексикона человека в лингвистических и психолингвистических исследованиях / А.А. Залевская. – Калинин: Калинин. гос. ун-т, 1978. – 88 с.

101 Уфимцева Н.В. Русские: опыт еще одного самопознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 139-162.

102 Ахабаев А., Бектаев Қ., Белботаев А.Б. Лингвистикалық жұмысты автоматтандыру және тіл статистикасы. – Тіл білімі институты. – 2018.

103 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Санат, 2021. – 300 б.

104 Мырзабеков С. Статистико-лингвистический анализ структуры глагола современного казахского языка: автореф. дис. канд. филол. наук / С. Мырзабеков. – Алма-Ата, 1973. – 32 с.

105 Белботаев А.Б. Лингвостатистические характеристики частей речи казахского текста: автореф. дис. канд. филол. наук / А.Б.Белботаев. – Алма-Ата, 1992. – 32 с.

106 Белботаев А.Б. Ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуы туралы. – Алматы: Ғылым, 2023. – Б. 225-230.

107 Белботаев А.Б. Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі. // Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы: Ғылым, 2023. – Б. 543-552.

108 Джубанов А.Х. Квантитативная структура казахского текста (опыт лингвистического анализа на ЭВМ). – Алматы: Ғылым, 2021. – С. 324.

109 Джубанов А.Х. Квантитативная структура казахского текста. – Алматы: Ғылым, 2017. – 146 с.

110 Леонтьев А.А. Языковое сознание и образ мира (2016) // Язык и сознание: парадоксальная рациональность. – М.: Институт языкознания РАН, 2016. – С. 16-21.

111 Rozov N. S. Stages and causes of the evolution of language and consciousness: A theoretical reconstruction // BioSystems. – 2024. – Art. 105389. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.biosystems.2024.105389.

112 Ncube M.M., Ngulube P. Surge of data analytics in postgraduate education and methodological plurality: a systematic review // Discover Education. – 2025. – Vol. 4. – Art. 29. – DOI: https://doi.org/10.1007/s44217-025-00422-9.

113 Бахтикиреева У.М. От стимула к реакции: рецензия на первый казахский ассоциативный словарь // Вопросы психолингвистики. – М., 2015. – №1 (23). – С. 189-195.

114 Хрупин С.И., Сустина Н.М. Духовные ценности старшего поколения как фактор социального единства и согласия содействия // Вестник Адыгейского государственного университета. – 2006. – № 2. – С. 72-79.

115 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-т. – 408 б.

116 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

117 Уәлиев Н.М. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.

118 Сыздықова Р.Г. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы): көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 291 б.

119 Kotronoulas G., Miguel S., Dowling M., Fernández-Ortega P., Colomer-Lahiguera S., Bağçivan G., Pape E., Drury A., Semple C., Dieperink K.B., Papadopoulou C. An overview of the fundamentals of data management, analysis, and interpretation in quantitative research // Seminars in Oncology Nursing. – 2023. – Vol. 39, No. 2. – Art. 151398. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.soncn.2023.151398 (қарау уақыты: 15.03.2025).

120 Медетбекова П.Т., Қордабай Б.Қ., Алдашева К.С. Ұлттық ассоциативті сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары: сандық және сапалық зерттеу // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2026. – № 1 (80). – Б. 251-272. – URL: https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.015 (қарау уақыты: 01.04.2026).

121 Saussure F. Course in General Linguistics (ed.). – Columbia University Press, 2011. – 240 p.

122 Bally Ch. Le langage et la vie. – Librairie Droz Genève, 1977.

123 Dauletkeldyyeva A. Associative field of the concepts of «multilingualism» and «monolingualism» // Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University.

Pedagogy. Psychology. Sociology Series. – 2023. – No. 3(144). – P. 422-432. – DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-422-432.

124 Болдырев Н. Концептуальная основа языка // Когнитивные исследования языка, 2009. – Вып. IV. – С. 25-77.

125 Уфимцева Н. Языковое сознание: динамика и вариативность / Н.В. Уфимцева. – М., Калуга: Институт языкознания РАН (ИП Шилин И.В.), 2011. – 252 с.

126 Medetbekova P., Kordabay B., Aldasheva K., Mambetova M., Khairzhanova A., Kondybai K. Quantitative and Qualitative Analysis in the Process of Compiling an Associative Dictionary // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 7. – P. 487-502. – DOI: 10.30564/fls.v7i7.10427. – URL: https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10427 (accessed: 01.08.2025).

127 Alymbaeva A. Nations of plov and beshbarmak: Central Asian food and national identity on the Internet // The Muslim World. – 2020. – Vol. 110, No. 1. – P. 107-125. – DOI: https://doi.org/10.1111/muwo.12321.

128 Клименко А.П. Лексическая системность и ее психолингвистическое изучение: учеб. пособ / А.П. Клименко. – Минск: МГПИИЯ, 1974. – 108 с.

129 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

130 Johnson M. The body in the mind: The bodily basis of meaning, imagination, and reason. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.

131 The Oxford English Dictionary. https://www.oed.com.

132 Longman dictionary of English Language and Culture / [director, Della Summers]. – London: Longman, 2005. – 1620 p.

133 Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации / Д.Б. Гудков. – М.: Гнозис, 2003. – 286 с.

134 Левикова С. И. Большой словарь молодежного сленга / С.И. Левикова. – М.: ГРАНД: ФАИР-ПРЕСС, 2003. – 928 с.

135 Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.

136 Türk Dil Kurumu Sözlükleri: Güncel Türkçe Sözlük [Электрондық ресурс]. – URL: https://sozluk.gov.tr (қарау уақыты: 01.04.2026).

137 Nişanyan Sözlük [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.nisanyansozluk.com (қарау күні: 01.04.2026).

138 Ахметова З. Бабалар аманаты. – Алматы: Bookz.kz, 2021. – 414 б.

139 Ахметова З. Күретамыр. – Алматы: Bookz.kz, 2019. – 208 б.

140 Қазақ халқының өнегелік салт-дәстүрлері. – Астана, 2024. – 196 б.

141 Жұмағұлова Ж. Қазақ тіліндегі этноәлеуметтік атаулардың лингвомәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. / Ж.Жұмағұлова. – Алматы, 2006. – 112 б.

142 Камчатнов А.М., Николина Н.А. Введение в языкознание: учеб. пособие. – 9-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2010. – 232 с.

143 Newman M.L., Groom C.J., Handelman L.D., Pennebaker J.W. Gender differences in language use: An analysis of 14,000 text samples // Discourse Processes. – 2008. – Vol. 45, No. 3. – P. 211-236. – DOI: https://doi.org/10.1080/01638530802073712.

144 Жаркынбекова Ш.К., Чернявская В.Е. Казахско-русская билингвальная практика: смешение кода как ресурс в коммуникативном взаимодействии // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2022. – Т. 13. – № 2. – С. 468-482. – DOI: https://doi.org/10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482.

145 Ghazanfar M., Qadir H., Jahan J. Age grading and linguistic change: Investigating age-based language variation in different social contexts // ASSA Journal. – 2024. – Vol. 2, No. 4. – P. 874-885. – URL: https://assajournal.com/index.php/36/article/view/113.

146 Karipbayev B. Identity of Kazakhstani youth: The impact of globalisation and neo-traditionalism. – CA&C Press AB, 2021. – [Electronic resource]. – URL: https://ca-c.org.ru/journal/2021/journal_rus/cac-02/12.shtml (қарау уақыты: 05.02.2026). – DOI: https://doi.org/10.37178/ca-c.21.2.12.

147 Сколько граждан Казахстана владеют тремя языками? https://ru.sputnik.kz/20231126/skolko-grazhdan-kazakhstana-vladeyut-tremya-yazykami-40434743.html.

148 Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие: Новое в лингвистике. – Вып. 6. Языковые контакты. – М., 1972. – С. 25-60.

149 Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2006. – 86 б.

150 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алма-Ата: Демеу, 1992. – 167 с.

151 Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 117 с.

152 Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа сознания // Этнокультурная специфика языкового сознания / под ред. Н.В. Уфимцевой. – М.: Институт языкознания РАН, 1996. – С. 7-22.

153 Горошко Е.И. Проблемы проведения свободного ассоциативного эксперимента / Е.И.Горошко // Изв. Волгогр. гос. пед. ун-та. – Волгоград, 2005. – № 3. – С.53-61.

154 Черкасова Г.А. Квантитативные исследования ассоциативных словарей / Г.А.Черкасова // Общение. Языковое сознание. Межкультурная коммуникация: сб. статей. – Калуга, 2005. – С.227-244.


155 Малбақов М. Бір тілді түсіндірмелі сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.

156 Денисов П.Н. Лексика русского языка и принципы ее описания / П.Н. Денисов. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Русский язык, 2023. – 245 с.

157 Мокиенко В.М. Принципы ларинской лексикографии в трехтомном Большом словаре русских пословиц, поговорок и сравнений русского языка // Вопросы лексикографии. – 2012. – № 1. – С. 70-84.

ҚОСЫМША А

«Google Forms» онлайн платформасында жүргізілген анонимді сауалнаманың үлгісі



1 Ассоциативтік эксперимент 2024

Зерттеу тақырыбымыз бойынша ассоциативтік экспериментімізге қатысып, зерттеу жұмысымызға өз үлесіңізді қосқаныңыз үшін алдын ала **шексіз алғысымызды білдіреміз!**

Сіздің берген жауаптарыңыз **құпия сақталатынын** ескертеміз.

Төменде берілген әрбір сөзді мұқият оқып, ойыңызға бірінші келген сөз орамдарын ешбір көмексіз атап (жазып) өтулеріңізді сұраймыз.

! Ескерту.

Ешкімнің көмегінсіз өзіңіздің берген жауаптарыңыз біз үшін өте құнды болмақ.

Рақмет!

Жасыңыз: *

- 18-24
- 25-29
- 30-34
- 35-39
- 40-44
- 45-49
- 50-54
- 55-59
- 60-80

Жынысыңыз: *

- Әйел
- Ер

Тұратын аймағыңыз: *

- Астана қаласы
- Алматы қаласы
- Шымкент қаласы
- Абай облысы
- Алматы облысы
- Атырау облысы
- Ақмола облысы
- Ақтөбе облысы

- Батыс Қазақстан облысы
- Жамбыл облысы
- Жетісу облысы
- Қарағанды облысы
- Қостанай облысы
- Қызылорда облысы
- Маңғыстау облысы
- Павлодар облысы
- Солтүстік Қазақстан облысы
- Түркістан облысы
- Шығыс Қазақстан облысы
- Ұлытау облысы

Мамандығыңыз: *

- Филологиялық мамандықтар
- Филологиялық емес мамандықтар

Ұят *

Развернутый ответ

Бесік той *

Развернутый ответ

Обал *

Развернутый ответ

Жеті ата *

Развернутый ответ

Жарысқазан

Развернутый ответ

Обал *

Развернутый ответ

Жеті ата *

Развернутый ответ

Жарысқазан

Развернутый ответ

Тұсаукесер

Развернутый ответ

Ар-намыс

Развернутый ответ

Шаңырақ *

Развернутый ответ

Шілдехана *

Развернутый ответ

Шашу *

Развернутый ответ

Бесік жыры *

Развернутый ответ

Айттық *

Развернутый ответ

ҚОСЫМША Ә

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын түсіну мәселесі бойынша жүргізілген сұқбат материалдары

Сұқбат барысында қойылған сұрақтар

I. Респондент туралы жалпы мәліметтер (паспорттық бөлім)

1. Өзіңізді таныстырсаңыз.
2. Жасыңыз?
3. Туған жеріңіз?
4. Біліміңіз қандай?
5. Қазіргі кәсіби қызметіңіз қандай?

(Бұл сұрақтар респонденттің әлеуметтік-демографиялық және академиялық статусын анықтауға бағытталған).

II. Негізгі мазмұндық сұрақтар

6. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалай түсінесіз?

(Бұл сұрақ арқылы респонденттер ұлттық құндылықтарды белгілі бір ұғым, салт-дәстүр немесе символ арқылы түсіндірді).

Қосымша сұрақтар

7. Сіз атап өткен ұғым қазақ қоғамында қандай мағына мен қызмет атқарады деп ойлайсыз?

(Тәрбиелік, әлеуметтік, рухани, этикалық қырлары ашылды).

8. Аталған құндылық ұрпақ тәрбиесі мен сабақтастығына қалай әсер етеді?

(Ұрпақ, жауапкершілік, отбасылық және қоғамдық байланыс тұрғысынан).

9. Бұл ұлттық құндылықтың қазіргі қоғамдағы орны қандай?

(Дәстүрдің жалғасуы мен заманауи маңызы бағаланды).

ҚОСЫМША Б

Сұхбат материалдары негізінде жинақталған респондент жауаптарының үлгілері

Б 1. Академиялық орта өкілдері

Респондент 1

03.10.2023 жыл

– Сәлеметсіз бе! Өзіңізді таныстырсаңыз.

– Аты-жөнім Бақыт Аширбекова.

– Жасыңыз?

– 64.

– Туған жеріңіз?

– Алматы облысы.

– Біліміңіз қандай?

– Жоғары. Қазақ фольклоры пәнінен университетте сабақ беремін.

– Бақыт ханым, қазақтың ұлттық құндылығы дегенді қалай түсінесіз?

– Ойдың сипаты, менталитет, өмір салты, көзқарасы.

– Шүкіршілік, керегені кермe, табалдырықты аттама, тіліңді тақылдатпа, үлкенді сыйлау, кішіге ізет. Қонақжайлылық, балаларды бөлмеу, ол рулық қоғамнан қалған, бұрын ортақ бала деген түсінік болған. Тапқырлық қасиет те қазаққа тән ұлттық қасиет.

Респондент 2

19.10.2023 жыл

– Сәлеметсіз бе! Өзіңізді таныстырсаңыз.

– Аты-жөнім – Зұфар Нұрсапаұлы Сейітжан.

– Жасыңыз?

– 82.

– Туған жеріңіз?

– Шығыс Түркістан, Тарбағатай аймағы, Толы ауданы.

– Біліміңіз қандай?

– Жоғары. Фольклортанушы ғалым, филология ғылым докторы (2000), профессор (2001). ҚазҰУ-дың түлегімін (1965). Осы филология факультетінің профессорымын.

– Зұфар ағай, қазақтың ұлттық құндылығы дегенді қалай түсінесіз?

– Қазақтың ұлттық құндылықтары деген ол өте ауқымды нәрсе. Ең бастысы ұлттың діні, тілі, әдет ғұрып-салты. Міне, осы үшеуінің аясына кіреді. Ол кез келген қазақтың баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бойына ұлттық құндылықтар сіңірілуі керек. Таратып айтып беру керек. Тіл үнемі қолданыста, тіл жойылса, ұлт та кетеді. Қазақ тілі бай тіл, сұлу тіл, әдемі тіл. Екіншісі, Ислам діні. Сонау алғашқы қауымдық құрылыстан бері қарай қаншама сатыдан өттік. Ислам діні адамгершілікті, кісілікті дәріптейтін тіл, сондықтан Ислам діні біздің

басты дініміз болуы керек. Ата-бабаларымыз 5-7 ғ. Бастап ұстанып келе жатқын дініміз. Пайғамбарымыз – Мұхаммед, дініміз – Ислам. Үшіншісі, салт-дәстүр. Ол өте көп. Бала дүниеге келгеннен кейін оны бесікке бөлеу, тұсауын кесу, мектепке бару деген сияқты бар. Көк шөпті жұлма деген бар. Қазір салтымыз өзгеріске ұшырыған. Қалыңдық жігіттің үйіне үйленбей тұрып бармаған. Тізесін бүгіп, «қашан маған тұрмысқа шығасың?» деген салт жоқ бізде. Соңғы кезде қыздар екі жағынан шығарып салады. Бұрын ата-анасы шығарып салатын Той жасау, бастаңғы жасау, баланы баптау болған.

Б 2. Академиялық емес орта респонденттері

Респондент 1

24.09.2023 жыл

– Сәлеметсіз бе! Өзіңізді таныстырсаңыз.

– Аты-жөнім Елена Даданова Шынжырбайқызы.

– Жасыңыз?

– 77.

– Туған жеріңіз?

– Жетісу облысы, Үштөбе ауылы.

– Біліміңіз қандай?

– Жоғары. Көптеген жылдар бойы Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқардым.

– Елена апай, қазаққа тән ұлттық дүниетаным дегенді қалай түсінесіз?

– Қазақ халқының ұлттық құндылықтары деп киелі ұғымдарды айтуға болады. Біріншіден, тілі. Ана тілі. Тағы да қара шаңырақ, сәукеле, бөрік, ата дәстүр, атамекен, дастархан, қонақжайлылық, бесікке салу, шілдехана, құрсақ шашу, жарыс қазан, сүйінші, төрт түлік мал, бауырмалдық, жеті ата, немере сияқты қазақтың салт-дәстүрлері мен ырым-тыйымдарын жатқыза аламыз.

Респондент 2

24.09.2023 жыл

– Сәлеметсіз бе! Өзіңізді таныстырсаңыз.

– Аты-жөнім Куганова Күлпаризат Сүйеновна.

– Жасыңыз?

– 65.

– Туған жеріңіз?

– Алматы облысы, Қарасай ауданы Жандосово ауылы.

– Біліміңіз қандай?

– Жоғары. Өмір бойы бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істедім.

– Күлпаризат апай, қазаққа тән ұлттық дүниетаным дегенді қалай түсінесіз?

– Өзім орыстілді ортадан шығып, орыс сыныбы, бөлімінде оқығанмын. Мен үшін ұлттық дүниетанымды сыйластық, ұлт, обал, «сіз» деп сөйлеу, кие, байғазы, көрімдік сияқты салт, ырым, дәстүрлерді білдіретін сөздер құрайды.

ҚОСЫМША В

Эмпирикалық зерттеу базасының сипаттамасы
Деректер корпусының жалпы құрылымы

Параметр	Мәні
Стимулдардың жалпы саны	62
Реакциялардың жалпы саны	20505
Респонденттердің жалпы саны	1000
Гендерлік жіктелімі	Ер, әйел
Жас бойынша топтар	18-24, 25-29, 30-34, 35-39, 40-44, 45-49, 50-54, 55-59, 60-80
География	**Республикалық маңызы бар қалалар** 1. Алматы қаласы 2. Астана қаласы 3. Шымкент қаласы **Қазақстан Республикасының облыстары** 4. Алматы облысы 5. Түркістан облысы 6. Жамбыл облысы 7. Маңғыстау облысы 8. Атырау облысы 9. Шығыс Қазақстан облысы 10. Батыс Қазақстан облысы 11. Абай облысы 12. Қостанай облысы 13. Павлодар облысы 14. Ақмола облысы 15. Ақтөбе облысы 16. Ұлытау облысы 17. Қарағанды облысы 18. Қызылорда облысы 19. Солтүстік Қазақстан облысы 20. Жетісу облысы
Кәсіби бағдары	Филологиялық және филологиялық емес мамандық өкілдері
Сауалнама форматы	Google Forms (Online)

ҚОСЫМША Г

Барлық реакциялар бойынша жиынтық деректер

Кесте 1 – Ассоциациялардың географиялық сипаттамасы
(N = 1000 адам)
Басымдық: Алматы, Алматы облысы, Астана, Шымкент

Аймақ	**Реакциялардың саны**	**%**
Алматы қаласы	5 740	28,0
Алматы облысы	3 691	18,0
Астана қаласы	2 871	14,0
Шымкент қаласы	2 461	12,0
ҚР басқа аймақтары	5 742	28,0
Барлығы	**20 505**	**100,0**

Кесте 2 – Ассоциациялардың жас ерекшелігіне қарай сипаттамасы

Жас тобы	**Реакциялар саны**	**%**
18–24	4 510	22,0
25–29	4 101	20,0
30–34	3 486	17,0
35–39	2 666	13,0
40–44	2 051	10,0
45–49	1 640	8,0
50–54	1 230	6,0
55–59	512	2,5
60–80	309	1,5
Барлығы	**20 505**	**100,0**

Кесте 3 – Ассоциациялардың гендерлік ерекшелігіне қарай сипаттамасы

Гендер	**Реакциялар саны**	**%**
Әйел адам	12 713	62,0
Ер адам	7 792	38,0
Барлығы	**20 505**	**100,0**

Кесте 4 – Ассоциациялардың кәсіби-лингвистикалық сипаттамасы
(филологиялық дайындық белгісі бойынша)

Информанттардың кәсіби бағдары	**Реакциялар саны**	**%**
Филологиялық білім	11 688	57,0

Филологиялық емес білім	8 817	43,0
Барлығы	**20 505**	**100,0**

ҚОСЫМША Ғ

Тілдік материалды өңдеу мысалы (үзінді)

Кесте 1 – Ассоциациялардың жиілігі мен гендерлік, кәсіби бағдар бойынша сипаттамасы

Стимул	Жалпы саны	Ер адам	Әйел адам	Филологиялық	Филологиялық емес
Ар	124	47	77	74	50
Ұят	112	43	69	67	45
Ар-намыс	102	39	63	61	41
Ұялу	74	28	46	44	30
Намыс	69	26	43	41	28
Сезім	48	18	30	29	19
Ұят емес	48	18	30	29	19
Ой	38	14	24	23	15
Тәрбие	35	13	22	21	14
Білмеймін	20	8	12	12	8
Символдар	20	8	12	12	8
Емес	18	7	11	11	7
Кінә	18	7	11	11	7
Ұят. Абайдың ілімінде...	12	5	7	7	5
Стереотип	9	3	6	5	4
Жоқ	8	3	5	5	3
Обал	7	3	4	4	3
Ұят ол ұят	6	2	4	4	2
Эмоция	6	2	4	4	2
Жасаған әрекетіңнің жөнсіздігін түсінушілік	4	2	2	2	2
Қазақ	3	1	2	2	1
Қазақилық	3	1	2	2	1
Сауап	2	1	1	1	1
Адам	1	0	1	0	1
Адам өлтіру	1	0	1	0	1
Адамгершілік	1	0	1	1	0
Адами құндылыққа қайшы әрекет жасау	1	0	1	0	1
Адамның адамгершілік белгісі	1	0	1	1	0
Адамның адамгершілік қасиетінің көрінісі	1	0	1	1	0
Адамның бойындағы ерекше қасиет	1	0	1	1	0
Адамның даналық түсінігінде адамның адамшылығы, ең игі қасиеті – жан сақтау емес, ар сақтау.	1	0	1	0	1
Адамның ұялуы, ұяты	1	0	1	0	1
Алаламау	1	0	1	1	0
Алладан қорқу	1	0	1	0	1
Ар-намысын, тектілігін жоғары қойған адам.	1	0	1	1	0

Ар-ұят	1	0	1	1	0
Арды сақтау үшін, біріншіден, адам баласында ұят сезімі болу керек	1	0	1	1	0
Ата-анаңның үмітін ақтамау	1	0	1	0	1
Ашық жерінді жап, ұят болады	1	0	1	0	1
Аяқ ауыр болу	1	0	1	0	1
Әдепсіздік	1	0	1	1	0
Әйелге қол көтеру немесе үлкенді сыйламау	1	0	1	0	1
Біреуді ұру	1	0	1	1	0
Біреудің ала жібін аттамау	1	0	1	1	0
Грех	1	0	1	0	1
Дәстүр	1	0	1	1	0

Кесте 2 – Ассоциациялардың жас топтары бойынша сипаттамасы

Ұят жауаптары	**Жалпы саны**	**18-24**	**25-29**	**30-34**	**35-39**	**40-44**	**45-49**	**50-54**	**55-59**	**60-80**
Ар	124	28	25	21	16	12	10	6	4	2
Ұят	112	25	22	19	15	11	9	6	3	2
Ар-намыс	102	24	20	17	13	10	8	5	3	2
Ұялу	74	16	15	13	10	7	6	4	2	1
Намыс	69	15	14	12	9	7	6	3	2	1
Сезім	48	11	10	8	6	5	4	2	1	1
Ұят емес	48	11	10	8	6	5	4	2	1	1
Ой	38	8	8	6	5	4	3	2	1	1
Тәрбие	35	6	7	6	5	4	3	2	1	1
Білмеймін	20	3	4	3	3	2	2	1	1	1
Символдар	20	3	4	3	3	2	2	1	1	1
Емес	18	3	4	3	2	2	1	1	1	1
Кінә	18	3	4	3	2	2	1	1	1	1
Ұят. Абайдың ілімінде...	12	1	2	2	2	1	1	1	1	1
Стереотип	9	0	2	2	1	1	1	1	1	1
Жоқ	8	0	2	1	1	1	1	1	1	1
Обал	7	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Ұят ол ұят	6	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Эмоция	6	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Жасаған әрекетіңнің жөнсіздігін түсінушілік	4	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Қазақ	3	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Қазақилық	3	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Сауап	2	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адам	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адам өлтіру	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамгершілік	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адами құндылыққа қайшы әрекет жасау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның адамгершілік белгісі	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның адамгершілік қасиетінің көрінісі	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның бойындағы ерекше қасиет	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның даналық түсінігінде адамның адамшылығы, ең игі қасиеті – жан сақтау емес, ар сақтау.	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның ұялуы, ұяты	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Алаламау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Алладан қорқу	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Ар-намысын, тектілігін жоғары қойған адам.	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Ар-ұят	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Арды сақтау үшін, біріншіден, адам баласында ұят сезімі болу керек	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1

Ата-анаңның үмітін ақтамау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Ашық жерінді жап, ұят болады	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Аяқ ауыр болу	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Әдепсіздік	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Әйелге қол көтеру немесе үлкенді сыйламау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Біреуді ұру	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Біреудің ала жібін аттамау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Грех	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1
Дәстүр	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1

Кесте 3 – Ассоциациялардың аймақтық бөлінісінің сипаттамасының қысқаша үлгісі

Ұят жауаптары	Жалпы саны	Алматы қ.	Алматы обл.	Астана қ.	Шымкент қ.	Түркістан обл.	Жамбыл обл.	Қарағанды обл.	Атырау обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	Абай обл.	Ақтөбе обл.
Ар	124	33	22	17	15	6	5	5	4	4	2	2	1
Ұят	112	30	20	16	13	6	4	4	3	3	2	2	1
Ар-намыс	102	26	18	14	12	5	4	4	3	3	2	2	1
Ұялу	74	17	13	10	9	4	3	3	2	2	1	1	1
Намыс	69	15	12	10	8	3	3	3	2	2	1	1	1
Сезім	48	7	9	7	6	2	2	2	1	1	1	1	1
Ұят емес	48	7	9	7	6	2	2	2	1	1	1	1	1
Ой	38	2	7	5	5	2	2	2	1	1	1	1	1
Тәрбие	35	3	6	5	4	2	1	1	1	1	1	1	1
Білмеймін	20	0	4	3	2	1	1	1	1	1	1	1	1
Символдар	20	0	4	3	2	1	1	1	1	1	1	1	1
Емес	18	0	3	3	2	1	1	1	1	1	1	1	1
Кінә	18	0	3	3	2	1	1	1	1	1	1	1	1
Ұят. Абайдың ілімінде...	12	0	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Стереотип	9	0	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жоқ	8	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Обал	7	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ұят ол ұят	6	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Эмоция	6	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жасаған әрекетіңнің жөнсіздігін түсінушілік	4	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Қазақ	3	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Қазақилық	3	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Сауап	2	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адам	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адам өлтіру	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамгершілік	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адами құндылыққа қайшы әрекет жасау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның адамгершілік белгісі	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның адамгершілік қасиетінің көрінісі	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның бойындағы ерекше қасиет	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Адамның даналық түсінігінде адамның адамшылығы, ең игі қасиеті – жан сақтау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

емес, ар сақтау.													
Адамның ұялуы, ұяты	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Алаламау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Алладан қорқу	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ар-намысын, тектілігін жоғары қойған адам.	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ар-ұят	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Арды сақтау үшін, біріншіден, адам баласында ұят сезімі болу керек	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ата-анаңның үмітін ақтамау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ашық жерінді жап, ұят болады	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Аяқ ауыр болу	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Әдепсіздік	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Әйелге қол көтеру немесе үлкенді сыйламау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Біреуді ұру	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Біреудің ала жібін аттамау	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Грех	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Дәстүр	1	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

ҚОСЫМША Д

Қазақ халқының тілдік санасының ядросы

Орны	*Ассоциация*	*Жиілігі*	*Орны*	*Ассоциация*	*Жиілігі*
1	Той	565	16	Әже	138
2	Киім	289	17	Мал	136
3	Ақша	266	18	Ар	124
4	Бала	242	19	Ана	110
5	Ұят	231	20	Ар-намыс	107
6	Сиыр	189	21	Ет	104
7	Үй	171	22	Әйел	104
8	Жас	170	23	Молшылық	100
9	Жылқы	167	24	Бөлек шығару	90
10	Бас киім	165	25	Отбасы	89
11	Ұлттық киім	158	26	Сырға салу	87
12	Қой	153	27	Бөлек шығу	78
13	Дастарқан	149	28	Ұялу	75
14	Тамақ	142	29	Намыс	71
15	Киіз үй	141	30	Жиен	70

ҚОСЫМША Е

Ұлттық ассоциативтік сөздікке енгізілген ұлттық құндылықтарды білдіретін стимул сөздердің қазақ және түрік тілдеріндегі әліпбилік тізімі

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
1.Айттық	1. Bayram
2.Ақ жаулық	2. beyaz düşman
3.Ақсақал	3. yaşlı
4.Ар-намыс	4. Onur
5.Асар	5. Asar
6.Асату	6. Asatu
7.Атамекен	7. Atameken
8.Базарлық	8. Pazar
9.Байғазы	9. Baygazlar
10.Балаға ат қою	10. çocuğa isim vermek
11.Бесік	11. beşik
12.Бесік жыры	12. Ninni
13.Бесік той	13. Ninni düğünü
14.Бешбармақ	14. beshbarmak
15.Бөрік	15. şapka
16.Дастарқан	16. masa örtüsü
17.Енші беру	17. pasif iletim
18.Ет асу	18. et asma / et dağıtma
19.Жарапазан	19. Jarapazan
20.Жарысқазан	20. yarışma
21.Жеті ата	21. yedi ebeveyn
22.Жиенқұрық	22. yeğen
23.Жолашар	23. seyahat arkadaşı
24.Иткөйлек	24. İtkÿİlek
25.Кейуана	25. Keyuana
26.Кекіл	26. keklik
27.Кеңпейілділік	27. enlem
28.Кереге	28. Kerege
29.Кие	29. Ki
30.Кимешек	30. Kimeşek
31.Көгентүп	31. çim biçme makinesi
32.Көзмоншақ	32. göz gözü
33.Көрімдік	33. görüş
34.Қазақ	34. Kazak
35.Қалжа	35. Kalja
36.Қарапайымдылық	36. basitlik
37.Қолөнер	37. sanat

38.Қонақжайлылық	38. misafirperverlik
39.Қымыз–қымыран	39. Kumıs-Kumıran
40.Мүшел	40. Muşel
41.Немере	41. Torun
42.Обал	42. Vay canına
43.Сауап	43. ödül
44.Сәукеле	44. saukele
45.Сүндет той	45. ağızdan ağıza
46.Сыйластық	46. saygı
47.Сырға той	47. küpelerin düğünü
48.Танабау	48. Tanabau
49.Тек	49. sadece
50.Той	50. düğün
51.Тоқымқағар	51. dokuma tezgahı
52.Төрт түлік мал	52. dört ürünün sığırları
53.Тұлым	53. dolma
54.Тұмар	54. Muska
55.Тұсаукесер	55. sunu
56.Тіл ұстарту	56. dilin usturası
57.Тілашар	57. konuşma kılavuzu
58.Ұят	58. utanç
59.Шаңырақ	59. Şanırak
60.Шапан	60. yağmurluk
61.Шашу	61. serpinti
62.Шұбат	62. kürk mantolar
63.Шілдехана	63. Temmuz
64.Ірі қара	64. sığır